«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2006

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Қосыбаев Е.М.
Құл-Мұхаммед М.А.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.А.
Нұрпейісов Ә.К.
Нысанбаев Ә.Н.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫҚ

Батырлар жыры

Folianт

ББК 82.3 (5 Каз)
Б12

«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төраганың орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Күзембаева С.,
Қирабаев С., Мамыраев Б., Қосан С.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:
Қосан С. *(жауапты редактор)*, Қасқабасов С., Қирабаев С.,
Дәуітов С., Алпыспаева Қ.

Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:
филология ғылымдарының кандидаттары:
Алпысбаева Қ. *(жауапты шығарушы)*, Қосан С., Тастанов Қ.

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2006.
Т. 40: Батырлар жыры. — 2006. — 488 бет.

ISBN 9965-35-094-9

«Бабалар сөзі» сериясының 40-томына «Орақ – Мамай» эпосының таңдаулы төрт нұсқасы енді. Жырдың сюжеті ноғайлы кезеңінің тарихи оқиғаларын баяндайтын қазақ аңыздарына құрылған.

Б $\frac{4702250205}{00(05)-07}$ ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-094-9 (т. 40)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2006
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2006

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады.

Серияның бұған дейін жарияланған отыз тоғыз томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға арналды. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін хикаялық дастандардың он үш томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың сегіз томы, тарихи жырлардың үш томы, батырлар жырының жеті томы, сондай-ақ шежірелік дастандардың бір томы әзірленіп, баспа бетін көрді. Бұл басылымдардың он томы Қытайдағы қазақ фольклорына арналғаны мәлім. Қазақ халқының қымбат қазынасы — фольклор жинақтарының жоғары деңгейде безендірілген жаңа басылымын оқырман қауым үлкен қуанышпен қарсы алды. Алла қаласа, қазақ эпосының көркем үлгілерін жариялау осымен шектелмейді.

Оқырман назарына ұсынылып отырған аталмыш серияның 39-томы эпостық шығармаларға арналды. Бұл томға «Орақ — Мамай» жырының төрт нұсқасы еніп отыр.

Олар: 1. 1903 жылы Қазан қаласында жарық көрген белгісіз жыршының нұсқасы; 2. Нұртуған Кенжеғұлұлы жырлаған көркем әрі көлемді нұсқа; 3. Қоңырат қаласының тұрғыны (Қарақалпақстан) Атаубай Мәмбетұлының айтуынан жазылып алынған вариант; 4. Орынбасар Оңғарбайұлының репертуарынан алынған «Орақ — Мамай» эпосының нұсқасы.

Соңғы екеуі Қазақстанның батыс өңіріне тән жыршылық мектеп өкілдері екені мәлім. Жалпы, ноғайлы дәуірінде туған тарихи сюжеттерді жырлауда батыс өңірдегі ақын-

жыраулардың орны ерекше. Себебі, «Қырымның қырық батыры» тәрізді ұзақ желілі жырлармен қатар, жеке қаһармандық эпос үлгілерін жырлап, халық арасына тарату, насихаттау, оларды кейінгі ұрпаққа жеткізу бағытындағы зор әрі игілікті еңбекті жалықпай атқарған осы — Жайық, Сыр және Әмудария құйылысын мекендеген жыршы — жыраулар қауымы екендігі мәлім.

Басқа ноғайлы дәуірінің эпостық мұралары сияқты «Орақ — Мамай» жыры да ұзақ уақыт бойы жарияланыуға тыйым салынып келгендіктен, кейінгі жылдары ғана зерттеліп жарық көре бастады. Томға енген мәтіндердің арасында тек Нұртуған вариантының бір бөлігі мен қоңыраттық Атаубай Мәмбетұлының нұсқасы ғана жарық көрген.

«Орақ — Мамай» эпосының бұрын баспа бетін көрген варианттарына сол кездің саяси-қоғамдық талаптарына орай мәтіндік өңдеу, редакция жүргізілгені жасырын емес. Бұған қоса ілкі жинақтарда түсіп қалған, яки қолжазбадан қате оқылған жыр жолдары мен жекелеген сөздер түпнұсқа бойынша түзетіліп, мәтіндер бастапқы қалыпқа келтірілді.

«Бабалар сөзі» сериясының негізгі ұстанымдарына сәйкес, отыз тоғызыншы том ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Ғылыми қосымшаларға томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелер, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, эпостың жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кірді.

Томның көлемі — 30,5 б.т.

МӘТІНДЕР

Орақ билән Мамай батырдың хикаясы

(Қазан, 1903)

Бұрынғы өткен заманда Орақ, Мамай деген бар екен. Мамай хан екен, Орақ батыр екен. Мамайдан бір де бала болмаған. Орақтан екі бала болған. Аты — Қарасай, Қази болған.

Орақ өзі есенде қалмақтың ханы Темірхан деген бар екен. Орақ батыр Темірханның жеті атасын өлтірген екен. Күндердің күні болғанда, Мамай сексен төртке келгенде, Орақ өледі. Қарасай, Қази жетім қалады.

Қалмақтың ханы Темірханның құлағына түсті Орақтың өлгені. «Орақ өлді, Мамай сексен төртке келді. Қарасай, Қази жетім қалды», — деп қалмақтың ханы Темірханның құлағына түсті де, Темірханның бар екен бір шабары. Аты Ханбике екен. Темірхан Ханбикені шақырып алады:

— Әй, Ханбике, — дейді, — сен Мамайға бар, — дейді. Орақ өлді, Мамай сексен төртке келді. Орақтың баласы Қарасай, Қази, біреуі бесте, біреуі алтыда жетім қалды. Темірхан айтады: — Мен Мамайдан қорқып тұра алмаймын, — дейді.

Темірхан айтады Ханбике шабарына: — Сен Мамайға бар. Былтырғы түскен отаудан осы жыл есеп берсін, штатыма көнсін, осы жыл есеп бермесе, штатыма көнбесе, жер ортасы Қиғаш тауға ұрысуға келсін, — деп, Ханбике деген шабарын қырық кісіменен Мамайға ұрысуға жіберді. Қырық кісі менен Ханбике шабары Мамайға жөнелген жері.

Қалмақтың ханы Темірхан
Ханбике келді қасына:
— Ханбикедей жолдасым,
Пиғылы жаман оңбасын!
Ақылдасым, мұңдасым,
Жауға аттансам жолдасым.
Ноғайда жатқан қаным бар,

Ала алмай жүрген арым бар.
Орақ, Мамай барында,
10 Жеті атамды өлтірген,
Жаныма қаза келтірген.
Бұл күндерді болғанда,
Орақты Құдай алыпты.
Қарасай, Қази — қос жетім
Атадан жетім қалыпты.
Алжыған қақбас хан Мамай
Ақылынан танылпты.
Мамайдан қорқып,
Қаша алман,
20 Қорыққаннан жығылып,
Аяғына бас ұрман!
Былтырғы түскен отаудан
Үш жыл есеп берсін-ай,
Штатыма көнсін-ай.
Штатыма көнбесе,
Үш жыл есеп бермесе,
Жер ортасы Қиғаш тау
Ұрысуға келсін-ай.
Хан айтқан соң амал жоқ,
30 Бармайтұғын заман жоқ.
Қырық нөкері қасында,
Алып бір жүйрік атқа мінеді.
Сұлу киім киеді,
Өткір қару алады.
Алжыған қақбас Мамайға
Хабар бере жөнелді.
Құлан менен киікті
Тебіп ойнап келеді.
Қарға менен сауысқан
40 Қайтіп ойнап күледі.
Бір сұмдықпенен келгенін,
Бір жамандықпенен жүргенін,
Әулие туған хан Мамай
Үйде отырып біледі.
Келтірмеймін еліме,
Жуытпаймын шеніме.

Қай сөзімен келеді,
Қай хабармен жүреді.
Алдына шығып көрейін,
50 Даладан жауап берейін.
Балдағы алтын ақ берен
Орай белге алады.
Бадана көзді ақ сауыт
Өле кетсем далада
Кебінім деп киеді.
Бозмойнақ деген тұлпарын,
Өле кетсем далаға
Қарасын деп алады.
Адырнасын байланып,
60 Астана жұртын айланып,
Банағы келген қалмаққа
Батыр Мамай жөнелді.

Хикаясы

Банағы Темірханның шабары Ханбикенің қырық кісіменен шыққанын біліп, сексен төрттегі Мамай түсінде көріп біліп: «Мұны еліме келтірмеймін», — деп, қалмақтың шабарына жаңғыз өзі атқа мініп жөнелді.

Биік тауға келген соң,
Ханбике менен хан Мамай
Бірі-бірін көреді.
Баурай белге келген соң,
Жолыққан екен деп еді.
Мамайды көзі көрген соң,
70 Шыдасын ба қалмағың,

Келіп сәлем береді,
Сәлемін Мамай алады.
— Дүбір-дүбір желесің,
Түн ұйқымды бөлесің,
Тастамай қару аласың.
Аузы-басың түк басып,
Қай сібірден келесің?

Менім атым — хан Мамай,
Жөніңді айтып бересің.
Сонда қалмақ сөйлейді,
80 Сөйлегенде не дейді:
— Менім атым Ханбике,
Мен — Темірханның жолдасы.
Ханымның айтқан сәлемін
Білдіргелі келгенмін.
«Былтырғы түскен отаудан
Осы жыл есеп берсін деп,
Штатыма көнсін деп,
Осы жыл есеп бермесе,
Штатыма көнбесе,
90 Орақ, Мамай бәрін де,
Бес атамды өлтірген,
Жаныма қаза келтірген,
Бұл күндері болғанда,
Орақты Құдай алыпты.
Қарасай, Қази — қос жетім
Атадан жетім қалыпты.
Алжыған қақбас хан Мамай
Ақылынан танылыпты.
Мамайдан қорқып қаша алман,
100 Қорыққаннан жығылып,
Аяғына бас ұрман.
Былтырғы түскен отаудан
Осы жыл есеп берсін, — деп,
Айтқаныма көнсін, — деп,
Осы жыл есеп бермесе,
Айтқаныма көнбесе,
Жер ортасы Қиғаш тау
Ұрысуға келсін, — деп,
Дүбір-дүбір желгенмін.
110 Түн ұйқымды бөлгенмін,
Тастамай қару ілгенмін.
Кессең басым, мінеки,
Ұсынып тұрған бастарды
Қылыш шаппас деп еді.
Ханымның айтқан сәлемін

Не қыларын өзің біл,
Тапсырғалы келгенмін.
Сонда Мамай сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Әй, Ханбике, Ханбике,
Тілімді менің ал, — дейді,
Айтқаныма нан, — дейді.
Үстіңе отау тігейін,
Қойым болса сояйын,
Самауырым қояйын,
Мен еліме барайын,
Халқымды жинап алайын.
Бере ме екен есепті,
Бермей ме екен есепті,
Көне ме екен штатқа,
Көнбей ме екен штатқа,
Халқымнан ақыл сұрайын.
Бермеймін десе есепті,
Көнбеймін десе штатқа,
Кәріліктің алды деп,
Жігіттіктің соңы деп,
Жер ортасы Қиғаш тау
Ұрысуға келейін.
Осы жерде жата тұр,
Бір жетіден соң келейін,
Айланып сәлем берейін.

Мамайдың тілін алады,
Айтқанына нанады,
Сол жерде қалмақ жатып қалады.
Бозмойнақ атын тебініп,
Мамайың кетіп барады.
Он таңбалы Ұрымнан,
Қырық таңбалы Қырымнан,
Хан менен қарасын,
Биі менен шорасын —
Бәрін жинап алады,
Сонда Мамай сөйледі
Алдына салып барады,

Сөйлегенде бүй дейді:
— Қалмақтың ханы Темірхан,
Жолдасы екен Ханбике.
Жүйрік атқа мініпті,
Тастамай қару іліпті.
«Осы жыл есеп берсін, — деп,
Штатыма көнсін, — деп,
160 Осы жыл есеп бермесе,
Штатыма көнбесе,
Жер ортасы Қиғаш тау
Ұрысуға келсін», — деп,
Келген екен Ханбике.
Жеткен екен кәрілігім,
Биліксіз бере алмай,
Құрығаныма күнім-ай.
Алдыңа келдім, көп ноғай,
Бересің бе есепті,
170 Бермейсің бе есепті,
Көнесің бе штатқа,
Көнбейсің бе штатқа,
Он санаулы көп ноғай,
Ақыл тауып бер, — дейді.
Ноғайлы сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Кәрілік, қарашы, жеткенде,
Қолыңнан қайрат кеткенде,
180 Бүлдірер қалмақ елімді,

Сындырып кетер белімді,
Бізге берер өлімді.
Айтқанына көнелік,
Үш жыл есеп берелік.
Қарасай менен Қазиға
Осы жылдайын қарасақ,
Бір ұл келер сегізге,
Бір ұл келер тоғызға —
Бұрынғыдай болармыз,
190 Ордаға ноғай қонармыз —
Сөйдеп айтты көп ноғай.

Ардақтаған хан Мамай:
— Құрығаны ма күнім, — деп,
Қолымнан есеп бермен, — деп,
Штатына көнбен, — деп,
Сар жүріп үйден жөнелді.
Мамай кетіп қалады,
Ноғайлы бәрі жиналып,
Өз-өздері сөйлес қылады.
200 «Алжыған екен хан Мамай,
Жастықта қылған қайратын,
Қартайғанда мылжың болған Хан Мамай.
Мамайдың тілін алмалық,
Айтқанына нанмалық.
Ноғайлы қалмай жиналып,
Бүгін түнде үркелік.
Сексен төртте Мамайды,
Шешесімен екеуі,
210 Қатыныменен үшеуін,
Қарасайменен төртеуін,
Қазименен бесеуін
Жұртқа тастап кетелік».
Сол түнде ноғай қашады,
Күдерден — күдер асады.
Он санаулы ноғайды,
Қара албасты басады.
Ертең таңдар атқан соң,
Ардақтаған хан Мамай
220 Сыртқа шығып шолады,
Серуенге көзін салады,
Төңірекке қарайды.
Жайылып жатқан малы жоқ,
Қыбырлаған жаны жоқ,
Үріккені елдің білінді,
Қайтадан үйге кіреді.
Тауға салса тас кескен,
Кеудеге салса бас кескен,
Балдағы алтын ақ берен,
230 Өле кетсем далада,
Шарбағым деп алады.

Шын жібекпенен қаптаған
Бадана көзді ақ сауыт
Өле кетсем далада,
Кебінім деп киеді.
Құрмаменен жаратқан,
Алмаменен ойнатқан
Бозмойнақ деген тұлпарын,
Өле кетсем далада,
Қарасым деп мінеді.
240 Қарағай сапты ақ сүңгі
Өле кетсем далада,
Сайғағым деп алады.
Дулығасын киеді,
Қарына іліп алады,
Арданасын байланып,
Астана жұртын айланып,
Манағы қалған қырық қалмаққа
Батыр Мамай жөнелді.
Сайлап салған жеріне
250 Батыр Мамай келеді,
Бикені көзі көреді,
Сөйлеп бір қоя береді.
Сөйлегенде бүй дейді:
— Әй, Ханбике, Ханбике,
Алуға келдім басыңды,
Беруге келдім өлімді.
Жұлуға келдім шашыңды,
Алла тізгінді оңғарса,
Таптырмаспын жөніңді.
260 Ардақтаған Мамайдың
Ашуы келді тығылып,
Еңсесі кетті жығылып,
Түсі кетті бұзылып.
Лашын құстай түйіліп,
Қолына алды найзасын,
Қырық кісіменен сол жерде
Салыпты жауға ұрысты.
Қырық жолдасын қырады,
Тегін олжа қылады.

270 Ханбикедей шабарын
Тірілей ұстап алады,
Алып келіп сабады.
Беті болды жосадай,
Ойбай салып жылады.
Қуалап жүріп сабайды,
Ардақтаған хан Мамай
Құлақ-мұрнын теседі,
Таңқита мұрнын кеседі.
О ғылса да бұ ғылсын,
280 Қас бейшара сол қылды
Ханыңа барсаң сәлем де,
Білгенінен қалмасын.
Аламын десе Мамайды
Қиғаш деген Алатау
Қатын бала жиналып,
Бір жетіден қалмасын.
Рауан жолға келеді,
Қалмаққа тұлпар берсін бе,
Оған киім берсін бе,
290 Сорлы болған қалмақты
Жаяу айдап жөнелтті

Хикаясы

Банағы Темірханның шабары Ханбике қасындағы қырық кісісін өлтіртіп, өзі-құлақ пенен мұрын кестіріп, астындағы атынан айырылып, үстіндегі киімінен айырылып, өзі Темірханның еліне жаяу жөнелді.

Манағы пұшық Ханбике
Көлден тышқан қоймайды,
Сірә, қалмақ тоймайды.
Өлдім-талдым дегенде,
Өштім-жандым дегенде,
Ел шетіне келеді.
Бір қотыр атқа мінеді,
Бір жаман шапан киеді.
300 Темірханның алдына

Азып-тозып келеді.
Ханға сәлем береді,
Сәлемін құптап алады:
— Құлақ-мұрын тесіліп,
Таңқита мұрын кесіліп.
Бетің болса жосадай,
Тұла бойың даладай,
Жан жолдасым, Ханбике,
Неғылып келдің шырақ-ай
Сонда Бике сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Барып едім еліне,
Хан Мамайдың жеріне.
Бер деп есеп бермеді,
Айтқаныңа Мамай көнбеді.
Қырық жолдасымды қырды ғой,
Тегін олжа қылды ғой.
Құлақ-мұрнымды тесті ғой,
Таңқита мұрнымды кесті ғой.
Бетім болса жосадай,
Тұла бойым бозадай.
Қорлық берді өзіме,
Сәлем айтты өзіңе.
Ноғайдан көрген қорлыққа
Ішім толған құса дерт,
Өлуге келдім мен, — дейді.
Алдияр, тақсыр ханымыз,
Не қыларын өзің біл, — дейді.
Сонда Темірхан сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Бір тілегеніңді берермін,
Қайратын оның көрермін.
Алжыған қақбас Мамайдың
Сыбағасын берермін.
Сары өзендегі сол қалмақ,
Көк өзендегі көп қалмақ,
Қоймай хабар салады.
Алты жасар баласын
Азамат қылып мінгізді.

340 Алты жасаған құнанын
Арғымақ қылып мінгізді.
Адырнадан ат мініп,
Азығына малта алып,
Қаруына балта алып,
Әскерін Қырымнан жүргізді.
Жеті мың әскер қол алып,
Желбіреген ту алып,
Он екі жерден ту байлап,
350 Сексен төртте Мамайды
Аламын деп қуанып,
Аттанып қалмақ елінен,
Сары өзен деген жерінен
Аттанып қалмақ келеді.
Дүбір-дүбір желеді,
Түн ұйқысын бөледі.
Қиғаш деген ала тау
Қалмақтың жетіп келеді.
Манағы асыл хан Мамай,
360 Қарауылын қарайды.
Қиғаш тауының басында
Төңірекке қарайды,
Қияға көзін салады.
Келмеген соң Темірхан
Астындағы тұлпардың
Сыпырып ерін алады.
Тасбұлақтың басында,
Арқан тағып ойнатып,
Құрықпенен қунатып,
370 Арқандап атын салады.
Ер қаруы — бес қару
Жастығына салады.
Орай, садақ, қырық кез оқ
Жамбасының астына
Батыр Мамай салады.
Тасбұлақтың басында,
Бір адам жоқ қасында.
Жапанда жалғыз хан Мамай
Ұйықтап жатып қалады.

Әнсіз әңгімесі

Темірхан әскеріменен Қиғаш тауының басына шықты. Мамайды көрмеді. Мамай Темірханды көрмеді. «Темірхан келмейді екен», — деп бұлақ басына барды да, жатып қалды.

Темірхан Ханбике деген шабарын шақырып алды: — Бұлақтың басында бір қара көрінеді, сол Мамай ма екен, Мамай емес пе екен, соған сен барып кел, — деді.

380 Қалмақтың ханы Темірхан,
Ханбикедей жолдасын
Шақырып алды қасына:
— Әй, Ханбике, Ханбике,
Көрінеді бір қара.
Келе ме екен хан Мамай,
Келмей ме екен хан Мамай,
Қашсаң қашып кететін,
Қусаң қуып жететін,
Бір жүйрікке мін, — дейді.
390 Тастамай қару ал, — дейді,
Соған барып кел, — дейді.
Хан айтқан соң амал жоқ,
Бармайтұғын заман жоқ.
«Соған да барып келем», — деп,
Ханбике жүре береді.
Таудың келді басына,
Мамайдың келді қасына.
Арқанда тұрған Бозмойнақ
Қалмақтың көзі көреді.
400 Ұйықтап жатқан Мамайды
Оны да көзі көреді.
«Құдай тілек берді», — деп,
Ізінше қайтып келеді.
Темірханға келеді,
Сүйінші сұрай береді.
Атаңа нәлет Мамайды
Алдырар күн бар екен
Дүниенің жүзінде
«Бір тілегін бердім» деп,

410 Тілегін қабыл көреді.
Ұйықтап жатқан Мамайға
Үстіне қаптап келеді.
Мамай ұйықтап жатқанда,
Темірхан қамаған екен деп еді.
Мамай ұйықтап жатқанда,
Баршы салып қарайды.
Мамай жаяу қалсын деп,
Арқанда тұрған Бозмойнақ
Қалмағың ұрлап алады.
420 Ер қаруы — бес қару,
Салған екен жастыққа,
Оны да ұрлап алады.
Орай, садақ, қырық кез оқ,
Жанбасының астына
Салған екен ер Мамай.
Алайын деп жатқанда,
Көтеріп басын алады.
Төңірекке қарайды,
Қаптаған жауды көреді
430 Еңіреп қоя береді.
«Жасаған Жаппар жанымды
Сындырмағай белімді,
Тарылтпағай жерімді,
Құдайым, — деп жылайды.
— Баба Түкті бабам-ай,
Жар бола көр маған-ай,
Едіге атты атам-ай,
Сиынамын саған-ай!
Жасаған Жаппар жанымды
440 Қолтығымнан бір сүйе.
Екі інімде періште,
Оңғара көр hәр істі.
Тағдыр жетсе өлермін,
Күнім толса көрермін.
Аманатын Алланың
Осы сапарда берермін.
Өлгенімше қалмаққа
Табанымды тірермін.

Өлсем Құдайға шейітпін.
450 Ұжмақтан есік ашылар»,
Иманды болып өлермін.
Асыл бір туған хан Мамай
«Едігелеп!» ұран шақырып,
Қорамсаққа, қол, Мамай
Бір салғанда мол салды,
Көп оғына жол салды.
Мұнан бірін алады,
Масағына келтіріп,
Қатты сермеп салады.
460 Қаһарланып бір атты,
Бір оғының басынан
Он бес қалмақ құлатты.
«Иә, Алла!» деп сиынып,
Екі жеңін түрініп,
Жаяу жетті жүгіріп,
Батыр Мамай жетеді.
Тиген жері Мамайдың
Есік қылып жүреді.
Оң келгенін оң атты,
470 Сол келгенін сол атты.
Тебінгіден тесе атты,
Қарсы алдынан құлатты.
Бір оғының басынан
Он бес қалмақ құлатты.
Мазасын жаудың алады,
Қырып-жойып барады.
Бір жеті жатып атысып,
Екі мың қалмақ алады.
Екі мың қалмақ алған соң,
480 Оқ таусылып қалады.
Оқ таусылып қалған соң,
Ардақтаған хан Мамай,
Қиғаш тауының басына
Жүгіріп шығып барады.
Қайнап тұрған қара тасты
Жұдырығыменен сындырып,
Таспенен ұрыс салады,

Мазасын жаудың алады.
Және бір жеті атысып,
490 Екі мың қалмақ алады.
Төрт мың қалмақ алған соң,
Оқ таусылып қалған соң,
Күндердің күні болғанда,
Туғалы жаяу жүрмеген,
Табаны жерге тимеген.
Мұндай күнге келмеген,
Тұлпардан басқа мінбеген,
Сұлудан басқа сүймеген,
Қамқадан басқа кимеген,
500 Маңдайынан күн қағып,
Таңдайынан шөл қағып,
Қиғаш таудың басында
Жанбастап жатып қалады.
Толып жатқан көп қалмақ
Қамалап ұстап алады.
Кез келген қалмақ сабайды,
Сақалынан байлайды.
Жалғыздық түсті басына,
Көзінен аққан жасын-ай.
510 Төбесінде төрт бүркіт
Хан Мамайдың ойнайды.
Қазандай болған қара бұлт
Күн өтер деп торлайды.
Атасының аруағы
Таудай болып орнайды.
Қанша қалмақ атса да,
Асыл туған хан Мамай
Өлетұғын болмайды.
Сонда Темірхан сөйлейді:
520 —Әй, Ханбике, Ханбике,
Мына залым хан Мамай
Өлетұғын болмады.
Қолындағы найзасын
Қызыл қанға бояды.
Өлетұғын хан Мамай
Айтып берші айласын.

Өл десең де өлейін,
Өлтірсең де көнейін.
530 Ханбике пұшық сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Екі қолын артына
Шынжырменен тағалық.
Арбаға жаяу салалық,
Кез келген қалмақ сабалық.
Сақалынан байлалық,
Елге айдап баралық.
Жетпіс құлаш құдыққа
Алып барып салалық.
540 Қайнап тұрған қара таспенен
Бетін бітеп тасталық.
Сол құдықтың ішінде
Ашыққандай өлсін хан Мамай,
Құдықтың бетін ашпалық,
Тұншығып өлсін хан Мамай.
Бес атамды өлтірген,
Жаныма қаза келтірген,
Құдай айдап ұстатты,
Тірілей кегін алалық.

Әнсіз әңгімесі

Мамайдың қатыны жатып түс көрген. Қалмақтың ханы Темірхан Мамайды алып барып, жетпіс құлаш құдыққа салдырды. Бұ Мамайдың Қарашаш деген қатыны бар еді, түнде жатып түс көреді. Тоқсан бесте Мамайдың шешесі бар еді. Мамайдың қатыны Қарашаш көрген түсін Қараүлек деген Мамайдың шешесіне жорытты.

550 Хан Мамайдың қатыны
Түнде жатып түс көрді.
Әжептәуір іс көрді,
Шошып оянып түсінде,
Жатыр еді ұйықтап,
Мақпал тонын тұйықтап.
Тоқсан бесте Қараүлек,

Басын шайқап Қарашаш,
Оятып алды енесін.
— Өлгенде көрген балаң-ай,
560 Әруақты Мамай-ай,
Мінсіз қара кемем-ай,
Болаттан соққан жебем-ай.
Түнде көрген түсіңді,
Оңғарғай, Құдай, ісімді,
Түсімнен қорқып ояндым,
Жорышы көрген түсімді.
Жатыр едім ұйықтап,
Мақпал тоным тұйықтап.
Қыбыладан көрінді
570 Бір шаншылған бір құйын.
Ордамды жығып кетер деп,
Үйіме жазым етер деп,
Ұзын алтын сырықты
Соған қарсы тіредім.
Сырығым тұтқан болмады,
Ортасынан үзілді.
Бұ не болар, енеке?
Ыржия күліп келетін,
Шешеге сәлем беретін,
580 Иман жүзді хан Мамай
Ақша беті балаңның
Жығылыңқы көрінер.
Бұ не болар, енеке?
Екі көзі балаңның
Жұмылыңқы көрінер,
Бұ не болар, енеке?
Түнде көрген түсімді,
Оңғарғай, Құдай, ісімді.
Түсімнен қорқып ояндым,
590 Жорышы, ене, түсімді.
Сорлы болған Қараүлек
Көтеріп басын алады:
— Алла, оңғарғай ісімді,
Жорыйын көрген түсіңді.
Тұла бойым тұңғышым,

Өлгенде көрген құлыным
Ноғайлы тілін алмады.
Алжыған қақбас хан Мамай
Өлмесе тұрсын деп еді.
600 «Күнім толса көрем, — деп,
Ажал жетсе өлем, — деп,
Аманатын Алланың
Осы сапарда берем», — деп,
Бозмойнақ атын тебініп,
Қиғаш деген ала тау
Қалмақтың кел деген
Жауының жері еді.
Басына соның барғаны,
Қарауыл қарап тұрғанда,
610 Келмеген соң Темірхан,
Астындағы тұлпарының
Сыпырып ерін алғаны.
Арқан тағып ойнатып,
Құйрығыменен қунатып,
Арқандап атын салғаны.
Ер қаруы — бес қару
Жастығына салғаны.
Орай садақ, қырық кез оқ,
Жанбасының астына
620 Батыр Мамай салғаны.
Тасбұлақтың басында,
Адамы жоқ қасында,
Жапанда жалғыз хан Мамай
Ұйықтап жатып қалғаны.
Үйге тіреген алтын сырғының
Сығылыңқы көрінсе,
Мамай жаяу қалған соң,
Әнекеи, солай болғаны.
Ақша беті баланың
630 Жығылыңқы көрінсе,
Туғалы жаяу жүрмеген,
Табаны жерге тимеген,
Тұлпардан басқа мінбеген,
Сұлудан басқа сүймеген,

Қамқадан басқа кимеген,
Екі қолын артына
Шынжырменен таңған соң,
Арбаға жаяу салған соң,
Тірідей қорлық көрген соң,
640 Әнекеи, солай болғаны.
Екі көзі баламның
Жұмылыңқы көрінсе,
Жетпіс құлаш құдыққа
Алып барып салғаны.
Атасының өші бар,
Тірідей кегін алғаны.
Арыстан аш та, түлкі тоқ,
Түгел ерге қайғы жоқ.
Жыласақ та, бейшара,
650 Қарағым, Мамай бізге жоқ.
Алласы болсын қасында,
Басыма салма уайым.
Кешегі кеткен Мамайға
Нағылып айла қылайын.
Асылдан қалған қарағым,
Орақтан қалған тұяғым
Қуар ма екен соңынан
Тартар мекен жауының құнынан,
Қарасай менен Қазиға
660 Соған барып шағайын.
Сорлы болған Қараүлек
Етек-жеңін түрініп,
Кең тақырдың бойында
Дәнеме жоқ ойында,
Сорлы болған Қараүлек
Көзінің жасы қойынында.
Баласын көзі көрген соң,
Қатып қалған емшегі
Бұлақтай болып иіді.
670 Қарасай менен Қазиға
Жылап бір қоя береді:
— Ер Қарасай, Қарасай,
Қанды Орақтың баласы-ай,

Қысқа күнде қырық шапқан
Ораққа кімнің шарасы-ай.
Құлағың салып, құп тыңда,
Қарағымның баласы-ай.
Өлгенде көрген атаңды
Ұстап кетті Темірхан.
680 Тірі де болса атаңды
Өзің барып ал деймін.
Өлі де болса атаңның
Сүйегін барып ал деймін.
Ұстап та кеткен атаңды
Соңынан қуып бар деймін.
Сонда Қарасай сөйледі:
— Қуар едім соңынан,
Тартар едім жаудың қоңынан,
Астыма мінер атым жоқ,
690 Үстіме киер киім жоқ,
Үсті-басым ақ шаңдақ,
Асықтың жүрмін соңынан,
Шешеке, менің киімім жоқ.
Сорлы болған Қараүлек
Көтеріп басын алады:
— Өлгенде көрген балам-ай,
Мен бір берен анаң-ай.
Толғау деген қиын ба,
Киім деген бұйым ба?
700 Тұлпарын тауып берейін,
Қарасай, ерер соңыма.
Қарасай батыр ереді,
Соңынан еріп келеді.
Еңсесі биік ордаға
Еңсесін соғып енеді.
Табамын деп кемпір тұлпарды,
Құрмаменен жаратқан,
Алмаменен ойнатқан,
Алтыннан жабу жабады.
710 Күмістен сулық соғады,
Жібектен арқан тағады,
Алтыннан қазық қағады.

Балакер деген тұлпарды
Жетектеп алып келеді.
— Ер Қарасай, Қарасай,
Қанды Орақтың баласы,
Балакер деген тұлпарды
Алып келдім мен саған
Сапарыңа жараса-ай.
720 Өзі кескен ой болат,
Орай, белге алады.
Бадана көзді ақ сауыт
Үстіне іле киеді,
Балакерге мінеді.
Көлден шыққан жыландай,
Көтерілген арысландай
Батыр туған Қарасай
Үйден шығып барады.
Тоқсан бесте жасы бар,
730 Аппақ болған шашы бар.
Арыздасып қалам деп,
Айқайлап дауыс салады.
Айқайлаған дауысын
Қарасай батыр есітіп,
Тұра қалды деп еді.
Өлгенде көрген балам-ай,
Мен бір берен анаң-ай.
Ҳәр тарыққан жерінде,
Кешегі Орақ пенен Мамай атаң
740 «Қой, хош, аман!» — деп,
Қарасай жауға жөнелді.
«Шу, жануар, шу» деді,
«Шулегенде» гуледі,
Табаны жерге тимеді.
Қаздарменен қағысып,
Қу-үйрекпен жарысып,
Үстіндегі Қарасай
Әруақ қысып барады.
Көбігі шығып сауырынан,
750 Тер тамшылап барады.
Біраз жерге келген соң,

Бір қарайған нәрсе көреді-ай.
Қараны көріп жымиып,
Қарасай жетіп келеді.
Жетіп келсе қасына,
Құлақ-мұрны тесулі,
Таңқита мұрны кесулі,
Темірханның жолдасы
Ханбике залым сол екен.
760 «Қарасай қашан келер» деп,
Қарауыл қарап жүр екен.
Қарасайды көрген соң,
Ханбике пұшық сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Әй, ноғай сың, ноғай сың,
Аламын десем оңай сың.
Аламайын десем, сен өзің,
Ел шетіне елбектеп,
Жау шетінде көлбектеп,
770 Біздің елден қаңғырып,
Қай сапарға барасың?
Алдымдағы баласың,
Оттай қаулап жанасың.
Төскейден төмен желесің,
Қимылдасаң өлесің.
Өлмей тұрып жөніңді айт,
Қай сапардан келесің?
Сонда Қарасай сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
780 — Әй, қалмағым, қалмағым,
Ар жағыңа қарасам,
Масаққадай сары далаң-ай.
Бер жағыңа қарасам,
Шойын менен темірден
Шыңдап соққан қалаң-ай.
Қызыққа шығып қарайды
Қатын менен балаң-ай.
Жөкеменен байлаған,
Жыңғылменен айдаған.
790 Қара нанды білем — деп,

Күйсең — күйсең шайнаған.
Алдыр-былдыр сөйлеген,
Тіліңді адам білмеген.
«Илла Алла» демеген,
Кәлимаға тілің келмеген,
Не дейсің, бәлем, қалмағым?
Таразыға түскенде,
Қорғасындай басың-ай,
Тастан ауыр салмағың.
800 Жеті атамнан шынжырлы,
Айырылмаған қалмақтан,
Жезден соққан қармағым.
Сендей-сендей қалмақты
Шөптен оңай алмағым.
Әкеңнің құны бар ма еді,
Мамайды ұстап алғандай,
Арбаға жаяу салғандай?!
Тірі жүрем деп жүрмсең
Дүниенің жүзінде
810 Таудағы тарлан бөрі едім.
Сендер — құзғын, мен — тұйғын,
Атаңа нәлет қалмақты
Кез келтір, — деп жүр едім.
Әкемнің жауы кез келді,
Өлі де болса атамның
Сүйегін тауып бер деймін.
Тірі де болса атамның
Өзін тауып бер деймін.
Менім атым — Қарасай,
820 Мен — қанды Орақтың баласы-ай.
Әкемді тауып бермесең,
Өлтірмей қоймаймын, — дейді.
Қорыққан екен Ханбике,
Көзінің жасын төгеді.
Қарасайдың алдына
Жүгіріп салып келеді,
Еңіреп қоя береді.
Өді де болса атаңның
Сүйегін тауып берейін,

830 Тірі де болса атаңның
Өзін тауып берейін,
Қарасай, ер соңыма.
Қарасай батыр ереді,
Соңына еріп барады.
Мамайды салған құдыққа
Ханбике түсе қалады.
Жауып салған қара тас
Бетін ашып қарайды.
«Бар ма екен, — деп, — хан Мамай?»
840 Айқайлап дауыс салады.
Әлі Мамай өлген жоқ,
Тірі екенін біледі.
Қарасайдың алдына
Жүгіріп салып келеді,
Сүйінші сұрай береді.
Қарасай сонда сөйлейді:
— Әуел баста атамды
Өз көзіммен көрейін.
Қанша малды алсаң да,
850 Сүйіншіңді берейін.
Мамайды салған құдыққа
Қарасай жетіп келеді,
Тұлпардан түсе қалады.
Жетпіс құлаш арқанмен
Сексен төртте Мамайды
Жібекпенен суырып алады,
Мамайға сәлем береді.
«Құлыным» деп жылайды.
Манағы пұшық Ханбике:
860 «Ұмыттың, батыр», — деп,
Сүйінші сұрай береді.
Қарасай сонда сөйлейді:
— Тоғай толған малым бар,
Желіккен қызыл нартайлақ,
Желі толған нарымның
Шетінен бар да ала бер,
Өзімдегі барымды.
Ханбике сонда сөйлейді:

— Не қылайын малыңды,
870 Қарасай, сенен тілеймін
Бір шыбындай жанымды.
Қарасай тілегін береді,
Тілегін Бике алған соң,
Қыбылаға намаз оқиды,
Көкірекке иман тоқиды.
Сол арада Ханбике
Мұсылман болды деп еді.
Ханбикенің қасына
Хан Мамайды қойды да:
880 — Әй, Ханбике, Ханбике,
Тілімді менім ал, — дейді,
Айтқаныма нан, — дейді.
Мына тұрған атамды
Еліме алып бар, — дейді.
Өзімдей қылып бақ, — дейді,
Атамның бабын тап, — дейді.
Мен Темірханға барамын,
Атамның кегін аламын.
«Қой, хош-аман», — деп,
890 Қарасай жауға жөнелді.
Біраз жерге келген соң,
Тоқсан шіркеу көп қала
Қарасай батыр көреді.
Қалмақтың ханы Темірхан
Сыртқа шығып жүрсе,
Қырдан құлап келе жатқан
Бір қараны көреді.
Зорлығына қараса,
Бұлтпенен күрескен,
900 Аспанменен тірескен.
Төбесінде төрт бүркіт
Сол адамның ойнайды.
Қазандай болған қара бұлт
Күн өтер деп торлайды.
Атасының аруағы
Таудай болып орнайды.
Қорыққан екен Темірхан,

Қайтадан үйге кіреді,
Еңіреп қоя берді:
910 — Қанды Орақтың баласы
Қарасай бәлем деп еді.
Оймай қоймас көзімді,
Өлтірмей қоймас өзімді.
Оқ алыстан қашайын,
Күдерден — күдер асайын.
Бозмойнақ атқа мінеді,
Қаруын алып салады.
Алпыс батпан шоқпарды
920 Тақымына қыстырды.
Терең сайдың ішімен
Қалмағың қашып барады,
Қашқанын батыр біледі.
Балакерін тебініп,
Темірханның соңынан
Қарасай қуып жөнелді.
Үш күдерден асқанда,
Төртінші күдер басқанда,
Шаңыменен аралас
930 Қарасай жетті, бәлем, деп.
Атаңа нәлет Темірхан
Ту сыртына қараса,
Жеткен екен Қарасай.
«Енді жүрсем қашты дер,
Әруағым басты дер».
Алмадай мойнын бұрады
Артынан батыр келгенше,
Сабыр етіп тұрады.
Көрінуге мұң екен,
940 Қарасай жетіп келеді.
Қарасай жетіп келген соң,
Атаңа нәлет Темірхан
Сөйлеп бір қоя береді:
— Атаң асыл хан Мұса,
Сыйлап едім елімнен,
Қашып едім жерімнен.
Сыйлағанымды білмедің,

Қал десем де қалмадың,
Қал деген тілім алмадың.
950 Өзің қандай, мен қандай,
Қорқақ қандай, ер қандай,
Өлмеймін деп келдің бе?
Менің атым — Темірхан,
Өлтірмей қоймамен, — дейді.
Қарасай сонда толғайды,
Толғаудың басын қозғайды:
— Сенен қорқып қаша алман,
Қорыққан болып,
Аяғыңа бас ұрман.
960 Темірхан және сөйлейді:
— Су аяғы төменде,
Атасы емен ағашқа
Балта шапса өтпейді.
Әуелгі кезек менікі,
Соңғы кезек сенікі.
Еңіреп жүрген ер болсаң,
Кезегімді бер, — деді.
Өлемін деп қашасың ба,
Қорыққаннан сасасың ба?
970 Қасқайып кезек береді,
Атаңа нәлет Темірхан
Алпыс батпан шоқпарды
Қақ маңдайының тұсы, — деп,
Өлер жерің осы, — деп,
Салып келіп қалады.
Ұрғаны жаудың мықты екен,
Тау жаңғырып қалады.
Ұрғаның, бәлем, осы ма,
Қапы да қалсаң, қалмағым,
980 Тағы да кезек ал-дейді.
Жақыннан келді қасына,
Қаһарланып ұрғанда,
Қара тауды құлатқан.
Талай-талай батырды
Бір ұрғаннан құлатқан.
Тағы да салып қалады,

Соңғы ұрғанда шоқпары
Быт-шыт болып сынады.
Ендігі кезек сенікі, деп,
990 Қарасай қарап тұрады.
Қарасай кезек алады,
Қорамсаққа қол салады,
Бір салғанда мол салады.
Тебінгіге тіреніп,
Үзенгіге шіреніп,
Қолындағы қол оқты
Қалмақ аттының басы деп,
Қос өкпенің тұсы деп,
Өлер жерің осы деп,
1000 Қаһарланып бір атты.
Батырдың атқан қол оғы
Қалмақтан өтіп барады.
Атаңа нәлет Темірхан
«Лох!» деп аттан құлады.
Бір атқаннан өлтіріп,
Астындағы Бозмойнақ
Хан Мамайдың аты екен,
Жетегіне алады.
Манағы қалған қалаға
1010 Қарасай қайтып келеді.

Қарасай Темірханды бір атқаннан өлтіріп, астындағы Бозмойнақ деген аты хан Мамайдың аты екен. Қарасай жетегіне алып, манағы қалған Темірханның қаласына жөнелді. Темірханның Айжан деген сұлу қызы бар екен. Әкем қашан келер деп, орта жолда тосып жүрер екен. Қарасай Бозмойнақ атты жетелеп келе жатқанын көрді. Бұ Қарасай әкемді өлтірген екен, мені де өлтірер деп, бір шыбындай жанымды алып қалайын деп, Қарасайдың алдынан жүгірді.

Қойда бағылан қозы екен,
Жылқыда шаңдақ боз екен.
Айжан деген бір сұлу
Темірханның қызы екен.
«Әкем қашан келер» деп,

Орта жолда жүр екен.
Қарасайды көреді,
Қарасай батыр екенін
Айжан сұлу біледі.
1020 Мына залым Қарасай
Апмай қоймас басымды,
Жұлмай қоймас шашымды.
«Батырдан сауға» деген сөз —
Бір шыбындай жанымды,
Бір қасықтай қанымды,
Өлтірмей сауға алайын.
Етек-жеңін түрінді,
Қарасайдың алдына
Жүгіріп салып барады.
1030 Шылбырынан батырдың,
Ала кетті-ау деп еді.
«Батырдан — сауға» деген сөз:
— Заманың қатар Қарасай,
Есендік пе, саулық па,
Асыл ата баласы-ай?
Бір шыбындай жанымды,
Бір қасықтай қанымды,
Өлтірмей сауға бере көр?
Маңдайыңнан күн қағып,
1040 Таңдайың шөл қағып,
Алыстан аңсап келгенде,
Біздің үйге кір деймін,
Шекер мен шәй бал, берейін.
Өлгеніңше, Қарасай,
Тілектес болып жүрейін.
Бір шыбындай жанымды,
Бір қасықтай қанымды,
Құрбандыққа берейін.
Қарасай ерер соңыма,
1050 Қарасай батыр ер еді,
Соңына еріп келеді.
Еңсесі биік ордаға
Еңсесін созып кіреді,
Шәй қайнатып береді.

Көптен бері шаршаған,
Ол күні жатып қалады.
Және жатып күніменен
Және де жатып түніменен.
Шүршіт ханның елінде
1060 Жөке деген сол қыздың
Бір күйеуі бар екен.
Құлағы соны есітіп,
Қалыңдығым қыз Айжан
Тартып алған батырың
Қандай мықты неме екен?!
Қайратын оның көрейін,
Сыбағасын берейін.
Екі мың жарым қолменен
Аттанып оған көрейін.
1070 Ереулі атқа ер салды,
Егеулі найза қолға алды.
Екі мың жарым қолменен
Аттанып шықты елінен,
Сары өзен деген жерінен.
Аттанып қалмақ келеді,
Дүбір-дүбір желеді,
Түн ұйқысын бөледі.
Қарасай жатқан ордаға,
Таң сәріден келеді.
1080 «Қарасай батыр қайда?» — деп ,
Дауыс қылды деп еді,
Айқайлаған дауысын
Қарасай батыр есітіп,
Төсекте жатып сөйлейді:
— Күйме жексем жарасар
Жылмиған қара жорғаға.
Жүрегіңе жын біткен,
Неғылып келген адамсың
Әкең жатқан ордаға?
1090 Асықпа, бәлем, сабыр ет,
Сыбағаңды берермін.
Айжан сұлу сөйлейді
Шабар жылқы тақырды,

Дауысынан таныдым.
Жөке батыр сықылды —
Сабыр ет батыр, сабыр ет!
«Сабырдың түбі сары алтын»,
Сабыр еткен жетер мұратқа.
Сабырсыздық қылам деп,
1100 Қалып жүрме ұятқа.
Батыр туған Қарасай
Оның тілін алмайды.
Балакерге мінеді,
Хан Жөкенің алдына
Қарасай жетіп барады.
Жөке сонда сөйлейді:
— Іздеген жауың мен, — дейді,
Іздеген батырым сен, — дейді.
Жүріп келген батырдың
1110 Жол аяғы болмай ма,
Кезегімді бер, — дейді.
Қашатұғын қатын ба,
Қасқайып кезек береді.
Кезегін Жөкең алады,
Салып келіп қалады.
Қалмақтың атқан қол оғы,
Қарасайдың бір қабырғасын
Босатып барады.
Оқ тигенін біледі,
1120 Білдірмеймін мінімді,
Қалмақ алар сырымды.
Тұлпардан түсе қалады,
Атының мойынын құшақтап,
Еңіреп қоя береді.
Ханның қызы — қыз Айжан
Жез құманы қолында
Сырттан қарап тұр екен.
Жығылғанын біледі,
Қарасайдың алдына
1130 Жүгіріп салып келеді,
Еңіреп қоя береді:
— Өлдің десем де болмадың,

Әуелі тілімді алмадың,
Ақ дәретіңді алып кет,
Аққа мойныңды салып кет,
Иманда болып өлерсің.
Қарасай қанша батыр болса да,
Қорыққан, білем, шамасы.
Ақ дәретін алады,
1140 Аққа мойнын салады.
Ақ дәретін алған соң,
Қақырайған қабырға
Орнына түсіп барады.
«Иә, Алла» деп сыйынып,
Қайтадан атқа мінеді.
«Қалдым Жөке қапыда», — деп,
Хан Жөкенің алдына
Қарасай жетіп барады.
— Ендігі кезек сенікі, — деп,
1150 Хан Жүке қарап тұрады.
Кезегін Қарасай алады,
Қорамсаққа қол салды,
Көп оғына жол салды,
Қозы жауырын оқ алды
Атайын деп оңалды.
Батырдың атқан қол оғы
Тасқа тиген немедей
Қайрылып оғы қалады.
Қандауызға қол салды,
1160 Мылтықпенен атады,
Домаланып оғы қалады.
Найзаменен салысты,
Қармақ болып қалысты.
Балтаменен шабысты,
Ұңғысынан сынып қалысты.
Ат үстінде алысты,
Жағаласып салысты.
«Атқа обал болар» деп,
Екеуі жаяу алысты.
1170 Алысқан жерін қарасаң,
Жар болысып қалысты.

Жеті күн жатып атысып,
Өлдім-талдым дегенде,
Күн сегіз күн болғанда,
Көтеріп жауды алады,
Ауызынан салады,
Қанын ұрттап алады.
Батыр туған Қарасай
Балакерге мінеді,
1180 Қалмаққа сонда тиеді.
Мың болмақ түгіл сан болсын,
Жеті күн жатып атысып,
Қалмақты сонда қырады.
Қақпадан оғын зырғытып,
Шарбақтан тұлпар ырғытып,
Және бір және атысып,
Әбден қырып болады.
Толып жатқан малменен,
Қыбырлаған жанменен,
1190 Есендікте-саулықта,
Амандықта, барлықта,
Қалмақтың елін шулатып,
Күн-түн қатып жүреді.
Еңсесі биік ордаға
Қарасай деген батырың
Еңсесін соғып енеді.
Ақ ордаға кіреді,
Мамайға сәлем береді.
«Құлыным» деп жылайды
1200 Тоқсан бесте Қараүлек.
«Қарағым аман келді ме,
Қарағым аман келді», — деп,
Еңіреп қоя береді.
Атасы менен анасы,
Аман келді баласы.
Қарасайдай батырға
Көзін салып жүріпті
Дұғана бүркіт бабасы.
«Үркіп кеткен ноғайдың
1210 Артынан қуып барам», — деп,

Ойлады балам шамасы.
Балакерге мінеді,
Тастамай қару алады.
Үркіп кеткен ноғайдың
Артынан қуып келеді.
Ханы менен қарасын,
Биі менен шорасын,
Бәрін жинап алады.
Алдына сыйлап барады,
1220 Татуласып ноғайменен
Қайтадан алып келеді.
Қонысына көп ноғай
Және де қайтып қонады.
Айғыр сойып ақыртып,
Түйе сойып бақыртып,
Халқын жинап алады.
Әкесі екен хан Орақ
Қарасай балшық салады.
Қалмақтармен қас болып,
1230 Мұсылманға бас болып,
Отыз ұлынан Мұсаның,
Тұла бойы тұңғышы —
Сексен төртте хан Мамай
Мұратқа жетіп барады,
1235 Әнекеи, Мамай болады.

Орақ — Мамай

(Нұртуған нұсқасы)

VIII—IX ғасырда, өткен заманда бір Едіге деген белгілі адам болған. Көп әңгімесі бар. Онан туған Нұрадын, онан туған Шарабас, онан туған Аббас, Ғаббас. Аббастан Мұса хан туған. Ғаббастан Жаңбыршы туған, Мұсадан он екі бала туды. Екі қатыны болды. Бәйбішеден төрт бала: Орақ, Мамай, Алшағыр, Сыдық. Тоқалдан жеті бала туды: Смайыл, Шамай, Қаратал, Қабылан, Саймағамбет, Қонақ, Аймағамбет. Бір Мәтрөшке деген құлы бар еді. Онын да бала қылып, Мұса ханның баласы он екі болды. Жаңбыршының баласы екеу болды: Телағыс, Күнке. Телағыс — батыр болды, Күніке — балуан болды, Орақ — батыр болды, Мамай — хан болды. Смайыл — қу болды, сонан Әнжі атанды. Енді Мұса хан жасар жасын жасап, ауырып өлер әлетке келгенде, он екі баласын шақырып алып, Қарүлек деген әйелі бар еді, қолынан тартқызып, тұрып отырып, келген он екі балаға бір үш ауыз сөз насихат айтады. Сондағы айтқаны:

— Балаларым, келдің бе,
Тегіс үйге кірдің бе?
Уағалейкумуссалам
Бәрің де сәлем бердің бе?
Көзімнің кірді жанары,
Жүздеріңді көрдім де.
Қарүлек, тартшы қолымнан,
Көтерейін кеудемді.
Қысылып маңдай терледі,
Бәденге ауыр жегдемді
Дүниесі құрысын,
Кірі жоқ сөздің де.
Жалғаннан күдер үзгенсін,

Бір өсиет айтуға
Көкірегім желденді.
Бірінші сөзім — аманат,
Қылма бұған қиянат.
Он бірің белден тудыңдар,
Мәтрөшке қара құл
20 Бәріңе қонақ, білдің бе?
Он екі жерден оқ жақтың,
Қайрат пенен мал таптың.
Бөліп бердім еншіңді,
Басына салып енді де.
Мына жатқан қараңда
Бөлінбей қалған енді не?
Мына тұрған ақ сүңгі
Шаншып ешкім сындырмас.
Бадана көзді ақ сауыт
30 Киген ерді тындырмас.
Байласаң белге ақ алмас,
Сілтесең бұдан жан қалмас.
Иулі тұрған сарыжа
Жауырыны қиғаштап
Тартатұғын ер керек,
Қайраты асқан дүр керек.
Болатын қара ер жолдас
Тұмарлы қара дәруез.
Жан қалмайтын жалмауы
40 Ұсынса жазым кетпейді,
Не де болса тыңдамас.
Ер қаруы — бес қару
Жалғыз ерден ауыспайд.
Тұлпарды ерлеп мінгенде,
Не болады бөлгенде?
Бес, он түрге қоямын,
Екінші сөзім осы еді.
Бәрің де үйден шығыңдар,
Шөкім жерден жүгіріп,
50 Озғаның ал екпінді.
Үшінші сөзім — өсиет,
Бәрің де болдың азамат.

Тыңдасаңдар насихат,
Біреуіңе қонады
Едіге ердің ен аруақ,
Соған қонад біздің бақ.
Біреуіңе бақ қонса,
Бәріңе болат инабат.
Біреуіңе қонған бақ
Қарның ашса ас болып,
Жаяуласаң болар ат.
Едігенің нәсілін
Шет жүргенің, ішке тарт.
Мұндай болып жүрсеңдер,
Баталмайды бөтен жат.
Қор болмасаң тіл алып,
Ойларыңа қылсаң қат.
Бұл тілімді алмасаң,
Сендерге айтып кеткенім
Тербенеді жатқан қарт.
Бұл отырған он екің —
Бәрің бірдей немесің.
Тектеріңе көз салсам,
Ноғайлының ішінде
Сендер биік төбесің.
Ауыздарың бір болса,
Бұл халыққа шегесің.
Бірліктің жайын айтайын:
Барыңнан жоғың мінесің,
Киімі болса киесің.
Сөйтсеңдер дәурен көресің,
Сараман дәуір сүресің.
Ала болса ауызың,
Өз-өзіңнен бөлесің,
Ырысыңды тебесің.
Қолтығында әркімнің
Ықпалымен жүресің.
Берік айтқан тілімді
Көңліңе алсаңдар,
Сөзіме құлақ салсаңдар,
Ұрпақтарым көгерсін,

Жұраттарың көбейсін.
Алмағаның тілімді
Себеппен жерге кіресің.
Антқа ұшырап ақыры,
Сүрініп шөпке өлерсің.
Өсиетім таусылды,
Жүрейін деп жатырмын,
Естіп кетсін құлағым.
100 — Ассалаумағалейкум,

Балалары атасы мұны айтқан соң, бәрі де түрегеліп: — Ата, айтқан сөзіңде тұрамыз. Матрөшке қара құл түгіл Жаңбыршының балаларына да, басқа қонса күндемейміз. Жана қаруыңызды айтқаныңыздай жүргіріп озғанымыз аламыз, — деді. Мұса хан балалары мұны айтқан соң, қолын жайып бата беріп, балаларын далаға шығарып жүгіртіп еді, озып үйге кіріп қаруды Орақ алды, қалғанын Мамай алды. Басқа балалары босқа қалды. Және өздерінше уәде қылып, үшке дейін жүгірейік, озып алсаңдар, қау сендердікі. Бұл істен мәдәр өзгеріс болса, атам көрер деп, үшке дейін жүгіріп еді, үшеуінде де озып келіп Орақ алды, қалғанын Мамай алды. Балалар ырза болып тарады. Тоқалдың үлкені — Смайыл еді. Бұл Смайыл жасында түйе бағып жүріп, бір боранда түйе ығып кетіп, түйемен бірге кетіп, екі аяғы үсіп, саусақтары түсіп, Топаяқ болып еді.

Бұл күнде жұрт «Смайыл Топаяқ» дейтін еді. Басқа балалары тарап кеткен соң, бұл көңліне бір сөз келіп, әкесі Мұса хан іргеге қарап жатыр еді, ойы кекіреп сол әкесіне ойына келген сөзін толғап айтқаны.

Тобаяқ Смайылдың айтқаны:

Жатырмысың жан ата?
Ботаңның айтқан сөзіне
Құлағыңды сал, ата.
Бәйбішенің баласы
Орақ, Мамай тең еді.
Орақ үлкен болғанмен,
Мамай кіші неме еді.
Үшке шейін жүгірдім,

Қолыма қару тимеді.
110 Тоқалдан туған жетеуге
Бір қаруың жөн еді.
Орақ, Мамай екеуі
Менен артық ер ме еді,
Немесе озған би ме еді?
Бәйбішенің баласын
Жақсы көріп отырсың.
Керемет сізде көп еді,
Сізден болды себебі.
Тоқалдан туған жетеудің
120 Ең үлкені мен едім.
Едігеден де болған соң,
Қай пендеден кем едім?
Айтқан сөзден аса алмай,
Орақ пенен Мамайға
Неге аласың демедім.
Көзің тірі жатқанда,
Алдыңа, ата, келемін.
Үшеуім артық демеймін,
Бәйбіше жара, мен жара,
130 Таң жараға көнемін.
Мен де сенің балаңмын,
Қалайынша кем едім?!
Келіп сәлем беремін,
Ажал жетіп өлсеңіз,
Мал шығарып көмемін.
Расходқа тең едім,
Қаруыңды бөліп бер,
Әділдігіңді көремін.
Тыңдамасаң сөзімді,
140 Теңгермесең тіріңде,
Адамдығым құрысын,
Өзімді-өзім жарып өлемін.
Ата, айтайын арызым,
Арызбенен айтамын
Қалған сөздің қарызын.
Күшті десең маған бер,
Орағыңды білмеймін.

Мамайменен күресіп,
Талай бердім әділін.
150 Білегі Мамай артық қой,
Батырлығы болмаса,
Сөз білмейді ер Орақ,
Онан жақсы жауырын.
Әшейінде жүгірсем,
Кетемін озып қара үзіп.
Қатар жұмыс істесем,
Кем емес одан шалымым.
Себепсізден болмаса,
Осы бүгін олардың
160 Қайдан болды қары ұзын?
Дым білмейтін әншейін,
Білдің бе балаң жарымын?
Қолыңнан бөліп бермесең,
Кәнеки, ата, әділің?!

Сонда атасы іргеге қарап жатыр еді, аударылып түсіп, оңға қарап, қырынан жатып, баласы мұны айтқанда, Мұса хан мына сөзді айтыпты:

— А, Смайыл, Смайыл
Қайдағыны ойлайсың,
Қайдағы ойды жинайсың.
Сен батыр туған ер болсаң,
Күшіңді неге салмайсың,
170 Қаруыңды неге алмайсың?
Сен ақылы артық би болсаң,
Бағана айттым бір сөзді,
Сөзге неге тұрмайсың?
Орақ, Мамай кем дейсің,
Неге ағаңа қимайсың?
Асырадым мен сені
Өз белімнен туған соң.
Мен өлген соң, Смайыл,
Жерге кірсең сыймайсың,
180 Өлгеніңше тынбайсың,
Осының түбін шындайсың.

Бәрекелді, Смайыл,
Табылған екен ермегің,
Жақсы болды келгенің.
Сен қайратты туған ер болсаң,
Не қыласың қаруды?
Аққа неге сенбедің?
Қару деген темір ғой,
Істегені пенденің.
190 Сен ақыл асқан би болсаң,
Орақ пенен Мамайды,
Білесің бе, кім дедің?
Жүйрік болсаң, алсаңшы,
Өлейін деп жатырмын,
Тұсауың сенің менбе едім,
Шырағым, неге сенбедің?
Сенбесең де, шырағым,
Не қыласын қаруды?
Өзімнің еншім сары ала ат,
200 Алдымнан риза болып кет,
Сол енші атымды бергенім.

Мұса хан Смайыл мұны айтқан соң, өзінің еншісі сары ала атты Смайылға берді. Топаяқ Смайыл әкесі мына енші атын берген соң, көңілі шат болып ол ат тоғайда жүр еді, соны ұстап алмақшы болып, әкесіне риза болып үйден шықты. Бұл Смайыл үйден шыққан соң, Мұса хан жан тапсырды. Мұса хан өліп, ноғайлыны жиып, намазы болмақшы болып, Орақ, Мамай қолына түскен қаруларды байланып жүрді. Смайыл бұларды көріп, мен де әкемнің берген атын мініп көпке жүріп көрсетейін деп, қолына жүген, ат добыра алып, әкесінің ысқат құранына қарамай, тоғайдағы атқа кетті.

Атқа бара жатып көңіліне әрбір қиял түсіп, сол қиялын өзіне келтіріп толғағаны:

— Ықпал шығар бұ да бір,
Атам атын бергені-ай.
Ердің босқа кетпейді
Ықылас қылған еңбегі-ай.
Мың ойды бастар бір жігер,

Не қыламын өңге ойды-ай.
Орақ аңқау батыр ғой,
Ойына бұл ой келмеді-ай.
210 Мамай ойлап білгенмен,
Орақ та үлкен, мен де үлкен,
Оған рет тимеді-ай.
Әрі жана бұл халық
Орақ, Мамай екеуін
Артық туған күндейді-ай.
Қайратты туған ер Орақ
Сабаған тентек талайды-ай.
Айтқаны болған қалайды-ай,
Сол себептен сүймейді-ай.
220 Білімімен жүрет деп,
Қайдағыны ойлап білет деп,
Жақтырмайды халық, би деді-ай.
Жақсы деп жүрген жолдас қай,
Іс қылмайд деп ойласпай,
Жақсы деген Смайыл
Құлағыма тиді-ай.
«Жөн білед, — деп, — Смайыл»
Айтты талай нешеулер.
Білігіміз сенде деп,
230 Уәде қылды ішерлер.
Қалай да бақты алармын,
Жігерлі адам жоқ бірақ.
Ішерде көп жаңырақ
Көптігіне қарасам,
Саны бір елдің кіндігі-ай.
Едігеге көз салсам,
Менен артық төртеу бар.
Сол төртеуі болмаса,
Басқалары не қылар?!
240 Жаңбыршының баласы
Телағыс, Күнке екі нар
Атадан артық асылдар.
Маужыраған мырзалар
Бұл екеуін сөз қылса,
Көрінеді халық аунар.

Бұл екеуі билікке
Емес еді көп құмар.
Сөз қыла қойса екеуін,
Айтатұғын дәлел бар.
250 Атамыздың мұрасын
Орнымыз бар біз алар.
Ақылы жоқ аңқауда
Арқыраған-ай қайда.
Қан құйғанда не оңар,
Халық Құдайдың бір аты.
Ел адамды байқайды,
Ел адамды байқаса,
Орақ қалай хан болар?
Жолы кіші болмаса,
260 Көптің тілін алмаса,
Әнеки, Мамай сол болар.
Онда ырза болмаймын,
Халық айтса да қылмаймын.
Соңыма ерген харамменен
Өлгенімше тынбаймын.
Онда бір ноғай қозғалар
Бұл төртеуі болмаса,
Қайсысы менен білімді?
Таныған шығар ноғайды,
270 Атты алған соң жөнімді.
Сөз қылмасам жолым жоқ,
Тұрғанда Орақ атты алар,
Атты алғаным бақ қонар.
Қарағанда осыған,
Менен бақты кім алар?
Атам берген ала жан
Оқыранып келмей ме,
Көрсе менің қарамды.
Тұлпардан туған жануар
280 Жұмысыма жарамды,
Ұстап алсам аламды.
Шақырайын тездетіп
Еңсесі биік ордама
Он сан жатқан ноғайды.

Атаның малы балаға
Дәулет болып қонбайды.
Іс қылайын аянбай,
Қолымдағы дәулетім
Келеді аз орайға.
290 Бұ халықтың ішінде
Ықпалды туған биелер
Берейін қолдан парамды-ай.
Қайратты туған еріне
Жай айтайын жалынып,
Тастамас мені олар да-ай.
Тізгінін берсе осылар,
Не қыламын кейінгі
Малын баққан жаманды-ай.
Халық тізгінін алғанға,
300 Үйге қонақ болғанға
Қол қусырып тұрайын.
«Байтақ жатқан халықтың
Билігін бер?» — деп сұрайын.
Жалынайын адамдай
Шыққан шығын расход.
Есесі кірер малымның,
Берсе маған сұрайды-ай.
Қой басқа ой қояйын,
Осылайша іс қылсам,
310 Алармын бақты талайды-ай.

Осыны айтып, Смайыл асқа келді. Тоғайда жүрген ат мұны көріп, құйрығын тастап, ойнап далаға шықты. Смайыл ізінен қалмады, тауға барды. Сөйтіп жүргенде, жер жарылып, сары ала ат жерге батты. Құйрықтасып жүр еді, Смайылда бірге батты. Бұл жақтағы намазға жиылған халық Смайылды іздеп, үш күн таба алмай, Мұсаны жерлеп, жұрт жиылып Телағыс, Күнкені би қойды. Мамайды хан қойды. Орақты «сен батырлығыңмен тұр» деп құр қойды.

Енді сары ала аты, Смайыл да жер астына кетіп жата берсін. Ендігі сөзді мынадан сөйлейміз. Мамай хан болып бір жыл тұрды. Бір күндерде қошқардың күйегі күздің күні, қара суық уақытта Орақ қолына құс алып, соңына ит ертіп ермекке далаға

шықты. Даулайтұғын дауы жоқ, жаулайтұғын жауы жоқ. Іші толып Орақ жатыр еді. Батырлығының бір белгісі көрленіп, әшейінде айқайласа, жаз болса жауын жауып, қыс болса қар жауатын еді.

Қасенде Бұғыда деген ноғай бар еді. Оның қасында Құс мұрынды деген қара шоқты бар еді. Орақ осы бойымен сол шоқының басына шығып ойлады: «Айқайлайын, айқайыммен тоғайдан аң қашар, құс ұшар, қашқан аңға итімді қосайын. Ұшқан құсқа құсымды салайын жана құсырымды тарқатайын», — деп, айқайлап еді, бұл айқайымен бірге құбыладан бұлт шығып, қар жауды. Бұл қар жеті күн, жеті түн жауды. Кереге бойы қар жауды, кере қарыс мұз жауды. Сөйтіп бір зымыстан ерте қыс түсіп, жұрт әбігер болып семіз көлікпен қара жер іздеді де, сонда баршалары осы «қарақұм, қара жатыр» деген соны тапты. Сонан Қарақұм атанды. Халық қара жер табалмаған соң, қысрақпен қарды бұздыртып жол салып, жұрт барда, жұртпен бірге Мамай да орданы жықтырайын деп өзегін сыпыртып жатқанда, Орақ келіп жықтырмады. «Орақ өз қарынан өзі бөлінді» деп айтар деп, басыма көшсем насақ келет деп, көшпей қалды. Халықтың малы мен үштің екісі Қарақұм кетті, бірі қалды. Бұл қыста Қарақұмда қыстаған елдің тайы құлындап, тайлағы боталап, шыбышы лақтап семіз, есен шықты. Еділде қалған халық қарасыз қалып жұтады. Жұтаған жерге мұндағы малы бар халық бармады. Ондағы халық көшіп бері Қарақұмға келді. Ақырында Мұсаның Орақ, Мамай баласынан басқа балалары көшіп келіп, тек Орақ, Мамай жалғыз қалып, үш жыл отырды. Мінерге көлігі жоқ, ішерге тамақ жоқ. Ол күндегі базар Мәскеуге базарлауға Қарақұмдағы халықтың жас балалары жолға шаршамайтын базарлай баратын жолдағы Орақ батырдікіне қонып кетеді. Қонған қонақпен Орақтың ісі жоқ, алдына бала әлдилеп, ыңыранып толғайды. Бұл толғағанды жолаушылар Қарақұмдағы елдегіге айтып келіп, бүкіл ноғай Орақты «жыршы болыпты» деп күлістік қылып дәкән болды.

Бұл Қарақұмда баяғы Мұса ханның аманат тапсыратын Матрөшке қара құлы да бар еді. Бұл Қарақұмға келген соң, малы өсіп бұл жақтағы ноғайдың байы болды.

Бұл да Орақты жыршы болды деп естіді. Орақтың жыршы болған себебі: қадірін білетін қонақ емес, жас бала қонатын еді.

Олармен сөйлеспей, бұрынғы бақ бардағы, мал бардағы заман есіне түсіп толғайтын еді. Сондағы толғау сөзі:

— От басында отырып,
Әлди айттым, балақай.
Ішім толды, ермек жоқ,
Қапа менен сәнаға-ай.
Ноғайлы деген ел едік,
Біз ноғайдың ішінде
Ту ұстаған ер едік.
Халық билеген хан едік,
Атасы басқа дұшпаннан
Кек аламыз деп едік.
Бұл күндері болғанда,
Қарасыз қалып жүр едік.
Халық кеткен соң, бақ кетіп,
Біздер қалдық далада,
Сонда да шүкір Құдайға.
Өзі беріп, өзі алды,
Шабылып жауға немесе
Берген жоқпыз жалаға
Неше заман айналып
Бір біз боранды.
Жоқтықпен қолы байланып,
Нелер асыл ақсүйек
Кідіріп қалған табаға.
Не қылайын амал жоқ,
Ел сыпырылып кетер ме еді
Едіге ердің тұқымы.
Отырғанда қараға,
Сонша тастап, айналмай,
Тумаларым, не қылдым,
Өкпе кірмей араға?
Біреуіміз хан болып,
Біреуіміз би болып,
Жетісіп едік жана да.
Болуға халық жағаға,
Бұзылмай халық тұрғанда,
Атасы басқа дұшпанды

Бағындырып алуға
Келіп едік шамаға.
Дұшпанды жеңіп алған-ды
350 Едігенің тұқымы.
Бас басына биліктен
Келмес пе еді сыбаға.
Не қылайын, амал жоқ,
Мұны ойлайтын адам жоқ.
Көмір асып пенденің,
Ойлағаны бола ма?
Мен ноғайлы деген ел едім,
Мен ноғайлының ішінде
Атасы текті бек едім.
360 Атасы қалмақтың
Жерін алсам деп едім.
Сұрайтұғын сұрауға
Елін алсам деп едім.
Қалмақты жеңіп есіріп,
Байдалы байтақ көп жердің
Кегін алсам деп едім.
Бадана көздің аруын
Тегін алсам деп едім.
Інім Қағаз йықтаған,
370 Ықтиярсыз боқтаған.
Жазықсыз соғып шарықтан,
Кегін алсам деп едім.
Қатты қандай қалмақты
Жеңіп алсам деп едім.
Мұны бүйтіп алған соң,
Табаныма салған соң,
Еділден шыққан екі суға
Ел жайлатсам деп едім.
Жайықтан шыққан салаға
380 Жалғыз қонсам деп едім.
Бұғданың бойын қорытып,
Қыс қыстасам деп едім.
Осыны ойлап жүр едім.
Қолымнан кетіп көп елім,
Ісі дағы Алланың,

Болмады әзір дегенім.
Келді халықтан айрылып,
Ыңыранып отырмын.
Жолында қалған арықтап
390 Кәрі лөкті кіренің.
Қонысы ауып елімнің,
Жұртта қалып белімнің,
Құлазып босқа жатқаны.
Ойыма алған өзегім
Құралып қайта ел болса,
Қонысына ел қонса,
О дариға дүние-ай,
Тарқар ма еді ішімнен
Сонда бір қайғы шеменім?!
400 Шұбартауға шолқантып,
Шаншар күні болар ма
Төрт қырлап соққан жебенің?
Кесілер күні болар ма
Жібек баулы көбенің?
Жүз үйлі көп ноғай,
Басыңды құрап халық қылған
Жеті атасынан мен едім.
Азары өтіп баратыр,
Астында жүріп төбенің.
410 Кешегі кеткен ноғайлымның
Ата көрген мейірбан
Құрығаныма көненің?!
Ата досы адамым,
Жолдас болған жараным,
Құда-жекжат, тағайым.
Атасы бірге ағайын,
Осы да үміт болар ма
Орақ пенен Мамайға?
Салт атпенен біреуің
420 Жайларың қалай демедің?!
Айналып келсе заманым,
Соның да түбін көрермін.
Кеше ғана басымда
Бақ тұрғанда айналып,

Жүруші едім ішімнен
Осыларды ойланып.
Еңсесі биік ақ орда
Тарқаушы ет халық жиналып.
Келген мейман дәм айдап,
430 Кетуші еді жайланып.
Ел шетіне жау келсе,
Кедергілер жекелеп,
Келсең кел деп жекелеп,
Тұрдым алмас байланып.
Бір шыбындай жанымды,
Талай шаштым малымды.
Ел арына арланып,
Мен нашармын дегенді
Теңедім талай қолға алып
440 Бұ күндерде отырмын
Ол ойлаған ой түгіл,
Құлдарымнан соң қалып.
Қамқорын соққан ел кетіп,
Тектен саулыққа алданып.
Еңсесі биік ақ орда
Ішіне кірген адам жоқ,
Тек босаға тұр аңырайып.
Ыңырсыған көп дәулет,
Берген талай арды алып,
450 Бір қыстан шықпай жиналып,
Қарасыз қалдым сандалып.
Мінуге көлік таба алмай,
Жалынып жүрсем табынға-ай.
Аттың дары қай ат болса,
Атасы басқа дұшпанға
Жалғыз да болсам мен соған
Кетер едім жолданып,
Өлсем өліп кетер ем.
Өсітбесем ақыры,
460 Мал таба алмай жалданып,
Көп жылқының жұтаған
Жеріне барып қарасам,
Бір қотыр тай қалмапты.

Көргенімді бір барып,
Екі аяғым салақтап,
Мінемін оған мен нағып.
Ыңырсыған ел кетіп,
Мен отырмын жыр бағып.
Тек қуланып жырғалып,
470 Екі етегін түрініп,
Аң аулайын, Мамайым,
Әттең жоқтық қылдың ғой.
Жорға мінген ырғалып,
Мен отырмын мекенде
«Тойған жерде ит жүрер,
Туған жерде ер жүрер».
Деген нақыл тілді алып.
Қайтып тастап кетейін
Атамның мекен өзенін.
480 Өлсем де аштан қиналып,
Көшпей бағып отырмын,
Атамның мекен шағанын.
Қайтып тастап кетейін
Мына тұрған көп құрым
Зияраты болған соң,
Ата менен бабаның.
Жөн келмеді өзіме
Аңға ақырған талабым.
Кереге бойы қар жауып,
490 Кере қарыс мұз тоңып,
Бір зымыстан қыс түсіп,
Үш Еділдің алабын
Өзімнен болып себебі,
Тайдырдым елдің табанын.
Қыстың қорқып түрінен,
Ізденді халық амалын.
«Ұлтпен бірге болам» деп,
Айтып еді Мамайым.
Өз қарынан көшті деп,
500 Көшем қаңқу сөз кетпес.
Мен отырсам мекенде,
Қайтып келер, ел кетпес.

«Келтір, — деп, — қайта ноғайым».
Қарасыз қалып жұтадым.
Шөп табылмай малыма,
Он екі аршын қарағы
Іреңжіменен бұтадым.
Қолайсыз келіп біз көрдік
Ұлы құстың жаманын.
Жұтасам да қарасыз,
Көп тіледім ішімнен
Ондағы жұрттың амалын.
Мал кеткен соң қолымнан,
Кетті көшіп ағайын.
Жалғыздап кетіп тарады
Нелер жолдас-жараным.
Үмітім әлі де,
«Әлі Алла берер» деп,
Әзір аман адаммын.
Халыққа көшіп баруға,
Түрі мынау шаманың.
Шұбырып көшсем жаяулап,
Обалына қалғаным
Онда қатын, баланың.
Көшпеген соң басында,
Енді көшіп келем, — деп,
Көлік сұрап ұялмай,
Не деп елге барамын?!
Бүйтіп елге барғанша,
Не салғанын көрермін.
Бір жаратқан Құданың,
Жасаған Жаппар Құдайым.
Со ноғайдың ішінде
Бітпейтұғын дау болса,
Ел шетіне жау келсе,
Дүрсілдеп жатқан көп ноғай
Көрер едім көтіңді,
Тарылса сөйтіп заманың.
Берейік десе несі жоқ
Пендесіне Құдайым.

Ыңырсыған қарам жоқ,
Сөйлесетін адам жоқ.
Толғап ермек қылайын,
Зауалы ауса, шығамын
Боз төбенің басына.
Ызаланып жоқтыққа,
Мамайды әкел қасына.
Денсаулыққа қуанып,
Кейде кетед уайым.
550 Осы күйім ұзаса,
Азғар болды сылайым.
Ыңыранып ермек етемін,
Көңілдің аршып ылайын.
Бүйте берсем күйініп,
Жыршы болып кетермін.
Кел, бұл ойды қояйын

Орақ осыны айтып толғап отырғанын үйіне қонған жас жігіттер естіп, елдеріне «батыр Орақ жыршы бопты» деген даңыра жайылды. Ноғай екі тайпа ел еді, қара ноғай, сары ноғай деген. Сары ноғай жеті сан еді, қара ноғай үш сан еді. Сол қара ноғайдың ішінде Сайым деген Орақтың бір құрдасы бар еді. Орақ жыршы болды деген соң: — Ой ол жыршы емес қой, Орақ жүдеген екен, мен сәлемге барып, жайын білейін, — деп, аулынан шықты. Аулынан шығып келе жатқанда, бір ыңырсыған көп жылқыға душар болды. Бұл жылқы баяғы Мұса ханның Матрөшке қара құлдың жылқысы еді. Бұл құл қарақұмға келгелі байып еді. Сол күні жылқымды көрем деп, бұ да далада жүр еді. Екеуі кездейсоқ келді. Құл әбден байыған екен. Байлығы емес пе, қарындағы құрықтың тұтам жері алтын, қарыс жері күміс екен. Құл жолығып, Сайымнан жөн сұрады: — Қайда барасың? — деп.

Сайым: — Орақ, Мамайға амандасып қайтайын деп барамын, — деді. Сонда Матрөшке қара құлдың алғаны қара ноғайдың қызы еді. — Шырағым, балдызым, Ораққа барсаң мен сәлем айтайын, ұмытпай айт, — деді. Қайтарыңда біздікіне қонып, Орақ не айтқанын айт, — деп, Матрөшке Ораққа сәлем айтты да, толғағаны:

— Уа, Сайымым, Сайымым,
Балдызым болдың жөн сұрап.
Қара ноғай қайыным,
560 Ораққа барсаң сәлем де.
Менің алты жерде ауылым,
Жеті сан сары ноғайда
Жетісіп тұр сауыным.
Мінетұғын ат беріп,
Келсе үйімнен ас беріп,
Сөйлетіп қойдым сөзімді
Мұндағы ноғай тәуірін.
Ораққа барсаң, сәлем айт,
Менен көлік әкетіп,
570 Көшіріп келсін ауылын.
Бұл сәлемді естісе,
Қуанып келер ер Орақ.
Бірақ Мамай келмейді,
Мен бұрыннан білемін
Мінезінің ауырын.
Құдай берген дәулеттен
Аяйын ба мен онан.
Бұл ноғайда білесің,
Олардан артық көретін
580 Қайсы менің бауырым?
Бұл сөзбенен келмесе,
Апарып берер малым жоқ,
Жата берсін кәрібім.
Келуі бұнда ар болса,
Арланғаны мал болса,
Апарып берер малым жоқ.
Бұл ықпалым тұрғанда,
Менің де қиын баруым.
Орақ менің, шырағым,
590 Толғай қошық айтад деп,
Есітеді құлағым.
Ондай болса ер Орақ,
Мұнда келіп сөз айтып,
Білсе кеңес молайтып,
Үсті-басын бүтіндеп,

Тойғызып кетсін қарынын.
Ораққа барсаң сәлем де,
Шігі тие көшсін, — деп,
Ірге тие қонсын, — деп,
600 Саямда күнін көрсін, — деп.
Естимін жырау, — деп,
Келіп кеңес берсін, — деп.
Жарамды болса кеңесі,
Қалаған тонын кисін, — деп,
Жаратқан атын мінсін, — деп.
Жарамсыз болса кеңесі,
Сонан әрман жүрсін — деп,
Қарасы батып құрсын — деп.
Түбінде көшіп келмесе,
610 «Сірә менің ырысым» — деп,
Сөздің шынын білсін, — деп.
Мұнда әгар келмесе,
Кәдірімді білмесе,
Айтпад деп халық айтпас,
Онда аштан өлсін, — деп.
Едіге ерден мен дағы,
Болат тағы бұл дағы.
Күнде думан үйіме
Жиналады қайдағы
620 Мұндағы жақын, тумағы.
Бергенімді көргенде,
Халық айтып тұр бұл күнде
«Қарасып тұрған отанға
Қайырымды бай сенсің» деп.
Едіге ердің мен мұнда
Бағып тұрмын көбесін,
Жеткеріп тұрмын кемесін.
Бұл сәлемді айтқаным,
Көп айтып еді бірлікті
630 Мұса ханның сөзі үшін.
Сенде айтарсың халыққа,
«Бай шақырды, — деп, — інісін».
Ораққа айт сөзімді,
Келсін өзінің күні үшін,

Келмесін аяр мен үшін.
Жарамды болса кеңесі,
Қалаған атын мінсін,
Жаратқан тонын кисін.
Жарамсыз болса кеңесі,
640 Сонан әрман жүрсін,
Қарасы батып құрысын.
Барсаң өзің айтарсың,
Менің мұндай жайымды.
Кәріп пенен қасарға
Беремін күнде қайырды.
Он сан жатқан көп ноғай
Тәуірі мініп атымды,
Жетімі мініп тайымды,
Көлігі кем түйе алып,
650 Жатағы сауад сауынды.
Құдай маған берген соң,
Таршылық қылып оларға,
Жинамаймын айламды.
Мұса ханның жараны
Хан қасынан келгелі,
Расход жоқ өзінен.
Киіп-ішіп малымнан,
Әнеки, менің қайырымнан
Бәрі де тәуір байыды.
660 Ораққа дұғай сәлем де,
Жылдам мұнда келсін де,
Келіп кеңес берсін де.
Қандай екен шәйірі,
Келе ме Орақ, келмей ме?!
Қайтарда келіп қонып кет,
Біздікінен тойып кет.
Хабарын келіп беріп кет,
Қара ноғай Сайымы.

Сонда Сайым жанындағы аласына қолы барғанда, жаңа бір ой келіп тоқтады да: «Бұл құл мас болған екен, өлтіріп кетсем сөзін естіген адам жоқ, Орақ, Мамай өкпелейді ғой құлымызды өлтіріп кетіпті деп. Мұның құлдығы есінен шыққан екен.

Мен мұның құлдығын есіне түсіріп, әңгіме айтайын», — деп, Сайымның сонда айтқаны:

— Тыңдап тұрмын сөзіңді
670 Білдім, жезде, жөніңді.
Ессіз малға мас болып,
Көтересің өзіңді.
Білмедің, құлым, тегіңді,
Білсең, құлым, тегіңді,
Орақ, Мамай бегіңді,
Білесің бе кеміңді?!
Біткен малға мас болып,
Сағынып тұрсың өлімді.
Құлыңнан шыққанда,
680 Дұрыс па еді ақылың?
Осыншама еліріп,
Көзіңе не көрінді?
Бүйтіп, құлым, таспаңыз,
Әліңізден аспаңыз.
Орақ бір тауда жатқан айдаһар,
Құйрығын барып баспаңыз.
Мына сөзді айттырған
Арылмаған қасқаңыз.
Не дегенің, қара құл,
690 Келіп кеңес берсін деп.
Тұра берсін басқаңыз
Кие болар өзіңе,
Құлағың сал сөзіме.
Бұл қиялды тастаңыз,
Мұсадан туған он екі ұл
Жүгіргенде кім алда,
Білесің бе қаруды-ай?
Орақ, Мамай екеуі,
Білсең, құлым, нарыңдай.
700 Батыр Орақ киесі
Айдап кетер малыңды,
Шығарып кетер жаныңды-ай,
Төгіп кетер қаныңды-ай.
Әлін білмей, мас болған

Көрмедім сендей жарымды-ай.
Байлығымнан қорғалап,
Құлдығымды айтпас деп,
Тұрмысың не Сайымды-ай?
Осыдан барсам айтармын,
710 Қыла бер, құлым, қамыңды-ай.
Мен айтқан соң ер Орақ
Қылмас па екен жайыңды-ай.
Сенің айтқан бұл сөзің
Олар түгіл өртеді
Мені шарпып жалындай.
Кетер едім өлтіріп,
Мұндайыңды білмейді.
Орақ, Мамай айтады-ай,
«Өлтірдім, — деп, — құлымды-ай».
720 Айтармын сенің өзіңді,
Естіген соң сөзіңді.
Шыбын жаны сау болса,
Батыр туған ер Орақ
Кидірмес пе екен кебіңді-ай,
Жайдырмас па екен себіңді-ай,
Берер саған өлімді-ай.
Себебін таппай іс қылмайт,
Мамайы құрғыр білімді-ай.
Осыны, құлым, ұмытпа!
730 «Неге айттым, — деп, — бұл сөзді»,
Бір соғарсың саныңды-ай.

Сайым бұл сөзді айтқанда, құлдық есіне түсіп шегіне берді, қайтып сөзге келмеді. Сонымен құл қала берсін.

Сайым осымен Орақ, Мамайға барып сәлемдесіп ауылға қайтпақшы болып, далаға шығып атқа мініп жүре берді. Анадай жерге барғанда, Орақты көрген соң, әртүрлі сөз сөйлеп Матрөшке қара құлдың сөзін ұмытып кеткен екен. Сол сөз есіне түсіп, есіктің алдында ат үстінде тұрып, құлдың сәлемін айтып толғады. Бұл Сайым айтып болғанда, Орақ ашуланып, есіктен төрге, төрден есікке кезіп жүрді. Мамай жерді шұқылап отырды. Сондағы Сайымның құлдың сөзін толғап айтқаны:

— Айдынды Орақ, әй, Орақ,
Атадан артық көрікті.
Халық билеген хан Мамай
Сұрамайды ешкімнен
Ақыл менен білікті.
Көптен бері көре алмай,
Иіліп сәлем бере алмай,
Сонсоң сізге келуге
740 Көкірегім желікті.
Ауылдан шыққан бойымда,
Матрөшке қара құл
Душарласып жолықты.
Тұтам жері сары алтын
Қарыс жері күміс-ті.
Қарына ілген құрықты,
Белге кемер буыпты.
Үстіне киіп иықты,
Басындағы тұмақты
750 Құндызбен тыстап киіпті.
Астына мінген қазанат
Біткен еті түрік-ті.
Қас төредей айбатты,
Сондай артық көрікті.
Сәлем айтты сендерге
«Көшіріп келсін ауылын,
Алып кетіп көлікті.
Шақырғанда келмесе,
Кәдірімді білмесе,
760 Екеуінің қырсығы
Өмірінше арылмас,
Емес шығар» деп айтты.
Қырсықтары сүрек-ті.
Әрі жана, әй, Орақ,
Сені «назым толғау» айтат деп,
Құл жайыңды біліпті.
Естімекке сөзіңді
Көрінді артық жерік-ті.
Сөзін айтсын келсін, — деп,

770 Жарамды болса кеңесі,
Қалаған тонын кисін, — деп,
Жаратқан атын мінсін, — деп,
Сөйтіп құлың демікті.
Дәулет біткен қара құл
Мас болғандай араққа,
Өз-өзінен елікті.
Масығып тасқан қара құл
Көрдім оның шамасын.
«Мен асырап отырмын», — деп,
780 Мұндағы мырза, баласын
Құлға барып жырласын.
Ат, шапанды, ер Орақ,
Әдемілеп аласың.
Байыған тегіс көрінді
Ондағы іні-ағасы.
Сыбызғы алып бармасаң,
Қосып әнге салмасаң,
Жамандығың, әй, Орақ,
Несібеңнен қаласың.
790 Айтқан сөзі көп енді,
Есіткенде құлақтан.
Қарап тұрып жонасың,
Осы сөзді айттырған
Нәсілсіз құлға шара не,
Құдайға не қыласың?
Өлтіруге ойландым
Жайнатып қоймай.
Есіткен сөзін адам жоқ,
Қайдан білсін кінәсін.
800 Жаңа ойлап тоқталдым,
Құр жаман ат арқалап,
Далада жүріп жөнімді.
Арын арлап біреудің,
Құр арқалап жаласын,
Саған айтқан ол сөзді
Дұшпанға да айтқан-ды.
Келе ме, Орақ келмей ме,
Келіп қонып, тойып кет,

Хабарын, — деді, — беріп кет,
810 Орақтан елге қайтқанда.
Тілімді алсаң, ей, Орақ,
Елі керлеп көтерсе,
Жұрттан қалған қотыр тай
Қол терісін, жаясын.
Ұзамай жылдам барасың,
Қасында құлдың отырған
Ондағы Мұса баласын.
Адам деп кеп келмейд көңліме
..... құлдың саясын.
820 Тудым дейсің Мұсадан,
Құр дәріптеп он екі ұл,
Он бірің-ақ боласың.
Атаңа нәлет тексізді
Өлтіріп құрт қарасын.
Не қыламын сендерге,
Орақ, Мамай көп айтып,
Құр өсекке қалармын.
Сайым келіп Мұсаның
Жауықтырды, — деп, — арасын
830 Құл сөзіне шыдамай,
Оның бірі сөзінің
Сізге айтқаным бұда дағы-ай.
Қош болып тұр мырзалар,
Не қылсаң, өзің қыласың.

Орақ, Сайым төбеден асқан соң, құлдың сөзіне шыдамай, қолына жүген алып, көп жылқының жұтаған жеріне барғанда, бір қотыр тай қалғанын көріп, қайтып еді. Соған қарап жаяу жүре берді.

Күн тал түске жақындағанда жылқы жұтаған жерге барып, бір төбеге шығып жан-жағына қараса, баяғы қалған жалғыз тай ат болып жайылып жүр екен. Аттың қарасын көріп, азғантай демін алып отырып, енді атқа жүрейін десе өмірде жаяу жүріп көрмеген адам, табаны тиіп, тұла бойы мұздап қалған екен. Түрегеле алмай, ойпырмай, өмірінде жүген құрық тимеген, не мен жүре алмай қалыппын. Сондағы толғап айтқаны:

— Шығып едім бағана
Құлдың сөзін есітіп,
Ашумен ауылдан.
Жүрек құр қабынған.
Шыққан шығар деп едім,
840 Қабынғанда қабынан.
Әзәрі өтіп теңсіздің,
Ашумен ішім жарылған.
Тұла бойым қалтырап,
Дәнеме көрмей екі көзім,
Мұнарланған сағымнан.
Жүген алып жүгірдім,
Аты бардай далада
Шідер салған қолынан.
Талма тал түс болғанда,
850 Жұртта қалған жалғыз тай
Өрісінен табылған.
Жалғыз құла тырбықтың
Қарасын көріп өтермін.
Басылып жүрек қабынған,
Ашуменен білмеппін.
Тұла бойым қозғалтпайд,
Табаны құрғыр ауырған.
Өмірде жаяу жүрмеген,
Болмаса жаяу ырғалған,
860 Жортаққа да мінбеген.
Табаныма қарасам,
Алақандай ойылған.
Өмірінде мінбеген,
Жүген-құрық тимеген.
Бес жыл болды, мінеки,
Бұл адамды көрмеген.
Ұстатама барғанмен,
Құрып аяқ тұзақты.
Бір ұстасам ұстармын,
870 Су ішіп жүрген сайынан.
Сайға барып салайын
Әуелі аяқ тұзақты-ай.
Бүгелі қуып сабатқа,

Айдап барар ұзатпай.
Аяғы түссе тұзаққа,
Жібермес пе едік қайтсем де.
Жоқтық буын алмаса,
Тұзаққа түскен бір аттай
Ұстап алсам құлатты-ай.
880 Ерлеп мініп ауылдан,
Отырып тамақ ішпесін
Матрөшке сол құлдың
Шаңырағын уатпай.
Қолдан қорлық көргізіп,
Жоқтықтан азар бергізіп,
Қойғанынша Құдайым,
Жойсаң-ақ мені болмайма ед
О басында жаратпай.
Болғаны ма жарықтың
890 Өмірімше, Құдай-ай,
Кеткені ме таң атпай.
Мінуіме жараса,
Құлды өлтіріп болған соң,
Атасы басқа дұшпанды
Қылар едім талапты-ай.
Жаман тырық бұл жабы
Көтеріп қайда барады
Өңшең темір болатты-ай?
Ер-тоқымды көтерсе,
900 Отырам да жетелеп.
Өзім бүйтіп жүргенде,
Сән түземек, кәнеки,
Не қыламын ұятты-ай.
Кәнеки күнім бұрыңғы
Белдеуге тұлпар байлаған.
Қасында жүріп иесі,
Суғарып жемдеп жайлаған.
Жүрерімде бір жаққа
Даярлап ерлеп сайлаған.
910 Үстіме сауыт киініп,
Бес қаруды асынсам,
Астымда тұлпар ойнаған.

Бүгіндерде отырмын
Шалығып, шаршап, жүгініп,
Екі етегім түріліп.
Кәнеки маған ол заман,
Шаршы төрде отырып,
«Атты әкел» деп жекіріп.
Қарсы шықпай ордадан,
920 Тұлпардан туған көк мойын
Қадірін білмей дариға-ай,
Орынсыз міниіп қинаған.
Қосшы ертіп қасыма,
Күнде думан жинаған.
Бүгін де оның бірі жоқ
Маңдайыма симаған.
Сайым сөзін естісем,
Құлдың сөзі тым жаман.
Қолымнан малым кеткен соң,
930 Адамдығым болмаған.
Жүгенімді алып қаңғырдым,
Аттап басам өлмекке,
Күдер үзіп бұл жаннан.
Қайратты туған ер Орақ,
Халық келген жөн сұрап.
Мінуге көлік таба алмай,
Аяқ ылау жабыны
Даладан іздеп сандалған.
Қапаменен қайғырдым,
940 Әр нәрсе келіп ойыма.
Құлдың сөзі сандалтты,
Жатыр едім жайыма.
Едігенің көп жаман,
Барармын сенің байыңа.
Қой орнымнан тұрайын,
Енесін жанның ұрайын ,
Тарап кетер ашуым.
Лекерлеп ер салып,
Жалғыз жаман тайыма.
950 Осыдан барсам о құлды,
Жолықтырсам керек-ті

Қырықтың қына тойында.
Осыдан есен-сау болсам,
Үйіне құлдың мен барсам,
Мауыздармын оны да.

Орақтың жұттан қалған жалғыз тайы, алты жасар аты болған екен. Айтқанындай, аяқ тұзақ салып, ұстап алып үстіне киімін салып, қытығын басып жөнге жүргізе алмай, далаға қонып, ертең ертеңгісін ауылына келіп, үйге кірместен ер-тоқымын алдырып, ерлеп жүрейін деп жатқанда, Мамай үйінен келіп, әкесі аманат тапсырған құлды өлтіруге болмайды деп айтайын десе, айтқанымды қылмас деп, Ораққа баталмай, атты көріп: — Ореке, атың құтты болсын, — деп, сипап тұрып Мамайдың толғап айтқаны:

— Осы ма еді, Ореке,
Жұттан қалған құла атың.
960 Түсі құла демесең,
Атаңның енші сары ала ат
Қайдан таптың жұратын?
Құтты болсын бұл атың,
Ерінді екен жануар,
Мінсең жолың болатын.
Күміс құйрық, құлау жал
Бұл жануар мол екен.
Қолына алған болатын.
Киік аяқ, қу тұяқ
970 Жүйрік екен жануар
Сансыз қолдан шығатын.
Көшелі келген қоян жөн
«Бар екен шолақ қалырға»
Айтушы еді сыншылар
Осы деп аттың қанатын.
Денесі жеңіл, сирақ-ты,
Жері жоқ шаршап тұратын.
Құлан шеке, қу кекіл,
Ойдық желке ат екен
980 Салған жерден озатын.
Нәсіп болсын, Ореке,

Дұшпанменен ұрыссаң,
Көресің мұның ретін.
Сонша жұттан қалғаны,
Едіге ердің пірлері
Баққан шығар бұл атты-ай.
Атамыздың ен аруақ
Қалай тастап кетеді
Сіз секілді жұратты-ай?
990 Мен есімде белгілі
Көргенім жоқ жылқыны
Бұл секілді сияқты-ай.
Не деген мойын көз еді,
Піскен алма сияқты-ай.
Екі көзі жайнап тұр
Түнде жанған шырақтай.
Жұдырықтай қабақты-ай,
Қиған қамыс құлақты-ай.
Еріні бар етектей,
1000 Тістері бар таяқтай.
Кіршігі жоқ, көрдің бе,
Кір жұқпайтын болаттай?
Әр танауда үш тыныс,
Қолбырап тұр кеңсерік
Жел көтерген бұяқтай.
Ақ сүйегі майысып,
Қайнаған қара тұяқтай.
Сүйектен жуан сіңірі,
Көргенім жоқ жылқыда
1010 Бұл қотпы аяқты-ай.
Санның еті айланған
Ерлер тартқан садақтай.
Құсағы жоқ шетінде,
Ерлесең сияр екі ер-ді.
Емес қылыш қалақтай,
Бел омыртқа көрінген
Тартпа-тартпа мінсе де.
Қозғалмас ері бұл аттың,
Кісі болса ерінген.
1020 Ерге лайық ат екен,

Ауырсынып шаршамас,
Асынсаң қару жарақты-ай.
Беліне мұның мінген соң,
Жатпаймын деп ойлама,
Қаяқ болса сояққа.
Атасы басқа дұшпанға
Бұл атта-ай жоқ уайым.
Қылсаң болар талапты-ай.
Бұл атты берген Құдайым,
1030 Уайым қылма, Ореке,
Жеткізеді мұратқа-ай.
Орекеңнің ойы бар,
Тарқар емес қолының
Шаңырағын уатпай.
Ойлап қара, Ореке,
Ашумен іс қылып,
Қалып жүрме ұятқа-ай.
Орақ, Мамай екеуі
Құнын шауып алды деп,
1040 Ашыққансын не қылсын,
Шарабас жаман атасы
Бұ да сондай болды деп,
Халық өсегі деп сөз қылар.
Айтқаным емес жаратпай,
Уа, Ореке, оң болсын,
Ат ерлеген талабың,
Қайырлы болсын қадамың.
Сірә, бір шөгіп жатқан қара нар
Бота құсап ноғайың.
1050 Не қыласың құл сөзін,
Табарсың оның бір кезін.
Ашуланып тек сізге,
Тотықпасын жамалың.
Ол өлтірсең, өледі,
Бірақ нашақ сізге келеді.
Қолыңдағы жаманың
Ашумен оны өлтірсең,
«Құлына әлі келді» деп,
Сыртыңыздан сөз қылар,

1060 Көп еді дұшпан адамың.
Атасы басқа дұшпанға
Аттың бұр мойынын,
Аруағын тербентіп
Ата менен бабаның.
Бір мұратқа жеткізер
Астыңа мінген бұ құла ат.
Сіз жеті атадан асылзат,
Мұсаның Орақ, Мамайын
Құл басынды деп кім айтар.
1070 Әрі жана атаңыз
Тапсырып еді аманат.
Сіз, Ореке, ашумен
Құлға қылма қиянат,
Аты шыққан ер жігіт
Әлсіз нашар адамға.
Қиянаттан ұялып,
Риза болмай атама,
Қайда кетті Смайыл?
«Міне, мін, — деп, — сары ала ат».
1080 Орақ, Мамай екеуі
Жарлылықтан есі танды», — деп.
Ашыққан соң мал кетіп,
Құлды өлтіріп жарымдар,
Малын тартып алды», — деп,
Келеді онда жаман ат.
Құлды өлтірсең ашумен,
Ілінесің өсекке-ай.
Адам болып онда біз,
Бұл өмірдің ішінде
1090 Кіре алмаспыз өсекке-ай.
Сырттағы дұшпан алады
Едігені есепке-ай.
Құлдың бізге есеп,
Бәлен-түлен десең де-ай.
Жамандап жақынды,
Табамыз қайдан мақұлды.
Орны бар әр ненің,
Ат тұрғанда қойшыға,

Мінгіздің неге есекті-ай?
1100 Әрі жана, Ореке,
Ойланып қара осы жерде,
Топаяққа қарт атаң
Кереметін көрсетті-ай.
Дәулет біткен қара құл
Жайлай берсін мас болып,
Есіл менен Тобылды-ай.
Күлдір-күлдір кісінетіп,
Астына мініп шұбарды-ай.
Құтты болғай мекені,
1110 Қыстай берсін ол құмда-ай.
Атасы басқа дұшпанға
Ашуды басып, барып кел.
Құдайым талап оң қылса,
Малын айдап алып кел.
Ата аруақ жар болса,
Жалғыз да болсаң аларсың
Сансыз жанған шығынды-ай.
Мына жатқан шығынға
Алалы жылқы толтырмай,
1120 Бәділеп соғым сойдырмай,
Тілімді алсаң, Ореке,
Өлтірме барып бұ күнде,
Ықтиярың өзіңде.
Өлтіре қойсаң бұ күнде,
Онда өсекке қаласың
Өлтіргенмен ол құлды-ай.
Ореке, сіз атадан туғалы
Батыр едің болаттай.
Басыңда бұлт тұрған
1130 Бұзарсың қақпа кілтті-ай.
Ойлап жүрген мақсұтың
Атасы басқа дұшпанға
Бір аттансам деп едің,
Бола қойсам күліктей .
Ықтиярың өзіңде,
Тыңдамасаң сөзімді.
Барғаның жақсы болар ед,

Айтқаныңды ұмытпай.
Не болад ойласаң,
1140 Өлтіргенмен бір итті-ай.
Ореке, атаң киелі,
Періден туған Едіге,
Одан туған Нұрадын
Ықпалы жүріп үдеді.
Онан бергі екі атаң
Жаман болып жүдеді.
Халық айтыпты ноғайды
Жазықсыз қырып Нұрадын
Сонан болды деп себебі.
1150 Тілімді алсаң, сол ойды
Сіз құлаштама, Ореке,
Құлың түгіл, ноғайды,
Ықпалың сонда жүреді.
Құлдың сөзін елеме,
Матрөшке қара құл
Адам ба еді, кім еді?!
Қара құлға кейідің,
Көңлің ауып бармаққа.
Қой, тұтылып жүрме қалмаққа,
1160 Жад етіп Жаппар иені,
Едіге ердің ен аруақ,
Сонда сізге еред.
Талабыңды оң қылса,
Алапқа сал түйені.
Желіге байлап биені,
Мұса ханның дәуірі
Сонда бізге келеді.
Бір қаяуын тартады,
Сонда құлға қыларсың.
1170 Бұл сапарда өлтірме,
Інің Мамай тіледі.
Құлды өлтірсең бұл күнде,
Айтар халық бұл сөзді
«Орақтар да жүдеді»,
Сырттан дұшпан күледі.
Өлтірем десең құлың тұр,

Жүремін десең жолың тұр.
Талабың оң болсын,
Қайда барсаң онда бар,
1180 Сізбенен арым бір еді.

Орақ Мамайдың жауабына жауап қайырмастан, құлға қарай жол тартты. Бірнеше күн жол жүріп, ыңырсыған көп жылқының үстінен құлады.

Келе жатып Мамайдың сөзін мақұл көріп, Арау деген далада, қалмақ бар деген сөзді бұрыннан естуші еді. «Қалмаққа барып өлсем өліп, өлмесем қатарға келіп, сонсоң құлды өлтірейін де». Көп жылқыны көрген соң, ашуы басылып, малға тұла бойы еріп, ойлады. Жылқышыларға жолығып, «бұл жылқы кімдікі екен. Матрөшке қара құлдың жылқысын атамның жолдастары бағып жүр деп еді». Соны сұрайын деп келе жатқанда, бір төрт адам көрінді. Жылқышы секілді. «Кел, бұл адамдарға жолығайын», — деп бұрылды. Төрт адамға келсе, атасы Мұсаның төрт жолдасы бар еді. Өзі болған Ұламан, жолы болған Жоламан. Қайтпай шапқан Қалқаман жол бастаған Мүлкаман деген, тап сол төртеуі. Жылқы құлдікі. Орақ бұларды көрген соң, көңілі бұзылып, толғап жылап қоя берді. Сондағы толғағаны:

— Сендер ме еді атамның
Бірге жүрген жараны,
Жолдас болған адамы?
Бұзылып тұр көңілім,
Көргеннен соң сендерді.
Кәдірменді аға-ата,
Бес жыл болды, мінеки,
Көргенім жоқ қараны.
1190 Көшіп кетті қасымнан
Сіздер емес жана да
Білімі жақын Орақтың
Өзінің жақын ноғайы.
Көшпей қалып мекенде,
Қарасыз қалып жұтадым.
Ыңырсып жатқан жылқыдан
Қалғаны мынау астымда.
Мініп келем бедеуді

Ырза болып тағалы.
1200 Тай келсін бе мінуге,
Сонсоң үйде отырып,
Зиярат қылып жұмада,
Қасымдағы моланы.
Қолымнан дәулет кеткен соң,
Нелер жолдас адамның
Арасы қашық ұзады.
Ел кеткен соң, сән кетті,
Шыдамады басқасы.
Едіге де әм кетті
1210 Ата қонған қонысқа.
Табан тіреп ұрысқа
Он сан жатқан ноғайдан
Жалғыз-ақ Орақ шыдады.
Бес жыл болып, мінеки,
Жатқаныма ел көрмей,
Он сан жатқан ноғайдан
Көрмедім бір таз баланы.
Бұл бес жылдың ішінде
Жалғыз-ақ Сайым көргенім.
1220 Не қылайын Мәскеуге
Қатынаған адамды
Кәдір білер адамнан
Көргенім менің шамалы.
Барған Сайым сәлемге
Ішіме салды сәнаны.
Құлдың сөзін есітіп,
Інің мынау Орақтың
Іші оттай жанады.
Ашуменен қарайды
1230 Бұл мырзаның жамалы.
Матрөшке қара құл
Біткен малға мас болып:
Келіп кеңес берсін, — деп,
Жарамды болса кеңесі
Қалаған атын мінсін, — деп,
Қалаған тонын кисін деп»,
Айтқан маған сәлемді.

Қарүлектей қартына
Барып сәлем берсейші,
1240 Жағасы болса кисейші.
Тым болмаса ауылдан
Екі желіп келсейші.
Атаңа нәлет шұнақ құл
Тойынған екен қарыны.
Жыршыны қайдан табады?
Құл сөзіне шыдамай,
Бауыздайын барып, — деп,
Лекерлеп ер салып,
Келемін міниіп құлама.
1250 Шығып едім ауылдан,
Құл сөзіне шыдамай.
«Ірге тие қонсын, — деп,
Шіге тие көшсін, — деп,
Саямда күнім көрсін», — деп.
Айтыпты сәлем мынадай:
«Мұнда өзі келмесе,
Апарып берер малым жоқ.
Ықпалым баста тұрғанда», —
Деп айтыпты қара құл.
1260 Ықпалы деген сөзіне
Ішім оттай жанады-ай.
«Асырадым» деп айтқан
Мұндағы мырза тұқымын,
Соған бір көңлім ызалы-ай.
Расхот жоқ өзінен,
Киіп-ішіп малымнан.
Әнеки менің қайырымнан
Бәрі де тәуір деп айтқан
Мұса ханның жараны-ай.
1270 Құлға айтқызған мұндайды
Не қылайын, Құдай-ай!
Көп азайып, жоқ байд,
Бәрін де Құдай қылады-ай.
Аттанып едім ауылдан
Құлдың қанын төкпекке.
Кідіріп ойлап келемін,

Айтып еді бір сөз Мамай-ай.
Құлдың төксем қанын-ай,
Айдап кетсем малын-ай.
1280 «Ашыққан соң қылды», — деп,
Айтады-ау дұшпан ноғай-ай.
Жүрейін деп мен тұрмын
Азау деген қалаға.
Менімен жолдас болуға,
Сол қалаға баруға,
Құдай талап оң қылса,
Қалмақтың малын алуға.
Оң қылмаса талапты,
Құл қорлығын көргенше,
1290 Сонда өліп қалуға.
Бұл көңіліңе жарай ма,
Төртеуің айтшы бұ қалай?
Аттың басын қараттым,
Қылуға талап қалмаққа.
Сен төртеуің қалайсың,
Меніменен бармаққа?
Жылқы бағып сандалып,
Тексіз қолға жалданып,
Шыдайсыңдар ма қорлыққа?
1300 Уағында атамның
Жерік едің хандыққа.
Бұ күндерде жүрсіңдер
Қара құлға жалданып.
Айлық емес, күйік деп,
Алмайық жылдыққа.
Есітемін сендердің
Сыртта жатып хабарын.
Қызметке сендерді
Тұрғызбайт деп айтады,
1310 Болмаса күйік айлыққа.
Матрөшке қара құл
Белге кемер байланып,
Бедеуге міниіп сайланып,
Күміс құрық сүйретіп,
Ыңырсыған жылқыны

Айдында бір айланып,
Асылзат болып кетет дейт.
Мойын қоймай құлдыққа,
Көп кідірмей төртеуің,
1320 Бір жауабын айтыңдар,
Менімен жолдас болмаққа.
Сен төртеуің менімен,
Жүресіңдер ме жолдасқа,
Көңілдерің, айт, қалай?
Қаламай тұрма менімен,
Яки, жолдас болмасқа?
Көп кідірмей, немесе,
Жауаптарыңды тез берші,
Былай шығып ойлас та.
1330 Осыдан есен-сау келсем,
Не қылар екен құл қасқа.
Тамақ ішіп отырған,
Ауысып құлға отыннан
Мен де Мұса баласы
Қараған ғой оңбасқа.
Кәнеки, айтшы төртеуің,
Көңлім менің ауып тұр,
Енді бармай қалмаққа,
Бұл арада тұрмасқа.
1340 Орақтың сөзін есітіп,
Бұл төртеуі, ағалар,
Бір-біріне қарасты.
Бірін-бірі тарқылап,
Анадай жерде төртеуі
Оқшау шығып ойласты.
Әрі-бері сөйлесіп,
Көрмеді мақұл Орақка
Болуға бірге жолдасты.
Бір-біріне ойласып,
1350 Осылай деп сөз айтып,
— Қолдан көлік мінеміз,
Тозса киім киеміз,
Расхот жоқ өлгенше,
Ат үстінде жүреміз,

Мұндай орын болмас-ты.
Жар ортаға келдік қой,
Талайды да көрдік қой.
Отырғаннан не бітті,
Талай бағып жамбасты.
1360 Ханның алып билігін,
Жек көргенге жекіріп,
Сыйлады қорқып байғұстар.
Білмедік деп өкініп,
Қияс қылып талайға,
Талай алдық қарғысты.
Біздер сүйтіп жүргенде,
Қызмет қылып қара құл,
Көп алып еді алғысты.
Аяғы мынау, мінеки,
1370 Дәулетіне дәулет қосылып,
Жылдан-жылға жалғасты.
Қайтып Орақ алады
Азау жатқан қаланы?
Жолдасы жоқ, бір басты
Алса жақсы болар ет.
Әлі келмей қалмаққа,
Бола қойса, кім қашты.
Қайтып келсек орын жоқ,
Матрөшке байымыз
1380 Бұл орынды бермес-ті.
Қой Орақтың кәдімгі
Айқай сөзін қояйық,
Жайымызға тұрайық.
Жаудан жылқы алмай-ақ,
Құдайдан-ақ сұрайық.
Неміз кетті баққаннан,
Жылқымызды-ақ жаяйық.
Сөзіне Орақ еліріп,
Шошаңдамай төртеуміз,
1390 Мұндағы ханның баласы
Осыларға қарайық.
Енді Орақка бармайық,
Бұл төртеуміз төрт жаққа

Қайырып жылқы, тарайық.
Ықпалы құлдың жүріп тұр,
Осының көңілін бағайық.
Едігенің баласын
Ертіп неге кетпейді.
Бізге жүр деп далада,
1400 Жалғыз өзі шұнайып,
Ақылы болса Орақтың,
Құл болғанмен ағасы,
Мына тұрған ауылға
Баруы мұның лайық.
Қонақасы бермесе,
Көзіне мұны ілмесе,
Сонда өкпесі дұрыс қой.
Құлдан болса бұл айып,
Сонсоң-ақ өкпелеп,
1410 Не қылса да дұрыс қой,
Қалса көңілі қарайып.
Далада жүріп өкпелеп,
Ашын атын текпілеп,
Орақпын деп дырайып,
Едігенің баласын
Ертер ме екен қасына.
Бұл Орақты сынайық,
Бұл ауылға бармаса,
Ешкімге жүр деп менімен
1420 Басқаға дүзін салмаса,
Ақиқат ер болғаны.
Ермесек те, ерсек те,
Біз төртеуміз ойласып,
Атын бағып жүруге
Біреуімізді берсек те,
Жалғыз мұны жібермей,
Бір жабдығын қылайық.
Осыны айтып төртеуі,
Бет-бетіне тарады.
1430 «Бір қайырылып келер» деп,
Кідіріп Орақ қарады.
Келер емес, ұзады,

Бұлар бүйтіп кеткен соң,
Бұрынғы ашу үстінде
Қайта ашу жамады.
Бұлардың түрін көрген соң,
Іші оттай жанады.
Аттың басын бұрады,
«Осыдан барып сау келсем», —
1440 Деп толғап кетіп барады.

Орақ сонда толғайды:
— Астымдағы құлама
Жаманменен ит болу
Кәпелімде бола ма?
Онан басқа бұларды
Ақырып жүріп айдасам,
Екі қолын байласам,
Құлдан бұрын жайласам,
1450 Маған қару қыла ма?
Қой, тәуекел етейін,
«Ермейсіңдер, — деп, — бұларға»,
Айтып өкпе не етейін.
Бір тәуекел Құдайға.
Анау тұрған ауылға
Барсам құлдың ауылы,
Орақтан тума бауыры,
Келіп сәлем бермеген.
Барғанымша оларға,
1460 Бір түстеніп, ат жайып,
Кеткенім жақсы далаға.
Қалмастағы су аққан
Бұлағы бар жыраға.
Мен ауылдан шыққанда,
Құлдың басы жерігім.
Сырын бұрын білмеген
Мінбеген құла көлігім.
Атамның жолдас адамы:
Өзі болған Ұламан,
1470 Жолы болған Жоламан,
Қайтпай шапқан Қалқаман,

Жол бастаған Мүлкаман,
Қуанып едім көрген соң,
«Жолдас болар маған» деп,
Себеппенен келуін.
Құлдан қорлық көргенше,
«Бұлар жақсы көрер» деп,
Менімен жүрген өлімін.
Далаға кеткен еңбегім,
1480 Екен менің көңілім .
Мұндағы ноғай қарасам,
Бір құл емес бәрі де
Қолымнан малым кеткен соң,
Мені адам демеген.
Осылай шығар білуім,
Бәрекелді қара құл,
Риза шығар малына-ай.
Малшы қылып қойғаны
Қожасының жарын-ай.
1490 Менен күдер үзген ғой,
Бұндағы текес көп ноғай.
Басына салған табыны-ай,
Телағыс, Күнке екеуі
Қайраты артық нарым-ай.
Ұмытып кетті-ау біздерді
Тойғаннан соң қарыны-ай.
Ұмытпаса біздерді,
Керек еді жұтаған
Біз емес кәрі жеңгесі,
1500 Сәлемге арнап бару-ай.
Сұрап қайту жол еді,
Жеңгесінің әлін-ай.
Орақ, Мамай екеуі
Малы кетіп азықса,
Ноғайлыны билеймін деп,
Келетін шығар үйіне-ай.
Бұл келмесе үйіне,
Бес жылдан бері біреуі
Салатын жөні бар еді
1510 Аттарының ізін-ай.

Тоқалдан туған жетеудің
Смайылы болғанда,
Жылында барып сәлемге,
Тым болмаса біздерге
Айтар еді естіген
Мұндағы ноғай сөзін-ай.
Мұсаның тоғыз баласы
Көрінер ме екен көзіме-ай.
Айтар едім өкпені
1520 Келіп жүрген үйіме-ай.
Басқа ноғай көңілі
Бұрыннан маған мәлім-ай.
Едігенің біреуі
Ізіме еріп жүргенде,
Жалынар ма едім бұларға,
Ерсе солар соңыма-ай.
Осыдан барып сау келсем,
Жолым болып ел көрсем,
Мына жатқан ноғайға
1530 Дәулетімді теңгерсем.
Қосақтап қойып қолымнан,
Бара жатқан мына төртеудің
Тарқар еді ішкі шер
Бауыздап ішсем қанын-ай.
Осыны айтып ер Орақ,
Баруға атын ұрады-ай.
Солтүстікке құланың
Жүруге басын бұрады-ай.
Мына кеткен төртеуі
1540 Сырттан қарап тұрады-ай.
Айтсаң да ханың жараны
Орақты бұлар сынады-ай.
Алдартына қарамай,
Ноғайлы елінің
Біреуіне жоламай,
Қайтар емес ер Орақ,
Жолдан асып озады-ай.
Қайтпасын мұның білген соң,
Бұл төртеуі қайтадан

1550 Жиналып басын құрады-ай.
Енді Орақа ермекке,
Ізінде жүріп өлмекке,
Қайта кеңес қылады-ай.
Бұл төртеуі кеңесіп:
— Деді — енді жүрейік.
Бұл жылқыдан төртеуміз
Төрт ат таңдап мінейік.
Құлдың малын баққанша,
Ізіне ердің ерейік.
1560 Мал бағып, тамақ таппай-ақ,
Бұрынғы күнді көрейік.
Құдай талап оң қылса,
Алып олжа келейік.
Едіге ердің жұраты,
Тілегін мұның тілейік.
Құлдың малын баққанша,
Есіріп отын жаққанша,
Оң қылмаса талапты,
Сол қалмақта-ақ өлейік.
1570 Бәрекелді, ер Орақ
Шыныменен ер екен.
Кеміс болып тарықпай,
Шығармай қайрат жүр екен.
Ақырғанда Орақтың,
Бұлт ойнап, күн жауған
Осының бәрі пір екен.
Басқасы мына Мұсаның
Тек әшейін неме екен.
Елде екеудің бірі екен,
1580 Пірі болса өзі екен.
Осыны айтып төртеуі,
Ыңырсып жатқан жылқыдан
Атты таңдап мінеді-ай.
Бара жатқан Орақтың
Ер екенін біледі-ай,
Көңілдері сенеді-ай.
Жүргені жүдеп болмаса,
Бұл төртеуі айтулы

Жасынан-ақ ер еді-ай.
1590 Иесіз тастап жылқыны,
Кеткен Орақ артынан
Жабыла шауып келеді-ай.
Аттан түсіп «мырза» деп,
«Аруақ болсын риза» деп,
Алдын тосып батырдың,
Иіліп сәлем береді-ай.
Төртеуі бүйтіп келген соң,
Батырдың жәйі болып,
Мынау айтқан сөз еді-ай:
1600 — Бәрекелді, келдің бе,
Атамның көзін көргендер,
Жақсыға жастан ергендер?
Мені жалғыз жібермей,
Ер кәдірін білгендер,
Талай жолға жүргендер,
Бағанағы осы жөн еді.
Мен ризамын сендерге,
Бір тәуекел Аллаға.
Бұл сапарға бұл иесін
1610 Жалғыз Аққа сенген ер.
Риза болдым сендерге,
Атама жолдас төрт адам,
Қолыңды жай да, бата бер.
Жасы үлкен төрт адам,
Қайырлы болса бұл қадам,
Сендер төртеу мен бесеу
Көліксіз қалды би Мамай,
Бір сыбаға берейік.
Алтау болып ортадан,
1620 Сендер маған бата бер.
Жылқыңды бағып жата бер,
Мен риза болдым сендерге.
Ізімнен шауып келген соң,
Болып кетті көңліме
Ашылғанды қымтаған.
Ертіп кетіп сендерді,
Алсам жақсы қалмақты,

Әлде қандай бұ заман.
Алалмасам қалмақты,
1630 Сіңсіп тұрған байыңнан
Шығарармын мен жаман.
Тілектес бол да, жүре бер,
Төртеуің де қартайған.
Бұйырғанды көрейін,
Өзім-ақ барып келейін.
Дүниеге келген соң,
Әйтеуір жайым бір табан.
Орақ мұны айтқанда,
Төртеуі де жылады.
1640 Қолын жайып Құдайдан:
«Аман сақтап, сау көрсет», — деп,
Саулығын Орақ сұрады,
Құбылаға қарады.
Қолын жайып ер Орақ,
«Әумин» деп тұрады.
Бұл төртеуі қол жайып,
Мүлкаман бата қылады.

Мүлкаманның батасы:

— Бір жаратқан Құдайым,
Жар бол, — деді, — Ораққа,
1650 Дем бер, — деді, — құла атқа
Әуелі Алла, екінші,
Құдай досы Пайғамбар.
Жеткіз, — деді, — мұратқа —
Едігенің пірлері.
Ата дұшпан қалмаққа
Сапар шегіп барады.
Жәрдем бер, Орақ жұратқа,
Дұшпанның оған жолатпа.
Душар қылма Орақты
1660 Өзінен басым болатқа.
Орақ барған кезінде,
Қалмақтың басы Қазанбас
Ұйқыда қыл, оятпа?!

Кәріптің ісі қараңғы,
Қараңғыда іс қылса,
Қаланың қалың қамалын
Ашқайсың жолын құлат та.
Жөн сілтеген пірлерің
Иә көрініп көзіңе,
1670 Иә айқайлап құлаққа,
Бәрі оңай қалмақтың
Тас қамалын бұзғайсың,
Бұзып ойран салғайсың.
Күш көрсетіп, дінсіз нас
Шариғат білмес дуракқа.
Қойып малын алғайсың,
Түзу жүріп барғайсың,
Сұлуын ал жылат та.
Сарыжа тартсаң, ер Орақ,
1680 Жанды болса өкпеге ат,
Керіп сонда жылдам тарт,
Анықтап ат, қия атпа.
Бауыздап қанын төккейсің,
Дұшпаныңды құлат та.
Ықпалың жүрсін, ер Орақ,
Үзілмесін аруақ
Өзің түгіл, сорапқа.
Өміріңнің ішінде
Бетіңе шіркеу келмесін,
1690 Аттансаң дұшпан сол жаққа.
Аман барып, сау келіп,
Көріскейсің бұл жақта.
«Алла» деген адамның
Бір шағым қуы бар болса,
Біз аманат тапсырдық
Орақ сені бір Хаққа.

Бұл төртеуінен Орақ бата алып, қалмақтан мал алып келсе, бұл төртеуі, өзімен бесеуі, Мамаймен алтауы болып, бөліп алмақшы болып, бұлардан айырылып, Қалмастағы көп бұлақтың біріне атын шалдыртып, қайта мініп Азауға қарап қалмаққа жол жүргенін айтушы сөзбен тұрмыстайды:

Ат шалдырды азғантай
Қалмастағы бұлаққа-ай,
Ұлы сәске уақытта-ай.
1700 «Алла» деп мінді ер Орақ,
Суарып, жемдеп құла атты-ай.
«Көрейін, — деп, — құланың,
Осы бүгін қайратын».
Білейінші би Мамай
Мақтап еді не атты-ай.
«Шу» деп еді жануар,
Жортағы емес, жорға емес,
Желсе де сынаптай,
Табанынан сарқ беріп,
1710 Секіреді лақтай.
Жүрген сайын ер Орақ
Жаратады бұл атты-ай.
Сыдырса да, шапса да,
Желпілдемейт етегі,
Ұнатып батыр жаратты-ай.
Сынағаны шын екен,
Білген екен би Мамай.
«Жүрісі жайлы мал екен,
Көрдім, — деді, — ірі атты-ай.
1720 Жүрісіне қызығып,
Жүрген сайын «шу» деді.
«Шу» деген сайын гуледі,
«Шу» деп келіп ұмтылса,
Аяғы жерге тимеді,
Табаны жерді ілмеді.
Табанының саңғалы
Бесатардың оғындай.
Тіке аспанға еңіреді,
Шұбатылып құйрығы,
1730 Тікиіп жалы гуледі.
Келатыр шауып ертеден,
Шапқан сайын ұмтылып,
Бұл шапқанды білмеді.
Қанша қинап шапса да,
Омырауы-ақ терледі.

Батырдың көңлі атына
Жаңа-жаңа сенеді.
Сәскеде шапқан құланы
Қызылша бесін уақытта,
1740 Ұмтылумен келеді.
Кейде шауып жепіріп,
Кейде тартып желеді.
Желгені де бұл аттың,
Шабыстан зият өнеді.
«Шыны жүйрік екен» деп,
Батыр жаңа біледі.
Қарлыққанда намазшам,
Аттан түсіп жетектеп,
Бір бұлаққа түнеді.
1750 Шақпағын шағып от жағып,
Қоржынынан дәм татып,
Түн ортасы ауғанша,
Кездірумен жүреді.
Түн ортасы болғанда,
Атты мықтап қаңтарып,
Ұйқысы келмейт ер Орақ,
Жатыр еді жантайып,
Алтын тапқан кісідей,
Дүрсілдейді жүрегі.
1760 Қайтадан атқа мінеді,
Жатқысы ердің келе ме.
Ат басындай жүрегі
Сарайында кернеді.
Кеудесіне жайласпай,
Шалдырмайды құланы,
Қинауы мұның ұласты-ай.
Темір қазық белгілеп,
Қасында жоқ жолдасты-ай.
«Осылай жүрсем тура» деп,
1770 Өз-өзімен ойласты-ай.
Түндегі дүбір дүрсілдеп,
Жатақта жатқан аң қашты-ай.
Жөнеліп қашып кеткенше,
Бозда жатқан ақ қоян

Басып кетті аңдаспай.
Осыменен отырып,
Бір уақытта таң атты-ай.
Қызарды да күн шықты,
Күн шыққан сайын жепіріп,
1780 Тұлпар екен жануар,
Ұмтылып «шу» деп зырлатты-ай.
Қарағай найза қалтылдап,
Ақ алмас болды жалтырап.
Орай бұған қырық кез оқ,
Байлаған белге сарыжа
Сартылдайды жанбастай.
Сүйегі қызып тұлпардың,
Ол төбені бір басты-ай,
Бұл төбені бір басты-ай.
1790 Қаршығадай қайқиды,
Тұрымтайдай тоңқиды.
Неше күдір жол жүріп,
Қалдырып келет тау, тасты-ай.
Ат қайратын көрген соң,
Шын тұлпарын білген соң,
Қанша қашық болса да,
«Несі бар, — деді, — бармасқа-ай».
Шарт айтып батыр келеатыр,
Жолда түсіп кідірмей,
1800 Бұл қалмақтың елінің
Жақындамай шеніне-ай.
Бұл шабысын қоймасқа-ай,
Сыйынады ер Орақ
Бір жаратқан Құдаға-ай.
Бұл жүріспен кідірмей,
Өз елінен ұзады-ай.
Сусыз жерге кез келсе,
Ұмтылып жер алдырып,
Душар болса өзенге
1810 Кідіріп ат шалдырып,
Терін үгіп алсын деп,
Аттың ерін алады-ай.
Мұндайменен кідірмей,

Батыр кетіп барады-ай.
Биік-биік төбенің
Басына шығып жан жаққа
«Ел бар ма» деп қарады-ай.
Неше асқар тау қалды,
Көрді неше саланы-ай.
1820 «Көрейін, — деп, — шабысын»,
Жіберіп басын ұмтылса,
Көтеріліп ұшқанша,
Қоңыр қаз бен тырнаны
Қамшыменен ұрады-ай.
Құлынның атып қодығын,
Көптің тартып борығын,
«Жетем, — деп, — қашан Азауға»,
Келеатыр батыр шыдамай.
Аттан түсіп кідіріп,
1830 Отырмады шешініп.
Жолда ұйықтап жатқан жоқ,
Әлі аяғын көсіліп,
Мықты жорық қылады-ай.
Тұлпар екен жануар,
Күн-күн сайын жайнайды,
Секіріп құла ойнайды.
Мақпалдай түгі құбылып,
Жұмалап тері төгіліп,
Сабалақ болмай құрғайды,
1840 Бұл мінуге шыдады-ай.
Екі құлағын қайшылап,
Жайнайды көзі шырадай.
Осылайша сол жерде
Азғантай емес, мол жүрді.
Бір он бес күн болғанда,
Қызылша бесін уақытта
Кіресі бар басында,
Алтын сыр жаққан тасына
Неше жерден көрінді
1850 Күмбезі күміс мұнара-ай.
Көрмеген жері батырдың
Өмірінше бұл ара-ай.

Жеткеріліп батудан,
Келе жатқан жалшылар
Кештің қозын отыннан.
Жолығып Орақ бұлардан:
— Не шәһар? — деп сұрады-ай.
Көрген мына даланы-ай,
Сұраса Азау қаласы.
1860 Тура айдап Құдайым,
Қатты қандай қалмақтың,
Тап үстінен құлады-ай.
Биіктігі алты аршын
Қорғаны бар қаланың.
Айналасы ор еді-ай,
Қақпасы қалың кілтті-ай.
Енді қалай ер Орақ
Келгенменен кіреді-ай.
Не қыларын біле алмай,
1870 Бұл қалаға кіре алмай,
Айналуменен жүреді-ай.
Кешке шейін айналып,
Кіре алмай батыр ойланып,
Қас қараймай тұрғанда,
Бір жерге келіп тұрады-ай.

Орақ он бес күн жол жүріп, бұл қалаға келіп, отын алған жалшылардан Азаудың қаласы екенін біліп, кеше бесін уақытта оқталып еді. Келсе қаланың алты аршын қорғаны бар. Дарбазасы құлыпты.

Тексеріп тұруға, әкімі бар қалаға Орақ ордың осал жері бар ма екен деп, үш айланып көреді. Ешбір емкәні жоқ. Далада көп мал бар, мұны айдап жүре берейін десе, ертең ізіменен қуадыау деп ойлап, оны лайықты көрмей: «Не де болса осы қалаға кіріп, қамалын бұзып алсам екен», — деген көңлімен амалын таба алмай, ақыл ойлап бір жерде тұрды. Сол уақытта көлденең бір екі көк атты адам кез келді. Бұларды көріп Орақ сәлем беріп, ойлағанын жасырмай жөнін айтып, олардан жөн сұрап толғағаны:

— Ассалаумағалейкум,
Сәлем бердік екі аға.
Мұрт қағулы көрініп,
Мұсылман деп сендерді,
1880 Етіп тұрмын мен шама.
Көлденең келіп кез болдың,
Кімдікі, аға, бұл қала?
Мен жайымды айтайын,
Едіге ердің тұқымы.
Келе жатқан бекзада
Мұса ханның үлкені.
Атым — Орақ, мен — бала.
Мына жатқан қалмақты
Көген түйді етер ем,
1890 Бола қалса жер дала.
Жер құлыны болсаңдар,
Құдай үшін жөн сілте,
Кіретұғын жол бар ма?
Құдай айдап кез келдің,
Заман құрбы асылзат.
Жөндеріңді айтыңдар,
Қылмаймын сізге қиянат.
Мына жатқан қалмаққа
Шығып едім елімнен
1900 Малын қуып алмаққа.
Сұлуын таңдап ішінен,
Елге алып бармаққа.
Жөндеріңді айтыңдар,
Қылышпенен сыйласам,
Екеуіңді осы жерде
Қолымнан айтшы, кім алат?
«Мұсылман» деп сіздерді,
Көңлім еріп, босап тұр.
Жаныңнан қорқып, әшейін,
1910 Сөйлеме жалған, дәлін айт.
Дүздерің ыстық көрінед,
Мен көрмеген перизат.
Аттарыңа көз салсам,
Мен көрмеген не тоқым

Пырақ қисап қазанат?
Жарым ай болды, мінеки,
Шығып едім елімнен,
Өзімнің мекен жерімнен,
Аққан өзен Еділден.
1920 Сол елімнен шыққалы
Мұрт қақтырған мұсылман
Сөйлесетін жөн сұрап
Тек екеуің көрінген.
Мәні-жайым сіздерге
Баяндайын мәлімдеп
Шыққан қалап жөнімнен.
Жасырмай тұрмын жөнімді,
Дәме қылып сіздерден,
Мұсылман деп дініңнен.
1930 Атасы басқа болсаңдар,
Ақ жазуы бар шығар.
Келеді, — деп, — беймезгіл
Қорықпаймын өлімнен.
Қасымда жоқ жолдасым,
Әуел Құдай сенгенім.
Жанын сақтап кім жүрет,
Жалған айтып ебінен.
Елден жалғыз шыққаным
Жәрдем сұрап келемін
1940 Едіге атам пірінен.
Әттең мына жалғыздық
Аң-таң қылды басымды.
Он сан жатқан көп ноғай
Жолдас болсам да қасымда,
Қиялай қиқу жол салып,
Мына биік қорғанның
Майдалар еді-ау тасын да.
Кез келтірді, жөн сілте,
Жаратқан Жаппар Құдайым.
1950 Душар қылды себеппен
Өздеріңдей асылға.
Ағайын үшін жол айт дейт,
Құдай үшін жол айт дейт.

Бұрын таныс емес деп,
Жөніңді айтпай, қашырма.
Мен аңсыраған аш бөрі,
Қойдың көрген қарасын.
Өзіме санап көп тұрдым
Мұсылманның баласын.
1960 Діндес болсаң менімен,
Білігің болса аямай,
Бұл қаланың алатын
Білдірші маған шамасын.
Елден шыққан бір басым,
Қасымда жоқ жолдасым.
Мен еңіреп жүрген ер едім,
Тек көңіліме тоқ санап
Едігедей бабасын.
Талапкер болсаң сендерді,
1970 Жолдас болып алайық
Бұл қалмақтың қаласын.
Ел адамы болсаңдар,
Жөндеріңді сөйлеңдер,
Қай жаққа кетіп барасың?
Сонда екі адамның сөзі:
— Тыңдадық, батыр, сөзіңді,
Білдірдің айтып жөніңді.
Асылың ноғай мұсылман,
Едігенің жұраты.
1980 Таныттың дұрыс өзіңді,
«Едіге» деп айтқан соң,
Білеміз арғы тегіңді.
Мекен қылған бес атаң
Шаған менен Еділді.
Бір Аллаға шын сеніп,
Көңліңе алсаң піріңді.
Қайтармас ешкім дымыңды,
Жеңерсің дұшпан еліңді.
Едіге ердің баласын
1990 Өзіңе санап дос көріп,
Берік ұстасаң денеңді.
Бұл қалмақтың қаласын

Алуы оңай, ер Орақ,
Тәуекелге байласаң,
Көзіңді жұмып беліңді.
Білдің, батыр, ақылмен,
Біздер дұрыс мұсылман.
Талайы жәрдем сұрайды,
Жалғыздықтан қысылған.
2000 Жеті атаң Едіге
Пірлеріне асылған.
Пірі жәрдем берген соң,
Қалмақтың елін ысырған.
Қабатпен дінсіз нас
Атқан оғын көрген соң,
Іші қорқып шошынған.
Қарға бұтты қара азбан
Құйрығынан алғанда,
Не қылар еді ұрғанда.
2010 Пірі жәрдем берген соң,
Інің Қағаз сұлуға
Алты айдан соң қосылған.
Бәрекелді, Орағым,
Білеміз атаң оянын.
Осы араны берік ұста,
Уәдеден жаңылып,
Шашты әзінің сопысы
Зайыбын қолдан ұшырған.
Ер екенсің екпінді,
2020 Көңліне алған бабасын.
Айтқан сөзді тыңдасаң,
Бізбен жолдас боласың.
Әуелгі сөз, аңқауым,
Артық қой деп күндеме,
Едіге ердің баласын.
Кім де болса дұшпанын
Өлшестіріп сөз айтса,
Едігенің арасын.
Ертіп жаяу қасыңа,
2030 Жазым қылар басыңа,
Құрт жаманның қарасын.

Күн қызылы батқанда,
Елдің алды жатқанда,
Шақпағыңды шағасың.
Найзаға байлап орамал,
Ту қылып отты жағасың.
«Он сан ноғай қапта» деп,
Қатты айқайды кәдімгі
Аянбастан саласың.
2040 Бұлт ойнап, жел тұрып,
Суырар топырақ борасын.
Бұзуы оңай сонан соң,
Қалмақтың балшық қорасын.
Көзіңді жұм да, қарсы шап,
Бұзылған жолды табасың.
Таң атқанша айқай сал,
Таң рауаны атқанда,
Мына Азау қаланы
Өзіне-өзін байлатып,
2050 Көп жылқыны айдатып,
Сұлуын таңдап аласың.
Уайымдап қам жеме,
«Қасымда ноғай болса» деп.
Жалғыз-ақ өзің боласың,
Аларсың қалмақ қорасын.
Атыңды айттың-ау, Орақ,
Атаң бізге мәлім-ді.
Әуелі Құдай, екінші
Бізге тапсыр жаныңды.
2060 Аянбай сілте қарыңды,
Тарыққан жерде айқайлап,
«Әуелі Алла пірім» деп,
Аянбай қуат барыңды.
Сен тарығып жыладың
«Ұстаймын қалай тайымды».
Налығанда зарығып,
Жеті қат перде жарылды.
Сенің жайың мәлімді,
Білдің, Орақ, әліңді.
2070 Сонан бері көз салып,

Қылып жүрміз қамыңды.
Көп кідіріп тұрмаймыз,
Айтқан сөзді ұмытып,
Соғып жүрме саныңды,
Қайтарып жүрме бағыңды.

Көлденең келген екі атты атасы Едігенің пірі екен. Ораққа осы сөзді айтып болып, ғайып болды. Орақ: «Ата пірім екен. Мен бұл қаланы жаңағы айтқанын қылсам алады екенмін», — деп, басқа айтқан Едігені дұшпан тұтпа, һәм жана Едігенің арасын өлшеген адамды дұшпан тұт. «Жайда қасыңа ертпе» деген сөздерді аңдамай, тек «қаланы аласың» деген сөзге көңілі ауып, «бұл қаланы алады екенмін» деп, ел жатқан соң найзасына орамал байлап, оған от беріп, «он сан ноғай тегіс қапта», — деп айқайлап, «Едігелеп» қалаға тиеді. Сол уақытта аспаннан бұлт ойнап, жел тұрып, топырақ суырып, бір-біреуді еш көре алмады. Таң атқанша бір жесір қолына түсті, бір бегінің қызы екен Қаракөз сұлу дейтін. Мұны да пірі жәрдем болып алды. Ертең малды айдап, түсте келе жатқан жылқыны аралап қараса, ішінде бір кері ат кейіндеп, қашайын деп ыңғайлап жалтақтай береді. Орақ бұл атты ұстайын деп ұмтыла беріп еді, жалт беріп қашты. Ұстатпайтын болған соң, жарсамен тартып жібереді, өлтіріп кетейін деп. Жарсаның оғы қашқан аттың құйрығынан тиіп, арман өтпей, жабысумен ат ұстатпастан құтылып кетті. Бұл ат Қазанбас деген батырының аты екен. Қалмақтың сол күндегі ханы Қатты хан екен. Ол бекінген есігі Безерген деген қамалды екен.

Бұл Азауды осы Қазанбасқа тапсырып, батыр болған соң, һәм бек қылып қойған екен. Бұл батырлық, бектікке мас болып, өз алдына бір бөлек Азаудан басқа бір мезгілдік жерде жәй салдырып сонда тұрады екен. Бұл Қазанбас бұл Азаудың түнде ойран болғанын білмей, бейхабар, сәскеге дейін ұйқыда жатыр екен. Түнде жаудан қашқан адамдар Қазанбасқа барып, Қазанбасты оятып, бір Тұрдай деген адам Қазанбасқа Азаудың бұзылып жатқанын баяндайын деп тұрғанда, баяғы Орақтан қашқан Қазанбастың аты да барды.

Жұрт атты көріп, һәм жана Тұрдай Қазанбасқа түндегі жауды баяндап толғап тұр:

— Басыңды көтер, Қазанбас,
Маужырамай ұйқыңды аш.
Мына сөзге құлақ ас,
Жау шапты Азау қаласын.
2080 Аралас өлді кәрі жас,
Жол-жол болды қорған тас.
Ноғай шығар шамасы,
Келе жатқан кекті қас.
Он сан ноғай түгелдеп,
Айтады көп шамасын.
Едігеден ері бар,
Мұса ханмен ұрандас.
Кейбіреу айтат жалғыз деп,
Оған ешкім сене алмас.
2090 Мына келген көп қашқын,
Сірә, айырып біле алмас.
Жалғыз болса пенде емес,
Ешкім оны жеңе алмас.
Еткен ісін көргенде,
Біреу деп оған нанбайсың.
Жалғыз адам қорықпай,
Ондай еркін жүре алмас.
Елдің алды жатқанда,
Ұрандады: — Қапта, — деп.
2100 Бұ қалмақты тапта, — деп,
Мен жәрдеммін, қорықпа — деп.
Қайда өлтіріп бастығын,
Бауыздап қанын ұртта — деп.
Қаласын бұзып жесір ал,
Көп қырып елін құртпа — деп.
Қорғанды бұз балталап,
Аңыз болсын жұртқа — деп.
Ішіндегі үш түлік
Айдап шығар сыртқа — деп.
2110 Бектің қызы Қаракөз
Тастамай ал, ұмытпа — деп.
Осы айқайы жүз жерде
Ұрыс болды мың жерде.
Шамалаймын мен сонан

Жалғыз емес, ұлт па, — деп.
Жалғыз болса жан емес,
Ойыма келді керемет
Біздің елге жұт па, — деп,
Арнап келген бұлт па, — деп.
2120 Қазынадан жеп Қазанбас,
Бейхабар елден оңаша,
Кім айтты саған ұйықта, — деп.
Қайратың болса, Қазанбас,
Бұзылып қалам ал кетті.
Қан төгіліп осы түн,
Тірідей неше жан кетті.
Ел бетіне қараған,
Бірге есеп санаған.
Күнде думан көрікті,
2130 Көруге дүзін көп ашық
Көп жиылған аламан.
Қаракөз сұлу һәм кетті,
Берген саған Қатты хан.
Өзі жатып білікті,
Азаудан нәубет-ті.
Қалмақтан озған батырсың,
Қайратың артық сәулетті.
Ықпалды едің бұрында,
Ырым шығар бұ да бір.
2140 Жау қолынан құтылып,
Құйрыққа оғын сүйретті.
Оқ тиген өкпеден
Қалмаспа еді бұ да өліп.
Жүйрік туған жануар
Қашқан екен жөнеліп,
Жақсы болды бүгіліп.
Мінетұғын кезінде,
Дәл бедеу ат та бұл жетті.
Атыңа мін, Қазанбас,
2150 Бұзылып қала қаңыраған.
Бауырынан айрылып,
Халық та көп аңыраған.

Құлағымнан кетпей тұр
Қонысынан ауған соң,
Мөңіреп сиыр ышқынып,
Айдаған қойы маңыраған.
Құйрығын тастап көп жылқы,
Қиқуменен ойнаған.
Ботасынан айырылып,
2160 Аруаналар ыңранған,
Боталы айыр боздаған.
Кеткен жесір ондағы
Бастығы сұлу Қаракөз.
Біз кеттік деп жылаған,
Қылған ісі бұл жаудың
Еш адамға симаған.
Мұнда қалған халықтың
Біреуінде қатын жоқ,
Біреуінде жақын жоқ,
2170 Біреуінде аға жоқ,
Біреуінде бала жоқ.
Бала болса, зайып жоқ,
Ата қосқан байы жоқ.
Біреуін аман қоймаған,
Бәрі де елдің зарлаған.
Осындай зор іс болды кез,
Атыңа мін жылдам, тез.
Сөйлеуге де болмай тұр,
Мына халқың жиналған.
2180 — Ұйқы менен өлі тең,

Қазанбас ұйқысынан оянып тұрып атын сипап, құйрығындағы оқты суырып, қолымен басып сындырып, атын ерлеп жатып, жиылған халыққа мына сөзді айтып толғап тұр:

Халық жиналған басыма
Қалмай келдің қасыма.
Қаланы бұзған адамды
Азы-көбін білмейсің.
Жаумен бірге түнімен
Өз-өзіңді өлтіріп,

Қырылғандарсың қосыла.
Жалғыз болса егерде,
Атқан оғы осы ма?
2190 Осы болса атқан оқ,
Мұнан, халқым, шошынба.
Өлтірмей алып келермін,
Қорқытып атып асыра.
Атаңа нәлет шақша бас
Ұйықтатпады ұйқымды-ай.
Біреу болса о ноғай,
Азаудың қалың қамалын
Нағып бұзды бір түнде-ай?!
Көп болсаң да қырармын,
2200 Мыңыңды көрмей бір қылдай.
Бірақ тағын құшырды-ау,
Басқа қуып жылқыны-ай.
Қатты қуып сиырды,
Шығарды-ау оның етін-ай.
Нақ енеңді орармын,
Біріңді қоймай қырармын.
Ноқталауы түйенің
Жапырылса бір түгі-ай.
Азаудың қалың қамалып
2210 Дал-дал болды деп айтат,
Рас па екен, ой, тобай!
Қолындағы балаларды
Қорқытты-ау бекер шіркін-ай.
Шапқан жаудың көп арын
Байқай алмай келдіңдер,
Не қылайын жұртым-ай?!
Есен жетсем соңынан,
Азаудан кеткен нәрсенің
Алармын жаудың қолынан.
2220 Уайымдап қам жеме,
Қайғырмаңдар ұлтыма-ай!

Осы сөзді халқына айтып, кіші бесін уақытта Орақтың артынан жетіп, мына сөзді айтып Қазанбас толғап тұр:

— Жүр едім көптен құрыстап,
Жаудың таппай орайын.
Түнде ұрлық іс қылып,
Тауыпсың малдың оңайын.
Келе жатып көз салсам,
Жолмен жүрмей саруан,
Жапырыпсың тоғайым.
Мен ұйқыда жатқанда,
2230 Өлтіріп кетсең болмаймет
Үрейі болсаң мұғайын.
Артыңда тірі қалыппын,
Ашылмас сенің шырайың.
Оң болмаған талабың,
Мен келген соң артыңнан,
Өзіңде біліп тұрсың ғой,
Талабыңды сыйлайын.
Мал мен жесір не қылсын,
Қайтадан тапса жұбайын.
2240 Қорғанын бұзып Азаудың,
Соған не амал қылайын?
Тым болмаса көп болмад
Көтертуге қаланың
Бұзылған жерге лайын.
Басқаң қайда, жөніңді айт,
Сор қайнаған, кейін қайт!
Кім екен деп айтамын,
Жөніңді айтшы, ноғайым?
2250 — Жүр екенсің, дінсіз нас,

Сонда Орақтың айтқаны:

Жау табалмай құрыстап.
Қайдан келген надансың,
Жөніңді айтшы дұрыстап?
Ұры мендей болмайды,
Қаланды үйтіп бұзбайды.
Қолына жасыл ту ұстап,
Білгенің болса аяма.
Қашатұғын қатын жоқ,

Айқайыңнан ығыстап.
2260 Не қыласың басқаны,
Лайыңа салсайшы
Көрінген жаңғыз мені ұстап.
Шәһарды бұзып балталап,
Атақты адам кез келмей,
Бала қатын өлтіріп,
Алдым текке қыз ұстап.
Арғы атам Едіге
Қабатиен қалмақты
Қолтықтап атып құлатып,
2270 Бауыздаған қылыштап.
Мен Мұсаның баласы,
Сұрасаң атым қанды Орақ.
Дұшпанмен көңілім ұрыспақ.
Жөніңді айтшы, қалмағым,
Түндегі айқай-қиқудан
Жібермей қалды кім ұстап?

Сонда Қазанбастың айтқаны:

— Сұрасаң атым Қазанбас,
Бұл қалмаққа болған бас.
Едігеден екенсің
2280 Келе жатқан кекті қас.
Қабатиен қалмақты
Өлтірдім деп мақтанба,
Атаңның ісі осындай.
Ұйықтағанда оқ атып,
Қылып кеткен ол қияс.
Жатыр едім ұйықтап,
Кім келет деп шеніме,
Қайратыма болып мас.
Ұйқы менен өлі тең,
2290 Басыма келіп шулайды
Ағайын, тума, бауырлас.
Басқын тауып өліпті
Азаудағы қарындас.
Астымдағы дәл бедеу

Жылқыменен қоса айдап,
Неге ұстап алмадың,
Ақылы кем жаңғыз жас?!
Өлтіруге оқ атып,
Айуан, саған не қылды?
2300 Менің жалғыз тырығым
Болама саған, атаңа ас?
Едігеден болса, шырағым,
Білесің бе Нұрадын
Бізге жақын аралас.
Бұл болмаса, ау, Орақ,
Білесің бе сен мұны,
Жаңғыз неге тастады?
Бүткіл ноғай көреді
Ит ішкендей арам ас.
2310 Атың олжа, қайта ғой,
Мен өлтірсем осы жерде,
Қылуға оба басыңа,
Сүйегіңді елің таба алмас.

Сонда Орақтың айтқаны:

— Атыңды айттың, қалмағым,
Не қылсаң да мен әзір.
Атамның ісін қылғаным,
Сен үйде жатқанда,
Алла жәрдем берген соң,
Қаланды түнде бұзғаным.
2320 Сиырыңды шұбыртып,
Жылқыңды сол қуғаным.
Нақ енеңді ұрамын,
Әлі де болса, қалмағым.
Жәрдем берсе Жасаған,
Көп еліңді қырамын
Болсаң да менің туғаным.
Ноғайым келіп кірген жоқ,
Қалмақ, сенің діниіне.
Сол болса салық қылғаның,
2330 Қырық мың жиған қол болса,

Пірден көмек болған соң,
Жалғыз-ақ өзім болғаным.
Жарамай тұр көңіліме
Жолдан қалып тұрғаным.
Қолыңа сына, олжаң маған беретін.
Атымменен тұрғаным.
Жал қаяқтан сүгірет
Кеудемдегі бұл жаным.
Алысу ма, ату ма,
2340 Сенесің бе атыңа?
Аттан түсіп күрескін,
Қатасы болмайт батырға.
Қалағаның қыл, қалмақ,
Бітсін сенің арманың.

Қазанбастың айтқаны:

— Не табасың, бейшара,
Ерегескен егестен?
Бір сен емес, менімен
Талай адам теңескен.
Талайы күл боп күйреген,
2350 Меніменен тірескен.
Айтқаным саған пайда еді,
Тыңдамадың сөзімді.
Башқұрт, ноғай ішінде
Бетіңе біреу қарамай,
Немесің ғой төл өскен.
Тарқамайды құмарым
Мылтықпенен атқанда,
Ат үстінен тартқанға,
Қылышпенен шапқанға.
2360 Қайраттың нағыз шын жері —
Құмарым менің күрескен.

Орақтың айтқаны:

Орақ сонда айтады:
— Атаңа нәлет дінсіз нас,

Қалағаның күрес пе?
Күрессең мағлұм болады,
Бос сөз айтып егеспе.
Осыны айтып ер Орақ,
Түсіп атын байлады.
Екі батыр егесті,
2370 Өлімдерін ойламай.
Батыр батыр бола ма,
Егесте жанын қинамай.
Асынған қару-жарағын
Екеуі де жинады-ай.
Қолтықтарын көтеріп,
Көтеруге шындады-ай.
Екі айбар арыстан
Өз-өзінен жынданды-ай.
Белсеніп жатыр шешініп,
2380 Ортаға байрақ қойғандай.
Жүгірісіп белдесті,
Кідіріп бұлар тұрмады-ай.
Екі жайсаң күресті,
Ал, азамат, тыңдаңдар,
Қайсын Құдай оңдайды-ай.
Қолдары белге тиген соң,
Жазым қылмай біреуін
Бұл екеуі қоймайды-ай.
Ұстаған жерден Қазанбас
2390 Ыңғайлап барып сарт алды-ай.
Жанбас болып жықпаса,
Құмары кетіп тарқамай.
Белдесет деп ер Орақ,
Аңсыз қалды байқамай.
Аяғын түптеп қайымдап,
Орақты қалмақ тартады-ай.
Шалмаққа жүр шапшаңдап,
Былай-былай шайқады-ай.
Шалғаны жазым болар деп,
2400 Қозғалмай Орақ талтайды-ай.
Шалдырмасын білген соң,
Үйірем деп ап деді.

Құйрығынан жалтармай,
Қозғалтам деп Орақты,
Буып еді төрт қабат,
Үзіп алды арқанды.
Қолы шығып белбеуін,
Босанып қалмақ аңқайды.
Белбеуіңді мықта деп,
2410 Қалмақ салды айқайды-ай.
Белбеуі үзіліп Орақтың,
Білдірсін бе дұшпанға,
«Не деген күш» деп қорқады.
Қалмақтың білді ер Орақ
Туысының ірісін.
Екеуі де аянбас,
Өздерінің күні үшін.
Жүгіріп барып қаруға,
Босатып буды белбеуге
2420 Сарыжаның кірісін.
Өлтірмей қоймайт батырлар,
Күрескенсін бірісін.
Екі қолына түкіріп,
Сыбанып келет Қазанбас,
Жылдамдап басып жүрісін.
Бұл сапарда ер Орақ
Сарт алғызбай белдесті,
Жана білген өз ісін.
Белдескенмен бұл қалмақ
2430 Қақпаққа жүр қайымдап,
Оңы менен терісін.
Күреске мұшқал ит екен,
Үйренген жастан әдісін.
Күрескен жерден Қазанбас
Қылмаққа әдіс қамданды.
Тартып еді бауырға,
Оған Орақ болмады.
Қылдырмай қалмақ әдісін,
Енді басын қорғады.
2440 Қызылша бесін уақытта

Күресіп еді екеуі,
Бір майдандай болмады,
Намаздігер болғаны.
Күн қызылы батқанда,
Сонда қалмақ шаттанды.
«Лат-манат» деп айқайлап,
Көтермекке Орақты,
Дінсіз залым ырғады.
Былай-былай қозғалтып,
2450 Үйіруге ойлады.
Тіреп еді аяғын,
Табаны жерге тұрмады.
Күші басым залымның
Асаудай бұлқып тулады.
Табаны жерден көшкенде,
«Едігенің ен аруақ
Жәрдем бер» деп ер Орақ,
Әуелі Құдай, екінші
Пірлеріне зарланды.
2460 Тарыққанын білген соң,
Шамасын ердің көрген соң,
Орақты пірі қолдады.
Пір қолдаған батырды
Көтергенмен не қылсын,
Тастап еді үйіріп,
Табаны жерден таймады.
Жерге тіке түскен соң,
Қылайын деп әдісті
Бұ да бойын жинады.
2470 «Жерге тіке түсем» деп,
Жоқ еді Орақ ойында.
Аман мұнан қалған соң,
Құдайға Орақ сиынды.
Жәрдем сұрап пірінен,
Зар-зар жылап қиылды.
«Ия, пірім» деп айқайлап,
Не қылғанын білмеді,
Қолы барды мойынға-ай.
Іштей шалып ақырып,

2480 Көрсетті итке ойынын.
Күн қызылы батқанда,
Елдің алды жатқанда,
Сонда жықты соғымдай.
Пірі жәрдем болмаса,
Жығуы мұның қиын-ай.
Кете жазды жалғаннан
Рызығы бұйырмай.
Үстіне шығып мінген соң,
Екі тепті бүйірге-ай.
2490 Алмасты сұғып тамақтан,
Арқыратып қанатты.
Жаны кетті залымның
Дозақтағы үйіне-ай.
Дінсізді жығып құлатты-ай,
Қолдады пірлер жұратты-ай.
Қалмақты жайлап болған соң,
Шығып алды ер Орақ
Дәл бедеу мен құла атқа-ай.
Қаруын жинап болғанша,
2500 Желпініп демін алғанша,
Сарғайды да таң атты.
Дәл бедеу атқа көз салса,
Көрген жоқ Орақ өмірде
Мұндай жылқы сияқты-ай.
Дұшпанын жығып өлтіріп,
Өзіне-өзін байлатып,
Жесірін алып, мал айдап,
Нарыннан келіп құлапты-ай.

Енді Мамай ауылда жалғыз қалып, ылғи қатын баланың ортасында, Орақтың қолға барғанын, жауға барғанын білмей, ұзаған соң, өлі ме, тірі ме деп қайғыланып, жана жарлылықтан азығып анасы Қарұлек қатын баланың быламық жарма о да мол емес.

Жұмаржақ теріп ішсе, оны тамақсынбай, өлкеге ау салып, сонан қылақай алып, сорпа қылып беріп, әбден шаршап үйіне келіп, жалғыз өзі уайыммен жүрегі қозғалып толғағаны:

— Аттың дарығай балам
2510 Мен мұндайды білмедім.
Асылымыз қам топырақ,
Есі қапы пенденің
Не қылғаным құлды аяп.
Шәһарлі жатқан қалмаққа
Бар деп ақыл бергенім.
Аяғында сол құлды,
Құл түгіл, Мұса баласы
Жақындық қылып не қылды?!
Кәнеки, енді олардың
2520 Жақындығын көргенім?!
Қаты-бала шулаған,
Жоқтық болды ермегім.
Мен мұндайды білгенде,
Орағымның ізінен
Жаяу неге ермедім?!
Барған шығар ноғайға
Дейін десем кешікті,
Сонсын жана сенбедім.
Қалмаққа барса, кетті екен,
2530 Көрер күнім болар ма
Аман-есен келгенін?!
Қайда екені хабар жоқ,
Бірдемесін сезбедім.
Отырғанда Орекем,
Ешбір кемдік ойда жоқ,
Қалың қара елде едім.
Жалғыздық, жарлық қабаттап,
Ағеке, жаңа іздедім.
Жүре бермей ізінен,
2540 Ісін көрмей көзімнен,
Сеніменен басында
Қол ұстасып неге жүрмедім?!
Айға толды, мінеки,
Айбатты туған Ореке,
Нұр жүзіңді көрмедім.
Таққа мініп хан болып,
Сұрадым бір жыл халықты-ай.

Арызын тыңлап іс қылдым,
Теңгеріп пақыр кәріпті-ай.
2550 Бес жыл болды, мінеки,
Қарусыз қалып, талап жоқ,
Түгестім жиған азықта.
Орекем барда ауылда,
Уайым жоқ үйімде,
Жүруші едім жабықпай.
Аттанып кеткен Орекем
Қолға барса, келер ет.
Кетіп еді осы жерден,
Айтқан сөзге илықпай.
2560 Былай шығып ойланып,
Кеткен шығар қалмаққа.
Ақкөңіл туған ер еді,
Батырлығы анықты-ай.
Жолдассыз жалғыз не қылат,
Қай жерлерде тарықты-ай.
Аман келіп ағекем,
Көрер күнім бар ма екен,
Қуаныш менде жарықтай.
Қатын, бала, қарт анам
2570 Енді ойласам мұсалдат,
Бәрі маған қалыпты-ай.
Құрт та азайды, тоқмаш кем,
Қапшықтың түбін қағыпты-ай.
Күніне екі сорпа ішкен,
Әсіресе, қарт анам
Мауар болмай жармаға,
Тымақ жүдеу, арықты-ай.
Артық туған Ореке,
Жалғыз қалып ауылда,
2580 Інің Мамай қорықты-ай.
Мал кеткенге тарығып,
Ақымақ басым білмедім,
Онан да қатты қайғыға
Хан болған Мамай жолықты-ай.
Жалғыздық, жарлық қабаттап,
Тарықты інің, жан аға.

Мені тастап кетпесін
Қатын менен балаға.
Әр уайым қабаттап,
2590 Кезіп-кезіп келемін
Биік-биік Нұраға.
Он ай, он күн көтерген,
Қабырғасы сөгілген,
Омыртқасы бүгілген,
Жасы жеткен адамға
Сорпа керек анама.
Дүние сатып келуге
Көлігім жоқ мінуге,
Барар едім қалаға.
2600 Көйлегі жаман әйелдің,
Жаулығы жыртық жана да.
Сорпа қылып беруге,
Өлкедегі ақ қайран
Қармақ салдым салаға.
Ылажымды тауысып,
Кез болдым қатты сәнаға.
Жеткізет деп рызықты
Сендім мықтап Құдаға.
Орақ, Мамай анасы
2610 Аштан өлді дегізіп,
Құдіреті күшті Құдайым,
Дұшпанға таба қылма?!
Алдындағы аға екен
Ініңнің білсе қорғаны.
Орекем елде тұрғанда,
Мына жоқтық шіркінге
Көңілім ғамкен болмады-ай,
Хаққа шүкір қылмады-ай.
Қылмағаны емес пе,
2620 «Қалмақтан малды әкел» деп,
Айтып едім ой салып.
Мұндай күнді ойламай,
Былай шығып жол тартты-ай.
Кетіп еді ауылдан
Сөзімді айтқан тыңдамай.

Келер еді ендігі
Құлға барса ауылға.
Бәрі тоқтау бола ма
Ноғайлының сондағы-ай.
2630 Жолдасы жоқ қасында,
Дұшпанға барса қайтты екен,
Кекті жау еді қалмақ-ай,
Жарым болса, әнеки,
Бір мен емес ноғайдың
Тіреуінің сынғаны-ай,
Маңдайының құрығаны-ай.
Есен жатқан ноғайды
Шауып алып кетбес пе еді.
Бұл жақта Орақ, Мамайдың
2640 Сау-сәлемет тұрғаны-ай.
Қайдан білсін көп халық,
«Жайлы қоныс таптық» деп,
Есіл менен Тобылды
Емін-еркін жайлады-ай.
Ойлап келіп отырсам,
Ойымның бәрі жалған-ай.
Халыққа пайдам тигенмен,
Өзіме қылған пайдам жоқ.
Бір жеті болды тауыстым
2650 Бұрынғы жиған қорданы-ай.
Жая кесіп, жал жеген,
Шекер қосып бал жеген,
Жасы жеткен қарт анам
Тамақсынып ішпейді
Әйелдер ішкен жарманы-ай.
Орекем келсе бегім-ай,
Аман барып, сау келіп,
Іс көрсетсе еліне-ай.
Бұл тарыққан Мамайдың
2660 Болар ма еді-ау арманы-ай.
Мен сиындым жад етіп,
Бір жаратқан Құдайға-ай.
Тілегін бермес адамның
Шын тарығып жыламай.

Бәрінен де бұл қиын,
Қайдан қызыл табамын
Аштан жатқан анама-ай?!
Оқ, дәрі де құрыды-ау,
Атар едім тоғайдан
2670 Қырғауыл мен қоянды-ай.
Бір жетті болды нәр сызбайды,
Қалай адам шыдайды-ай?!
Қарызға опа қылуға
Ел, кәнеки, қияндай?
Уайымдап ұйқы жоқ,
Толды, міне, бір айдай.
Уыз үйлі көп халық
Біреуі хабар алмайды-ау.
Жазығымыз не болды
2680 Он сан жатқан ноғайға-ай?!
Уайымнан пайда жоқ,
Ақ жазуы бар шығар
Ырзықты келтірер
Бір жағынан орайға-ай.
Өзімнің тума бауырым,
Хабар алмай не қылдым,
Атасы басқа былайғы-ай.
Келмегенге осылар.
Бізге келіп не қылсын

Мамай осы сөзді айтып, жылап-жылап көзі ұйқыға кетті. Ұйқысында жатқанда біреу: «Тұр жылама, Орақ қалмақтан мал, жесір алып келе жатыр. Алдынан шық», — деп оятып жіберді. Сол оянған бойымен солтүстікке қарап жүгіре берді. Баяғы құлдың жылқысын бағып,Орақпен уәде қылған, өзі болған Ұламан, қайтпай шапқан Қалқаман, қол бастаған Мүлқаман да періште хабарымен: «Орақ мал-дүние, жесір әкеле жатыр», — дегенді есітіп, жылқыны тастап, Орақтың кеткен жағына қарап шаба берді. Бұлар Орақтың алдынан Нарынның қызыл құмында ұшырасты. Бұл төртеуі атпен келгенде Мамай да жаяу бір жағынан жетті.

Ағасы Орақты аман көріп, жылап: Ауылда анаң аштан жатыр, — деп Мамайдың Орақка айтқаны:

2690 — Есен-аман қайттың ба,
Сау-сәлемет ағекем?
Ініңнің ықпал бағыты
Алдыңғы аға екен.
Алдындағы жасы үлкен,
Қорғанды мықты қала екен.
Мына жалған қызығы
Дәулет пен ықпал, мал екен.
Мал адамның сәні екен.
«Кеттім бе» деп ойландым,
2700 Жоқ Құдайдың жарығы,
Көрсететін бар екен.
Тарығып жалғыз Орекем,
Қиналды ма деп едім,
Жалғызға Құдай жар екен.
Мына жоқтық, жалғыздық
Дүниенің тары екен.
Арманым жоқ Аллаға,
Есен-аман қауысты
Қорғаным болған Орекем.
2710 Мен сиындым сізді ойлап,
Бір жаратқан панама-ай.
Ата пірі жар болып,
Бұзыпсың жалғыз қаланы-ай.
Ауылдан кеттің әуелі
Матрөшке қара құл
Жұмыс қылып анайы-ай.
Атасы кекті дұшпанға
Сапар тартып кетіпсің
Шыққан соң елден былай-ай.
2720 Кеткеніңді қайда біле алмай,
Көңіліме түсті ылай-ай.
Ішетін тамақ таусылып,
Неше күндей әйелдер
Тартып ішті борай-ай.
Жасы жеткен қарт анам
Тамақсынбады жарманы.
Сонымен күнелттім

Шешемнен басқа былайғы-ай.
«Сорпа, қызыл жоқ болды» деп,
2730 Балаларша жылайды-ай.
Көлігім жоқ астымда,
Алыстан қақпан салуға
Киік пенен бұланға-ай.
Мылтыққа да дәрі жоқ,
Атуға құс пен қоян-ай.
Сонымен жүдеді
Жетім болды анаң-ай.
Шақырады Орақ деп,
Ақылы айнып аштықтан,
2740 «Бермейді, — деп, — тамақ Мамай-ай».
Мен тарығып жыладым:
«Өлгенім жақсы Құдай», — деп.
Аштан өлсе анамыз,
Адам болып жүргеннен
Жалғаншы да мұнан-ай.
Жылап жатсам тарығып,
Айқайлады бір адам
«Келе жатыр, — деп, — ағаң-ай».
Жүгіре бердім тұрдым да,
2750 Үш күн, міне, сонан-ай.
Қуанышпен білмеппін,
Екі аяғым қарасам,
Бауыздау қандай далада-ай.
Жүруге шамам келмей тұр,
Жете гөр жылдам, Ореке,
Соғым алып соған-ай.

Орақ қасына Мүлкаманды алып, соятұғын мал жетелеп, Мамаймен үшеуін малдың басына тастап: — Жәймен айдап келе бер, — деп, бұл екеуі елге қарап шаба берді.

Үйіне келсе анасы аштықтан әлсіреп, алжасып отыр екен. Орақ Мүлкаманға мал сойғызып, сорпа ұрттатып: — Ана, мені танимысың? — деді. Сонда Қарүлек анасы: — Шырағым, қолдағы он екі баладан қалған жалғыз сені неге танымаймын, — деп, — толғағаны:

— Танымаймын мен неге
Он екі ұлдан қолдағы
Әзірге жалғыз Мамаймым.
2760 Алжастырды өзімді
Аштық пенен уайым.
Қасыңдағы кім, балам,
Қонысына келді ме
Көшіп кеткен ноғайың?
Жолаушы ма немене
Біле ме Орақ хабарын?
Бізден хабар біле ме
Атасы бірге ағайын?
Маған сорпа таба алмай,
2770 Өлем бе аштан мұғайын?
Орақ болса ендігі,
Маған сойып берер еді
Жұттан қалған о тайын.
Орағым аман-сау келіп,
Өлсем арман қылмаспын,
Көрсетіп алса Құдайым.
Танисың ба дегенің,
Не дегенің, балам-ай?
Қасыңдағы қай бала,
2780 Қайдан жүрген адам-ай?
Айбатты туған Орақтан
Біле ме екен хабар-ай?
Құлға барса айтпай ма,
Болса мұның ноғай-ай?
Бұл хабарын білмесе,
Барған шығар қалмаққа.
Жалғыз қайтып алады,
Атасы Мұса көп барып,
Бұза алмай қайтып келіп еді
2790 Азау деген қаланы-ай.
Сыртынан қазған терең ор
«Биіктігі алты аршын —
Деп еді, — оның қамалы-ай».
Тарықты-ау менің қарағым.

Бұлтты туған Орағым
Тербетті-ау ата-бабаны-ай.
Уыз үйлі көп ноғай
Біреуі ермей қасына,
Қалған шығар елінде,
2800 Мал жинаған жерінде.
Қарасына жарамай,
Ермеген шығар біреуі.
Сонсоң жалғыз кетті ғой,
Алды-артына қарамай.
Жаяуда болсаң ендігі,
Барар едің ер болсаң,
Дәулет біткен бай болып
Мәтрөшке ағаңа-ай.
Ханнан туған он бала,
2810 Орақтан басқа білемін
Сүйектерің жаман-ай.
Естісе менің хабарым,
Келер еді-ау келінім,
Тым болмаса Ағыстың
Үйіндегі әйел-ай.
Қатын да болса мен оны
Бір еркектен кем көрмей,
Сыйлар едім талай-ай.
Көріп едім әкесін,
2820 Керемет-ті әулие
Мағұлым дәуріш қожаны-ай.
Қайтар еді-ау еңбегім,
Құрмет етіп бергенім,
Аман келсе Орақ-ай.
Үш күн болды көзіме
Көрінбеді, кәнеки,
Әкелдің бе бір жақтан
Мен ішетұғын тамақты-ай.
Естідің бе немесе
2830 Орағымның хабарын,
Жөніңді айтшы, Мамай-ай?
Келіндер қайда бұл үйде,
Тамақ бар ма қонаққа?

Борай жарма табылад,
Беретін ет жоқ бірақта.
Қайдан келе жатырсың,
Барасың қонақ қай жаққа?
Кешегі анау күндерде
Алалы жылқы жайлады
2840 Мына шилы сабатқа.
Аруан алар ыңыранып,
Шуылдаған көп түйе
Аунады сортаң алапқа.
Үйге келген мейманға
Бас көрсеттің мал сойып,
Толтырып салып табаққа.
Жаратушы Құдайым,
Аманатын алмады,
Дүрсілдеп тұрған уақытта.
2850 Бұл күндерде өтермін
Мұсалдат болып Мамайға.
Орағымның кеткенін
Біле алмадым қай жаққа.
Үздім күдер жалғаннан,
Жан тұра ма жайласып
Бұл секілді сияқты.
Айбатты туған Орақты
Көре алмасқа қарадым.
Ат шаптырсын асыма,
2860 Мұнара салсын басыма.
Өзің барып, а, Мамай,
Атаңның қой қасына.
Арманым көп Құдайға,
Көре алмай кетіп барамын,
Дұғай-дұғай сәлем де,
Тұла бойым тұңғышым,
Атадан артық Орақа.

Орақтың анасы бұл сөзді айтқан соң, Орақ: — Ана, мен — Орақ, — деп танытып, сойған малдың етін беріп, есін жиғызып жатқанда, баяғы Мамай малды, жесірді айдап бұларда келді. Орақ, Мамай ортадан Қаракөз сұлу мен Қазанбастың кер атын

ат қойып мінгізді. Кер аттың атын «жерді құртқан жез жез аяқ» деп ат қойды.

Сөйтіп Орақ атынан ерін алмастан, баяғы Матрошке қара құлды өлтіремін деп, қасына мына төртеуінің екеуін ертіп жүрмекші болып, әкелген малды алтыға бөліп, төртеуін баяғы уәдесімен төртеуіне беріп, екеуін малға тастады. Бұлармен ат болған соң ауылда қалсынба, Мамайда бірге жүрді. Орақ, Мамай, Мүлкаман, Қалқаман бұл төртеуі арада бірнеше күн жүріп, енді ертең құлға жетеміз дегенде, азанда Мамай Орақка атын ерлеп келіп, мына сөзді айтып толғады:

— Ореке, тыңда сөзімді,
Жеделдес өстім ызыңдай.
Екеуміз қатар ат мініп,
Көретін күн бар екен
Байтақ елді біздің да-ай.
Сіз кешіккен уақытта,
Мұндай қызық ойда жоқ,
Кетіп едім бір жола
Күдерімді үзіп-ай.
Уайым қайғы ұмыттым,
Көрген соң сенің жүзіңді-ай.
Жалғыз өзің аттанып,
Қазанбасты өлтіріп,
Азауды келдің бұзып-ай.
Мен де бірге баруға,
Ол уақытта табылмады
Мен мінетін көлік-ай.
Кесірінен кемдіктің
Көре алмадым қызық-ай.
Ие болдым қалмақтың
Сіз әкелген қызына-ай.
Матрөшке қара құл
Айтқан бізге сөзіне
Өртенемін күйіп-ай.
Өлтіруін маған бер,
Ашуымды басайын,
Тұтам қылып күнін-ай.
Басын кесіп алайын,

Сізден бұрын барайын.
Жайластырып жәй қылып,
Сіз келгенше қояйын.
Бауыздайын ол құлды,
2900 Желкесінен қиып-ай.
Иірейін көп малын,
Ауылына жиып-ай.
Өзіне мола қылайын
Үстіндегі үйін-ай.
Қол қусырып тұрғаным,
Салып сізге бұйым-ай.
Мен тіледім тілекті,
Бермесең маған қиын-ай.
Бердім десең, кетемін,
2910 Төсектен тұрмай сол құлға-ай.
Тездетіп жылдам жетемін,
Не дейсің айтшы, Ореке,
Сұрады тілек інің-ай.
Атадан астың, Ореке,
Жалғыз барып жау алып,
Халыққа шашып дабылды-ай.
Ықпалды туған адамсың,
Бетіңе жан қарамай.
Жапырлады шабындай,
2920 Құлдың айтқан сәлемі
Барады өртеп жалындай.
Тарқар еді ішкі шер,
Өртеп ішсем сол құлдың
Бауыздап қолдан қанын-ай,
Шығарсам көзден жанын-ай.
Барымта құсап бұласам
Жиған құлдың малын-ай.
Қылғаны бізге мынау ғой,
Жегенде оның қамын-ай.
2930 Жырласын деп шұнақ құл,
Екі бастан тапқан ғой
Орақ, Мамай жарымды-ай.
Жарымдықты көрсетіп,
Бір жазайын қарымды-ай.

Басқа берсең алмаймын,
Тілекті алмай қоймаймын.
Бұл тілекті бермесең,
Енді екінші ініңді
Ерітпессің соңыңа-ай.
2940 Осы арадан қайтамын
Кейін қарап ауылға-ай.
Мұсадан туған баланың
Бақ қонғаны сен едің,
Жеделдес өскен мен едім.
Естігелі құл сөзін
Қапаланып күйемін.
Тілекті берсең, Ореке,
Ыждаттап жылдам жүремін.
Құл әдебін беремін,
2950 Тілегімді бермесең,
Не босқа келемін.
Осы жерден қайтып ауылға,
Менде еншімді бөлемін.
Басқа қылып іргемді,
Мына басқа ініндей
Күнімді де көремін.

Орақтың өз қолынан істермін деп жүрген ісі екен. Ойдағы жоқ жерден Мамай сұрап, не қыларын білмей, Мамай тілеп тұрғанда, төмен қарап отырып, бұ тілегін бермесе, көрмей кететұғын сөз айтқан соң, қия алмай отырып-отырып: бердім, — деді.

Орақ қасындағы жолдасына мосысын ілдіріп: — Енді ұлықсат, мен барғанша құлды өлтір, — деп, — өзі жайланып барамын, — деп қала берді. Мамай ертіп жетелеп жүрген атына мініп, құлдың аулына келіп, күн шықпастан бұрын құлдың үйін сұрап. Бай адам тұрсын ба төсегінде жатыр екен. Далада байдың тұсына келіп, Мамай мына сөзді айтып толғады:

— Бай, бәйбіше, төсекте
Жатырмысың болып мас?
Тұсыңа келді бір жыршы,
2960 Сөзімді тыңда, құлақ ас.

Жырауың Орақ келе жатыр,
Қасқа, жылдам ұйқыңды аш!
Қамқор болған адамды
Дәулет бітіп алған соң,
Бір бармадың көріп қас.
Атыңды мініп, ас ішкен
Қорғайтын шығар көп ноғай,
Қапа қалма, шақыр дос.
Әліңді білмей, мас болып,
2970 «Жырласын» деп Орақты,
Не дегенің, дінсіз нас.
Келе жатыр Орақ жырлауға,
Алады сізден керік бас.
Тоныңды да алмайды,
Атыңды да алмайды,
Осы бүгін көп ноғай,
Қасқа болған қара құл,
Сүйегіңді ешкім таба алмай,
Қайда, жылдам шық бермен.
2980 Бай қатыны Алтыншаш,
Жаның барда жылдам шық.
Хабарлас, құлым, хабарлас!
Сайымнан сәлем айтыпсың:
— Орақ мұнда келсін, — деп,
Саямда күнін көрсін, — деп.
Жырау деп біліп Орақты,
Келіп кеңес берсін, — деп.
Дәулет бітіп байыпсың,
Бұ жаққа келіп дүрсілдеп.
2990 Сен қызметте жүргенде,
Тұтынып аға бетіңе,
Сөз айтпадық сенсің, — деп.
Біреуіміз хан болып,
Біреуіміз ер болып,
Біз де жүрдік масығып.
Сонда да саған жел болып,
Тиген жоқпыз кімсің, — деп.
Естіген соң сөзіңді,
Ішім жанып күйініп,

3000 Ойлап едім өлсін, — деп.
Атамның айтқан аманат
Ойыма түсіп кідірдім,
Жалғаншы да жүрсін, — деп.
Мен болмасам, шұнақ құл,
Білер едің жайыңды-ай.
Айбатты туған Орақтан
Көрер едің ойынды-ай.
Кетер едің жалғаннан,
Басыңа малың сойылмай,
3010 Белгілі жерге қойылмай.
Ойыңда сөзің бар шығар,
Сайымға айтқан биылғы-ай.
Орекем түгіл бұл сөзің
Кім-кімге де қиынды-ай.
Келе жатыр Орақ осы жерде,
Сұрап ал жаның шыбындай.
Еріңнің барып тез қамдан
Білгеніңше өзіңнің
Жан айласын айланып,
3020 Қыла бер жылдам сыйыңды-ай.
Жаным ашып сендерге,
Келіп тұрмын бұрын-ай.
Мас болған батыр бұл күнде
Қалмақты жалғыз өзі алып,
Көтеріп ата туыңды-ай.
Ашу қылып келеатыр
Сен түгіл, қасқа, басқасын,
Ноғайды тастар қырып-ай.
Айлалап келем амалдап.
3030 Сөзіме менің иланып,
Аққөңіл туған арыстан
Кем-кемінен келед суып-ай.
Жылдам қамдан, қасқалар,
Келе жатыр жақын жуық-ай.

Сонда құлдың қатыны Алтыншаш төсектен жылдам тұрып, мұның Мамай екенін біліп, жаулығын бір қолымен басып,

жалаң аяқ асығып үйден шығып, Мамайға мына сөзді айтып келе жатыр:

— Қарағым ба едің қамқорым,
Мен түгіл жұртқа қорған-ай.
Халық басқарған, қарағым,
Елдің қамын ойланды-ай.
Бір біз емес бұл күнде,
3040 Халқың кетті айналмай.
«Ер тарықпай, молықпайд»
Деген сөз бар бұрыннан.
Сіздер — наһан, халық — теңіз,
Қайырлап жаттың алты жыл,
Бауырыңды төсеп қайрандай.
Ықпал жүріп бұ күнде,
Теңіз тасып еркінде
Ашылып көз жайнады-ай.
Ақылдың малға себі жоқ,
3050 Ақымақтың кебі жоқ.
Несібесі молайып,
Қарақұмға келген соң,
Аманат ағаң бай болды-ай,
Әр түлікке сай болды-ай,
Малдан көңлі жай болды-ай.
Мұндағы мырза баласы
Құрметтеп «үлкен аға» деп,
Өз еліне сонан соң,
Қара басы хан болды-ай.
3060 Сайымға сәлем айтқалы,
«Неге айттым, — деп, — сол сөзді»,
Құлдың басы дал болды-ай,
Ақылы мұның кем болды-ай.
Жаманды жаман десеңдер,
Кетесіңдер ел болмай.
Ақылыңды айта бер,
Өзіңдегі қараға.
Қалай басы қалады,
Қайтсек алып қаламыз
3070 Мырза ағадан бұл құлды-ай?

Аманбысың, қарағым,
Мен бұ жақта жүрсем де,
Саулығыңды сұрадым.
Не қылсаңдар да өзің біл,
Ізіңдегі қараңмын.
Бала болған атама
Тілектес болған жаманмын.
Өлтірсең өліп қаламын,
Не қыл дейсің, қарағым,
3080 Сенің тіліңді аламын.
Білмеген кәдір тексізді
Екеуіңнің жолыңа
Құдай жолы қыламын.
Өлтірсе, бітсе өкпеңіз,
Бауыздап құлды шаламын.
Сен болмасаң біліктім,
Мен қарамды жоямын.
Не қыл дейсің, ақыл айт,
Сөзіңе айтқан тұрамын.

Сонда Мамай қатынға айтты: — Мойныңа үшіңді салып, Орақтың алдынан шығып, байыңның бір қасық қанын сұра. Сен бүйтіп барған соң, құлды өлтіріп не кек бітер дейсің, — деп босар деп, қатынды Орақтың алдынан жіберді.

Қатын Орақтың алдынан мойнына үшін салып, сәскелік жерден алдынан шығып, Орақты көріп, еңіреп мына сөзді айтып толғайды:

3090 — Келе жатыр жеңгең, мырзаға-ай.
Хабарыңды есітіп,
Төсектен ерте тұрдым-ай.
Бір жағымнан ай туып,
Бір жағымнан күн туып,
Көрдім аман қайын ер-ай.
Тілегімді берген соң,
Қарақтарымды көрген соң,
Құлашымды жайдым-ай.
Сендердің жүрмін қараңда,
3100 Не қызыққа қызығып.

Дейім бе теңім байды да-ай.
Алып ажар мұнда жоқ,
Бермеді Құдайым
Алыстан ойлар ойды да-ай.
Ой ойласа алыстан,
Айтар ма еді сәлемді
Жылында бару жолды да-ай.
Құл мастықты көп малға,
Масыққанын білдім-ай.
3110 Атым әйел болған соң,
Не қылайын еріме.
Сайымға айтқан сөзіне,
Сыймай кеттім теріме.
Мен шыдамай күлдім-ай,
Құлға баста көндім-ай.
Кекті жерден кек алған,
Кәріп-қасер паналап.
Саяңызда дем алған
Жеті атаңнан жолдың-ай.
3120 Сен миуалы дарақсың,
Саяңда күнді көрдім-ай.
Көлеңкеңді көп көріп,
Шығарасың ба бізді-ай.
Сен болмасаң, мырзаға,
Паналаймын кімді де-ай?
Ашуыңды баспасаң,
Құда жолы қыламын
Жолдарыңа құлды да-ай.
Рақым өзің етпесең,
3130 Аманат ағаң өлді де-ай.
Үшімді салып мойныма,
Келемін жаяу жүгіріп,
Кимей етік аяққа.
Ашу қылар орның бар
Ақылы кем дуракка.
Өз жаманың бірақта
Бай болмас түгіл, хан болсын,
Сенен асып мырзаға,
Бұл кетеді қай жаққа?

3140 Алты жылдың ішінде
Көрмей жүрдім бұ жақта.
Не қылсаң да ырзамын,
Аман-есен көрісіп,
Жүгіріп келем шыраққа.
Келемісің өкпелеп,
Құл сөзіне шыдамай?
Ақсұңқарсың сен текті
Қонатұғын қияға-ай.
Хабарыңды естідім,
3150 Жалғыз сапар шегіпсің,
Өз үйіне жоламай.
Неге келіп кетпедің,
Жақынға келіп мынадай?
Құл сөзіне өкпелеп,
Не қылғаның, шырағым?
Сенен басқа кімім бар,
Әлімді менің сұрамай.
Айналайын, қарағым
Не жазығым бар еді,
3160 «Қайның келмей кетті» деп,
Салық қылды ноғай-ай.
Таба қылып қиғанша,
Сол келгенде өлтіріп
Кеткенің жақсы мұнан да-ай.
Құл сөзіне өкпелеп,
Ауылыңнан шығыпсың
Кесіп басын алмаққа.
Жақынға келіп кетіпсің
Азаудағы қалмаққа.
3170 Артыңнан шыққан төрт мошқал
Таңдап мініп жалды атқа,
Қатарға келіп бай болып,
«Құлды шауып алам» деп,
«Басына ойран салам» деп,
Кетті деп көп сондай-ақ
Мұны ойлап не дегенің, қорғаным?!
Отарың ғой құл жүрген,
Сенікі ғой жиғаным.

Айтпаған шығар деп,
3180 Бұ сөзді сізге қимадым.
Білгеннің несі білген деп,
Кешірмесе наданды.
Не қыласың жаманды,
Жөн көрсең, өлтір құлыңды.
Өскен арам тырнағым.
Өлтірем десең құлыңды,
Ылақ құрлы көремін.
Қайта жақсы басыма
Сенімен бірге жүремін.
3190 Кәделеп топты көшіммен
Жыра-жоққа көмемін.
Бірақ атаңның
Еткен ісін білемін,
Айтып еді хан атам.
«Баламдай көр, — деп, — құлымды».
Бір қасық қанын сонан соң,
Батыр, сізден тіледім.
Сендер аман-сау болсаң,
Жүрмегі шүкір Құдай-ай.
3200 Сапасы жоқ, саны бар
Баласы мырза былайғы-ай.
«Өлтірме» деп өтініп,
Қызықпаймын жұбайды-ай.
Құл да болса туғаның,
«Өлтірді» деп ағасын,
Мат боларсың ноғайға-ай.
Аямаймын өзіңнен,
Шырағым, батыр, құлыңды-ай.
Үйретпеймін білімді-ай,
3210 Қайтармаймын көңліңді-ай.
Оң қылсын Алла жолыңды-ай,
Жүремін сенің соңында-ай.
Бірақ құл да болса шаңырақ,
Көбейтеді тобыңды-ай.
Не қыламын ой салып,
Білесің өзің жолыңды-ай.

Орақ қатынның сөзін есітіп ойлады: «Бағана Мамайдікі мені сөзбен алдарқатып кетіп әйелді жіберген екен. Ол құлды өлтіріп не кек бітіріп және атам аманат тапсырып еді», — деп ойына келіп ей жеңгем жылама байыңның бір қасық қанын өтегенімде, — деді. Қатын атының алдына түсіп үйіне түсіріп екі қайнысы келген соң мал сойып Қарақұмдағы ноғайды тегіс шақырып той қылды.

Той қылған соң, жасы қызыққа келді, кәрісі тамаққа келді азаматы сәлемге Мамай мен Ораққа келді. Келген көп халық бас аяғын далада той тарқатып тұрған Орақ Мамайға келіп әммесі аттан түсіп көрісті. Сонда Орақ келген көпке сөз сөйледі:

— Аман ба, иә, халқым, үлкен-кішің,
Алты жыл Құдіреттің көрдім ісін.
Жоқтықтан неше жылдай азап көріп,
3220 Есіттім мен нәсілсіз құлдың сөзін.
Біреуің бізден хабар алалмадың,
Салмадың хабар алып аттың ізін.
Көп құрбы, қатар жүрген жолдастарым,
Тұқымы мына отырған мырза біздің.
«Біреуі бізден хабар алар-ау» деп,
Мен қарап осы жаққа талды көзім.
Дұшпанға қамқор болған, батыр Орақ
Би Мамай, сендер үшін айтқан сөзін.
Көп халық, маған қайда тиген пайда
3230 Жар болды жәрдем болып ата піріне.
Біз өлсек сол Еділде елді көрмей,
Айтатын бұл ноғайда жоқ екен жан,
Жан ашып, болды дейтін бізге қиын.
Жалғыздың жары Құдай дегені рас,
Жаратқан жеткізді Алла соған ізім.
Ноғайдың бұл отырған адамдары-ай,
Мырзаның өңшең айуан, жамандары-ай,
Сендерге шыбын жанды құрбан қылдым,
Дұшпаның тиер болса залалдары-ай.
3240 Көзіме айт осы еңбегім бекер болса,
Тілімді сары ноғай амалдары-ай.
Жоқтықтан тамақ таппай, мінуге ат,
Алты жыл арыстанның аралдады-ай,

Маралдай ерегесіп екпіндеген,
Кез болып жарлылық деген мықты бөгет.
Бұл екі маралдарың арандады-ай,
Сөйлесіп іштен шерді шығаруға.
Бұл Орақ ноғайлыдан таз баланы
Дариға-ай келетұғын таба алмады-ай.
3250 Сәлемге жалғыз барған қара ноғай
Жүректі құл сөзімен жаралады-ай.
Сендерді бір дұшпаннан кейін көрмей,
Жүрегім қалғандықтан қараяды-ай.
Көзіме айт, күнәм болса бұрын қылған,
Бармаған өкпелерің қалай еді-ай?
Сендермен шекарамды ашар едім,
Тоқтатқан жоқ сөзді айтып Мамай еді-ай.
Сөзімен осы Мамай кідіремін,
Сендермен жау болатын орай еді-ай.
3260 Көзіме айт, жазығым не, халықтарым,
Сағынып көрмей халық арықтадым.
Сендердің берген азар қорлығыңнан
Қайғылы көкірегім, ішім жалын.
Жасымнан атқа мініп ес білгелі,
Арладым жау аямай халық қамын.
Қар жауып айқайымнан себеп болып,
«Мекенге келер-ау» деп салық болдым.
Біз мұрын, діні басқа шектес орыс
Тап беріп мекендерің үш Еділге,
3270 Шақыртпақ қала салып тауықтарын.
Ішінде бес-алты жыл жарлық басып,
Кетпейді көңілімнен жабыққаным.
Бұл күнде жүз мың Құдіретке
Мал жинап, естен шықты тарыққаным.
Сөзіме атам айтқан мен кідірдім,
«Болмас, — деп, — ноғайменен жауыққаным».
Кәне, халық, мен шығардым іштен кірді-ай,
Қорладың, не қылайын қорған ерді-ай.
Ақ алмас белге байлап қидым жанды,
3280 Қамы үшін ноғайлының будым белді-ай.
Не қылдым сонша бола, ағайыным,

Еңбегім кетті босқа бекер желге-ай.
Өкпелеп қайда асайын ағайыннан,
Жүре ме менің өкпем бүкіл елге-ай?
Келмеген сәлем бере ноғайлыға,
Барғанша кетейін, — деп, — құр далаға,
Бет алды жүре бердім жапан шөлге-ай.
Рызықты басқа жазған ақ жеткізіп,
3290 Бұл күнде тарықсам да Құдай берді-ай.
Бәрі ұмыт бұрынғының, иә, халқым,
Бірлікті ұзағынан берсін енді-ай.
Айтайын, жиналған жұрт, ұйғыл сөзім,
Көшіндер атамекен өскен жерге-ай.
Тарқады менің өкпем айтқаннан соң,
Тарқаттым халықты көріп іштен шерді-ай.

Халық Орақтың өкпесіне сөз таба алмай, кәдір білетін азаматтары ұялып төмен қарап кетті. Үлкендері Орақ шырағым сөзіңнің бәрі рас, «ер тарықпай молықпайды» деген бар елге аман-есен қалмақты алып абыроймен келдің ендігі жерде сенің айтқаныңмен боламыз деп ноғайлы ел шетіне хабар беріп бұрынғы Еділге қалмай көшті. Көшіп келіп әркім өз жеріне, өз суына мекенденіп бұрынғы қалпына Мамайды хан қойып Телағыс, Күнікені би қойып отырды. Мамайдың әділдігі Орақтың батырлығы мен ел қатарға келді. Бозторғай қой үстінде жұмыртқалағандай заман, болды.

Енді сөзді баяғы Мұса өлетін уақытта сары ала атты қуып кеткен Смайыл топаяқтан айтамыз. Бұл Смайыл жоқ болып кеткелі айтар ауызға жылдам жеті жыл болған екен. Бұл сары ала атты қуып жүріп жерге батып жердің астында періге оқып жеті жылда қайтадан шашы жалбырап сақал мұрты өсіп далада жүрген адамдарды нешеулері қашып сонда да айқайлап: — Мен — Смайыл топаяқ деп жөнін айтып ел хабарланып мұны ханның ордасына алып келеді. Мұның Смайыл топаяқ екендігі рас болып Орақ Мамай той қылды ноғайлы жиналды. Жиылған көпке және ағайын інісіне Смайыл топаяқ көрген білгенін айтып толғады. Бұл періге оқып дүниедегі өз құмырында болашақ нәрсе тырнағына қараса өзі білетін болып шықты. Сонда Смайыл топаяқтың айтқаны:

— Атамның айтқан басында
Төрелігін қылмадым,
Айтқанына тұрмадым.
3300 Көңліме кіріп бір шайтан,
Атамды бекер қинадым.
Өзімнің ақыл ебіммен
«Атты алдым» деп ойладым.
Қуанғанына атына
Атама құран, дұға оқытпай,
Атқа қарай зарладым.
Жалғыз бара жаттым да,
Ақылыма мас болып,
Көңіліме симадым.
3310 Ат ұстатпай барғанмен,
Неше күндей сандалдым.
Құйрықтасып жүргенде,
Жер жарылып, ат кіріп,
Мен де ізінен қалмадым.
Ұстатсын ба мен сорға,
Қайтып елге келе алмай,
Халқымның жүзін көре алмай,
Жеті жылдай сорладым.
Мен жеті жыл оқыдым
3320 Жер астында періге.
Пенде қаңбақ мысалы
Іңкәрі жоқ Құдайға,
Қайда айдаса желіне,
Еңбек қылған сары ала
Жерге кірді көріне,
Менде кірдім ізінен.
Бір тиындай көрінді
Смайылдың өлімі.
Жерге кірмей не қылсын,
3330 Сары ала атты ұстамай,
Қансын ба ердің жерігі.
Жерге кіріп кеткен соң,
Ат та кетті жөніне.
Бір көркем жігіт кез болып,
Соның түстім ізіне.

Сөйлесейін десем де,
Түсінбедім тіліне.
Біздің тілді білетін
Бар екен мектеп молдасы.
3340 «Бала қылып алам» деп,
Оқытты соған мені де.
Сабақ алып молдадан,
Оқыған соң отырып,
Орнады оқу көңіліме.
Әбден оқып қанған соң,
Смайылдай төренің
Артық болды білімі.
Бір күндері жиналып
Барша қауым келді де,
3350 Рұқсат беріп «барсын, — дейді, —
Бұл мүсәпір еліне».
Көзімді тартып мінгізді
Өнер артық періне.
Не қылғаным білмеймін,
Көзімнен алды тартқанын.
Жан-жағыма қарасам,
Қос мұрынды қара тау,
Күн шығар жағы ат керген,
Шығарып тастап кетіпті
3360 Дүниенің жүзіне.
Бүгін өлсем арман жоқ
Бір жасаған Аллаға.
Ағайын, халқым, ел атым
Аман келіп жолықтым
Аға менен ініге.
Мен ақымақ басында
Атам сөзін тыңдамай,
Ойлаған екен әріден.
Мен нәлістік алыппын
3370 Кереметті кәріден.
Жер астында ойладым,
Бұл мүбтәла кез болып,
Тіл алмаған сонымнан.
Енді барсам елге, — деп,

Едігенің тұқымын
Ата-ана қойсам мені де, — деп,
Жүрер күнім бар ма, — деп,
Көп жыладым Құдайға,
Орекемнің соңынан
3380 Дәм татар күн қайда? — деп.
Қарүлектей қарт анам
Енді маған қолынан,
Ендігәрі қолынан
«Қашпаспын» деп жыладым.
Айналып келсе тірілік,
Мына мырза баласы
Бақтырса да қойынан,
Халық ғалия жұртым-ай,
Қайран менің ұлтым-ай,
3390 Халық ішінде тәуірім
Аға-іні бауырым.
Енді арман менде жоқ,
Қазір ажал келсе де,
Мына мырза баласы
Жайлап көмсе қолынан.

Смайыл бұл сөзді айтып жылап той тарқап жұрт тарқап кетті. Жұрт тараған соң Смайыл Ораққа келіп ат киім киіп, алты жыл алты айда қайтып келеді. Орақ — Мамай ордада отыр еді. Смайыл қайтып келіп оңаша отырған Орақ — Мамайға мына сөзді айтып толғады:

— Араладым алты айдай
Байтақ жатқан халықты-ай.
Сөзіме құлақ салыңдар,
Айтқан сөзім анықты-ай.
3400 Халық емес мен көрген,
Өзгеріліп қалыпты-ай.
Асқан неше бай құрып,
Неше жарлы байыпты-ай.
Мал бақтырып қойыпты
Нелер мырза, шоныққа-ай.
Бұрынғы атқа мінгендер

Бәрі кеткен жөніне,
Олардан ықпал тайыпты-ай.
Мен көрмеген адамдар,
3410 Жөн білмейтін жамандар,
Халық тізгінін алыпты-ай.
Жаңбыршының баласы
Бәрі Едіге болғанмен,
Халық соны бағыпты-ай.
Он сан жатқан ноғайдың
Көріп келдім шамасын.
Екі есесі соларға
Абайладым ауыпты-ай.
Батыр болып біреуміз,
3420 Халықтың жүрміз арында-ай.
Біреуміз хан болып,
Ойладық халық қамын да-ай.
Ол екеуі неліктен
Бізден артық халыққа
Болып кетті жағымды-ай?
Атамның даңқы болмаса,
Атасы оның мәлімді-ай.
Артық білдім олардың
Басындағы бағын да-ай.
3430 Бағын көріп қызғанып,
Күйіп келдім жалындай.
Мына байтақ халыққа
Баласы Мұса не қылды-ай?
Іс көрмей, халық қорықпас,
Елдігін майса шабындай,
Бүйтпесе халық арылды-ай.
Күтінбесек ертерек,
Жақыннан шыққан дұшпанның
Жөні бірікті табылмай.
3440 Бір атадан туғалы
Халықтың арын арладық,
Елдің қамын қамдадық,
Мықтыны теңеп нашарға
Пақырдың арызын тыңдадық,
Ешкімге залал қылмадық.

Мен жоғында сендерді
Тастап кетіп далаға,
Сонда-ақ мұны қолға алған,
Ойлап тұрсам бұл халық.
3450 Туғанменен он екі,
Не бітірдік көп болып,
Екі атамдай болмадық.

Сонда Мамай — Орақ сөйлеместен бұрын мынаны айтып кейіді:

— Айтпа, Смайыл, жаман сөз,
Көрсетіп басын қайдағы-ай.
Жаман қиял ойламай,
Мына сөзің, ау, жаным,
Едігеге симайды-ай.
Ақымақ адам ақылсыз,
Жақынға бақытты қимайды-ай.
3460 Жау емес бізге немере,
Бізден артық болғанмен,
Барады кетіп ел қайда-ай?
Жарамайды көңліме
Онша сұлу сөз майдай.
Күндегенмен екеуін,
Болмайды бізге ол пайда-ай.
Кесірің тиер, үйден шық,
Жоқ болып едің жеті жыл,
Атамның сөзін тыңдамай.

Мамай осы сөзді айтып кейіген соң Смайыл топаяқ үйден шығып кетті. Бір күндері жаны ордада отырған Орақ Мамайға келіп мына енген ноғайдың екі есесі Жаңбыршының баласына ауып кетіпті деп сөз қылып еді. Мамай үйден шық деп кейіді. Мамай кейігенсоң үйден шықты да жүре берді. Бір күндерде топаяқ жана ордаға келіп Орақ Мамай оңаша отырғанда баяғы Телағыс Күнкені артық болыпты деп тағы сөз бастады. Сонда Мамай керегенің басындағы алмасқа қарап: — «Осыны шапсам қайтеді», — деп шабайын десе тумасы шаппайын десе қайдағы жаман сөздің басына мінеді. Мұны ойланып Мамай отырғанда

Орақ батыр Смайылдың сөзіне сөз айтты. Сондағы — Сағынып келген бала еді

3470 Осыменен үш келді,
Кейімеші, хан Мамай,
Нені біліп ескереді.
Тудым дейсің он екі,
Мен болмасам Мамаймен
Мұсаның басқа баласы
Не қылайын тек қара,
Әшейін-ақ көшке ерді.
Қайта-қайта келесің,
3480 Не қыламыз біз оған,
Білмейсіндер еш жөнді.
Не бітіріп жүрсіңдер,
Көп болғанмен, айт қане,
Оның тегіс өскенде,
Қалуым рас, Смайыл,
Сен жоғында далада.
Екі келіп, екі кеттің,
Қайтып келдің жана да.
Қоралы қой қаптаған
3490 Жайылып жатқан далада.
Жалғыз бөрі шапқанда,
Оған тоқтау бола ма?
Басқа қиын іс түссе,
Көп болғанмен пайдаң жоқ,
Жарамайсың қараға.
Серіктес болар жерің жоқ,
Болмаса тек тілдерің.
Жақынменен жау қылма,
Маңайыма жолама.
3500 Көрінбе менің көзіме,
Салмаймын құлақ сөзіңе.
Күнде келіп қоймайсың,
Не керек сенің өзіңе?!
Телағыс, Күнке екеу деп,
Мас боласың көбіңе.
Қарамайсың өзіннің

Нашар туған кеміңе.
Қайрат қылар біз де екеу,
Басыңа қиын іс түссе,
3510 Жаманның болмас серігі.
Қайрат берме шағыммен,
Жүре бер енді жөніңе.
Айтшы, Смайыл, жөніңді
Не келіп жүр көңіліңе?
Дұшпан жақсы қамданған,
Қара шықпас туғаннан.
Не қылайын халық ауса,
О да мырза Едіге.

Орақ осыны айтқан уақытта Смайыл топаяқ қолын, қусырып түре келіп, мына сөзді айтып толғапты:

— Құлдығым бар Ореке,
3520 Айтқаныңа тұрайын.
Жеті жылдай жоқ қылды
Себеппен Құдайым.
Ел арылып, халық кетіп,
Сендерге түскен уайым.
Жалғыз тастап кетіпті
Бірге туған жұбайың.
Қарамай көшіп кетіпті
Қамқорын соққан ноғайың.
Білуің рас жаманның,
3530 Серіктігі болмайды
Сөзің дұрыс мұғайын.
Қолдан келген жұмысқа
Бойымды неге балайын.
Күресіп жығып беруге,
қолымнан келмейді.
Айлалап тура қарайын,
Сөзіңе тұрсаң, Ореке.
Бірін-бірі көрместі
Мықтап араз қылайын,
3540 Сөзіңде тұрсаң, Ореке.
Бірі өлсе, бірі көрмес,

Жау қылайын арасын.
Үлгірмес бағың өлтірмей,
Жаңбыршының баласын.
Ізіндегі құртайық
Күнке балуан қарасын.
Жалғыз сонсоң не қылады,
Халық біледі шамасын.
Байтақ елге сонан соң,
3550 Емін-еркін қаласың!
Халық тізгінін аласың,
Айтқан сөзге тұрасың.
Қолыңды бер, Ореке,
Білейін сөздің ырасын.
Маған міндет бұл болсын,
Жау қылайын екеуін,
Жаңылдырып тобасын.
Әкелейін інісін,
Көрместей қылып ағасын.
3560 Әкеліп берсе қолыңа,
Білгеніңді қыласың,
Алмасыңмен қиясың.

Смайыл топаяқ Ораққа аразын мен қылайын бірі өлсе, бірі көрместей жік салып інісі Телағысты жалғыз қолыңа алып келейін. Бірақ өлтіруін сіз өлтір деп айтты. Орақ ақкөңіл адам айтқанынан аса алмай бұл сөзге Мамай отыра берсін Орақ пен Смайыл қол алысып топаяқ орнынан тұрып Жаңбыршының балаларын жау қылмаққа жүре берді. Орақ — үлкен, Мамай — кіші. Мамай жек көрді сонда да Орақ айтқанынан қайтпайды. Айтқанын қылмады бұл екеуі қол алысып жатқанда не қыларын білмей есінен танып отырды. Жаңағы Смайыл топаяқ сол бойымен Күнке — үлкен, Телағыс — кіші. Күнкенікіне барып аунап-қунап аға-жеңгелеп жатып-тұрып жүріп бір күні оңаша Күнке мен сөйлесіп отырып мына сөзді Күнкеге айтыпты:

— Сөзімді тыңда, балуан,
Бәріміз де мырзадан.
Бұзылған екен бұ заман,
Біздің отан болмаған.

Сөз қылып сыртыңнан,
Осы күнде көп адам
Халықтың бетін көре алмай,
3570 Өліп жүрмін мен соған.
Атаңа нәлет әйелдің
Қылған ісі тым жаман.
Не оңар дейсің түбінде,
Ұятты білмей ойнаған.
Дәнеме жоқ ақ көңіл,
Кішінің қамын ойлаған.
Артық туған ағеке-ау,
Ерді әйел алдаған.
Халықтың сөзі болса рас,
3580 Едігенің артынан
Ұзап оты жанбаған.
Жетісіп едің жана да,
Кеңес тарқап ордадан.
Есітуім шын болса,
Бізден төмен баланы
Құдай мықтап қараған.
Бір сөзім бар естіген,
Айтпасам аузым бармайды.
Жақсы көріп бұл сөзді,
3590 Дұшпан адам сізді қимайды.
Шайтанға ерген екі жас
Еткен ісін қоймайды.
Бұл сөзді айтып жүргізбе,
Жұрттың бәрін шарлайды.
Бұзық қылған немені
Құдайы неге алмайды.
Алғанменен не пайда,
Іс өткен соң суық сөз
Тұқымнан біздің қалмайды.
3600 Сізден артық бейбақ
Табады екен қандайды?!
Бір кісінің баласы
Несін залым талғайды?
Аузым бармай отырды
Айтуға, аға, күнімен.

«Қайтпайды деген мақал бар,
Шешініп суға түрінген».
Мына байтақ көп елге
Өсекке Ағыс ілінген.
3610 Өзіңнен басқа адамға
Мағлұм болып білінген.
Қатыныңа талақ сал,
Жібер итті шынымен,
Құтыла көр көрімнен.
Көңілім иттен жеркенген,
Жар табылар бір адал
Мына байтақ еліңнен.
Көңілім қалды көрместей
Телағыстай еріңнен.
3620 Шайтан залым азғырып,
Көңілі шошқа бүлінген.
Халық жүргізбейді мат қылып,
Балуанның қатыны
Тамыр болды таңдап, — деп,
Телағыстай ініңмен.
Күнке сонда сөйлейді:
— Кет, көзіме көрінбе,
Жүре бер, залым, жөніңе.
Орақ, Мамайды күңіркеп,
3630 Жерге кірдің көріне,
Мубтәлә болдың періге.
Сөздің түрі тым жаман,
Кінә қойдың еліме.
Қай жеріңнен ар келед,
Адам бейнең бұзылған,
Қарап тұрсам түріңе,
Келме менің шеніме.
Неге қиып берсе де,
Қатынымды ініме
3640 Жақындығың ұстаса,
Екеуін түсір ебіңе.
Кінәсін қойсаң бұлардың,
Күнкеге оңай өлімі.
Екінші келме мұны айтып,

Алмаспенен бөлемін,
Сазайыңды беремін.
Есіткішін қарашы,
Сиқы жаман неменің!
Ақырын істің көремін,
3650 Тірідей сені көмемін.
Сынау үшін мұны айтпа,
Не болып жүр керегің?
Былшылдамай үйден шық!
Білдірдің сөздің дерегін.
Бұ не деген сұмдық сөз,
Жарғандай адам жүрегін?!
Мына сөзбен жүргенде,
Бұл халықтың қоспассың
Біреуіне-біреуін.
3660 Кет, көзіме көрінбе,
Қалай сөзі залымның,
Секілденіп жиенім.

Күнке мұны айтқан соң үйден шығып кете берді. Бір күндерде Жанада оңаша Күнкеге келіп сөйлесе-сөйлесе келіп мына сөзді айтып толғады:

— Айтып едім Күнкеке-ау,
Ана күні шынымды-ай.
Кейіген соң байладым,
Үйден шығып тілімді-ай.
Жібердің бе занталақ
Үйіндегі күніңді-ай?
Кінә жоқ қой Ағыстан,
3670 Бұзған сол ғой ініңді-ай.
Табылмай ма бір қатын
Мұнан артық білімді-ай?
Керегі не осының,
Тек сендерге білінді-ай.
Жіберсейші сол итті,
Мына елге залымның
Қаралығы білінді-ай.
«Қатыны кетті деп айтады» деп,

Келетін шығар көңліне-ай.
3680 Мұнан кінә жұқпайды,
Жіберсейші итті деп,
Айтып отыр елінде-ай.
Азарына шыдамай,
Алмаспенен бөлсең де,
Және айтамын сөзімді-ай.
Осылай, Күнке, расым,
Не қыласың, өзің қыласың.
Маған түсер пайда не,
Ағайынның жау қылып,
3690 Айырғанда арасын.
Халық айтқан соң кінәсін,
Балуан онда өзің біл,
Қатыныңның кешсең кінәсін.
Айтып едім, өзің біл,
Атаңа нәлет мұрдардың
Ісінің қылған қиясын.
Тыңдамасаң сөзімді,
Айналдырған басыңды,
Қатын оқып дұғасын.

Күнкеге топаяқ бұл сөзді айтқан соң тағы кейіп жіберді кейіседе көңліне бір зор құқ түсіп күннен күнге үлкейіп шер болып ойлады. «Осы шіркін не айтып жүр мұны бір абайлайыншы», — деп, аулынан түскен кейін бәлен жаққа барамын деп аттанып кетті. Мұның аттанып кеткенін Смайыл топаяқ көріп ойлады: «Осы менің сөзіммен ылағайын деді ау бұл осы түн қатып келер», — деп, ауылдың сыртында жасырынып жатты. Ел ұйықтап қалған соң орнынан тұрып Телағыстың үйіне келіп ұйықтап жатқан Телағыстың тебетейін (Тақия) ұрлап алып Күнкенің әйелінің ат жағына тастап кетті. Манағы кеткен Күнке түн ортасы уағында қайтып келіп атын анадай жерге байлап өзі үйіне жаяу кіріп, от жағып қараса қатынның ат жағында інісінің тебетейі жатыр. Мұны көріп рас екен деп үйіне келіп қатынды тұрғызып үйін жықтырып сол түнде көшті.

Ойлаған ойы іргемді босқа салып жау болатын қатынды оңаша өлтірейін деп ойлап сол ойымен тірі жанға білдірместен көші жөнеліп кетті. Мұны Смайыл көріп жатыр. Көш жөнеліп

кеткен соң енді екеуі жау болғанын біліп айдауымен таңға жақын Орақ ұйықтап жатыр еді соған келіп тоқтап Орақты оятады. Сондағы сөзі:

3700 — Ау, Ореке, түнеугі
Уәдеңде тұрмысың,
Қайратыңда жүрмісің?
Бітірді інің Смайыл
Мойынға алған жұмысын.
Көрмейтін қылып айырдым
Күнкенің інісін.
Ыдырады бастары,
Жеңді сіздің ырысың.
Өлтірсең қалды оңаша,
3710 Өлтірейік тез-жылдам
Біріне қоспай бірісін,
Иттер сонсын құрысын!
Бұл екеуі жоқ болса,
Басқа халық келеді
Сонда бізге күні үшін.
Бұл күнде халық ала жүр,
Артық көріп олардың,
Біздерден аға туысын.
Түнде көшті Күнке
3720 нісінен бөлініп,
Өз-өзінен бүлініп.
Міндетке алған жұмысқа
Кідірмедім ерініп.
Екі неме-ақ күйдірді,
Көңілдері желігіп.
Дыбысы кетті иттердің
Біраз жерге білініп.
Ықпалы артып баратыр,
Іс көрмесе сүрініп,
3730 Бірін көрмес бірі өлсе.
Беттеріне түкіріп,
Көңілі қалды Күнкенің,
Інісінен түңіліп.
Бітірген соң жұмысын,

Келдім, аға, жүгіріп.
Сонда Орақ сөйледі:
— Айтқан сөзін ұмытпай
Бұл ағаң да жүр еді.
Атадан артық екеуі,
3740 Олар да біздей ер еді.
Көріне қалсақ орайсыз,
Сыбаға бізге береді.
Жана халық біледі,
Көріне барып ұрыссақ.
Жалғыз да болса Телағыс
Жастығын алып өледі.
Әрі ноғай күледі,
Жасырын қылсақ жөн еді.
Табылмай тұрмын іретін,
3750 Қалай болад себебі?
Смайыл сонда сөйледі:
— Мұның рас, Ореке,
Өзі білер деп едім.
Мен үндемей тұр едім,
Бұрыннан ойлап жүр едім.
Мен табамын жан білмес
Өлтірудің себебін.
Білдірмеймін дерегін,
Айланың жөнін білемін.
3760 Жау жаулауға қасында
Болмаса да себебім.
Көркейтпекке сендерді,
Менің дұрыс тілегім.
Өлтірейік амалмен
Әуелі мұның біреуін.
Күнке қалып не қылат,
Сындырған соң Ағыстай
Артындағы тіреуін?!
Басыңды көтер, Ореке,
3770 Мамайдың басқа баллардың
Бәрін үйге жияйық.
Білдірмеске бата оқып,
Аузымызды тияйық.

Осы бүгін ел жинап,
Той-мереке қылайық.
Бермейік хабар Күнкеге,
Телағыстай батырды
Тез шақырып алайық.
Күндіз ойын, ат шауып,
3780 Кеш болған соң тарқайды
Ойынға келген көп халық.
Оңашалап Ағысты,
«Ойында бол кешке» деп,
Ауылға алып қалайық.
Елдің алды жатқанда,
Арақ-шарап ішісіп,
Күшімізді сынайық,
Мойнымызға байлайық.
Бір-бір жұмыр бүйенді
3790 Біздер соған құяйық.
Ол ішкен соң мас болып,
Құлап қалар тырайып.
Жығылып жатқан жерінде
Атамнан қалған ақ алмас
Басын шауып қияйық,
Күресіне тығайық.
Бастаған соң бұл істі,
Тез өлтіру лайық.
Артық туған неме ғой,
3800 Жалғыз қалсын шұнайып.

Сонда Орақ Смайыл сөзін мақұл көріп, Мамайдан басқа бар інісін шақыртып алып, Мамайға білдірмей келесі кешке Телағысты өлтіреміз деп уәде қылып мал сойып бата қылады. Смайылдың айтқан ақылының бәрінде інілеріне баяндап Мамай білмейді Ертегісін Орақ тұра салып ханнан басқа інілерін шақырып алып үй тіктіріп мал сойып той қылып ноғайлыға шақырушы жібереді. Түндегі көшіп кеткен Күнкеге хабар жоқ.

Телағысты шақыртты Телағыста не қыларын білмей тарығып отыр еді. Мажырап сәскеде тұра келсе, басында киіп жатқан тебетейі жоқ, далаға шықса жалғыз ағасы көшіп кетіпті. Қайда

көшкенін білмей әйтеуір жөнін айтпай көшкен соң өкпелеп көшті ғой ешбір қылған жазығым жоқ еді деп ойланып үйіне кіріп не қыларын білмей отырғанда бір атты адам келіп үйге кіріп бүгін батыр хан той қылып елді шақырып жатыр. Соған сізді алып кел деп еді хабар берді өзі жалғыз қалып тарығып отырған батыр хан шақырды деген соң барайын деп арқандаулы тұрған атына қатынына бар деп еді қатыны үндемеді жана бар деп еді үндемей отыра берді қатын тілін алмаған соң батыр кейіп алмасына қарап қатынға айтқаны:

Естимесің, а, шошқа,
Әкел деймін атымды-ай.
Орныңнан жылдам тұр,
Бедірейіп отырмай.
Ішім толып отырмын,
Адамның қалып жұртында-ай.
Тастап кетті бауырым
Телағыстай батырды-ай.
Осыншама не қылдым,
3810 Жөнін айтпай жақынға-ай!
Енді солар болмаса,
Мен барамын қаяққа?
Әрі өздері шақырды-ай.
Өзім күйіп отырмын,
Әкел деймін атымды.
Қылышпенен шабармын,
Өшімді сенен алармын.
Жылдам әкел, а, шошқа,
Мерекеге барармын.
3820 Мына ісін айтамын
Түнде көшкен ағамның.
Кінәм болса халық білер,
Мойныма алармын.
Көшіп кетті туғаным,
Олардан басқа кімім бар?!
Мұңымды барып шағармын,
Күнәмді қойса мойныма,
Адамдығым құрысын,

Батыр кейіген соң қатын барып атын әкелгенше бұл өзі киініп әзірленіп әкелген атты ерлеп мініп жүре берді. Сонда қатын оң босағаға арқасын сүйеп тұрып сөз сөйлейді:

— Асықпа, батыр, асықпа,
3830 Жолығарсың өңшең жасыққа.
Кешегі күні жау болып,
Жолдасың кетті қашыққа.
Жолдасың жоқ қасында,
Хан шақыртты деп масықпа.
Мұсадан туған он екі ұл
Аузын бірлеп алмасын,
Әнжі қулық салмасын.
Кешегі күні жау болып,
3840 Қасыңнан көшті жолдасың.
Адам ермей қасында,
Қайда кетіп барасың
Шошайып жалғыз бір басың?
Байға түрін, жолбарысым,
Абайла, батыр, абайла,
Өзіңе жазым болмасын.

Сонда Телағыс аттың басын тартып тұрып қатынға айтқаны:

— Қотанды қой шабар ма,
Аш арыстан бөріге?
Адам тиер болар ма,
3850 Мен секілді серіге?
Тисе тісін о мұрдар.
Жау бола қойса жерігі,
Орақ, Мамай сау болса,
Неге түсін, а, шошқа.
Күндердің күні болғанда,
Өзіне бір керек еріне.
«Алла» деп мініп мен тұрмын
Күн маңдайдың беліне.
Кім келеді шеніме,
3860 Нан піседі деміме.

Ағам кетіп қасымнан,
Бұлар да залал ойласа,
Жықтырмаған бәрі де,
Баласы мынау Едіге.
Бітеу шара болғанша,
Жау болайын көріне.
Бәрі тіке қас көрсе,
Кетейін қаңғып жөніме.
Бүйтіп тірі жүргенше,
3870 Жатайын мекен көріме.
Кінәсіз кетіп туғаным,
Симай тұрмын теріме.
Әзалда жарса амал жоқ,
Жан тұрмайды ебіңе.
Көңіліңе алма уайым,
Ақ көңіл туған батырмын,
Келермін аман үйіме.

Мұны айтып Телағыс батыр тойға барды. Тойға барса ағасы жоқ ағасы жоқ болған соң айтайын деп барған сөзін көпке айтпады мереке көріп жүре берді. Есепсіз көп адам келген екен. Сол көптің ішінде ноғайлы Мұсеке деген бір аты шыққан мырза бар еді. Бұл Мұсекенің аты шыққан екі тұлпары бар еді біріншісі шекерсін басты кер бедеу, екіншісі — Телжалмаған күрең ат деген. Бұл Телжалмаған күрең атты міниіп, келіп тойға қосты. Тойдан жалғыз келіп тұрғанда Орақ батырдың атқа көңілі ауып сол атты Мұсекеден сұрап Орақтың айтқаны:

Ноғайлының ішінде
Мұсеке мырза сен едің,
3880 Батыр Орақ мен едім,
Басымыз бастас тең едім.
Көптен бері бір істі
Ойыма алып жүр едім.
Күрең атты маған бер,
Дос болайын деп едім.
Менен де ал керегің,
Кәдірімді білет деп,
Көп ішінде тіледім.

Ұлықсат етсең атыңа,
3890 Құтты болсын айттырып,
Бұл қалай, мырза, мінемін?

Сонда Мүскенің Ораққа қайырған жауабы:

— Мырза деп мақтайсың,
Жана бізді батыр деп.
Батыр аңқау болады,
Бірақ сізде ақыл көп.
Керегіңді ал дейсің,
Өз ойыңа мақұл деп.
Атымды беріп астымда,
Мал алам ба ақым деп?
3900 Жарамайды мұндай еп,
Достығыңнан қашпаймын,
Беретұғын атым жоқ.

Сонда Орақтың айтқаны:

— Ер дедің бе, а, мырза,
Ат сұраған кеңесім.
Мырза екенің бекер ме,
Мейманға берген көбесін.
Батырым деп сені мен
Сөздің жөнін айтамын.
Болмаса жоқ егесім.
3910 Достығыма бермесең,
Саудасына берерсің.
Сегіз жүз бие берермін,
Ішінде бар құлыны
Еміп жүрген енесін.
Атыңа сат, а, мырза,
Бұл саудама не дейсің?

Сонда Мүсекенің жауабы:

— Мен атымды сатпаймын,
Сатамын деп айтпаймын.

Көбейтіп малды бақпаймын,
3920 Байып үйде жатпаймын.
Керегі жоқ жылқыңның,
Талайын бақтым шіркіннің.
«Атын сатып байыды» деп,
Астында қалман күлкінің.
Он алты жүз жылқыға
Тел жалмаған күреңнің
Сипатпаймын бір түгін.

Сонда Орақтың айтқаны:

Телжалмаған күреңді
Мінесің де жүресің.
3930 Сұраған досқа бермейсің,
Берместі қайдан білесің.
Сат десе жана сатпайсың,
Құр атыңды мақтайсың,
Атпенен пайда таппайсың.
Білдірші маған жөніңді,
Қай сапарға шегесің?

Сонда Мүсекеден:

— Не дейсің, жаным ау, Орақ,
Олай демей тілің тарт!
Мен де өзіңдей асылзат,
3940 Кәдірін біліп жүмсаса,
Әркімге де керек тұлпар ат.
Мені де білед, ау, Орақ,
Сені білген бөтен-жат.
Барасын деп қаяққа,
Кекетіп, Орақ, өй деме,
Олайынша сөйлеме.
Олай десең, өй десең,
Олайынша сөйлесең,
Сенің мына сөзіңе
3950 Тоқсан тоғай толғанса,
Он сан ноғай қозғалар.

Он сан ноғай қозғалса,
Сенің бұл жерің бұлғанар.

Мұсекеге мұны айтқан соң Орақ Қайырып жауап айтпай мерекесін ойната берді. Күндіз үйінде ойнатып болған соң мұқсат беріп жұрт тарқап кетті. Баяғы Смайыл айтқандай Телағыс аулына қайтып бара жатыр еді. Орақ шақырып алып айтты сен қайтпа бүгін қонақ бол Мұсаның он екі баласы сенімен он үш болып бір тамаша қылайық дейді. Телағыс бұл сөзбен қайтпай ордаға қонды. Ордаға кіріп арақ, шарап ішті. Енді бұлар мұнда ойынын ойнап жата берсін ендігі сөзді манағы Телағыстың әйелінен айтамыз.

Бұл әйел бір дәруіш қожаның қызы еді. Байы Телағыс кеткен соң батылмен білсін, ақылмен білсін бұл Телағысты өлтірейін деп алып кеттау деп, қой мен түндегі көшкен қайнағаға барайын ол да тойға кетсе ештеңе жоқ шығар мәдәр тойға бармай үйінде болса бір сұмдық болған шығар деп үйіне келіп байы тойға кеткен соң есігін сырттан бекітіп түнде көшкен көштің сүрдігіне түсіп жүре берді. Өкпелеп көшкен адам ұзап кеткен екен, ел жата Күнкенің үйін тапты желкесінде боз тарлан ат арқандаулы тұр атты көріп қайнағасы үйінде екенін біліп үйіне кірмей қайнағасының тұсына келіп жылап толғап қоя берді:

Үйдемісің, қайнағам,
Дүздемісің, қайнағам?
Ұйқыдамысың, қайнағам,
Ояудамысың, қайнағам?
Қайығым ғарық болғанда,
Ескегім болған қайнағам.
3960 Сабым суға батқанда,
Таяуым болған қайнағам.
Төбемнен боран соққанда,
Тірегім болған қайнағам.
Қашаған атқа жолықсам,
Ұзын арқаным болған қайнағам.
Қаптаған жауға жолықсам,
Дарқаным болған қайнағам.
Қырық мың жығын кез келсе,
Жалғыз-ақ өзі ойнаған.

3970 Жалғыз інің Ағысты
Ажалдың оғы айдаған,
Менің сорым қайнаған.
Бозтарлан атқа мінсейші,
Қаттама тоның кисейші,
Қайыңнан садақ ілсейші.
Не болды екен жалғызың,
Ізінен барып білсейші,
Көзіңменен көрсейші.
Жазым болса жалғызың,
3980 Өз қолыңнан көмсейші.
Үйде жатар болар ма,
Бауырдың жайын ойлаған.
Қос құлағын қайшылап,
Арқанда тұр тарлан боз.
Өлімге кетті ініңіз,
Ажалға душар болды кез.
Екеуіңді айырды
Әнжі беріп шағым сөз.
Бұрынғының айтқаны
3990 «Ағасы болат көк теңіз».
Бауырың кетті өлімге,
Ұмытылмай ма өкпеңіз?
Өкінерсін соңынан,
Шөп тиіп ұқсап жалғыз көз.
Мұсадан туған он екі ұл
Өлтіруге әкетті.
Атыңа мін жылдам, тез!
Бір биенің екі емшек
Бірінен соң сүті жоқ.
4000 Бір түйенің екі өркеш
Бірінен соң күші жоқ.
Өзім келіп айтпасам,
Сенімен адам ісі жоқ.
Екеуің бір күнде өліп қалсаң да,
Жан ашып іздер кісі жоқ.
Мұсадан туған он екі ұл
Аузын бірлеп қас болды.
Шайтан Әнжі бас болды,

Көптігіне мас болды.
4010 Немере жерін қас көрді,
Араға шағым сөз айтып,
Айналдырған екеуің
Бір-біріңді көрместі,
Әнжі қу келіп қас қылды.
Кінәңді айтпай көшкенде,
Жақын көріп оларды,
Барамын деп ексіді.
Тез бармасаң артынан
Нахақтан жазым қасқа өлді.
4020 Төсектен тұрсақ, қайнаға,
Үйің жоқ та жұртың бар.
Басшым кетіп бастаған,
Болып бізге дүние тар.
Араз болып көшкенге,
Туғандарың қуанар.
«Той қылды Орақ келсін» деп,
Торығып тұрған батырға
Жетіп келді бір хабар.
Белгілі халыққа той болса,
4030 Орныңыз бар сіз де барар.
Жалғыз інің Ағысты
Өлтіруге айласы,
Орыны жоқ той қылар.
Ақ көңіл туған арыстанды
Осы түнде жәй қылар.
Арақ беріп, мас қылып,
Айлалап залым қас қылар,
Ақ алмаспен қан қылар.
Қиянатты көрмесең,
4040 Өз көзіңмен сезбесең,
Артыңдағы жалғызға
Орның келді тез барар.
Біз секілді мұңлыққа
Сіз болмаса кім қарар?
Мұсадан туған көп бала
Масықты артық туған соң.
Ішімді тартып қорықтым,

Түнде айрылып қонған соң,
Сөзіне Әнжі нанған соң.
4050 Арқалайды ханға ерген
Деген сөз бар қаңқасын.
Қайтып адам боласың,
Сұрқия тілін алғансын.
Не қылғаның, қайнаға,
Сөзіне сеніп Әнжінің,
Аузына құймай қорғасын.
Өлтіруі оп оңай,
Қанатыңды қиған соң,
Айналаңды жиған соң.
4060 Тез атыңа мінбесең,
Өлімге кетті жолдасың.
Жалаң аяқ, жалаң бас
Жалғыз інің жолыңа
Перуана болды бұл басым.
Қайнағаны сорымның,
Батыр өліп қалғансын.
Атам басқа болса да,
Тумаңның бердім хабарын.
Жалғыз інің Ағыстың
4070 Мен білемін, қайнаға,
Адалы мен арамын.
Бала қалса, мал табар,
Қатын қалса, бай табар.
Ақтың ісін қайтейін,
Мойныма аламын.
Абайлап қара, қайнаға,
Бәрі де дұшпан ағайын.
Жолдассыз қалып опынба,
Жақынның көріп залалын.
4080 Тез мінбесең атыңа,
Өткізіп алып опынып,
Орны бітпес жараның.
Сіз болмасаң қорғаным,
Енді қайда барамын.
Өтірік сөзге өкпелеп,
Ұмытпасаң өкпеңді,

Жазғаны шығар Құдайдың
Жылдам алдыр бозыңды-ай.
Айттым білген сөзімді-ай.
4090 Араға Әнжі сөз айтып,
Оймаққа жүр көзіңді-ай.
Өлтіруге әкетті
Жалғыз інің Ағысты
Ере жүрген ізіңде-ай.
Қастығы Мұса баласы
Үлкен сізді шақырмай.
Армандығы ойласаң,
Осы арадан білінді-ай.
Барма деген қатынның
4100 Алсын ба батыр тілін де-ай.
Екеуіңді айырып,
Мұсаның үлкен аңқауы
Осы күнде күйінді-ай.
Соның тілін алғаннан,
Істеп жатыр жиынды-ай.
Қайдан білсін қасқалар,
Біз мұрын сары сау болса,
Тағамай қоймас бір жерге
Оларды да-ай түбінде-ай.
4110 Дұшпандарын дос көріп,
Ақ көңіл туған арыстан
Отырған шығар албырап,
Кеңеске тіккен үйінде-ай.
Атың мін, балуан,
Не айтып тұр бұл пақыр,
Сынасайшы келінді-ай.
Енді менің болғаным
Тез бармасаң, жоқ қылар,
Телағыстай іниңді-ай.

Күнке балуан келіннің сөзін естіген соң Күнке ойындағы өкпесін ұмытып кетіп әй қатын атымды әкел жүремін деп қамдана берді. Қатыны арқандаулы тұрған боз Тарлан атты алып келгенше үстіне қаттауын киіп қаруын асынып ертоқымын қолтығына қысып үйден асып-сасып шығып тұрды.

Бауыр деген жаман ғой жылдам атына мініп ханның аулына қарай аттың басын жіберіп Әнжінің тіліне ергеніне опық жеп келе жатып толғап келеді.

4120 Не қылғаным басында
Топаяққа ергенім,
Інімді дұшпан көргенім,
Әттең қалтақ дүние-ай!
Шағым айтып келгенде,
Әдебін неге бермедім.
Басында мұны білмедім,
Өткіздім бе ісімді,
Босқа кетіп жақынға
Болсын деген еңбегім?
4130 Аламға ие Құдірет,
Көңлім ақ адаммын,
Өзіңе әлі сенгенім.
Мен мұндайды білгенде,
Сөзіне қудың ерем бе?!
Немере жақын адамды
Дұшпан ба деп білем бе?!
Айналайын, бауырым,
Нахақтан саған өкпелеп,
Жазатайым іс болмай,
4140 Екі көзіңді көрем бе?!
Іргем бірге тұрғанда,
Қиянат ойлап ноғайлы
Едіге түгіл келе ме
Қапы өтеді ерден іс.
Міне, осындай болмаса,
Жазым істің себебі.
Өлтіреді-ау мен бармай,
Қарағымды айлалап.
Тапқан екі дұшпанды
4150 Жау жағынан қармалап.
Не қылайын басқасын?
Айтпай ма екен Мамай да
Алды-артыңды ойла деп.
Сұрады-ау мекер қу Әнжі

«Күнке, Ағыс қайда? деп,
Келмеді ме тойға?» деп.
Аударды-ау көңілін батырдың,
Оңбайды Күнке ол ма деп.
Қарағым менің жау ма екен,
4160 Әзір аман бар ма екен?!
Смайыл деп жүргенім
Нағыз шайтан Әнжі екен.
Осы ойынның ішінде
Бар ма екен бірге Мамай да,
Ауылда ма екен қайда екен?
Қорған бізді құртқанда,
Оларға қандай пайда екен?!
Қарағыма асырып,
Айдадым қатты тарланды.
4170 Орақ, Мамай жоқ шығар,
Смайыл өзі-ақ қылған-ды.
Бастаса да басында
Ағысқа батпай көп жаман,
Бұзық ойын қойған-ды.
Күндіз ойын тарқатып,
Кеш болған соң қарағым,
Ордасына Мамайдың
Жайланып бүгін қонған-ды.
Кеткен соң жалғыз зайыбы,
4180 Келіп қорқып барған-ды.
Орақ, Мамай жоқ болса,
Бата алама Ағысқа?
Жалғыз да болса қарағым,
Қалай жазым болады?
Қарсыма-қарсы қағысса
Бәріне де болады.
Ашуланып алысса,
Жарылып өлді-ау жүрегі.
Ол он екі, бұл жалғыз,
4190 Біреуімен алжасып,
Басқалары болысса,
Не істесе түнде істер,
«Кетті, — деп — Күнке алысқа».

Көптігін қылды-ау шіркіндер,
Жазым болып қалды ма?
Не қылады бір басы,
Бәрі бірден жабысса.

Осыны айтып Күнке асығып жүріп келе жатыр айтар ауызға жылдам түн ортасы ауып бара жатқанда ханның ордасына келіп орданы көргенде бір қиял ойына келді. Қатын біліп айтып жүрме білмей айтып жүрме атымды осы араға байлап жасырынып барып сығалайын інім қайда екен өлтіріп тастаса кіріп барсам мені де өлтірер деп осы ой көңіліне келіп атын байлап жаяу жасырынып барып ол күнде үй үйді тормы дейді жабықты бормы дейтін еді. Жанындағы пышағы мен үзікті тіліп сығаласа ордаға шам жағып Мұсаның он екі баласы түгел Телағыс қақ төрде екі көзі қызарып аузынан көбік ағып мас болып отыр екен дым білмей бұлардың ақ алмас қынабымен «сен шап сен шап» деп баталмай біріне-бірі беріп отыр екен жалғыз-ақ Мамай теріс қарап мына сөзді айтып отыр екен. Осыдан алданып кідіріп отыр екен болмаса алдағашан шауып тастайды екен. Сондағы Мамайдың сөзі:

— Бұл үйдегі, туғаным,
Осыларың рас па?
4200 Бәрің де ауып кетіпсің
Жазықсыз нахақ қиясқа.
Біз қалармыз далада,
Бұл істерің ұласса.
Халық жиналып, қара еріп,
Кіріп едік кеңеске.
Дос болып алып, қас болдың,
Бәріңе де болады
Отырып дұрыс егессе.
Залалын айтшы, мұрдарлар,
4210 Ноғайлыға біз түгіл
Жау келсе қорған емес пе?
Нахақтан мұны өлтірген
Осыларың дұрыс па?
Қарадыңдар ма атадан
Көп болған артық туысқан

Бәріміздің қорғаны.
Дұшпанменен ұрысса,
Бұл істерің жарамайд.
Туған түгіл, аға-інім,
4220 Атасы басқа орысқа.
Ел жиналып жана да,
Жайланып еді қонысқа.
Кінәсін қой мойнына,
Көп жауменен ұрысып,
Сендерден бұрын ығысса.
Өмірінің ішінде
Мал мен баққа алжасып,
Біреуіңмен қағысса.
Тілімді алсаң, тимеңдер,
4230 Үй жығатын дауылға
Тіреуім болған Ағысқа.
Ізіне ерген өлтірме
Күнкенің Ағысын.
Бұ да Едіге емес пе,
Емес қой, иттер, алысың?!
Халықты қайтып көреміз,
Бұл істерің құрысын!
Нахақтан мұны өлтірсең,
Шапағат қылмас пайғамбар.
4240 Ұяты да не қылсын,
Қарадыңдар бұзуға
Қолдарыңнан қорғанды-ай,
Алды-артыңды ойламай.
Тым болмаса атамның
Айтқан сөзін тыңдамай,
Мені алмай кеңеске,
Уәдеңді байламай,
Ойлағаным болмады-ай.
Тіреуі сынды, мінеки,
4250 Қолдан жықтың орданы-ай.
Көрмен дүзін батырдың,
Не болсаңдар болыңдар,
Мені енді қинамай,
Жүрегім істен ойнады-ай.

Өлтірген несі келесіз
Бұ не деген аламат,
Бауырлас жағын туманы-ай!

Күнке бұлардың түрін көріп не қыларын білмей кіріп барсам әуелә шабар сосын Телағысты шабар деп жылдам ізінен қайтып атының қасына келіп ойлады қатты ақырып-ақырып жіберейін менің даусымды есітіп інісін өзі өлтірсін деп ойлар деп Күнке ақырып-ақырып жібереді. Сонда үйде отырған Мұсаның балалары: — Япырым-ай біреу өлсе біреу көрместі қылып едім ғой тыңдаңдар інімді өзім өлтірермін деп едім атасы басқа мұрдарлар сендер өлтіріп тастадыңдар ау деп келе жатқан шығар онда алмасты жасырайық інісін өзі өлтіріп жаласына өзі қалсын.

Бауырым деп жаны ашып келе жатса онда әуелі соны өлтірейік сонысын Телағысты өлтірейік деді қысуда отырған адамдар мұның сөзін мақұл көріп тыңдай тұра қалды сонда Күнкенің ақырғандығы сөзі:

Қараңғы түнде жол жүріп,
Таппадым ханның ордасын.
4260 Ордаға кел бәрің де,
Орақ, Мамай қайдасың?!
Дұшпан шығып туғаны,
Құртты Күнке айласын.
Жарықта халықты көре алмай,
Жау болып тума жолдасым.
Аулынан табалмай,
Мен де іздеп келемін.
Қандайын деп алмасым,
Шабайын деп келемін
4270 Мен Ағыстың дәл басын.
Менен бұрын өлтіріп,
Арманда қылып тастады-ау.
Бірақ екі бірдей жолбарысым
Өлтірмесін неге оны?!
Кінәсін халық қойған соң.
Қолымнан шалып өлтірмей,
Тарқамады-ау ішкі шер,
Не қылайын сор басым.

Шақырмадың тойыңа,
4280 Мені Құдай ұрғансын,
Анайы тойды қылғансын.
Менен бұрын өлтіру
Сендерге де дұрыс қой,
Шайтанның тілін алғансын.
Басқа қылдым іргемді
Түнде айрылып көшіп-ай,
Көзімнен көріп ісін-ай.
Ісін біліп Ағыстың,
Құрыды менің басым-ай.
4290 Қайтып көрем халықтың
Ұялмай енді түсін-ай.
Ісінің біліп қарасын,
Толды менің ішім-ай.
Азарына шыдамай,
Келемін жаннан кешіп-ай.
Арманым болмас Құдайға,
Дұшпан болған Ағыстың
Алсам басын кесіп-ай.
Ерімді салдым тарланға-ай,
4300 Келемін жолда айланбай.
Өлтіре алмай Ағысты,
Болып жүр едім арманда-ай.
Бауыздап қанын ішермін,
Тірі жүрсем жалғанда-ай.
Атасы басқа немелер
Менің қолым тигізбей,
Ағыс өліп қалғанды-ай.
Дұшпандық қылып өз інім,
Елде мендей бар ма екен,
4310 Масқара болған сор маңдай?!
Смайылдан басқаң құрысын,
Естісеңдер де айтпайсың
Маған барып пайданды-ай.
Едігенің баласын,
Інісі мен ағасын
Алаламай Смайыл
Бәріне пайда ойлайды-ай.

Өлтірер едім, не пайда,
Есінің біліп қиясын.
4320 Қашқан шығар бір жаққа,
Бұл ауылда тұрмайды-ай.

Тыңдап қараса Күнкенің сөзі өлтіретін Әнжі бұл айтып келе жатыр екен енді қылышты жасырыңдар өз інісін өзі-ақ өлтірер деп ақ алмасты жасырып тастап дым білмеген кісі ұқсап жымжырт отыра берді. Белдеуге көк тарланды байлай салып үйге кірді. Үйге кіріп мас болып отырған інісін жағасынан ұстап бұл шіркінді далаға апарып бауыздап қанын ұрттайын деп сүйреп жүре берді. Сол сүйреуімен анадай жерге тастап қайтып келіп алмасын суырып орданың есігін басып тұра қалды. Кәне Мұсадан туған көп жаман бірің тырпетші алмаспен біріңді қоймай қырайын деп ақырып тұрды. Мамай бұрын ырза емес, Орақ қылған ісіне ұялып өліп отырды. Басқа жамандары қорқып отырды сүйтіп бір майдан тұрған соң мас болған Телағыс еті мұздап есін жиып бағанағы мастықтағы алмасты көріп өлтір деген сөзді біледі жана ағасының келгенін біледі. Бұл күнде есін жиып ағасын тауып шарбақтағы көлмаңдай атына мініп алмасын суырып орданың оң қапталына келіп ат үстінде тұрып Мұсаның балаларына мына сөзді айтыпты:

Күнекем келді қасыма
Ақ күн туы басыма
Сұрқияның алдау тіліне ермеңдер,
Сұрқияның алдау тіліне ерсеңдер,
Күндердің күні болғанда,
Саныңды соғарсың деген осы ма?
Бұғданың бойы боз қамыс,
Мен Жаңбыршы ұлы — Телағыс.
4330 Мұсадан туған он екі ұл,
Көптігіңе мас болма,
Бұ қылығыңды қой, байғұс.
Бұғданың бойы боз қамыс,
Қыстармын да жайлармын.
Күн маңдайды көріңдер,
Күнде азбарға байлармын.
Мұсадан туған көп жаман,

Жау білдің бе досыңды,
Ұмытпа, бәлем, осыңды!
4340 Күндердің күні болғанда,
Көпіген иттей бәріңді
Алдыма салып айдармын.
Жау қылдың, Әнжі, ұмытпа,
Көшіріп ағам қасымнан.
Істерің түрі тым жаман,
Жүрегім қорқып шошынған.
Өлтірмеген нең қалды,
Келмесе Күнке осыдан?
Орақ, Мамай бар ғой деп,
4350 Қауіп қылмай келіп ем,
Мен ойыма асылан.
Басқадан да екеуі
Дұшпандығын асырған.
Едігені жау біліп,
Азып туған немелер
Мұсахандай асылдан.
Өзіңді де білдіріп,
Бірақ ілгергіні кім білер.
Жеті жылдай жоқ болып,
4360 Шүңірек көз қосылған.
Мен — Жаңбыршы, сен — Мұса,
Мұнан былай достық жоқ,
Арамыз осы ашылған.
Едігенің ен аруақ
Сендерді тапсын қайтейін.
Бізді күндеп, артық деп,
Дуа тиген дұшпанның
Қасиетін қашырған.
Мұсадан туған көп жаман,
4370 Арамыз жақын бір табан.
«Өлтірем, — деп, — жазықсыз»,
Не қылып едім мен саған?
Нахақтан қан жуктеуге
Қорықпадыңдар Алладан.
Жақынменен жау болып,
Бәріңді Құдай қарғаған.

Бұл істің түбін көрермін,
Жата бер, бәлем, қош-аман.

Телағыс мұны атқа мініп тұрып айтқан соң інісінің есірік емес екенін біліп Күнкеде басып тұрған есікті босатып жалмажан белдеуге тұрған атқа мініп бұ да үйдегі Мұсаның баласына мына сөзді айтып толғады:

— Боз тарлан ат қарайды,
4380 Құлағын тігіп шабысқа.
Өзі болған ер жігіт
Шыдамайды намысқа.
Мұсадан туған көп жаман,
Қанды көзбен қарайсың
Кейінгі туған Ағысқа.
Қайратың болса қылсайшы
Бізден бөтен алысқа.
Жазықсыз бізді бүлдіріп,
Мынау ісің симайды
4390 Мұсылман түгіл, орысқа.
Біреуіміз хан болып,
Жаңа халық жай болып,
Жайланып едік қонысқа.
Шекарамды ашармын,
Ноғайлы түгіл көрермін.
Бастарыңа іс түссе,
Орақ, Мамай, тыңдаңдар,
Бізден жақын дос көрген
Тоқалдарың болысса.
4400 Астымдағы тарланды
Сұлымен жемдеп мінермін.
Үстіме көбе киермін,
Қарыма садақ ілермін.
Мұнан былай, көп жаман,
Белгіленіп жүрермін,
Не қыларымды білермін.
Мен кетермін айрылып,
Дүрсілдеген көп неме,
Көттеріңді көрермін.

4410 Жақын жерден тауыпсың,
Бәрекелді, қасыңды-ай.
Қас көрдің бе досыңды-ай,
Қас көрмесең досыңды-ай,
Іс қыла ма осындай?!
Кетейін айтып білдіріп,
Не берермін басымды-ай,
Не алармын басыңды-ай.
Күштеріңді аяма,
Кетейін айтып жасырмай,
4420 Білдіргенім жөнімді.
Мұсадан туған көп жаман,
Осылай жөні, осылай.

Күнке мұны айтып інісімен былай шығып жүре берді. Былай шыққан соң Телағыс қылышын қынабынан суырып, бұл бір-бірімізді көрместей іс болды. Арамыздан қан өтпесе көрерміз бұлардың біреуін өлтірейін ия болмаса өзім өлейін, — деп атының басын бұрып кейін қайтып жүре берді. Жана бұлар толғап-толғап кеткен соң Смайыл есікте отырған бәйбішенің бір баласы Алшағырға айтты. Жаңағылар қайда кетті әлде балашағаны қырып жатырма қарашы деді. Алшағыр қарауға далаға шықты. Далаға шығып қарап тұр еді Телағыс душар келіп, қолындағы суырып келе жатқан алмаспен Алшағырды шауып өлтіріп, ағасының соңынан желіп жүре берді. Бұл Алшағырдың өлгенін Мұсаның қалған он бір баласы білді, білседе Орақ Мамай өздерінің қылған ісінен ұялып, жер шұқылаумен қалды. Басқасы жаны ашыса да қууға қорқып қалды. Сүйтіп Жаңбыршының екі баласы аман кетті.

Келе жатып екеуі ой ойласты. Арамыздан қан өтті, бір-бірімізді көрмейтұғын іс болды енді бірігіп отыра алмаспыз себебі бұлар көп біз едік бұрынғының айтқаны бар еді «тентектің көңілінде болсаңда, көзінде болма» деген. «Бұлардың көзінде болсақ бір жерге болмаса бір жерде шалғысы тиер», — деп, екеуі мақұлдасып іргесін бөлек салуға қам ойлап түнімен ноғайлыға ат шаптырды хабар берді хабарында айтты. Бізді Мұсаның баласы күндеп біреуімізді өлтірейін деп жатқан жерінен аман қалып олардың біреуін өлтіріп кеттік. Енді біз көшеміз ноғайдың бізге ергені бізге ерсін мұнда қалғаны мұнда қалсын. Хабарды осы-

лайша берді. Бұл хабарды күллі ноғай есітіп, Смайылды жұрт атын қойды. Ҳамма халық Әнжі деп ат қойды. Мұнан былай Әнжі деп атанды. Бұл хабарды Мұсеке мырза есітіп, біреуін өлімнен алып қалып, біреуін олардың өлтіріп кеткен ерлігіне далада отырып, бойы балқып олар бүтін жұртқа барады.

Бөтен жұртқа барған адамды төрт нәрсемен қадірлейді жүйрік ит, қыран құс, тұлпар ат, сұлу қыз бұлардың қолында тұлпар аты жоқ. Едігемен дос болып Орақтың сұраған атын жана он алты жүз жылқыға сат дегенде сатпаған атын сол Телағысқа дос болып өзім апарып берейін деп бұл ойды мақұл көріп ағайындарын жинап Телжалмаған күрең атты Телағысқа дос болып беремін деп айтқаны:

Есіттіңдер ме, сендер де
Телағыс, Күнке хабарын?
Жау көріпті Орақтар
Өзінің тума адамын.
Ықпалы жүрмей қараның,
Өлтірем деп Ағысты,
Пиғылының жаманын.
4430 Үстіне барып Күнке,
Ағыс аман қалыпты,
Астында қалмай табаның.
Жана өлтіріп кетіпті
Кездейсоқ келіп екеуін
Алшағырдай жаманды.
Қараңғыда қапыл іс
Мықтай алмай қалауын,
Ісін мықтап бітірген
Бәрекелді, шабарым.
4440 Шекарамды ашам деп,
Шақырыпты жана да
Өзінің жақын ноғайың,
Олардан қалма сендерде.
Қара басыммен бірақ,
Орақ, Мамай қасында
Әзір көшпей қаламын.
Көшпейтұғын себебім,
Телжалмаған күреңді

Құшақтасып дос болам,
4450 Ағысқа алып барамын.
Бойым балқып еріді
Ерлігіне мұғайын.
Атымды беріп мен көшсем,
«Қорқып көшті мырза» деп,
Айтар халық сыртымнан.
Заманның білем солайын,
Шақырып алдым сендерді
Білдіруге жөнімді,
Осылай көңілім, ағайын.
4460 Телағыс, Күнке қос балуан
Бұларға мұндай ойлай ма?!
Көбейіп саны тумаса,
Жақынға залал ойлар ма
Мұсаның мына балларын
Қанасына толмаса,
Жазым болар біреуі.
Шекарасын айырып,
Басқа жаққа қонбаса.
Бұлар кетсе бір жаққа,
4470 Көрермін мұның көттерін.
Тоқалдан туған жетеуі
Бұлардан артық қорғаса.
Жат жерге барған адамды
Кім таниды сыр білмес,
Белгіменен бармаса.
Қыран құс пен жүйрік ит,
Тұлпар атты болмаса.
Күрең атты берейін,
Шалғып-шаршап мойымас.
4480 Дұшпан жерін алжасып,
Күні-түні ылғаса.
Дос бола ма бүйтпесе,
Көңлі кеткен адамға
Өзі іздеп бармаса.
Саудасы да келді ғой,
Көп жылқы Орақ берді ғой.
Іздегенім мал болса,

Берер едім оған да
Ерлігімен елірмей,
4490 Мекер мен ақ кем болса,
Әнжінің тілін алмаса,
Мен болдым деп масықпай,
Жақынға көзін салмаса.

Мұсеке мырза мұны айтып, атымды дос болып Телағысқа беремін деп, атын қосарға жетелеп, қасына бір қосшы ертіп Телағыс, Күнкенің аулына жүріп жер ортаға келгенде қасындағы адамның біреуін жұмсады. — Бар, Телағысқа хабар бер мен Телжалмаған күрең атты алып келемін деп біреуді оздырып жіберді. Ол адам Телағысқа хабар берді. Мұсеке мырза «Телжалмаған күрең атты саған дос болмаққа жетелеп әкеле жатыр» дегенде Телағыс шешініп жалаң аяқ отыр еді. Мәсісін киюге асығып шақырым жерден алдынан жаяу шықты. Жеті атасынан шынжыр төре, жаяу алдынан келе жатқан соң Мұсеке аттан түсіп жаяу жүрді.

Сөйтіп құшақтасып, екеуі дос болды сонда Мұсеке мырза көпті көрген адам еді екеуі құшақтасып көріскенде төсіне ақ мақта қойып көрісті.

Достыққа көңіліміз ақ мақтадай жұмсақ мақтадан ақ болсын деп сүйтіп аулына келіп күрең атты тастап Мұсеке атқа мініп аулына қайтайын деп тұрғанда Күнке Мұсекеге: — Біз бөтен жат елге барамыз күрең атты әкеліп беріп тұрсын жүріс болар тұрыс болар ұрыс болар қолынан баққан Телжалмаған күрең аттың қайратын айтып кет, — деп, Күнкенің айтқаны:

Дос болмаққа әкелдің
Жанға өлшеген күреңді.
Жақынменен жау болдым,
Тұра алмаспын мен енді.
Дұшпан көріп көп неме,
Көңіліне жел енді,
4500 Білмеймін неден себебі.
Басшы қылып қойыпты
Жана келген немені.
Туған дұшпан болғансын,
Көрмес оған іс қылдым,

Жарылса да жүрегі.
Қыла берсін олар да
Не болса да керегі.
Мен көшпекке отырмын,
Кімге ауса да ықтияр.
4510 Мына байтақ ел енді
Телжалмаған күреңді
Құлынынан ұстаған,
Білесің ғой қайратын,
Жәйін айтып бер енді.
Мұсеке сонда сөйледі:
— Сендерменен дос болдым,
Далада жүріп сендердің
Қайратыңа мас болдым.
Туғаныңменен қас болдың,
4520 Бөтен жұртқа барасың,
Ерген елге бас болдың.
Сұрасаң менен күреңді,
Күреңде қайрат көп еді.
Мен көптігін айтайын:
Күн шыға мінсең күреңді,
Ақ Еділ, Қара Еділ,
Бала Еділдің әр жағы
Қылыштың қызыл құмы еді.
Құтпанды үйде оқисың,
4530 Аралап осы үш өзенді,
Отыз күнін бұлардың
Айналасы керуенге
Тоқсан күндік жол еді.
Асығыс жұмыс көп жүрдім
Кешегі анау күнімде.
Болғанымда кезінде,
Бір мен емес күреңнің
Бұл қайратын тауарлық
Қайсысы да біледі.
4540 Қиын-қыстау іс болса,
Болдырар деп ойлама,
Ерге көмек береді.
Қош болып тұр, а, батыр,

Құтты болсын, мен бердім.
Айта берсем таусылмас
Күрең аттың жөні енді.
Жаныма өлшеп ұстадым,
Сонда асығып қыспадым.
Әкеліп бердім атымды,
4550 Азарына шыдамай.
Мұсадан туған шошқаның
Дос болып менен сұраған
Малы да жоқ аяған.
Орақтың сөзін тыңдамай,
Атымды қимай тастадым.
Өзімнің көңілім ұнатып,
Күреңді бердім дос болып,
Мұқасын деп дұшпаның.
Күреңнің несін сұрайсың,
4560 Талабыңды оң қылсын,
Көрерсін Құдай қосқанын
Ойма күрең, шын жүйрік,
Көргенім жоқ мұндай жылқының
Құспен бірдей ұшқанын.

Мұсеке мұны айтып аулына қайтып келе жатып күрең атты өзі беріп берседе күрең аттың әрбір түрлі қайраттары есіне түсіп толғап келе жатыр сонда Мұсекенің сөзі:

Телжалмаған күрең ат
Мен мінгенде тай еді-ау,
Мінсем көңілім жай еді-ау.
Қайратын көрген көп ноғай
Мінбей түспей бай еді-ау.
4570 Еділден шыққан екі су
Үзенгімен келмейтін,
Тай күнінде күреңнің
Терең өткел сай еді-ау.
Күреңді бақтым жасынан,
Жан аяй ма ат түгіл,
Көңлі кеткен досынан.
Қайратына мас болып,

Елде мендей бар ма екен,
Ашық болып қосылған.
4580 Күреңдей жылқы туар ма,
Күні-түні ылғасаң,
Жануарды қинасаң,
Бірден бірге қайрайтын
Күн сайын асырған.
Көңлім нағыз кеткен соң,
Неге аяйын күреңді
Көңлім кеткен досымнан.
Артық туған асылдан
Тұлпар еді жануар.
4590 Туған екен Ағысқа
Енді ойласам басынан.
Бәрекелді, болайын
Қырмызы қызыл шапандай.
Күрең аттың түсіне
Не болғаным білмеймін.
Досқа берген күреңнің
Қайраты түссе есіме,
Теңімді тауып дос болдым,
Қайғырамын несіне.
4600 Бергенім жоқ ешкімнің
Көрсеткен абай күшіне.
Ер опынар болар ма,
Қолдан қылған ісіне.
«Барады көшіп алысқа-ай,
Атын беріп Ағысқа,
Қорқып кетті деп айтар»,
Мен де көшсем қалыспай.
Қара басым қалайда
Қалайын көшпей қоныста-ай.
4610 Сөз кетіп еді Орақтан,
Отырайын ығыспай.
Құдай жәрдем болат та,
Көптігі түсіп көңліне,
Көрсете қойса туысты-ай.
Мына Әнжі кесірі
Ноғайлыны айырды-ау,

Қайдағы бастап жоқ істі-ай.
Арасынан қан өтті,
Туымыз еді Едіге.
4620 Өмірінше кетеді-ау
Бір-біріне жуыспай.
Оңбассың Мұса баласы,
Болсаң да неше туыстай.
Туғаныңмен жау болып,
Тіпті иттер ырысты-ай.
Күреңді бердім Ағысқа,
Қайым туған шабысқа-ай.
Күреңім түсіп есіме,
Мен досыма берсем де,
4630 Қай-қайдағым құрысты-ай.

Мұсеке мұны айтып келді. Телағыс, Күнке бөлініп көшті. Он сан Ноғайдың екі есесі Телағыс, Күнкеге еріп көшті Әнжі біліп жүр екен бұл мақұл келді. Орақ Мамайда ел шүлдіреп аз қалды. Телағыс Күнке көтеріліп, көшіп, Қондыгердің ауыр жұртының үстінен құлады. Құлаған елдің ішінде Едігенің тұқымы бар деген соң ел бұл ел жиналып Телағысты хан қойды Телағыс хан болып дәуірге келді. Бұл хабарды Мұсеке есітіп көңлі бір жерге желденді. Мен досыма барайын, мен күрең атты апарып бергенде шақырым жерден жаяу шығып еді бұл күнде сол ойда отырмекен ия болмаса хан болған соң ұмытып кеттімекен, қасына қосшы алып жүрмек болды.

Бұл Мұсеке мырза атанғанда қалай-қалай атанған соны баяндап айтайын: — Бұл Мұсеке жаңа жігіт болып келе жатқанда бір жыл түйе жылқы бір қара шекпен мен ауылдас болып үйіне келген қонаққа жаңағы қойы көп қара шекпеннен бес бойдақты бір құлынды биеге қарыз алып, соя-соя сол қара шекпенге беретін жылқысы бес жүз құлынды бие болып еді сол бес жүз құлынды биені бергенше телжалмаған күрең атты қара шекпен кепілге ұстап тұрып еді. Бұл өзі ноғайдың көп жері еді.

Ағайыны жылулап бес жүз құлынды биені қара шекпенге апара бергенде қара шекпен айтып еді: — Әй Мұсеке бұл жылқы сенде тұрсын күрең атты қимай өзі алып еді. Мұсекегеде дүние керек болса Ораққа дос болып беретін еді. Мал керек болса Орақтың саудасына беретін еді. Бұған мал дүние керек емес

Телағыстың ерлігіне қызығып берді. Мұсеке сол ер досына келе жатып бұл күнде хан болды бұрынғы көңілде тұр ма, ия болмаса хан болған соң, ұмытып кетті ме, — деп уайымдап келе жатып жолшыбай қасындағы қосшыларына толғап айтқан сөзі:

Телжалмаған күреңді
Тілеген достан аяман,
Күреңді берген досымнан
Көкіректегі шыбындай
Солтан жанымды да аяман
Намарттің ісі о дағы,
Тілей келген досынан
Қолқасын салған аяман.
Досым еді Телағыс,
4640 Шыбыныма таяған.
Сол досымды іздеп барамын,
Мен барғанда алдымнан
Азу тісі ақсайып,
Күліп шықса жақсы еді,
Үйде болып қарағым.
Телжалмаған күреңді
Құлынынан ат қылдым.
Досына беріп Ағыстай,
Көңлін оның хош қылдым.
4650 Қайратына қызығып,
Сұрамай-ақ әкелдім.
Арқасында күреңнің
Текдарлы асыл ақ сүйек
Ағыспенен дос болдым.
Қайтарайын қолқам досымнан,
Жүгіре шығып алдымнан,
Десе бір «досым қош келдің».
Сапар жүріп келемін,
Көңлім ашық досымды
4660 Көруге дүзін еңседім.
Менің досым хан болып,
Отырған шығар тағында-ай.
Тұлпар берген Мұсеке
Көруге дүзін сағынды-ай.

Бергенімде күреңді,
Жалаң аяқ кебіспен
Киуге жеңіл асығып,
Қырмызы қызыл шапанды
Иығына жамылды-ай.
4670 Шақырым жерден жүгіріп,
Алдымнан шығып, ол досым
Алып еді қолымды-ай.
Көңлім ырза болып ед,
«Білді, — деп, — досым пұлымды-ай».
Дүние мал алмаймын,
Тұрса досым болар ед
Сол күндегі көңілде-ай.
Арғы атасы асыл тек,
Тұрған шығар жан досым
4680 Сол көңілден жаңылмай.
Аңсап келем көруге
Күреңді берген достыға.
Бақ қонышты басына,
«Хан болып артық кетті» деп,
Көкірегім артық жасқанба.
Артық туған Ағыс қой,
Ұмытпас досын асқанға.
Мәгер көңлі болмаса,
Күреңді берген Мұсеке
4690 Жете алмас қайтып достарға.
Сол көңілде тұрмаса,
Мат болғандай балалар,
Болады-ау күлкі кейінгі
Аңдысып жүрген қастароға
Хабарлас Ағыс бармысың
Таққа мінген ханбысын
Үйде болсаң жылдам шық
Сағынып келді шал досың

Мұсеке мұны айтқанда Телағыс алтын тақтың үстінде отыр еді Мұсекенің даусын естіп тақтан қарғып түсіп есікке қарай жүгірді бірақ есікке барғанда бір оймен кідіріп шығатын ұста деп өзі шықпады хан үйде жүгіріп жүрген соң енді кім

шықпасын далаға адамдар шығып атын ұстап түспеді адам мен ісі жоқ жана айқайлады:

— Хабарлас, Ағыс, қайдасың?
4700 Керегі жоқ басқаның,
Атымды Ағыс байласын,
Достығымды ойласын.
Бәрің де түсіп атыңнан,
Қасымдағы жолдасым.
Досымды көрмей түспеймін,
Жайланып белді шешпеймін.
Не қылайын басында,
Құдайлық дос болған соң.

Жана Ағыс хан тақтан түсе жүгірді бірақ есіктен шыға алмады мұның жүгіре шықпай жүргені есікке келгенше көңліне бір қиял түсіп Мұсекенің даусын естігенде бұл қиялы ойдан шығып келеді. Қиялы мынау болды Мұсеке хабарлас қылғанда Қондыгердің жұртының ауыр білері жағалай орда толып кеңеске келіп отыр еді. Үйден жүгіре шықсам бұл жұрт ойлар біз мұны Едігенің тұқымы деп хан қылып қойсақ артынан келген бір шалға кетті деп сөз қылар деп осыған тоқтап жүр екен болмаса көңлі дұрыс шығатын Телағыс шығалмаған соң Мұсеке аттан түспей атының басын бұрып мына сөзді айтып жүре берді:

Мұсекеден:

— Хабарлас, деймін, Ағыс,
4710 Осы ордада бармысың?
Достығым түсіп есіме,
Сапарланып жол шектім
Ойламай жолдың алысын.
Нұр жүзіңе ашықпын,
Келгенім жоқ дуние,
Иә, қызығып мал үшін.
Таяған жанға тұлпардың
Көзімді жұмып іс қылдым
Шын досымның қамы үшін.

4720 Кел, жүрейік, балалар,
Сұрамай берген қолқасын
Ақылсыз шалды не қылсын.

Мұсеке мұны айтып атынан түспей кейін қайтты хан сұрады түсті ме? — деп. — Жоқ түскен жоқ кетіп қалды десті кетті деген соң жаңағы шығалмай жүрген хан жалма-жан ордадан шығып қорадағы тұрған Телжалмаған күрең атты ерлеп мінуге асығып, жайдақ мініп бір төбенің астымен Мұсекенің алдын тосып, аттан түсіп қолын қусырып сәлем берді. Мұсеке сәлемін алмады Телағысқа назар көзін салмады жүре берді. Бұл былай кеткен соң Телағыс жана атқа мініп, бір төбенің астымен оралып аттан түсіп қолын қусырып сәлем берді. Сәлемін алмады жүре берді. Телағыс не қыларын білмей ойланып тұрып-тұрып мұсылманға үш жолы елші деп еді жана төбенің астымен оралып, аттан түсіп қолын қусырып сәлем берді. Сол мезгілде тұсынан өтіп бара жатты да атының басын тартып тоқтап тұрды. Тоқтап тұрып айтты: — Иә, Телағыс мен хабарлас қылғанда неге шықпадың? Мен телжалмен күрең атты дос болуға әкеле жатырмын деп, хабар айтқанымда шақырым жерден жаяу шығып едің. Мен ойлап едім: «атыма шықпаған шығар менің достығыма шыққан шығар», — деп. Жоқ сен менің онда атыма шыққан екенсің. Атыма шықсаң ол ат өзінде қалып қалып барады мұнда неге келдің достығыма келген болсаң жаңағы жерде неге шықпадың сен ойладың-ау жаңағы жерде шығуға Қондыгердің көп елі артынан келген бір шалға ханымыз жүгіріп шықты, — деп. Иә құл, иә келмес пе деп айтады-ау деп. Жоқ олай емес еді. Сен хан мен қара болып тұрғанда сен хандықты қойып достыққа шыққанда кейінгіге үлгі болатын еді пәленшелерде хан болып отырып досына жүгіре шықты деген әй әттең ақырзаман жақындап қалдау бізден кейінгі адамның көңлі аузы дос көңлі бос боладау шіркін сен Қондыгердің билерінен ұялып үйден шыға алмадың жаңағы жерде оны ұстап тұрмай өзің хан жайдақ атқа мініп алдымнан үш түстің ойлап қара жаңағы жерде шыққаның абырой меді болмаса бұл абырой ма еді ай Телағыс көңлің дұрыс екен ақылыңның кемісі бар екен. Ақылыңның кемісін көңлің дұрыстығына өтінгенің атың мін аулың жүр деп еріп қайтып келді. Біз неше күн жайланып жатып қайтамын

деді. Сонысын ағайынды екеуі Телағыс Күнке келіп бұйымын сұрады Мұсеке мырза маған дүние мал керек емес дүние керек болғанда Орақтың достығына берер едім тек маған көңілдерің керек, — деді. Сонда Телағыстың Мұсекеге айтқан жауабы Мұсекеге:

Менімен шын дос еді құшақтасқан,
Бос қайтқан дұрыс емес біздей достан.
Ат берген асыл досы не берді деп,
Аңдысып сұрамай ма дос пен дұшпан.
Алып кет керегіңді дүние-малдан,
Мырза едің көмектесіп, дабыл шашқан.
Айтасың дүние-мал керекпе еді деп,
4730 Таба алмай не ылайқат досың сасқан.
Арнаған менде қолқаң бола қойса,
Беремін шыбынымды аямастан.
Қызықпай бір-біріміз дос болып ек,
Басында еш нәрсеге қарамастан.
Бос қайтсаң осы арада менен досым
Қалғаным достығыңа жарамастан.
Көңліме бір ой келіп, ел шақырттым,
Мойныма ұят міниіп хабарласқан.
Алмасаң мал-дүние иә, досым,
4740 Алып кет беретұғын мынау басқам.
Дос болдың меніменен ашық болып,
Хан болдым Қондыгерге таққа міниіп.
Өлгенім тірі жүрмей онда менің,
Бос қайтсаң құшақтасқан досқа келіп.
Қалдырмай қол астымды мен шақырттым,
Келсін деп кеңесіме хабар беріп.
Не айтсам әміріме халық тұрады,
Мұғайын бұл ауыр жұрт тұған көніп.
Сенен мен артық болып не қылайын,
4750 Тұрмағым керек екен бізге жүріп.
Осыны ал, шын дос болсаң менен, мырзам,
Елімді тұрмын ойлап үшке бөліп.
Кінәмді мен жүгіре шыға алмаған,
Тастап кет, алып қолқа, досым күліп.
Әй, досым, бұл сөзіме құлағың сал,

Қолқа емес ойлап тұрсам дүние-мал.
Біреуі үш бөлімнің достық қолқаң,
Біреуін мен шықпаған ұятыма ал.
Сұрайын бір бөлімді өзім тұрып,
4760 Ырза бол ықыласқа бақадар ал.
Ә, мырза, риза бол, жағдай осы,
Хош келіп риза болмақ ердің досы.
Көшіп кел өз қасыма адам алып,
Пәс болып опық жесін дұшпан кісі.
Азайып біз көшкенде қалды халық,
Сіз көшсең азаймай ма ендігісі?
Кем-кемнен ел азайып бақ жеңілісін,
Жабырқап қала берсін құрып пысы.
Менімен дұшпан болып, сапқа шықсын,
4770 Ұрысып жеңем десе, жетсе күші.
Ырзалық аузыңыздан лебіз шығар,
Досыңның бітсін осы бір жұмысы.
Батырдың қолқасына ырза болып,
Сондағы бұл Мұсекенің әңгімесі.
Телағыс, жан аямас досым едің,
Басымды ашық болып қосып едім.
Алдымнан күрең атпен үш тосқан соң,
Өкпемді сол арада-ақ кешіп едім.
Өкпемді достығыңа тастаған соң,
4780 Жайланып ордаңда бел шешіп едім.
Мен неге сендей осыға жат болмаймын,
Берген соң көбін бөліп несібеңнің.
Кім басын қосқан дейсін сендей досқа,
Қолқасын жанды алса да қойған босқа.
Бұл істі қылып тұрған менің досым,
Болсын деп бір даңаза дос пен қасқа.
Дариғай ендігі адам ести алмас,
Халық берген артық кетті-ау мына нұсқа.
Мұндай да кім естиді, Телағысжан,
4790 Атадан артық десем сенен басқа.
Ә, досым, хош кел десең, хош-аман бол,
Болмайын неге риза ықласқа.
Тез барып, жылдам келіп қосылармын,
Телағыс, қош болып тұр Алла қосса.

Айтушыдан тұрмыс сөз

Мұны айтып Мұсеке шал елге қайтты-ай,
Досына мырза көңлі бітті қатта-ай.
Қасына Қондыгерден әскер алып,
Еліне келді мырза ыждаһаттай.
4800 Арада қанша жүрсе мейлі білмес,
Еліне сау-сәламат амандасты-ай.
Мұсеке Қондыгерге көшемін деп,
Өзінің дос, жарына хабар шашты-ай.
Бұл мырза үйін жығып ерген елмен
Біраз ел көшеміз деп жабырласты-ай.
Мырзаға отыз ауыл еріп кетті,
Орааққа хан Мамаймен хабарласпай.
Секілді бағылан қызы Мұсеке шал,
Ханына көшіп кетті амандаспай.
4810 Көп ноғай Телағыспен көшіп кетті,
Өкпемен Алшығарды кесіп кетті.
Мұсеке жана көшіп ерген елмен,
Көшкенін үш күн ұдай есітпепті.
Бұл жерде үш сан қалды ханды бағып,
Азайды мұнда ноғай жұда тіпті.
Қарындас халық қайда бұл отырған,
Мамай мен ер Орақтан есіт кепті.

Мұсекенің отыз ауылменен көшіп кеткенін Орақ үш күннен соң есітіп құла атты алдырып ізінен қуып кетейін деп еді Мамаймен ойласпай іс қылам деп аяғы мынау болды енді Мамайға барайын деп атын байлап қару-жарағын асынып, Мамайға барады.

Мамай да есітіп Телағыс Күнке көшкенде он сан ноғайдың жеті саны оларға еріп кетіп еді, жана отыз ауыл Мұсекемен еріп кетіп ел азайып қалып, не қыларын білмей орданы керіп жүр еді, кезіп жүрген Мамайға келіп, Орақтың толғап айтқан сөзі:

Отырмысың ордаңда
Халық білген Мамайым,
4820 Неге отырсың хан болып,
Көше-көше азайды

Сұрайтұғын ноғайың.
Мырза көшіп кетіпті,
Есіттім бүгін хабарын.
Азарына шыдамай,
Алдырып едім аққұла ат,
Деп едім соғайын барайын.
Үйде бұғып қалғанша,
Іс көрсетіп қалайын.
4830 Қолыма түссе Мұсеке,
Алмаспенен шалайын,
Басына зауел салайын.
Ойлап едім осылай,
Бір ылайсаң қылайын.
Іс қылам деп ойласпай,
Қолымнан кетіп ағайын,
Ойласа келдім, Мамайым.
Дұрыс шығар осы ойым,
Айтшы, бір сенен сұрайын?
4840 Ақиық алғыр мұзбалақ,
Біз тұқымы едік жез тырнақ.
Өз-өзіміз алжасып,
Кетеді деп артық бақ,
Қарап тұрмай, ортаға,
Атын беріп дос болып,
Жаңбыршыға болды жақ.
Мұнда жалғыз қалған соң,
Болды деп едім бұл қонақ.
Арамыздан қан өтіп,
4850 Кетті тума ол жырақ.
Хабарласпай көшіпті,
Мұсеке мырза ол дозақ.
Саудасына сатпады
Телжалмаған күреңді,
Алалмадым мен сұрап.
Алшағыр өліп қалған соң,
Ер екен деп екеуі,
Мен білемін сыртынан
Күреңді берді занталақ.
4860 Қайдан білсін ол неме

Ұятымнан қия алмай,
Жақын ғой деп кек алмай,
Қалып едім қорғалап.
Көресің қалай, Мамайым,
Мұсекеге баруға?
Асындым алмас балдағы ақ.
Ойлап тұрмын жөн көріп,
Көңліме осылай.
Көшін шауып алайын,
4870 Ноғайды тегіс қырайын
Баратқан еріп қасында-ай.
Жіберейін деп тұрмын
Жалғыз Мұсеке басын-ай.
Мықтысын барып көрейін,
Күреңді берген досын-ай.
Бір мықтыны тапқан ғой,
Амандаспай көшіп-ай.
Тойдағы айтқан жауабын
Түсірейін есіне-ай.
4880 Мен ұрудан көппін деп,
Сөз айтып еді есіп-ай.
Неғылайын бұрынғы
Көшіп кеткен ноғайды.
Мына көшіп кеткенге
Жарылып барат ішім-ай.
Смайылдың тілімен
Мен Едігені күндедім,
Бағы артылып кетет деп.
Айтқанына сенгенім
4890 Күнкеден ұялып.
Кінәсіз залал қылған соң,
Іздеусіз кетті өлгенім.
Жоқтамайтын бауырды,
Мен нәсілсіз ер ме едім.
Қолымдағы халықты
Көрді көзім бөлгенін.
Қиясынан ісімнің
Ағысқа ерген ноғайға
Себебі сол болды көнгенім.

4900 О сапарда ноғайдың
Күндемедім ұяттан
Жаңбыршыға ергенін.
Мұсеке мені күйдірді,
Көшіріп айтпай елдерін.
Өлтіріп кеткен інісін
Жаңбыршыға не қыл деп,
Есітемін сөздерін.
Маған қылған істерін
Дұшпанға да қылады.
4910 Бірге туған ерлерім
О да Едіге болам деп,
Қарашы, оның қорсаңдап,
Құр қампайып жүргенін.
Ойлайтын шығар ол неме
Жау қырдым деп көңіліне,
Үйіне келген мейманға
Мал қанатып бергенін.
Бір салайын есіне,
Тарқатып іштен шерлерім.
4920 Ол көп ноғай неме ғой,
Тумасының көрейін
Жәрдем бере келгенін.
Кәнеки, айтшы бұл қалай,
Мұсекені қумаққа
Аққұла атты ерледім.

Сонда Мамай сөйледі
— Тауда ақсұңқар қышқырса,
Көлде көп құс шулайды,
Ызғарына шыдамай.
Шыңда аждаһа ысқырса,
4930 Маңында мақлұқ тұрмайды.
Ақиықтың баласы
Екеу ұшса ұядан,
Қауырсыны қатқан соң,
Өз күшіне толығып,
Ақ бөкенге шапқасын,
Тумасымен бірігіп,

Тұрмайды бір қияда-ай.
Шығанда бір көресің,
Тұқымы аз құмай-ай.
4940 Біздер мысал осыдан
«Екі қошқар бастары
Бір қазанға сия алмай»,
Әр ұлтта бір тұқым
Асыл жұрат сірә да-ай.
Аждаһадай Орекем,
Ашу қылма бұған-ай.
Алшағырды өлтірсе,
Өзіміздің Едіге
Өзіне май деген бар
4950 Шұбарлардың тұяғы-ай.
Қайда барса Едіге,
Алып жатыр сыбаға-ай.
Біздер көшіп кеткенде,
Өзіміздің тумамыз
Барады ғой соған-ай.
Мұсекені жауласақ
Болады онда қалай-ай?
Ойыма бір іс келіп тұр,
Аққұла аттан ерді алма,
4960 Қылайық бұған сапар-ай.
Ерлесеңіз атыңды,
Алмай-ақ қой еріңді.
Сабыр етіп басыңыз,
Ашу қылған көңілді.
Жазғаны шығар Алланың,
Жоқтамай-ақ қойыңыз,
Өтіп кеткен өлімді.
Не қыларымды біле алмай,
Мен де кезіп жүр едім,
4970 Азайтып алып елімді.
Ашуменен бүлдірме,
Ноғайлы деген еліңді.
Жоқтамай-ақ қоя ғой,
Жақынға кеткен кегіңді.
Мұсылманды жаулама,

Тыңдасаң менің сөзімді.
Ноғай халқын шаппай-ақ,
Біледі әркім жөніңді.
«Бас жарылса білдірме,
4980 Бөрік ішінде» деген көп.
Ол Жаңбыршы болғанмен,
Едіге дейді тегіңді.
Ойласа келсең, Ореке,
Былай сапар қылайық,
Ала қойсаң тілімді.
Жерді құртқан жел аяқ
Менде ерлеп мінейін,
Сізбен бірге жүрейін.
Өз қорама жаппай-ақ,
4990 Біз жортқан бөріміз
Несібені көрейін.
Жөн десеңіз жүр дерсіз,
Сізге бір кеңес берейін.
Дәл бедеуге ер салып,
Құйрық жалын өрейін.
Шығыста бар дейт сары орыс,
Бағындырып алалсақ,
Түгелденер дүниең.
Ореке, айтқан кеңесім
5000 Хақ ісіне көнейік.
Кеткен елге дүз салып,
Қайтып кел оған демейік.
Ноғайды жеңіп хан болғанша,
Жайымызға жүрейік.
Шығыстағы орысты
Салт атпен жол жүріп,
Түрін байқап білейік.
Омыски мен Томыски
Жер шамасын шенейік.
5010 Батыс жақта бар дейді,
Ұлы борсақ жер дейді,
Кіші борсақ шөл дейді.
Сұраусыз жатқан екі құмда
Байтақ жатқан ел дейді.

Сол елдің түрін көрейік,
Пайдалы бізге жер бар ма,
Ұрыссақ шама келгендей.
Діні басқа ел бар ма,
Халық аралап келейік.
5020 Айналып жаман адам, Ореке қосқа шабар,
Аш бөрі рызығын іздеп табар.
Қаулаған қалың қоға қанша тоғай
Ҳаммасы бір шырпымен қаулап жанар.
Мұсаның мынау он бір баласына
Алдында жарқыраған сіз бір фонар.
Кеткенге кіналаспай айтып өкпе,
Оңбайтын жаман адам дүзін салар.
Келейік ел аралап елге қайтып,
Кеуірде біз қолайлы тапсақ миясар
5030 Бұл қалған он біріміз аттанайық,
Бір басын інілерінің мыңға санар.
Ерітіп жау жауласаң, дұшпан тауып,
Баласы бұл Мұсаның мейірі қанар.
Хан болсақ дұшпан жеңіп, таққа мініп,
Атаның дабысына сонда жарар.
Қалмақты ұрыспенен алсақ жеңіп,
Басқаға өзімізден бермей хабар.
Ореке, тыңла, сөзім осылайды-ай,
Ындыны ел хан өткенсін қосылмайды-ай.
5040 Келейік ел аралап біз екеуміз,
Ей, батыр, ашуды бас, осыны ойлай.
Біз мұрын, сары орысты алалмасақ,
Малай да жаққан отын ысырмайды-ай.
Мұсаның сізден басқа балалары
Ұқсаған атасына ісі қайда-ай.
Шаманы орыспенен көрісейік,
Қатты хан басынан құс ұшырмайды-ай.
Атамыз ел жинаған дұшпан жеңіп,
Хан болдық жиынды елге таққа мініп.
5050 Жаңбыршы, Мұса болып елді айырдық,
Бақ қонып келатқанда жаңа үлгеріп.
Сынайық қайрат қуат күшімізді,
Біз бұрын ата еліне жүрдік сеніп.

Ерітіп біз балларды жау жаулайық,
Шамасын сары орыстың көріп келіп.
Бұл жүрген он біріміз жауға жерік,
Жақынның қиясына қалдық көніп.
Жау тауып жақын жерден, ат қинамай,
Алшағыр жазмыш солай қалды өліп.
5060 Телағыс, Күнкемен елді алды деп,
Біз үйде отырмайық құр күйініп.
Ореке, тілімді алсаң ойым осы,
Дұшпанмен ұрысайық бір сүйініп.
Ау, Ореке, бір кекті дұшпан Қатты хан,
Әркім соны зор қалмақ деп мақтаған.
Атамыздың мирас жолы осылай,
Қайда дінсіз болса соны таптаған.
Дарыйский ескі Омскмиді билеп тұр,
Пұт шойынды Құдай қылып оттаған.
5070 Томскиде Кербегежин бұ да орыс
Сары жезін шоқынуға сақтаған.
Бұл екеуі әзір бізге ылайық,
Жас шыбықтай қайысады қатпаған.
Әттең, дүние-ай, Қатты ханның жері алыс,
Оған ешкім көптен бері батпаған.
Байтақ жатқан екі құмда ел дейді,
Қарлығаш тай қалың халық қаптаған.
Бұл көп елдің өзі-ақ бізге бағынар,
Адамы жоқ құрал жинап жақтаған.
5080 Мақұл көрсең, ел қыдырып келейік,
Теріс көрсең, онда, ойыңды айт маған.

Орақ Мамайдың бұл сөзін мақұл көріп, олай болса мен атымнан ерімді алмаймын кәне атыңды алдыр деп еді Мамай өз сөзіне өзі шықсынба бұ да атын алдырып ерлеп мініп екеуі ешкімге сырын айтпай сұраған адамдарға бір-біреу білік қылып келеміз деп жүріп кетті енді екеуінің жүрісін айтушы тұрмыстап сөз қылады.

Ерлеп еді ер Орақ
Аққұла атты шамданып.
Дәл бедеу атқа хан Мамай

Бұ да мінді сайланып.
Қондыгерде көп ноғай
Жата берсін жайланып.
Екі өзендегі орысқа
Жүрді бұлар жолданып.
Ел аралап, жер көріп,
5090 Келейін деп айланып,
Ауылдан шыққан бойымен
Омыскидегі орысқа
Жеті күнде жетіпті,
Екі төре қиналып.
Жоқ іздеген жолаушы
Жолыққанға айтады,
«Жүрміз, — дейді, — сандалып».
Көрген орыс бұларды
Сыртынан қалад таңданып.
5100 Сылтаулап жүріп батырлар,
Түрін білді аңғарып.
Арада үш күн жол жүріп,
Домскидегі елдерге
Құлады ерлер ол барып.
Жортар атқа үш күндік
Екі судың арасы-ай.
Қамалы бар, қала жоқ,
Бөлек-бөлек көрінді
Орыстардың қаласы-ай.
5110 Құдай талап оңғарса,
Келетіндей көрінді
Бұл орысқа шамасы-ай,
Жинамай-ақ басқаны
Тек Мұсаның баласы-ай.
Орыстың көріп шамасын,
Екі батыр қайтады-ай.
Мұса болып бұл елге,
Келерміз деп оңаша.
Бұл еден шығып екеуі,
5120 Төтелеп жүрді батысқа-ай.
Бұл жүргенде екеуі,
Мақсұттары жөн көрген

Дұшпанмен кетет шабыспай.
Ерлердің шері тарқамас,
Бұл дұшпанмен атыспай.
Қылыштасып, шабысып,
Қарағанға батыспай.
Екі құмға төтелеп,
Неше қонды далаға
5130 Қоржыннан дәм татыспай.
Бұл екеуі жол жүрді,
Түнделетіп жортақпен,
Қоғалы көл батпақпен,
Қайнар бұлақ аппақпен,
Сары жалас сексеуіл
Желі қалған тоқпақпен,
Ит мұраның көлімен.
Бұл он күндей жол жүрді
Неше құрғақ қатқақпен.
5140 Оныншы күн дегенде,
Сонда жеткен секілді
Кіші борсақ дегенге.
Бір қойшыға жолықты
Қойын жайған оттақпен.
Екеуінің мінгені
Дәл бедеу мен құлады-ай.
Жай жүрсінбе екеуі,
Кісі атындай бұлады-ай.
Өнері артық аққұла ат
5150 Ер Ораққа сыралғы-ай.
Құла атпенен жарысып,
Дәл бедеу атты екеуі
Талай жерде сынады-ай.
Болдырмайды бұ дағы-ай
Мінуге бұ да шыдады-ай.
Ел шетіне келген соң,
Бұл қойшыны көрген соң,
Үндемеді хан Мамай.
Батыр Орақ сөзбенен
5160 Қойшыдан жөнді сұрады-ай.
Қойшыға Орақ сөйледі:

— Қойшы бала аман ба?
Көп болсын баққан жаярың.
Жөніңді айтшы не елсің,
Кім болады баярың?
Шие менен талы бар,
Жайылып жатқан малы бар,
Сарылығы тағы бар,
Биік-биік құмы бар.
5170 Атын айтшы қайырың.
Шамасын сөйле қанша халық,
Басқарып тұр кім елін?
Орақ, Мамай мен, — деді,
Жоқ қараған Еділден.
Жоқ жоғалтып, ел кездім
Еділдегі елімнен.
Атымды білген ел болса,
Сұрамай-ақ өзімнен
Сол деп меңзейт түрімнен.
5180 Бұл елінің дініне
Сөйлей бер, қойшы, еліңнен.
Ел ішінде байы кім,
Халыққа қорған еріңнен
Мырзасы бар ма жана да
Тартпаған қолын бірінен?
Еліңде тұлпар ат бар ма,
Бәйгеден озып ілінген?
Аты шыққан бай бар ма,
Халыққа жаққан білімнен?
5190 Түзу мылтық, жүйрік ит
Бұл еліңде кімде бар?
Құмай құсап жүгірген
Жорға бар ма атақты,
Жал құйрығы төгілген?
Алғыр сұңқар кімде бар,
Ұшқан құсты қиятын,
Төбе-төбе қылатын,
Аң жібермес жүгірген?
Осыларға жоқшымын,
5200 Сұрадым, қойшы, шыныммен,

Білгеніңді жасырмай
Айтшы бір, қойшы, тіліңмен.
Сонда қойшы сөйледі:
— Екі асыл ақсұңқар,
Білдірдің айтып жөніңді.
Көргеннен соң түріңді,
Тек адам емес болар, — деп,
Ойлап едім өзім де.
Орақ, Мамай болсаңдар,
5210 Есітеміз сыртыңнан,
Едіге дейді тегіңді.
Дін мұсылман еліне
Едігедей құмайдың
Аты мағлұм білінді.
Сөйлетпекке құмарсың
Бір қой баққан ініңді.
Жоқтарыңнан сұраған,
Есіте қойса құлағым,
Аяймын ба тілімді.
5220 Бастап жайды айтайын,
Үш жыл бұрын осы ел
Бермен қарап бөлінді.
Мұнан бұрын мекені
Түркістанның төрінде,
Хиуаның түбінде
Қызылбас Шиға жау болып,
Көтеріліп біздің ел,
Осылай қорқып бөлінді.
Сонан үркіп қашқаннан,
5230 Осы екі құмға кідірді.
Басында бермен көшкенде,
Хан Мамайға кірерміз
Дегені бар ет көңілде.
Жаңбыршы, Мұса жау болып
Жатыр деген хабарды
Есіткен соң біздің ел,
Баралмай отыр Еділге.
Он мыңдай халық бұл жерде
Малын баққан шаруа.

5240 Әр шұқырда бөлінді,
Басқарып тұрған адам жоқ
Аты шыққан білімді.
Мекенінде тұрғанда,
Аты шыққан бір адам
Нәрікбай деген дәулеттен
Көше алмай қалды кейінде.
Ендігісі бұл елдің
Тырна қатар шаруа,
Адамы жоқ білімді.
5250 Аты шыққан мырза жоқ,
Тама деген сараң ел.
Қаламайды көңілі,
Қайсысының беруге.
Есітемін қариядан
Сендердің атаң Едіге,
Онан туған Нұрадын
Ай мен күндей көрінді.
Онан туған Шарабас
Жаман болған көрім-ді.
5260 Болған соң жаман Шарабас,
Халық кетіп жөніне,
Біздің бұл ел, ағалар,
Ноғайлының сұрасаң
Тама деген руы.
Сол уақытта бөлініп,
Бүткіл тама жайланған
Қызылбас Шиға жеріне.
Шарабастың жиені
Нәрікбай еді бұл елге
5270 Пайдалы болған білігі.
Осылай сөзін тыңдай бер,
Шынжыр атай жүдәлі-ай,
Екі құмдағы бұл елдегі
Ел екен деп сұрамай.
Атадан бермен нашар ел
Есітуім үлкеннен
Тама деген ноғай-ай,
Атадан ақ солай-ай.

Қонатын жерін білетін,
5280 Жөніменен жүретін
Бір адамы бұл елдің
Көк тарлан құсты Толағай
Осы адамға айналат,
Шеттен келген қонақ-ай.
Сілтеген жөнім сұрасаң,
Білігімді артық жоқ
Осы елде мұнан-ай.
Ел-мекенде жүргенде,
Көк тарлан құсы ол байдың
5290 Алды арқар, бұлан-ай.
Ұшқан құсты өтпейт деп,
Мұнан артық қыран-ай.
Халық ақлия айтады,
Шыны артық Мұзбалақ
Жаратқан деп Құдай-ай.
Үш айда бір түлейді,
Түлетіп шықса тілейді,
Артық дейді сірәлі-ай.
Жайылады тұқымы
5300 Бастырмайды ұяны-ай.
Дабысымен бұл құсты
Талай бектер сұрады-ай.
Құс бермес түгіл әдеті
Құс сұраған адамға
Бермейді де жауап-ай.
Сұраған жоғың сол болса,
Толағай байда бірі бар,
Бір жоғыңның түрі бар.
Атасы құс болғанмен
5310 Көк тарлан құстың пірі бар.
Жаралған әбзел жануар
Деп айтпаймын сендерге,
Толағайдан ізі бар.
Құсбегілер көп көрді,
Көк тарлан құстың деп айтпайт
Неше білгір міні бар.
Көк тарланның шеті жоқ,

Айта берсе сөзінің
Адамдай жана есі бар.
5320 Деп айтады өзінің
Іруін ашқан алтындай
Нұры бар екі көзінің.
Бірақ қайырып айталмайт,
Бәрін білет сөзінің.
Мен сендерден аяман
Білгенім осы өзімнің.
Көк тарлан құсты алалсаң,
Мақсұтың бітет өзіңнің.
Қонаға соған жетесің,
5330 Екі сұңқар жолданған.
Толағай байдың мекені
Қасында бек шыңы бар.
Көптен бері жайлаған,
Жазы-қысы жайлаған.
Жазы-қысы қызыл ет
Қоңсылары шайнаған.
Жанат пенен Сырдақты
Боқжамадай тайлаған.
Жоқ жұқасы бұл елдің
5340 Жанжағын байдың торлаған.
Көк тарлан құстың дәулеті
Бұ ноғайды жинаған.
Екі асыл бекзада,
Ықбалың болса солай-ды,
Құс аларсың мырзадан.
Менің айтып болғаным,
Мұнан артық не білсін
Далада қойшы қой жайған.

Қойшыдан Толағай байдың ауылын сұрап көк тарлан құстың хабарын естіп бұл құсқа көңілдері кетіп, сұрап алмақшы болып екеуі қонаға Толағайдың үйіне келді.

Бай жайлап қондырып түнде жатып ертенгісін: — Танымадық кімсіңдер жұмыстарың бар ма? — деді. Сонда бұлар айтты: — Бізді Орақ Мамай жіберді дейді. Еліміз Еділде болады. — Байда бір құс бар деген, соң аламыз деп сұрай келдік деді сонда бай

қойшы айтқандай үндемей төсегінде жата берді. Бай үндемеген соң екеуі атын алдырып мініп: — Қап осыдан елге барып қайтып келіп Құдайыңды есіңе салармыз деп кейіп аттанды.

Бұл Толағайдың баласы жоқ, бір он екі жасар Қалипа деген қызы бар еді өзі еркек көрмейтін сатыр еді. Үйіне жат кісілер келген соң қасындағы бір қарашысының үйінде жатып еді. Бұлар аттанып бара жатқанда қыз тұрып сабақтан сығалап қарады, қараса бұл екі адам аттарын бежеріп ұрып кейіп бара жатыр екен екеуінің екі иығынан екі-екіден төрт шырақ жанып, жалыны аспанға шарпып барады. Қыз кереметті адамдар екенін біліп мұны көріп орамалын қолын қлына алып жатқан үйінен жалмажан жүгіріп келіп, өкесіне сөйледі.

Қыз Қалипадан

— Отырмын, жан ата,
5350 Қолыңдағы қара мен,
Қыз да болса баламын.
Жат кісіге көрінбей,
Жасырынып қаламын.
Аттанып кеткен қонаққа
Мен батыл көзді саламын.
Жабықты түріп сыртынан,
Екеуіне қарасам,
Кереметін көрген соң,
Жарты есімді танамын.
5360 Бес күншілік жалғанда
Берген Құдай талабын.
Ықпалды қылып талабын
Білуімнен екеуі
Көңіліне алған ісінің
Істеп бір жүрген талайын.
Екеуі мінген секілді
Аттарына өкпелеп.
Қатты кетіп барады,
Қамшылап атын тепкілеп.
5370 Төсегіңді жайдың ба,
Бағлан сырбаз сойдың ба?
Нені кетті кек қылып,

Кетіп барат екеуі
Алды артына қарамай.
Басын тартып атының,
Қамшыменен ұрады-ай.
Қылуасын, жан ата,
Жүгіріп келдім жек көріп.
Мына кеткен кісінің
5380 Жек көріп келдім сыяғын.
Қыз да болсам мен едім
Қолыңдағы шырағың.
Түрін көріп олардың,
Болмады үйде тұрағым.
Аруақ қонған ер екен,
Мына байтақ таманың
Осылар сұрар сұрауын.
Не бұйымы бар екен,
Сұрадың ба олардан?
5390 Қайдан жүрген жолаушы,
Аты жөнін білдің бе?
Кім екен, әке, қонағың,
Сұрадың ба қонақтың
Үйіңе келген бұйымын?
Әркім-ақ жақсы көреді,
Дүниенің жиюын.
Мына жалғыз қызыңа
Жайын айтшы қонақтың
Түрі бір қандай сөзінің?

Әкесінің айтқаны:

5400 Толағай сонда айтыпты:
Ноғайлы екен, шырағым,
Әкеңнің үйіне келген қонақ-ай.
Деп айтады ноғайдың
Біз Мамайы мен Орағы-ай
Қонуменен мен тұрды ма,
Көк тарлан құсты сұрады-ай.
Олардың айтқан сөздері
Көңліме қалды ұнамай.

Бермейтұғын болған соң,
5410 Айтпай қалдым жауап-ай.
Аттарын алдыртты сонысын,
Ертеңгі асқа қарамай,
Сонан кетіп барады.
Танымайтын жат түгіл,
Сұрады досым талай-ай.
Талай патша тәж киген,
Сұрай келді анайы-ай.
Бермегенде соларға,
Бұларға берем қалай-ай.
5420 Неме керек ел кезген
Еділден екі ноғай-ай.
Көк тарлан құсты өзіме
Нәсіп қылған Құдай-ай.
Құдайдың берген малы бар,
Көк тарлан құсым тағы бар.
Шырағым, әкең бағы бар,
Салтаң атты жолаушы
Олар түгіл бүгінде,
Әкең кімнің енесін ұрады-ай.
5430 Көк тарлан құсты сұрады
Үйіме келген қонағым.
Олардың айтқан сөзіне
Таң-тамаша қыламын.
Өмірімде көрмеген
Жатқа қайтып қиямын.
Байтақ жатқан таманың
Сұрайын деп солар сұрауын
Қай жерінен сынадың,
Несін көріп қорықтың,
5440 Сөйлеші, енді, шырағым.
Қалипа сонда сөйледі:
— Иә, әке, үйіңе келген қонағың
Екі бірдей бөрте атты,
Қаһарымен төрт атты.
Кәрленіп атқа мінгенде,
Әуеден найзағай ойнап, өрт атты.

Бұл ашуын баспаса,
Алып кетер құс түгіл,
Мен секілді бейбақты.
5450 Шақырып алып құсты бер,
Дос болып оның ізіне ер.
Құсы да құрысын, жан тәтті.
Көк тарлан құсты қолға алып,
Жүгірген аңға саласың.
Алтайыны ізденіп,
Қия шыңды қағасың.
Құс сұраған кісіге
Жауап бермей қаласың.
Ықтайтұғын панаң жоқ,
5460 Болса халің барасың,
Не күшіңе сенесің?
Сен Толағай болғанмен,
Көшіп жүрген тамасың.
Олардың көрсең қайратын,
Бар есіңнен танисын.
Иығынан жанат қос шырақ,
Керемет-ті адамдар,
Көрдім оның шамасын.
Дос бол да құсты оған бер,
5470 Дос болған халыққа расым.
Құсты алса жақсы болар ед,
Қалып аман бұл басым.
Айтайын білген сөзімді,
Нашарға сана өзіңді.
Талай көрдің қызығын,
Екеуіне құсты бер,
Жұм да, әке, көзіңді.
Шақыртпасаң екеуін,
Мойныңа ал, әке, өлімді.
5480 Бүлдірерсің еліңді,
Елің түгіл некелер
Мына жалғыз қызыңды.
Тыңдай бер менің киемді,
Ала бер, әке, тілімді.

Әкесіне осы сөзді айтып тоғалды да жана мына сөзді айтты жылдам шақырушы жіберіп дос болып құсты ал де, бірақ не пайда олар енді құсты алмайды, жаңа сұрағанда бермеген құсыңды енді неге бересін біреудің ақылымен бересіндей ол ақылды кім айтса сол ақыл айтқан кісіні алып кел болмаса құсты алмаймыз», — дер сонда сіз айт: — «Жасырма, бір он екі жасар қызым бар еді сол айтты де, сонда олар айтар сол қызыңды алып кел көреміз» дер, сонда сіз айт туғалы еркек көрмеген сәтір еді де біреуің өкіл бала қылсаң алып келейінде сонда бірі болмаса бірі өкіл бала қылар өкіл бала қылса сонда мені көрсет болмаса дұшпан бірге мені де алып кетеді. Толағай қыздың сөзін естіп шошып кетіп неғыларын білмей асып-сасып артынан кісі жіберіп шақыртып алып төсек салып енді екеуің дос болып құсты алып кеттеп еді жаңағы қыздың айтқанындай құсты алмады. — Жаңа бермеген құсыңды алмаймыз, бұл ақыл айтқан кісіні табасың, — деп Мамай ұстап қалды. Сонда Толағай: — Бір он екі жасар қызым айтты, — деді. Орақ: — Кәне, сол қызыңды алып кел, көремін; — деді. — Бірің өкіл бала қылсаң алып келейін еркек көрмеген сәтір, — деді. Мамай үндемей отыр еді, Орақ ақкөңіл адам, мен өкіл бала қылам алып кел, — деді. Сонысын қызды алып келді. Қыз үйден кіріп келе жатқанда Орақ әзір жауап тұлғашыл адам еді. Тез жылдам қызға Орақ сөз айтты. Сондағы сөзі

Он екі жасар баласың
Әкеңе ақыл саласың,
Бұл ақылды қайдан табасың?
Немесе әкең айтты ма,
Саған қойып жаласын,
5490 Айтшы мұның ырасын?
Сұрағанда бағана,
Үндемеді Толағай.
Кетіп едік сонысын
Алысқа ұзап қарамай.
Жіберіпті адам-ай.
Неғыламыз құсты алып,
Бермеген соң бағана-ай.
Бұл ақылды айтқан деп,

Айтады әкең балам-ай.
5500 Білмегенде әкеңіз,
Қайдан жөнді білесің?
Бала болып сен маған,
Үйге кіріп келесің.
Қимағанда Толағай,
Ақыл салып сен маған,
Көк тарлан құсты бересің.
Өзің нашар баласың,
Ата қылдың демесін.
Әкеңе айттың ақылды,
5510 Ақылың айтқан мақұлды.
Балағатқа батқан соң,
Қайдан білдің сөтірді?
Құсты бер деп соншама,
Білмейсің менің атымды.
Кешеден бері бұл бала
Қай жаққа барып отырды?
Бермегенде Толағай,
Неғыламыз бұдан-ай.
Қызығып едік құсына,
5520 Деген соң алғыр қыран-ай.
Әкесінен баласы
Білімді туған бұ қалай,
Бұ не деген заман-ай,
Сөзіңді айтшы маған-ай?
Он екі жасар баласың,
Таң қаламын саған-ай.
Неге құсты бер дедің,
Кәнеки, сөйле, балам-ай?
Қалипа сонда сөйледі:
5530 — Мен атамнан туған соң,
Тазартып сумен жуғансын,
Аршыдан перде ашылды,
Құндақтап бөлеп қойғансын.
Мен бес жасыма келгенде,
Көрдім мешіт молдасын.
Көргенім жоқ еркекті,
Тоғыз жасқа толғасын.

Мен көргенімді айтайын,
Көз алдымда тұрғансын.
5540 Әкем де шықпайт сөзімнен,
Баласы жалғыз болғансын.
Мен оңаша үйде отырдым,
Үйге қонақ қонғансын.
Сендер үйге түскенсін,
Мен оңаша үйге кіріп ем,
Ертең ерте тұрып ем,
Дәретпен бетті жуып ем.
Атты қонақ дегенсін,
Жабықты барып түріп ем.
5550 Сырттарыңнан көз салып,
Барлап жанған қос шырақ
Оттарыңды көріп ем.
Мен сонысын әкеме
Жүгірумен келіп ем,
Келіп кеңес беріп ем.
Қыз да болсам әкеме,
Ақыл айтар серік ем.
Екеуіңнің басында
Білуімнен бұлт бар.
5560 Сізбен дұшпан болалмайд,
Пенде болса, үміттер
Құс түгіл елді алам деп,
Екеуіңде үміт бар.
Атқа міндің екеуің,
Сұраған құсты ала алмай.
Қимайтын құсы болған соң,
Бай да қалды бере алмай.
Мен болмасам осыдан,
Қалар ет әкем ұялмай.
5570 Сендер кейіп кәрленсең,
Әкем түгіл тамам халық
Бірін-бірі қалар көре алмай.
Мен танысам сендерді,
Тынбассыңдар ел алмай.
Сендер аттан түспессің,
Пайдалы жерден кек алмай.

Екі асыл төрелер,
Ерегіссе ер өлер.
Ерегіспей құс бер, — деп,
5580 Әкеме айттым кемеңгер.
Құтты болсын сізде құс,
Дос бол дағы әкеме
Бере-бер дедім бере-бер!
Мен болдым өкіл балаң-ай,
Басында кеткен қалам-ай.
Біреуің әкем болсаңдар,
Біреуің болдың ағам-ай.
Ер кәдірін білмейді,
Менің әкем сараң-ай.
5590 Толағай байдың құсын ал,
Бай басыңды қосып ал.
Екеуіңе бірдей баламын,
Өтіл айттық араңа-ай.
Не қылсаңдар өзің біл,
Бір білімсіз іс қылды,
Жауап бермей Толағай.
Құтты болсын, құсын ал,
Баласы кем ермектеп
Отыр еді кемпір-шал.
5600 Не қылсаң да ықтияр,
Ық етуге жоқ-ты әл.
Басты салып ұсындық,
Ықтиярың алсаң мал.
Көрмесі жат деген бар,
Бай кінәсін кешіңдер,
Екі сұңқар патша дәл.

Бұл екеуі қызды Орақ өкіл бола қылдым деген сөзден аса алмай қыздың айтуы бойынша құсты алып еліне қайтты. Бұл құс түлеген жоқ екен енді үш айда түлейді екен. Бұған Орақ Мамай шыдамай ел азайып қалған соң Мұсаның бір баласы болып адамға айтпай аттанды. Орысты жаулап алмаққа hам екі құмдағы ноғайды жинамаққа ендігі сөзді айтушы тұрмыстап айтады.

Айтушыдан:

Бір күні тұрып ер Орақ
Аққұла атқа ер салды.
Өз-өзінен ақырып,
5610 «Бәрің де мін атқа» деп,
Он інісін шақырып.
Айтқансын Орақ не сөз бар,
Жібермей бағат бұрыннан,
Бір-бір атын қатырып.
Әуелі Мамай ер салды
Дәлбедеу аттың беліне.
Смайыл — әнжі — топаяқ
Майын сұрап мініпті
Жирен сақал қара құлдың
5620 Теңбіл қара көгіне.
Оны тегіс ат мініп,
Ат құйрығын шарт түйіп,
Сапар шыға жөнелді
Екі орыстың еліне.
Мәтрөшке қара құл
Ауылда қалды мал бағып.
Оны кетті жөніне,
Екеуі шықты Еділден
Бөлтірігін ерткен,
5630 Көк бөрідей шұбалып.
Басқасы жана талапкер
Жүрген Орақ сыналып.
Жана талап жас түлек
Он інісі келеді,
Жау дегенде қуанып.
Сыдырып шығып жөнелді,
Алдына Орақ келді,
Қолына жасыл ту алып.
Неше күндей жол жүрді,
5640 Азғантай емес, мол жүрді.
Жау келет деп ісі жоқ,
Бейхабар жатыр бұ халық.
Он бес күндей жол жүріп,

Омскиге құлады-ай.
Ымыртта келіп бір жерге,
Бір салаға қонады-ай.
Азанда мініп атына,
Омскидегі орыстың
Далада жатқан жылқысын
5650 Қалаға қарай қуады-ай.
Оны ұмтылып он жақтан,
Бөлек жатқан орысқа
Бір ылайсаң қылады-ай.
Кәпелімде жау келіп,
Орыстан есін танады-ай.
Қорғаны жоқ сыртында
Жайдақ жатқан қала еді-ай.
Тегіс түстік қия шың,
Құбыла беті сала еді-ай.
5660 Жау қарасын көргенсін,
Ақиқат жауын білгенсін,
Бұлар да амал қылады-ай,
Даңғырағын ұрады-ай.
Дорын ескі әкімі
Бұ да елін жияды-ай.
Бір жағының тауы бар,
Бір жағының суы бар,
Тауға өздері шығады-ай,
Суға қайық салады-ай.
5670 Әскері жаумен ұрысып,
Басқа жаумен ұрысып,
Басқа халқын бұл орыс
Өткізуге қарады-ай.
Айтса да Мамай хан тағы,
Ақылымен Мамайдың
Оны он жаққа тарады-ай.
Сонда Мамай сөйлейді:
— Бастығың болсын Орекең,
Бәрің де бермен кел, — дейді.
5680 Көп өлтіріп не керек,
Бізге керек ел, — дейді.
Ашулансаң, Ореке,

Іштеме көзің көрмейді.
Ойламасақ ертерек,
Жеріміз әзір кең, — дейді.
Тауға шықса орыстар,
Тілгәрәмін ұрады.
Әр жақында әлі көп,
Кербегежін орыс бар.
5690 Елі өтсе әр жаққа,
Әлі де қандай қоныс бар?
Бұл онымыз он жаққа
Қамал қылып тарайық,
Бүлдірмеске бұл елді
Амал қылып бағайық.
Ашуың келсе, Ореке,
Айқайламай сабыр қыл,
Әзірінше қарайық,
Қорқытып көзін мал баққан
5700 Шет жерін шабайық.
Жібермей оқшау жан-жаққа,
Бірер мезгіл қамайық.
Ақылға келіп сөйлессе,
Бүлдірмей-ақ алайық.
Сөйлесуге келмесе,
Билігін бізге бермесе,
Күшіміз жетсе сонысын,
Аямай-ақ қылайық.
Мақұл көріп мұнысын,
5710 Жан-жағына таратты
Батыр Орақ інісін.
Шығармады малдарын,
Мұнысменен бұл ерлер
Осы арада тұрыссын.
Әгәр Мамай болмаса,
Тарқатар еді ер Орақ,
Бір айқайлап құрысын.
Орыстар тауға шығады-ай,
Тілгәрәмін ұрады-ай.
5720 «Біздерді жау қамайд» деп,
Кербегежін еліне

Бұлар хабар қылады-ай.
Тілгәрәммен ісі жоқ,
Бұлар қамап тұрады-ай.
Бір уақытта хан Мамай
Көзі түсіп ағашқа,
Ой жіберіп қарады-ай.
Қарап тұрып ойланып,
Ағаштарын сындырып,
5730 Темірлерін қияды-ай.
Мұнан бұрын сонда да
Ол елге хабар барады-ай.
Тілгәрәм хабар барған соң,
Қалдырмастан адамды
Жүреміз деп жинады-ай.
Кербегежін елдерін
Жеңіп алып санады,
Ісшотына қарады.
Ісшотына қараса,
5740 Бес жүз адам болады.
Ол күнде жоқ орыста
Топ полемет амалдар.
Тек шамалы құралы,
Дорутскей еліне
Бес жүз адам шығады.
Кербегежін қасында
Ақылгөйы Пабылдай.
Бапков деген бір ері
Өз еліне дабылдай.
5750 Ыждаттап жүріп келеді,
Мұнарланып сағымдай.
Келе жатып ойлайды-ай,
Қамаған жаулар не қылды-ай?
Әскерлері бұл елдің
Әзір жауды сағынды-ай.
Белдігі болар шамасы,
Тұрса бір Орақ бағынды-ай.
Қасындағы Пабылмен
Кербегежін кеңесті,
5760 Бізбенен дұшпан кім десті.

Сонда Пабыл айтады:
— Ноғай шығар осы жау,
Мұсаның он бір баласы
Ноғайлыда тең өсті.
Ағайыны жау болып,
Деп есіттім егесті.
Ноғай деген бассыз халық,
Едігеден басқасы-ай.
Жау болғансын Едіге,
5770 Ерген шығар ел қалмай.
Бұл отаннан басқасы
Бізге келер орны бар,
Мұсаның батыр баллары
Ағайыны тастаса-ай.
Ешкімнің әлі келмейді-ай,
Бұларды Орақ бастаса-ай.
Оларға бірақ ел керек,
Әңгімеге тұрады
«Алық-салық берем» деп,
5780 Бере қойсақ сөздерін.
Кербегежін, мен білсем
Ойламаймын мен өзге деп.
Олар елді қырмайды,
Тұрған шығар хан Мамай
Бітетұғын сөзді іздеп.
Бес жүз кісі келеміз,
Ұрыспаққа қаладан.
Дорутскей ескі елдерін
Деп айтады қамаған.
5790 Біз сыртынан қамайық,
Біз де айла қылайық.
Бір сескенер қарадан,
Бір жұмылып көрейік.
Бұ келе жатқан бар адам,
Тауда шоғыр бар дейді,
Дүрбіменен қараған.
Осыны мақұл көрісіп,
Әр жүзі бір бөлініп,
Бес жағына тараған.

5800 Бөтен бар деп ойда жоқ,
Қаматып тұрса хан Мамай,
Топ-топ қара көрінді
Сырт жағында қиядан,
Найзалары жалтылдап.
Сырт жағына қараса,
Топ-топ қара құлаған.
Дорутскей елдерін
Қамап еді ойынға-ай,
Тұс-тұстан жау құйылды-ай.
5810 Белгілі болар ерлері,
Қорқақтарға қиынды-ай.
Сонда тұрып хан Мамай
Асылық сөз айттым ба деп,
Әуелі Құдай, пайғамбар,
Едігеге сыйынды-ай.
Жау қарасын көрген соң,
Ештеңемен ісі жоқ,
Тұр еді бұрын ту ұстап.
Топ-топ қара көргенсін,
5820 Айқайлады есінеп,
Тұла бойы құрыстап.
Жаудың көріп қарасын,
Бұларға айып ығыспақ.
Ақырып еді ер Орақ,
Айқаймен жел заулаған.
Құбыла беттен жел тұрып,
Бұлт шығып ойнаған.
Дауылдатып қар жауды,
Бұлт шығып қайнаған.
5830 Жазғы уақ ет.
Мал тойынып жайылған,
Қызғалдақтар жайнаған.
Ат құлағы көрінбей,
Кәпелімде қыс болды,
Себебі мұның Алладан.
Біреуді-біреу білмеді,
Болғандай болды қиямет.
Бір сағатта бұл заман

Араласты орысқа.
5840 Бір-біреуін көре алмай,
Әлде қандай заман деп,
Орақтан басқа оны да
Не болғанын біле алмай,
Зәрелері қалмаған.
Құбыладан жел тұрып,
Борай-борай қар жауған.
Тұра алмады ер Орақ,
Шапты бұрын баллардан.
Орақ шауып кеткен соң,
5850 Басқасы да қалмаған.
Сонда Мамай аңда деп,
Орақ бұған ойланған.
Қолға кірген уақытта,
Біреу шықты Орақ қа
Алтыатарын қолға алған.
Біреу келді оңынан,
Тәж киіп паңланған.
Ерлігінен ісі жоқ,
Ұрыста Орақ ойы бар,
5860 Қызыл ала қан қылған.
Екеуінің қолында
Темір арқан бұғау бар.
Армандары бұлардың
Орақты аттан аударған.
Бұл екі орыс келе атқан
Дорутскей Бапковпен.
Бапков деген ер еді,
Өз еліне ат кескен.
Дорут ескі бек еді,
5870 Мен-менсінген неме еді.
Екеуі бірдей жабылып,
Алайық аттан деп еді.
Темір арқан қолында
Бұғалық қылар жіп еді.
Бұларменен ісі жоқ,
Көрсеткен әзір күші жоқ.

Мамайдың айтқан сөзімен
Тек айқайлаумен жүр еді.
Қапияда екеуі
5880 Арт жағынан келеді,
Бұғалық тастап мойнына,
Батырдың демін бөледі.
Екеуі салып, «шу» деді,
Пәрменімен екі аттың
Құлап, тізе бүгеді.
Басқаменен ісі жоқ,
Қырады ғой елді деп,
Жақын жерде хан Мамай
Орақты бағып жүр еді.
5890 Жалт қараса, ағасы
Жығылып жатыр атымен.
Тарылып кетті көргенде,
Дүние бұрын кең еді.
Атадан қалған ақ алмас
Тиіп еді Мамайға.
Бұрыннан Мамай «мүлкім» деп,
Белге асынып жүр еді.
Дәлбедеуді көрген соң,
Ырғытумен келеді,
5900 Алмасымен бөледі.
Темір арқан алмасқа
Сілтесе мысал жөн еді.
Болмағанда хан Мамай,
Жазымы жоқ осы жерде,
Батыр Орақ өледі.
Арқанды қиып хан Мамай,
Бір босатып жіберді.
Ашуменен Мамайың
Ұрысқа өзі енеді.
5910 Біреуін барып хан Мамай
Бапковты шапты басынан.
Өз қайратын осы еді
Жұмсағаны жасынан.
Атыменен бөліпті,

Дорутскей ескі кәріпті.
Бапков мұндай болған соң,
Жарылып кетіп жүрегі,
Қарап тұрып өліпті.
Енді Мамай желікті,
5920 Арқаннан босанып,
Орақ та атқа мініпті.
Мамайдың көріп ұрысын,
Бағана айтқан сөзіне
Орақ ойлап күліпті.
Енді Орақ шаппады,
Өзін-өзі сақтады.
Шаппағанмен ер Орақ,
Тоғызы тегіс қаптады.
Соған шейін кеш болды,
5930 Тауда жатты бұл оны.
«Ұрысармыз ертең» деп,
Өз-өздерін шақтады.
Аман келіп бәрі де,
Мамайды тегіс мақтады.
— Мамайдың сөзі жақпат, — деп,
Қалтырап, Орақ «қап» — деді.
Бұл ұрысқа бір өзім
Болатыным-ақ, — деді.
Есілдерті Мамайдың
5940 Ел бүлдірмей тақ, — деді.
Болмағанда ақ алмас,
Бола жаздым сап, — деді.
Қаласына кіре алмай,
Орыс та жатты далада,
Бара алмады қалаға.
Ұрысқанда бір мезгіл,
Ері менен бек өлді.
Адамы да азайып,
Келіп қалды шамаға.
5950 Өз-өздері кеңесіп,
Бітіспекке осы түн
Пабылды салды араға

Бітім

Бітімге осы күнде Пабыл келді-ай,
Өз халқы не қылса да, тізгін берді-ай.
Ақылы бұл Пабылдың халыққа пайда,
Бір емес пайда салған әрбір жерде-ай.
Тізгінін халықтың алып келгеннен соң,
Жөн көрді ойласты да, бұлар енді-ай.
Орақ пен Мамай тыңдап Пабыл сөзін,
Би екен, айтқан сөзі келді жөнге-ай.
5960 Сөйледі сонда Пабыл ойдағысын,
Деп айтты сіздерге айтар ойдағы ісін.
— Сендерге ел керек пе, мал керек пе,
Біліңдер мұң ойлап ендігісін?
Біріміз қалғанынша қан төгеміз,
Біздерден сұрасаңдар діннің ісін.
Дінменен жұмысың жоқ бола қалса,
Береміз қолдарыңа жолдың күшін.
Хан Мамай, не қылсаңдар шындарыңды айт,
5970 Сөйлеспек бітім еді бұл жұмысым.
Сонда оны былай шығып ойласады-ай,
Ойласып бір-біріне сөз қосады-ай.
«Не қылсаң ықтиярың, өзің біл», — деп,
Мамайға тумалары жолды ашады-ай.
Пабылға Мамай айтты: — Сөйлесейік,
Сөйлесіп, татуласып жөндесейік.
Бір тума бұл отырған бәріміз бір,
Қасыңа адам алдыр сенде серік.
Қат қалам екі жақтан бөлу керек,
Уағдамыз сонда айнымай болар берік.
5980 Тұрсаңдар хукуматта бізге болад,
Емес онша құмар дінге жерік.
Айт барып салықтағы көп еліңе,
Жылында тұрсын бізге есеп беріп.
Ел керек әскер, салық алатұғын,
Дүние-мал адамзатқа емес дерек.
Діндерің өздеріңде тұра берсін,
Тек болад әмріме тұрсаң көніп.

Жөн көріп Мамай сөзін Пабыл қайтты-ай,
Қалдырмай бір аузын халқына айтты-ай.
5990 — Жөн болса өзіңізге істі бер, — деп,
Шулады бітейік деп басын тартпай.
Жылында екі есеп бермек болды,
Бір қойдан салық берді жылда мартта-ай.
Әр домға бір қосайын шөт қылып,
Қол қойды мың ақсақал инабатты-ай.
Жиырмадан үш жыл алып ойнатпаққа,
Уағда етіп нық жасады бітім хатты-ай.
Хан қылып Кербегеженды екі елге,
Хан Мамай халықты жинап, уағыз айтты-ай.
6000 Мың жылқы, бес жүз түйе, екі мың қой
Бұл сапар орыс жинап тарту тартты-ай.
Екеуі екі құмдағы елге кетіп,
Еділге сегізінде малды айдатты-ай.
Орысты бағындырып алғаннан соң,
Арманы екі құмдағы елді алмақты-ай.
Екеуі — Орақ, Мамай мінді атқа-ай,
Мал айдап інілері елге қайтты-ай.
Арада қанша жүрсе, онша жүрсін,
Келіпті тама халыққа ыждиһатты-ай.
6010 Қар жауып, бұл елге де қыс түсіпті,
Ер Орақ ақырғанда ана қатты-ай.
Көш-көштеп көрген елді шаба берді,
Мен пәлен-түленмін деп жөнін айтпай.
Бетіне бұл екі ердің кім қарасын,
Айбатты патшазада салтанатты-ай.
Көшерде бет-бетімен Еділге елде,
Ел үркіп, бет-бетімен зар жылатты-ай.
Ел көшіп екі құмнан ыңырсыды,
Баратыр сабыр ел батпақты-ай,
6020 Құс алған Толағайды да қалдырмады,
Ойыннан өкіл бала шықты тіпті-ай.
Ер Орақ елді айдап ысқырады,
Ойда жоқ еш уайым жұда құрттай.
Енді бір баяғы Қалипадан сөз айтамыз,
Жиналған сөз тыңдаушы азаматқа-ай.

Орақ Мамай бұл елді атып шаппай құр абаймен көшірді. Өздері бір ауылдан бір аулыға халықтың жақсы адамдарын қасына алып, қонып түстеніп жүре берді. Елдегі есер боз балаға әмір қылды бір шаңырақ жаңылыс көшпей қалмасын, сенде қалдырмай есерлер кім қалсын ел қалмай көшті.

Ендігі сөзді Қалипадан айтайық. Қалипа ел көшкенде Толағайдың еркек баласы жазғытұрғы ығыста жылқысының басына кетіп, ығыс басылған соң жылқышыларына жылқы айдатып аулына келсе аулы түгіл елшық болып көшіп кетіпті. Жұртқа келіп ойлап ақылмен білсін батылмен білсін бұл елді Еділге көшірген Орақ Мамай шығар деп ойлап ел көшкен батпақ сүрдекпен жылқышыларға жылқыны айдап келе бер деп өзі сүрдекке түсіп арада бір қонып елге жетті. Көшіп баратқан мал айдаған малшыға жолығып сұраса ойлаған ойы дұрыс жақындай-жақындай Орақ Мамайды тапты.

Орақ Мамай бұл күнде Тоғаев деген байдың аулында жатыр еді. Қасында көп адам бар тек екеуі шатырдың ішінде оты еді. Қалипа атпен кідірместен келіп шатырға атынан басын тіреп тұрып Орақ Мамайға базына қылып сөз айтты, сондағы сөзі:

Ақ мауыты ені кез,
Ақ болғанмен емес бөз.
Жібекпенен торлаған,
Торға арқанмен жинаған
6030 Шығыршығы сары жез.
Инабатты адамнан
Патуалы тарқап сөз.
Он алты қазық ақ шатыр
Жатырмысың ішінде
Ықпалды туған, қос батыр.
Уәкіл әкем — Ер Орақ
Тоғаевтың аулында
Естіп келдім деп жатыр.
Базынасын айтуға,
6040 Келіп тұрған біз пақыр.
Баласына қайрылмай,
Көргенінен айрылмай,
Болғаны ма заманның
Ойлап тұрсам шын ақыр.

Тұлпардан туған қазанат,
Келе жатыр асылзат.
Шабуыл шапса болдырмас,
Ұшқан құстай қос қанат.
Нағыз қызыл қазанат
6050 Наз бедеу тұлпар мінгенің.
Ораққа бала болғансын,
Туған ағай Мамайға
Патшалық бұлт қонғансын,
Тумасам да себеппен,
Құдай орай қылғансын.
Сүйеу көріп сенгенім
Дұшпан болған балаға
Дұрыс па осы ерлерім?
Отардан келсем елім жоқ,
6060 Ойлап едім ойыма
Туғандықтан кемім жоқ.
Екі құмдағы елдерім
Зорлықпен көшкенге ұқсайды,
Тастап мекен жерлерін.
Кешегі өткен жетіде
Бұлттарың қайнаған,
Найзағайы ойнаған,
Діні басқа дұшпанға
Шыққан екен әкім деп,
6070 Мына қызың ойлаған.
Бақсам саған торлаған,
Екі құмдағы көп үйрек
Қос бұйдайық жинаған.
Уәкіл балаң Қалипа
Құс бергізіп сыйлаған.
Жазықсыз елім зарлаған,
Дос болған босқа Толағай.
Жаяулап жүріп қой айдап,
Соның-ақ соры қайнаған.
6080 Отарда жатқан Қалипа
Мінезіңді аңғарған.
Дін ислам еліне
Ықтиярсыз іс қылып,

Уәкіл әкем, ей, Орақ,
Шарғыға ісің симаған.
Өсіте ме екен, ой, тоба-ай,
Таққа мініп хан болған?!
Ескі борсық бойынан
Кіретұғын жер таппай,
6090 Отардан келіп Қалипа,
Ми далаға сандалған.
Екі сұңқар, құлақ ас,
Алтын жыға ақ сауыт
Байланыпсың ақ алмас.
Құсын алып, дос болып,
Толағай байға, батырлар,
Бұ қылғаның жарамас.
Сендер адам болғанмен,
Былайғыдай емессің.
6100 Періменен аралас,
Өздерің асыл ақ сұңқар.
Тақтарыңда отырып,
Келсін десең байтаққа,
Тілдеріңді кім алмас.
Орысты жеңіп алғансын,
Өздерін сұлтан болғансын,
Екі құмдағы бұл тама
Осы ма еді кекті қас?
Ерегісіп сендермен,
6110 Біздің тама етпес пәс.
Қатты хандай қалмақ деп,
Немесе Аюкедей ауыр қол
Ойнатқан әскер бейбақ деп,
Қамалы бар қара тас
Дін ислам еліне
Сен түгіл бұл істі
Мен де істемен ұзын шаш.
Уәкіл қыз қылып, құс алып,
Көк тарлан құсты бос алып,
6120 Дос болғаның бекер ме,
Екі батыр, айт рас?
Арыз сөзім келімді,

Айтатыным тағы бар,
Бұл сөзіме құлақ ас!
Келіп тұрмын ізіңнен,
Уағдаңнан тайсаң мені де ал.
Сұлуды мендей кім алмас,
Өтіл сөзім өкпе еткен.
Алды артымда тума жоқ,
6130 Жеделдес болып ер жеткен.
Сенгенім сендер сыртыңнан,
Он екі шақа бір біткен.
Бәрекелді, батырлар,
Неғылған сөз біткен?
Көтеріліп ек екі құмнан
Елдің алды Еділге
Қорыққаннан тез жеткен.
Менде Хаққа сиындым,
Кешегі арқан түскенде,
6140 Ата аруағын жағалап,
Қалипа қызды тербенткен.
Атаңа нәлет екі орыс
Аққұла атты сүрінткен.
Қапияда көлбеткен.
Уәкіл бала болуым
Рас болса қайыптан.
Құтылып па едің қызыңнан
Енші беріп міндеттен?
Әуелі келіп екеуің,
6150 Абайменен құсты алдың.
Ауылыңа барғансын,
Екі орыстан өшті алдың.
Орысты жеңіп болғансын,
Елді жинап Еділге,
Хан болмаққа қоштандың.
Бәрекелді уағдаңа!
Құс берген досты еске алдың.
Алар едің мені де,
Бірақ мен отарға кетіп, кеш қалдың.
6160 Бітті ме, ерлер, арманың?
Жасауылың жас жігіт

Бүлдіріп айдап келеді,
Шет жебір едің қалғаның.
Аты шыққан жақсының
Сөзінің білсем жалғанын,
Менің де бітті арманым.
Толағай бар ма қасында,
Ірі басты ноғайды
Алдарыңа жинадың.
6170 Екеуің бастап келгенде,
Бүйтеріңді ойладым.
Шарапаты тиер, — деп,
Бергізіп құсты сыйладым.
Бүйтеріңді білгенде,
Көретін едім құс бермей,
Салғанын-ақ Алланың.
Бір ауыз сөзім кейін де,
Сонсын сөзді қойғаным.
Сендерге айтпай, кімге айтам,
6180 Алпысқа келген Толағай
Жаяулап жүріп жалығып,
Зар жылады балам деп.
Жаяу қойды айдадым,
Тілегімді бермесең,
Ұятыңды білмесең,
Не қылсаң да ықтияр,
Басымды мен де байладым.
Астау басты екі нар,
Айта келген арызым бар,
6190 Арызымды тыңдап, құлақ сал.
Өзім елде жоғымда
Шабылыпты дүние-мал.
Қой айдапты жаяулап,
Не мүгедек кемпір-шал.
Не азамат, мырзалар
Қорыққаннан болып дал.
Көшті тартқан батпақтап,
Не бәйбіше, керім шал.
Жайдақтап мініп жүгі жоқ,
6200 Кілем жапқан теңі жоқ.

Бойжеткен қыздар зипа тал,
Армандарың біте ме
Осыншама, міне, хал?
Жалғыз қалған мен екем,
Зарланасың, Хақ білмес,
Жаратпаған кім екен?
Бұларға көңілің толмаса,
Уәкіл әкем, ей, Орақ
Неке қи да, мені де ал!

Бұл қыз бұл сөзді айтқанда Орақ Мамай шатырдың ішінде басқа адамдар далада отыр екен. Бұлар елді шапқанда Толағай есінен шығып кетіп әлі ойына түскен жоқ екен. Елді бүлдіріп ханнан әмір алған жас жігіттер Толағайды неғылсын жаяу қой айдатып қойған екен.

Қыз айтқансын ұялып Орақ бұл қыз кешке шейін айтсада шатырдан шығар емес, Мамай шатырдан шығып шырағым әкең Орақ ұялды, сен өкпеңді өт деп атының басын ұстап Мамай мына сөзді айтады.

Мамайдан:

6210 А, шырағым, аттан түс,
Айтқан сөзің болды күш.
Бір сен емес, әр жерде
Жақсылықтың еңбегі еш.
Өзіңнің ата мекенің
Еділге барад көшкен көш.
Не қылсаң да ықтияр,
Келдім деме мұнан кеш,
Өкпеңді өт, шырағым!
Атыңды келіп ұстадым.
6220 Осынша көптің ішінде,
Уәкіл бала Қалипа,
Не қылғаның қысқаның?
Мен басында аулыңды
Көшірмедім, тастадым.
Бізден жарлық болды деп,
Жігіттер елді бүлдірген.

Тәртіпсіз жүрген шошқаның
А, Қалипа, қарағым,
Айтқаның бәрі сол.
6230 Толағай бай мен Қалипа
Қай жақта деп айтпаған,
Айыбы көп біздің тіл.
Ықтиярың не қылсаң,
Атыңнан түс, шынды біл!
Атасы басқа көп дұшпан
Бармағанмен Еділге,
Ағысы шайып бүлдіред,
Себебі хансыз елің тұл.
Дін мұсылман еліне
6240 Қан төкпеймін, қорғаймын,
Атыңнан түсіп, бермен кел.
Сен айтпай-ақ көңлімде
Кекті дұшпан Қатты хан
Аттанатын көңлім бар,
Оңынан тұрса біздің жел.
Есен барсақ Еділге,
Айтқан сөзің, шырағым,
Бұрыннан-ақ көңілде.
Сапарлансам керекті,
6250 Қол астымнан жинап қол.
Мен ауылдан шығып ем,
Барайын деп орысқа.
Батылменен біліпсің,
Істің бәрін көріпсің.
Әкең үшін Құдайға
Мінәжат қылып сиынипсың.
Болғаның бала шын болса,
Сол ойыңда дұрыс та.
Елің көшсе еріксіз,
6260 Барады ата қонысқа.
Несі кісі, шырағым,
Білмегенді кешпесе.
Аталықты шын ұста,
Білмегенді қуыспа.
Біз барғанда Толағай

Құс түгіл жауап айтпады.
Артымнан кісі келгенсін,
Білмегенді баста деп.
Мамай ағаң қайтқанда,
6270 Еруліге қарулы
Бір қолыңа мұны ұста!
Атын Мамай тұтқансын,
Жана дәлел тапқансын,
Дерек айтып ұтқансын,
Қалипа түсті атынан.
Қалипа түскен уақытта,
Орақ та шықты шатырдан.
Әкесімен көрісіп,
Он екі баулы ақ шатыр
6280 Тек үшеуі отырған.
Бір жігітті жіберіп,
Толағай байды шақырған.
Түгелденіп төртеуі,
Қолқасын беріп сұраған.
Құтылыпты бұл жерде
Достық деген ақыдан.
Сөзбен айтып берейік,
Шешендікпен демейік.
Қолқасына Қалипа
6290 Алғаны мынау батырдан.
Қолқасына Қалипа
Мал менен ел алды-ай.
Бүткіл халық далада
Қыз келгенсін қамалды-ай.
Хан үстіне кіре алмай,
Төртеуінің шатырда
Не айтқанын біле алмай.
Әкесінен Қалипа
Енші менен достыққа
6300 Елі менен мал алды-ай.
Шот қылып үш жүз үй,
Қайын жұртын, өз жұртын
Айырмады, тең алды-ай.
Ықтиярын өзі алып,

Бірге көшті ұлтымен,
Айрылып қала алмай.
Қайын жұрт пен өз жұртын
Ханнан сұрап алыпты-ай.
Бұл үш жүзден бермеді
6310 Саруаз бен салықты-ай.
Не қылғанын бұл қыздың
Халық білмей қалыпты-ай.
Осыменен ел көшіп,
Еділге түгел барыпты-ай.
Жаңаланып ел келіп,
Халық қайта толықты-ай.
Халықтан алып салықты,
Қазына қайта толықты-ай.
Спескесін түзетіп,
6320 Жайлау, қыстау жерлерін
Бұрынғы ел мен соңғы елге
Теңгеріп нағыз бөліпті-ай.
Мекенінде келген ел,
Байтақ жатқан Еділден
Келген тама жай алды
Мәскеудің шаршы төрінен.
Телағыс, Күнке мекенін
Қалипа сұрап алыпты.
Бұғданың шығыс өзенін
6330 Хан болды Мамай Мәсеуге.
Жыға тағып шынымен,
Әділдігін жүргізіп,
Күш қайратын көргізіп,
Отыз бен жиырма жастағы
Әскерге алды елінен.
Жер майысты әскердің
Хан жинаған көбінен.
Қойдан салық жинады,
Қол астындағы үйінен.
6340 «Аттанамыз» деп айтты
Аяукенің еліне,
Қалмай жаздың күзінен.
Соғыспаққа арманы

Қатты ханның өзімен.
Орақ, Мамай арманы
Бекенген есік Безерген.
Қолымен бұзбай қамалын,
Тарқар емес көңлінен.
Мәскеуге үйін қондырып, кеңес ашты-ай,
6350 Қала емес онда Мәскеу бір борбастай-ай.
Жайласып отыратын жай салдырып,
Мейманды жайлайтұғын шайхана ашты-ай.
Айланып хан қасына бірте-бірте,
Көбейіп базар болып жабырласты-ай.
Байтағы хан Мамайдың Мәскеуде деп,
Өзінің қол астына дабыл шашты-ай.
Зорайып бұл күндері күрт болып тұр,
Шамалы аты қалды әуел баста-ай.
Орысқа екі судағы телгірәм жоқ,
6360 Ол күнде ат поштамен қатынасты-ай.
Ықпалы Орақ, Мамайдың жүріп қатты,
Әртарап патшалық жұрт хабарласты-ай.
Ерлігі ер Орақтың мағұлым болып,
Дұшпаны кінә істеген қорқып басты-ай.
Ақылы хан Мамайдың ұшан-теңіз,
Таз бала қол астындағы көрет достай.
Теңгеріп әділдікпен төре беріп,
Үш айда жүргізіпті халыққа күшті-ай.
Білімді қайдағыны еске салып,
6370 Қайымды Өнжі — Смайыл қыран құстай,
Көп айтып неғылайын мақтағандай,
Атадан он есе артық жүрді пұштай.
Мұсаның он баласы қайсысы да
Ықпалды нөкер басы, жауға сұсты-ай.
Сөзі бар Қалипаның ойда қалған,
Қалмақ бар Аюкеде арқа тұста-ай.
Қол жинап қырық мыңдай қол астынан,
Аттанды Безенгенге бұл әсетте-ай.
Қол жинап бір жылдарда қырық мың жиғын,
6380 Жетерлік расхотқа жинап шығын.
Отыз бен жиырма арасын жинап алып,
Білмеді көпшіліктен кімнің кемін.

Елуден бір қос қылып реттеді,
Мыңына бастық қылып атақты ерін.
Ол күнде қару-сайман халықта аз,
Қайыңнан шоқпар қылып түбі тегін.
Азыққа ақ ұн татып, түйеге артып,
Айдатып қора-қора жана қойын.
Ешбір жан қайырмайды хан Мамайды,
6390 Қол асты жарлығына қойып мойын.
Аттанды сәрсенбіде сәтті күні,
Құда жол шығатұғын істеп тойын.
Халыққа қариядан елде қалған
Туралап сілтеді сұрап жолын.
Жол алыс Қатты хандай қалмақ елдің,
Жинатып расхоттың жолға молын,
Бел байлап «тәуекел» деп батыр Орақ,
«Алла» деп атқа мінді сұрап оңын.
Хан Мамай дулығыға жыға тағып,
6400 Қадатып омырауға ата шенін.
Смайыл топаяқ та білгір адам,
Сөзіне ерітеді елдің көбін.
Ойласа айтқан сөзі ойға тиед,
Біледі әрбір түрлі істің жөнін.
Шығарып қырық мың жиған елден қолын,
Қолбасы қылды Орақ інілерін.
Мұнымен Қатты ханға сапар шекті,
Көтеріп батыр Орақ ата туын.
Мың-мыңнан ретпенен жүргізіпті,
6410 Көп әскер келе жатыр буын-буын.
Жол жүрсе ердің көңлі ашылады,
Ішінде қорқағына болды қиын.
Ер Орақ Аққұла атпен қол алдында,
Қай жер шөл, қай жер сусыр, біліп жолын.
Құрыстап көптен бері жүрген батыр
Қалмақпен тарқатпаққа іштің шерін.
Арманы қалмақ шауып, кек алмақта,
Бүлдірмек қолдан келсе дұшпан елін.
Ісі жоқ бұл келе жатқан әскерменен,
6420 Қол жинап жатыр еді қалмақ та бұрын.
Енді мен қалмақ елін баяндайын,

Білдіріп білгенімше айтып түрін.
Өлтіріп Қазанбасты Азау бұзған,
Алмаққа ноғайлыдан барып кегін.

Солтүстік жақта ол күнде қалмақ елі көп еді, сол қалмақтың ішінде Қатты хан деген зоры еді. Бекенген есігі безерген деген қаласы бар еді. Аяу деген қалмақта аты шыққан ер еді. Азауды бұзып Қазанбасты өлтіріп кеткеннен бері біріне-бірі хабар айтып, осы күзде аттанып кек аламыз деп еді соған қол жинап, ой ойлап, ат байлап, қару сайлап, көптен бері қамданып бұл елде жүр еді.

Сол елде Сұмрай деген елден ел кезген бір диуана бар еді. Ат жолы жіңішке ноғайдан ауыр әскер қол шығып, бастығы Орақ Мамай, Әнжі деген біржер астын білетін қу бар, қалмақты шауып қайтамыз деп, келе жатыр деп естіп жаңағы диуана Қатты ханға келіп есіткен сөзін баяндап, сөз сөйлеп тұр, сондағы Сұмрай сөзі Халық қалаған Қатты хан,

Бекенген есік Безерген,
Отырмысың қаланда?
Кеше Азау бұзылып,
Жесірлер кеткен тізіліп.
6430 Халыққа қорған Қазанбас
Қалып еді далада.
Ноғайдан кек алмаққа,
Мәскеуге зауал салмаққа.
Әскер жинап ойнатып,
Әмір қылдың қалмаққа.
Сонан бері, мінеки,
Үш жыл өтті арада.
Мен жасымнан ел кезген,
Жастан Құдай жүргізген.
6440 Кешегі өткен жетіде
Бір хабарды білгізген.
Сар сонайы сағаға
Барып едім салаға.
Бір қайыры көп елді
Барсам қайыр береді.
Жылда барып бір-екі

Азық-түлік әкелем
Қатын менен балаға.
Сар соналы елінің
6450 Әркім оны мақтаған
Мырза көріп біреуін,
Сол елге бір қайыршы келіпті,
Сұмырай соған жолықты,
Кеңесіне молықты.
Омскиде елі бар,
Алыста қайда, қияда.
Хабарын айтқан қиюлы
Сөзі соққан шамаға.
Азауды бұзып бүлдірген,
6460 Халықты нахақ күйдірген.
Қазанбасты өлтіріп,
Батырлығын білгізген.
Айдынды Орақ, хан Мамай,
Смайыл әнжі, көп ноғай
Қырық мың жығын қол жинап,
Келіп қалған секілді
Еліңізге жана да.
Үш жылдан бері аттанбай,
Ноғайға кеткен кекті алмай,
6470 Кеткені тағы қайран ер
Аттаныспен жоқталмай.
Салауатты, салмақты
Басқарған бүткіл қалмақты.
Қолыңды жу үйіңде,
Келді де бар сыбаға.
Үстіңе жау келгенсін,
Менен артық қай жерің?
Тәжіңді таста, тақтан түс,
Мойныңа дорба сал,
6480 Жүре бер қайыр сұра да.
Тақта отырған Қатты хан,
Құлағың сал сөзіме,
Түсін сөздің жөніне.
Аттанып келет ноғайлы,
Ұрандары «Едіге».

Мұсадан туған он бір ұл
Осы күнде бүкіл байтақ ел,
Келіп қалды еліңе.
Хабарсыз жатқан қалмақсың,
6490 Келген жауды қайырат, — деп,
Келмейді менің көңліме.
Мен хабарын бергенім,
Аяукені өлтіріп,
Арманы бар олардың,
Жана өлтірмек сені де.
Суатыңнан су бермей,
Қалмақты бүткіл айдамақ
Жазырдың сусыз шөліне.
Дәмең болса жаныңнан,
6500 Ойлас жолдас, биіңе.
Ат шаптырып хабар бер,
Халыққа қамқор еріңе!
Күтінбесең ертерек,
Топалаң тиген қой құсап
Қалмақтың анық өлуі.
Мен бір ел қыдырған қайыршы,
Көріскенше күн қанша,
Мен кетемін жөніме.

Тұрмыс сөз

Осыны айтып Сұмырай,
6510 Кетті жүріп жөніне-ай.
Шошып кетіп Қатты хан,
Хабар берді еліне-ай,
Ел ішіне, биіне-ай.
Халықты бірге қолдасқан,
Талай қиын жолды ашқан,
Ат шаптырып шақыртты
Аяукедей ерін-ай.
Хабарменен халық келді,
Бірі айтып біріне-ай.
6520 Жиналған елге Қатты хан
Есіткен айтты сөзін-ай.

Қалмақтың елі қамалды,
Қалай қылсақ болат деп,
Ойласып жатыр амалды.
Бұрыннан білет хабарын
Қайратты деп ноғайды.
Қанды Орақ деп есіткен,
Кәрілі деп Мамайды.
Смайыл — әнжі — тобаяқ
6530 Амалгер деп есіткен,
Табады деп орайды.
Келтірет деп әйтеуір
Жеңетұғын оңайды.
Жер астынан оқыған,
Көңліне амал тоқыған.
Жиналған мына қалмақтың
Уайымын сөйлейді.
Есіткен сайын хабарын
Қалмақтың елі сасады.
6540 Үстіне жау келгенсін,
Тек қамалып отырып,
Құтанайы қашады.
Қашқаны емей немене,
Еліне хабар бергенше ,
Жиналып бәрі келгенше,
Қырық мың жиған ноғайлы
Қалмақтың елін басады.
Байтақ жатқан қалмаққа
Ноғайлы тиді шетінен.
6550 Үш жиған әскерін
Бітіреді бұл елдің.
Құралмай басы бетімен,
Ықпалы елдің таярда,
Кетпей ме елі еркімен.
Пәтуа жоқ, бірлік жоқ,
Бірлік болмай, тірлік жоқ.
Алдынан қарсы шығалмай,
Аяуке батыр, Қатты хан,
Жинаған әскер Көкаман.
6560 Сондағы Қатты хан

Ту ұстады қолына,
Шықты жаудың жолына.
Он мыңдай әскер құрасып,
Аяуке батыр еріпті
Қатты ханның соңына.
Қайтпай қарсы келеді
Көтерген Орақ, Едіге
Атасының туына.
Келатқан қаптап көп ноғай
6570 Мына жауды көргенсін,
Жүрісі оңбай, кейіндеп,
Шыдамадың бұлардың
Нағыра тартқан буына.
Қаруы жоқ ноғайлы
Қалмақтың қолын көргенсін,
Қайбырта берді ығыстап.
Келе жатыр Қатты хан
Жарқыратып әр жерден,
Он мыңына ту ұстап.
6580 Хабарсыз келіп жау басып,
Үлгермей қалды қалмақтар.
Онан басқа шамасы
Жер қайысып ығыспақ.
Жау қарасын көргенсін,
Әскерінің қарусыз
Айбынғанын білгенсін,
Батыр Орақ ақырды,
Ерлігімен құрыстап:
— Кідірмей кейін қолдарым,
6590 Кім біледі Құдайдың,
Қайсымызды оңдарын!
Батыр Орақ айқайлап,
— Тоқта, — деді әскерге,
Сендерді де жинадым,
Жиналып қызық көріңдер,
Қысылсақ көмек беріңдер,
Мына келген қалмаққа
Шығуға жеке ойладым.
Екпіндеген көп адам,

6600 Айтып ауыз жұмғанша,
Жақындап қалды арасы-ай.
Айқай дауыс анық-ай,
Есітетін болып шамасы-ай.
Олар да тоқтап кідірді,
Жүре бермей, жан тәтті.
Екеу емес кім-кімде
Кеудесіне бір басты-ай.
Сонда Орақ айқайлап:
— Жекпе-жекке шығам дейт.
6610 Қолымдағы туды ұста,
Бір ноғайдың баласы-ай.
Мұны Орақ айтқанша,
Аяуке шықты қалмақтан,
«Жекеге кел, — деп, — оңаша-ай».
Айқайлады Аяуке:
— Орақ қайда, кел бермен!
Қазанбасты өлтіріп,
Азауды бұзып бүлдірген,
Қырық мың жығын қол жинап.
6620 Хабарсыз шауып елімді,
Көкірегі желденген.
Жекпе-жекке шық бермен,
Аяукедей мен бейбақ
Сынаспаққа мен келген.
Қайда ұрлық іс қылып,
Ісің бір сенің жөнделген,
Сенің ерлігіңді кім білген?
Дәмең болса жаныңнан,
Жасқанба, жылдам кел бермен!
6630 Елдігін қой Мұсалы,
Тигізбейік забырды.
Ер болсаң шық жекеге,
Мына нысанаң келді көздеген.
Орақ шықса жекеге
Ту қолынан таяды.
Мұсадан басқа көп ноғай
Жекеге қалай барады-ай?
Мұсаның он бір баласы

Тек атағы болмаса,
6640 Әшейін-ақ қара еді-ай.
Шықса Мамай шығады
Жыға таққа ардақты,
Бұл атақты хан еді-ай.
Орақтан туды қозғауға
Бұ да бір мықтап ер еді-ай.
Көп кідіріп тұруға,
Жері құрғыр тар еді-ай.
Мамай шықты жекеге,
Дәл бедеу аты астында.
6650 Бүткіл қалмақ таныды
«Қазанбастың аты» деп.
Белгіленіп ер мінген
Танымал мал еді-ай.
Атты танып қалмақтар,
Қазанбасты жоқтаған.
Жоқтағанмен жоқ болған,
Дінсіз настар оттаған.
«Әлде қандай болат» деп,
Екі жақ та топтанған.
6660 Кідіргенге кішкентай,
«Қорықты, — деп, — мұсылман»
Аяукенің сөзі еді,
Мына айтып мақтанған.

Аяуке

Неғылғаның, ер Орақ,
Жүре бермей туыңмен,
Бағана айтқан буыңмен,
Келе алмассың бір басың,
Келмесең он бір ініңмен.
Жекеге шықсаң, өзің шық,
6670 Батырлығың білінген.
Жекеге шықты пәлен деп,
Атағына мас болып,
Кейбір жаман келеді
Хабары жоқ өлімнен.

Сынасам десең, өзің кел,
Сөзім осы шынымен
Ұрысам десең өзің біл,
Қаптама қылып жөніммен.
Арман бізде қалмас ед,
6680 Қазанбастың орнына
Мамайы мен қанды Орақ
Қаныңды төксем біріңнен.
Аяуке сөзін есітіп,
Бармағын Орақ шайнады-ай.
Қолындағы туы қалтырап,
Тақымын қысып, «қап» десе,
Астында құла атылып,
Тіке аспанға ойнады-ай.
Смайыл ұстап тізгінін:
6690 «Тәуекел, — деп, — Құдайға»
Белдерін Аққа байлады-ай.
Әлсіз келсе хан Мамай,
Мұсаның он бір баласы
Ат қоюға ойлады-ай.
Жағалады сонда да,
Аяуке иттің дабысы зор,
Дін мұсылман Алланы-ай.
Хан екенін білгенсін,
Салауатын көргенсін,
6700 Сөйледі жана қалмақ-ай.

Аяукеден

Сен халық білетін ханбысың,
Тағыныпсың жығаңды-ай.
Белгілі екен шамасы,
Ішінде ханын шығарды-ай.
Қамалып еді манадан
Жекпе-жекке шығалмай.
Атыңды айтшы, ноғайым,
Есітіп едім хан қойт деп,
Бүткіл ноғай Мамайды-ай.
6710 Аты шыққан батыр ең,

Есітемін Орақ деп.
Мұсаханның баласы
Басқасы қара деп еді.
Атаға ұқсап туа алмай,
Жаңбыршының баласы
Телағыс деген көзсіз ер
Қондыгерге кетті деп,
Есітемін оларды-ай.
Бұл үшеуден болмасаң,
6720 Ұрыспаймын, кейін қайт!
Не қылайын, әшейін,
Кек бітпейтін жаманды-ай!

Мамайдан

Жамандама, қалмағым,
Жасатқан Құдай пендесін.
Қайта алмаймын ұрыспай,
Арнайы саған келгенсін.
Қалмақтағы Аяуке
Қол жинаған сенбісің?
Қолың қайда жинаған,
6730 Үш жыл бағып сыйлаған?
Құдайлық іс осындай,
Ақтың ісін кім білсін.
Сен ақымақ болмасаң,
Үстіңе келген қонақпын
Десейші маған «жол болсын».

Аяукеден

Қонақ күтіп далада,
Түсіріп сені жайламан.
Сөзің майда көрініп,
Әрбір қиял ойлаған.
6740 Мамай деп сені білемін,
Әмірмен елді айдаған.
Шығаруға Орақты
Есітемін жасы үлкен

Келдің сорың қайнаған.
Дәлбедеу атты міниіпсің,
Жекпе-жекке келіпсің.
Туғалы менің жерім жоқ,
Сірә, ханды сыйлаған.
Тапсырайын сүңгіге,
6750 Керегі жоқ сөзіңнің,
Жөн сұра деп шайнаған!

Тұрмыс сөз

Осыны айтып Аяуке,
Қадау басты қара атты,
Қамшымен тартып ұрады-ай.
Бір ашулы ер екен,
Асығып тұрған шыдамай.
Қолына алып сүңгісін,
Өлтіріп алмақ жүлдісін.
Атын тартып шегініп,
6760 Кетті кейін анадай.
Қамданып бұ да хан Мамай,
Беліндегі ақ алмас
Суырып бұ да алады-ай.
Өзінен-өзі алқынып,
Келе найза салады-ай.
Келе жатқан найзаны
Алмаспен Мамай шабады-ай.
Қияғынан қиылып,
Ұңқысынан сынады-ай.
6770 Мамайдан өтті Аяуке,
Найзасы ұшып ағынмен.
Анадай жерден тартады,
Бұл сапар кетті жазыммен.
Ойнаған кісі секілді
Құр әшейін әзілмен.
Оралып келіп Аяуке,
Қолына алды қылышты-ай.
Тарқар емес ауыры,
Қылышпенен ұрыспай.

6780 Шабады деп ойы жоқ,
Мамай тұрды ығыспай.
Жақынға келген кезінде,
Сілтеп еді алмасты,
Қылышы қалмақ жана ұшты-ай.
Жана кетті ағынмен
Екі арасы жуыспай.
Айналып шауып оралып,
Енді Аяуке көңлі
Жағаға салмақ уысты-ай.
6790 Сол уақытта Мамайдың
Ит арқасы құрысты-ай.
Алмасын салып қынапқа,
Бұ да барып жабысты-ай.
Ат үстінен алысып,
Аттары жата қалысты-ай.
Аттары жатып қалғансын,
Жерге түсті екеуі,
Бірін-бірі жығыспай.
Табаны жерге тигенсін,
6800 Тартып еді хан Мамай,
Бұрқ ете қалып топырақ,
Астына барып Аяуке
Шалқасынан бұ түсті-ай.
Астына барып түскенсін,
Дөңбекшіді, жатпады-ай,
Босанып кетті аттары-ай.
Суырып алып алмасын,
Бауыздауға шақтады-ай.
Басын кесіп батырдың,
6810 Аш бөрідей аттады-ай.
Ат босанып кеткенсін,
Ауыл атқа шапты да,
Екі жақ тегіс қаптады-ай.
Қыран құстай Смайыл
Әр нәрсеге қайымды-ай.
Жирен сақал қара құл
Теңбіл қара тұлпардың
Беріп еді бұл сапар

Смайылға майын да-ай.
6820 Жаннан бұрын Смайыл
Екі атты барып қайырды-ай.
Алқынып тұрған батырға
Алас-қапас ішінде
Атын тартып көлденең,
Мінгізді ханды жайында-ай.
Хан мінгенсін атына,
Жетелеп алып қара атты,
Қиялай қиқу ішінде
Бас қамын қылып жойылды-ай.
6830 Екі жақ қаптап кеткенсін,
Бір қолында туы бар,
Батыр Орақ ұмтылып,
Көрсетті жауға зайырды-ай.
Батыр Орақ туы бар,
Бір жағында Мамай жүр,
Бір жағында Шамай жүр.
Алдында бұлар жүргенсін,
Арт жағында ноғай жүр.
Аймағамбет қонақтар,
6840 Арыстан мен Сидақтар
Өңшең төре сығай жүр.
Қосарында қара аты,
Смайыл әнжі бұ да жүр.
Араласып қалмақпен,
Ерлер жанын қинады-ай.
Батырлар жүр өлемін,
Еш жерін де ойламай.
Қорқақтары кейін жүр,
Тек сынған шоқпар жинап-ай.
6850 Ойынан шығып хандығы,
Ұрысқа түсті белсеніп
Қатты хандай қалмағы.
Ұрысқа түскен уақытта,
Қарсы келіп Сидақ-ай,
Өлтіріп кетті Қатты хан
Бейшараны қинап-ай.
Оны ноғай білмейді,

Қайтпағансын хан Мамай,
Ұрыса берді шындап-ай.
6860 Қалмақтың саны азайды,
Өлді қалмақ мыңдап-ай.
Ұрысып еді сәскеде,
Намаздыгер болғанда-ай.
Қайымдады қашпаққа
Қатты хандай хан қалмақ,
Бас-аяғын жинап-ай.
Намаздыгер болғанда,
Тауға шығып Қатты хан,
Нағырасын ұрады-ай,
6870 Өз әскерін жияды-ай.
Түн болғансын екі жақ,
Тап-табымен тарады-ай.
Он мың қалмақ келген-ді,
Қайтарында айрылып,
Болып қалды шамасы-ай.
Айдынды Орақ, хан Мамай
Елден шыққан әскерін
Дүз басыдан санады-ай.
Ажалдар аз өлген
6880 Көрінет түгел аманды-ай.
Қараңғыда хабармен
Дүз басыдан жұрады-ай.
Сидақ қайда келсін деп,
Шақырып жатыр Мамай-ай.
Сидақты ешкім білмеді,
Сірә біреу көрмеді.
Қауіп қылып сонысын,
Болды десті бұ қалай?
Қыдыратын елі жоқ,
6890 Кететұғын жері жоқ.
Өлгенін біліп төрелер,
Ақырын берсін Құдай деп,
Сабыр қылып жылады-ай.
Ел болғансын ішінде,
Жөн білетін биі бар.
Бұлармын бастас ері бар,

Қатар-құрбы теңі бар.
Сабыр айтып тоқтатты-ай,
Тамақ беріп ерлерге.
6900 Естіп жатыр ыззатты-ай,
Қалғандарың жау бол деп,
Төрелерді жұбатты-ай.
Осыменен жайланып,
Ыңырсыған қол жатты-ай.
Сидақ өліп қалғансын,
Бауыры туған болғансын,
Орақ, Мамай жатпады-ай,
Теріліп тамақ татпады-ай.
Атады қашан таң,
6910 Өзін-өзі шақтады-ай.
Түнімен қолды айналды-ай,
Алмастарын байланды-ай.
Таң ата қойса мәгәрда,
Қалмақты болды қырғанды-ай.
Салтаң атпен ер қалды,
Байдалы байтақ жер қалды.
Қалған әскерді ертіп,
Қатты хандай қалмағың
Шөл жазира даласына
6920 Түнімен қашты сор маңдай.
Таң рауаны атқанда,
Көрінбеді қалмақтың
Ешбір жерде қарасы-ай.
Шөлге қашып кетіпті,
Ізін кесіп Қарасай
Мал-дүние бостандық,
Жетім-жесір қалыпты,
Өңшең қатын баласы-ай.
Төрелерің шықты әскерден
6930 Сидақтың кегін алмаққа.
Ұстап алып Қатты ханның
Басына зауал салмаққа.
Із кестіріп шаптырды,
Әмір қылып жан-жаққа.
Ізі бар да, өзі жоқ,

Жесір қатын, жетім ұл
Кек алатын ері жоқ.
Қашқан жерін сұраса,
Шөл жазира даласы,
6940 Жолы қиын бармаққа.
Қашанғы қосын қашқан-ды,
Мерзімді жерден асқан-ды.
Есіз елге кез келіп,
Өлгені Сидақ болмаса,
Бұл сапарда ноғайлы
Есіз малды басқаны.
Бұл сапрада ноғайлы
Қалмақты шауып бүлдірген,
Қонысынан бездірген.
6950 Елге қайтты жоқ етіп,
Бекінген есік Безерген.
Төрт түліктен мал айдап,
Дүниені хан Мамай
Ер басына бөлдірген.
Неше түрлі ағалық
Қазына деп үйдірген.
Сұлуын таңдап қалмақты,
Жылатып жесір міңгірген.
Айланып Мәскеу аман бұл келген,
6960 Зорайып Мамай хан болды.
Күшейіп әмір жүргізген,
Оң болатын талапқа
Ақ алды қоян кез келген.
Бұл сапрада бұл болды,
Енді жайын айтайын,
Көп отырған әлеумет,
Түсіндіріп сөзбенен.

Қатты ханды қашырып, Аяукені өлтіріп, елін бүлдіріп жемісін жыйдырып, дүниесін үйдіріп, қайтып Мәскеуге келді. Бұрынғыдан көзі зорайып қайтадан байтақ қылып Мамай Мәскеуге хан болды хан болғанда патшасы пенде болды орыстардың ханы Мамайдың жазған бұйрығын көргенде отырып оқымай құрмет етіп тұра келіп тұрып оқитын болды. Мұны-

мен үш-төрт жыл өтті сол күнде Алтын ордада бек болған бір екі адам болды бұл екі Қараман дегеннің баласы еді. Бұл Қараман Мұсаның үлкен қызы Зағипа дегенді алып бұл екі бала сонан туған еді. Бұл күнде Қараманда өліп, Зағипада өліп, екі бала күрлеп бақ қонып бек болды. Сол уақытта Орақ Мамай елімен жаз қалмақтың жерін жайлап, қыс Еділді қыстап бір орнықты ел болып бұларда зор қанаға келіп толықты мақсаттары бүкіл мұсылманға болмақ болып соған ойланып тұрғанда бір күні Әнжі ордада отырған Орақ Мамайға келіп бір уайым сөздің басына мініп, сол сөзін айтып жатыр, сондағы сөзі Әнжінің.

Әнжіден

Асып туған Орекем,
Құлағың сал хан екем.
6970 Есітемін Қырымда
Жиендерің бар екен.
Батыл салып байқасам,
Дабысы артық ер екен.
Қайратты туған нар екен,
Қолындағы ноғай одағы
Қара қыпшақ ел екен.
Есітемін басында
Қырым деген ноғайдың
Бір патшалық қорған жер екен.
6980 Ықпалданып бұл күнде,
Қырым жөні тұр екен.
Байтақ сонда болуға,
Жазылған тарих жоба екен.
Дабысы артып барады,
Балуан Сұлтан батыр хан
Бір ықпалды туған неме екен.
Жоқ қылмасақ соларды,
Мұсылман болып жиналып.
Патша болып құралсақ,
6990 Байтақтағы екеуі
Мінуге таққа жөн екен.
Ореке, Мамай екеуің,
Қиял шебер сөзіме

Себеппен кірдім ат қуып,
Перінің ойнақ жеріне.
Жер астынан оқыдым
Текдарлы артық періге.
Оқи-оқи жеті жыл
Шықтым жердің жүзіне.
7000 Кімнің ықпалданатыны,
Кімнің төмен болатыны
Тырнағымда көрінді.
Сағынғансын жеті жыл,
Араладым елімді.
Ел аралап келгенсін,
Жаңбыршының баласы
Артылған екен бағы деп,
Айтып едім сөзімді.
Мына Мамай жек көріп,
7010 Қуалады өзімді.
Сөйтіп жүріп қан төгіп,
Бұл екеуі бүлінді.
Айтқаным рас болды ма,
Еріп кетіп бүткіл ел.
Хандықтан сәні кеміді,
Қайрат қылып ел шауып,
Көшіп жүрген ел тауып,
Келтірді Құдай еліне.
Шиғадан қашқан көп тама
7020 Келді орай кезіне.
Көріп едің шаманы,
Қалған ноғай шамалы.
Осы тама болмаса,
Хан болудың жөні не.
Мақұл көрсең барайық,
Қара қыпшақ еліне.
Өлтірейік екеуін,
Келе қойса еліне.
Айдынды Орақ, хан Мамай,
7030 Екеуі жазым болмаса,
Шоңқайтар бір күн сені де.
Сендердің қамың ініге

Неғылсын олар мені де.
Уайымын осылай
Алып жүрген көңліме

Тұрмыс сөз

Смайыл екеуіне айтты кепті-ай,
Жоқ еді бұлайша ойы жұ да тіпті-ай.
Есітіп Смайылдан мынау сөзді,
Отыр деп әнжі Смайыл тізе бүкті-ай
7040 Айтқаны ойлап тұрса бәрі де рас,
Ішінде жалғаны жоқ ешбір құрттай.
Ел еріп екеуіне кетт-ау рас,
Мамайды хан екен деп сөзін тұтпай.
Хан болып қолындағы ел кеткенсін,
Ойласаң кімде болса ауыр жүкті-ай.
Сонда ер Орақ жауап айтты бұлайынан-ау,
Әр нәрсе бір айтқан соң Құдайым-ау.
Әуелі Смайылдың тілін алмай,
Айрылдың сұрап тұрған ноғайыңнан.
7050 Өлтіріп кек алалмай кетті Алшағыр,
Бір жақын азар көреміз, сірә, ағайыннан.
Қарасыз баста жұтап қалғанымда,
Өзімнің тумам кетті маңайымнан.
Болмаса осы Смайыл пайдасы жоқ,
Бір тума жақын нақ былайғыдан.
Тәуекел жөні бар сөз көрінеді,
Ендігі жауап сөйле Мамайымнан.
Хан Мамай сөз айтады тұрып,
Жақынның мен де азарын жүрмін көріп.
7060 Екеуің мақұл десең неғылайын,
Бір тума таң саламат кеудеде жан.
Келеміз ел кеткенмен біз де өлтіріп,
Қолымнан мұсылманға іс қылуға.
Туғаннан білесіңдер емін жерік,
Шамасын екеуінің абайлайық.
Тым артық игі ме екен барып келіп,
Сүйекте бізден артық бола қойса.
Ересе халық билейтін қырымдағы,

Кәделі жоба жоспақ тұрса көріп.
7070 Адамзат бақ іздейді басық өлгенше,
Зор болып, ұят боладау қалсақ көніп.
Артықтың қайда отын жағат,
Болмайды бұ халыққа ешкім сеніп.
Кем болса барып көріп өлтірейік,
Жазығы қалар бізге бекер мініп.
Шамасы өз еліндік бола қойса,
Не керек бейшараны құр өлтіріп.
Көрмекке жиендерін өз көзімен,
Хан Мамай дәлбедеумен кетті жүріп.
7080 Қара атты қадау басты мініп алып,
Смайыл қосшылыққа кетті еріп.
Нұсқашы қарияның осылайша,
Мен мұны көргенім жоқ көзбен көріп.
Енді айтамын барған жердегі әңгімесін,
Доғарып домбыраны сөзге бөліп.

Мамай мен Әнжі екеуі елден шығып, жиендеріне жол тартты. Мақсаттары: — Олардың жайын, пиғылын білу. Теріс пиғылдары білінсе, өлтіріп қайтпақшы. Бұлар неше күн жол жүріп, жиендеріне келді. Жиендері нағашысы Мамай келген соң, өз алдарына бөлек орда тігіп, зор сый-құрмет көрсетті. Сонымен бұлар қырық күн жатты, күнбе-күн ойын-тамаша қылып, қызметі артты. Мамай мен Әнжі екеуі күнде істерін сынап, екі жиеннің бұлардан бақ дәрежесі артық адам емес екендігін байқады. Мамайға бағынбай өз алдына билік құру ниеті де болды. Бұл екеуі жиендерінің осы жайын көріп, іштерінде қызғаныш пайда болып, жаңа Смайылдың күні-түні бір мін таға сөйлеуімен, екі жиенді өлтіруге бел байлап, Әнжінің тілімен іс қылды. Қызықпен біраз жаттық. Кәне, Әнжі, бұл екеуіне не ойлап тұрсың? — деп Мамай бір күні Әнжіге айтты. Әнжі айтты: — Сіз балуан Сұлтанды шақырып ал, қырық күннен бері үйден шықпай ішім пысты, еліндегі жүйрік ат, қыран құсты жинап, ертең сен екеу, біз екеу мына таудан аң қағайық, — деп айт, сонысын шығар, шыққан соң, ол екеу, біз екеу қайтсек те өлтіріп қайтармыз, — деді. Мұны Мамай балуан Сұлтанға айтып еді, «құп» деп, қыран құс, жүйрік итті жинап, ертең шықпақшы болып, балуан Сұлтан күн шыға атын ерлеп,

жүрейін деп жатқанда, қатыны балуан Сұлтанның қасына келді. Бұл да бір данышпан қожаның қызы еді. Бұл қатын балуан Сұлтанға айтқаны:

— Құс, бекзада, оң болсын,
Ат ерлеген талабың,
Қайырлы болсын қадамың!
Нағашың ба шын рас,
7090 Бағып жатқан адамың?
Далаға аңға шығуға
Қалады ма тағайың?
Мен құс мұрынды сарының
Жек көремін қарауын,
Артық қылып қоймайтын,
Адам шығар маңайын.
Бір-біріңе тимеске
Анттасып шық далаға,
Айналайын, жұбайым.
7100 Мен білемін, жұбайым,
Нағашың сенің Едіге,
Сендер қамқор ер едің
Мына қара қыпшақ еліне.
Жаңбыршы, Мұса басында,
Жаңбыршы жоқ бұл күнде.
Хан болғанмен қасында.
Ерген шығар хан Мамай
Қу Әнжінің сөзіне.
Ақ көңіл туған арыстан,
7110 Нашарға қайда болысқан,?
Қапияда қиясың,
Жазым қылып өзіңді!
Әділетті, ақылды
Нағашың мынау хан Мамай.
Шешесі басқа тоқал деп,
Құс мұрынды сарының
Тиеді маған хабары-ай,
Осы сарының түрі жаман-ай.
Бір елдің тұр қолында
7120 Осы күні сұрауы-ай.

Келе жатқан шынжырсың,
Айтпайтын ақыл әйел-ай.
Тыңда уайым сөзімді,
Әй, арыстаным, абайла-ай!
Шыққан ба екен елінен
Мына таудың аңына-ай.
Қосмұрынды жері тас,
Бұғданың бойы боз қамыс
Жерінен аңды таба алмай.
7130 Нағашыңмен сөйлесіп,
Қанықтың ба сырына-ай?!
Сұрадың ба күн бұрын
Жұмысының түрін-ай?!
Бірге туған жақыны
Бір ұнап кетіп ақылы,
Құс мұрынды сарының
Жүрмесін алып тілін-ай!
Патшаменен барабар
Екі сұлтан дәл басың.
7140 Байлаулы жүрсін ішіңнен
Балдағы алтын алмасың,
Алмасың үйде қалмасын.
«Бауыр жоқ ханда» деген бар,
Нағашың Сұлтан жолдасың
Сені күнде көре алмай,
Қапияда қимасын.
Азғырып Әнжі қасында,
Шайтанның тілін алмасын.
Абайла, ерім, абайла,
7150 Аңдаусыз жазым болмасын?!
Бұл нағашың келгелі
Жұмысын жүрмін таба алмай.
Сәлем бере келуге
Мұнан үлкен патша жоқ
Ноғайлыда амалды-ай.
Менің айтқан ақылым,
Арыстаным, абайла-ай!
Ерлегелі атыңды,
Аблығып тұр жүрегім.

7160 Не жұмысқа келгенін
Біле алмай, ерім, жүр едім.
Бір-біріңе тимеске,
Анттасып шық далаға,
Сенен, ерім, өтіндім.
Қорқып тұрмын Әнжіден,
Хан Мамайға сенемін.
Мен атаң қосқан жұбайың,
Ер қорғаны уайым.
Не қылса да ықтияр,
7170 Жаратушы Құдайым.
Ауыры жоқ анттың
Ақ болса, уәдеге
Алла бізге жоқ болса,
Асыл туған Сұлтаным,
Мен анттасқанды қаладым.

Сонда балуан Сұлтаның қатынына айтқаны:

Не деп тұрсың, қатыным,
Алуға болмайт қатынның
Пайдаға айтқан ақылын.
Шашы ұзын, кем ақыл,
7180 Білмейсің сөздің мақұлын.
Көңіліңе алып ойлашы,
Бұрынғының нақылын.
«Екі нәрсе күндемейт
Деген сөз бар жақынын».
Көңіліме алып ойлаймын,
Бұрынғы сөздің ақырын.
Нағашым менің хан Мамай
Күндесін неге жиенін
Менің тума жақыным.
7190 Жақсы болса жәрдеммін,
Жаман болса дәрменмін.
Залалым не бұларға,
Ойламай ма ақырын?
Неге керек, әшейін,
Құр арман ой, әңгіме?

Ой үстіне келеді,
Ойлай берсе әрнеме.
Жақыннан залал болмайды,
Жарамайды күндеуге
7200 Жана бұлар Едіге —
Нағыз құмай жалғаннан.
Кешегі өткен Едіге
Жұрт нанған «шын ер» дегенге.
Басы жұмыр адамнан
Мамай артық ендігі.
Залалын көрмей жақынның,
Тілін алып қатынның,
Уағдадан тайып отырған
Ердің болмас ерлігі!
7210 Көрсетесің, қатыным,
Әр нәрсенің басын-ай.
Жуытпады деп айтасың
Жаңбыршыны қасына-ай.
Періден туған құмай ғой,
Білесің бе асылы-ай?!
Таққа мінбей тұрмайды,
Қайда жат ел сыйлайды.
Қор болды ма онымен,
Қондыгердің еліне
7220 Хан болды қайта асып-ай!
Дұшпанға ойлар Әнжілік,
Арамдық неге ойласын
Қосылған нәсіп досына-ай!
Дүнйесі мол болса,
Туысы артық зор болса,
Қарамайды жасына-ай.
Мен білемін Мамайдың
Халықтан асқан әділін.
Келген шығар сарайға
7230 Білет деп менің қадірім.
Кім барады қасына-ай?!
Аблықпасын жүрегің,
Былшылдама, жүремін!
Әулиесін қарашы,

Атаңа нәлет неменің!
Нағашымды қас көріп,
Енді кімге сенемін?
Батырхан, мін атыңа,
Мен де атыма мінемін.

Балуан Сұлтан қатынына мұны айтып, інісі екеуі атқа міні-ніп, қонақ жайдың желкесіне келсе, Мамай далаға шығып тұр екен. Балуан Сұлтан аттан түсіп, Мамайға келіп айтты: — Әй, нағашеке, жаңа атқа мінерде әйелім бір сөз айтып еді, тыңдамай атқа міндім, сонан бері жүрегім орнықпай тұр, сен екеу, біз екеу далаға оңға шығамыз, бір уағдамен шығайық. Түскен нәрсені тең бөліп ант алуға уағда қылайық,-деді. Мамай бұл сөзді естіп, үйге кіріп, үйдегі отырған Смайылға келіп айт-ты: — Бұл қалай анттасып шығамыз бір-бірімізге залал, қарау қылмасқа? — деді. Сонда Смайыл айтты: — Әне жиеніңіз елдігі, жоқ деген, бізге сенбей қылып тұрғаны! Мен осы сөзді айтарын біліп, бұрыннан мына бір бізді қолыма алып, мына күнде нанды қойыныма салып тұр едім, олай болса, мына бізді қолыңа ал, күлше нанды қойыныңа сал, сөйтіп барып анттасып келе ғой, себебі, анттасқанда айт: шырағым залал қылмаймыз, осыған нан де, нанбасаң «нанба» деп айт, ант нанға түседі, шырағым залал қылмаймыз, нан бізге де, біз алдасқан «бізге» де,ант сізге де түседі — деді. Мұны Мамай мақұл көріп, нанды қойнына са-лып, бізді қолына алып, далаға шықты. Далаға шығып балуан Сұлтанға келіп, және шырағым, жолдас болған соң сеніміңді қылайын, — деді. Сол күнде балуан Сұлтанның мектеп қожасы бар еді. Абдраман дейтін.Оның қолдан жасаған көп құранс бар еді (от басындай). Балуан Сұлтан Мамайды ертіп мектепке ба-рып, құранды қолына берді. Мамай ұстаз тұрып, шырағым, За-лал қылмаймыз, осыған «нан, нан» деп үш айтты. Сонда ант бізге түсіп, Мамайдың қолындағы біз қарап тұрып, сырт етіп сынып жерге түсті. Оны Мамайдың өзі білді, басқа кім білсін, сөйтіп төртеуі далаға оңға шығып кетті. Аң аулап жүре-жүре елден ұзап кетті. Бір жерге келгенде, арнайы аңдып жүрген адалдар қойсын ба, екеуін екі жерде балуан Сұлтан мен Батыр-ханды арыстан қылып атып өлтіріп, сонан екеуі еліне қайтты. Қайтқаны құрсын! Баяғы біз сынғанда, Мамайдың қолына тигендей болып еді, жарты жылдан асқан соң, сол қолы бас

бармағы қызарып ауырып, қоры сырқырап, тұла бойы қызып отқа азар жүрді. Күн-түн жүріп, ауылға түнде келді. Әнжінің ауылы жолда еді, бұл ауылында қалды. Мамай үйіне келді. Келгені түссін, түнімен ұйықтай алмай, дарлап шықты. Ертең сәске уақытта қатыны Қаракөз далаға шықса, Әнжі алты інісін ертіп келе жатқанын баяндап, Қаракөздің айтқаны.

7240 — Ауырып келдің даладан
Халық басқарған маралым.
Мекен еттің атаның
Мына жатқан шағанын.
Жайлаттың талай еліңе
Мына жатқан Еділдің
Мал түспеген аралын.
Атасы басқа дұшпанның
Тигізбедің залалын.
Суатын бермей кектінің,
7250 Жазира шөпке қамадың.
Жалғыз салып айқайды,
Қалмақтың бұздың қамалын.
Осының бәрін қылғанда,
Қолыңа кірген бір бізге
Болмай жатыр амалың!
Қолым деп түнде жатпадың,
Кішкентай аузы жараның
Біз ұшынған дерт болып,
Болмаса игі еді ажалың?!
7260 Тоқалдан қалған жетеудің
Көрінеді қарасы,
Тысқа шығып қарадым .
Келе жатыр алдыңда
Ертіп кеткен арамың.
Ерітетін ізіне
Өңшең шошқа-қабанын.
Дұшпанға сырыңды алдырмай,
Құс мұрынды қу сары
Біледі бәрін шаманың.
7270 Киінсең қалай болар ед,
Халық басқарған ағаным,

Құдай қосқан адамым.
Таққа мініп хан болып,
Қара құрттай толғаның.
Тараған елден жинадың.
Ықпалың жүріп тұрғанда,
Әнжінің тілін алмадың.
Біліміңмен жүргенде,
Өзіңнен өзің сорладың.
7280 Әнжі — Смайыл — тобаяқ
Мұнымен жолдас болмадың.
Кемісің сенің жоқ еді,
Біле алмадым себебін,
Жиенге неге жолдандың?
Жолданғанда жолдасың
Әнжі болды қасында-ай.
Іздеп кеттің «жиен» деп,
Екі дегдар нәсілді-ай.
Салауатты хан едің,
7290 Ардақты туған жан едің.
Бұл сапарда бос келдің,
Бермеді ме, жоқ па екен,
Қимады ма жиенің
Лайқат саған асылды-ай?
Өкпелеген кісідей
Жек көрдім келген ісіңді-ай.
Оқ тиді деп шошып ем,
Түнде көрмей түсіңді-ай.
Күндіз көріп, көз салсам,
7300 Анттай дертің арбаған,
Адам бар ма біріне
Бас бармағын жырмаған?
Қаның қашып кетіпті,
Жана кетіп түсің-ай.
Мағлұм шығар өзіңе
Мен дұшпан деймін туғанды,
Жай келе жатыр қысылмай.
Не болса да біледі
Әнжінің бәрі ісінде-ай.
7310 Кеудеден жаның шыққанша,

Киіміңді киініп,
Ауырып жатқан басыңды-ай?!

Мамай Смайыл. әнжі келе жатыр деген соң, басын көтеріп, киімін киіп, басына төжісін ұрып, шенін тағып отыр еді. Смайыл әнжі інілерімен келіп, отырып, баршасы да амандасып: — Уа, хан ауырып келді деген соң, әл сұрап келіп едік, жақсысыз ғой, — деп, тамақтанып, бәрі де шығып кетті. Бұлар шығып кеткен соң, Мамай қатыны Қаракөзге айтты: — Қаракөз, далаға шығып қарашы, Әнжі жердің астынан шыққанда әркімнің өлетіні тырнағына жазулы шыққан, ол біледі. Мен өлетін болсам, жетеуі бірінің бөркін бірі алып, ойнап жүгіріп, қашып, қуып бара жатқан шығар. Мәгар мен өлмейтін болсам, жетеуі жеті жермен баратқан шығар, — деді. Қаракөз далаға шығып қарап еді, жетеуі бірінің бөркін бірі алып ойнап, қашып, қуып бара жатыр екен. Қаракөз шошып кетіп, үйге кіріп, ауырып отырған Мамайға жылап толғап қоя береді:

— Қайраты артық арыстан,
Ақылы кәміл данышпан,
Ой ойлаған алыстан,
Нашарға қайда болысқан,
Нағып жазым өткіздің
Туғаннан дұшпан туысқан?
7320 Туысқан дұшпан болған соң,
Босаса басың болар ед
Басыңдағы жұмыстан.
Тоқалдан туған жетеуді
Тысқа шығып қарадым.
Хан аға келіп көп жаман
Қара құрттай толысқан,
Көңілдері шат болып,
Екеу-екеу алысқан.
Бірінің бөркін бірі алып,
7330 Бірін-бірі қуысқан.
Ақсұңқарым, қарадым
Ойыны солай сауысқан.
Осылай, сұлтан, қарадым
Жетеуінің жүрісі-ай,

Тарқапты бүгін құрысы-ай.
Болмаса дұшпан бүйтер ме еді,
Жатқаныңда ауырып,
Халық қамқоры інісі-ай?
Көңіліме қайғы түсірді
7340 Залымдардың мұнысы-ай.
Жер астында оқыған,
Көңіліне амал тоқыған,
Атасы бірге болғанмен
Басқалығы туысы-ай.

Сонда Мамай қатыны Қаракөзге айтқаны:

Ей, алғаным, алғаным,
Зарлап барад бармағым.
Денеме жайды бұл жара
Күннен күнге салмағын.
Не қылайын басында
7350 Әмірі Ақтың барғаным.
Айлалап жүріп қу Әнжі
Салған екен қармағын.
Басында жазған іс шығар,
Көрермін Алла салғанын.
Жазым болсам осыдан,
Тіліменен Әнжінің
Ішімде кетті арманым.
Алла қосқан Қаракөз,
Уайымдап айттың сөз.
7360 Ант болмаса нағылсын
Бас бармаққа кірген біз.
Ақылым айнып, тіл алып,
Арамдықты ойланып,
Ақ қаламды қолға алып,
Ант ішкен соң алжаспай,
Келмесін бе кейіс іс
Ақ сүйекке тезбе-тез.
Бұл сапарда, Қаракөз,
Ақылды Мамай алжасты-ай.
7370 Алжаспасам ант ішіп,

Іс қылам ба жарамастай?
Алқынып барад шыбын жан,
Кеудеге сиып жайғаспай.
Келатқан басым өмірде
Қу Әнжіге ойласпай.
Бұл сапарда оны әше
Ертіп кеттім жолдасқа-ай.
Киімімді киіндім
Әнжінің сырын білмекке,
7380 Бір Құдайға сиындым.
Жастыққа жатқан салмақты
Көтеріп едім бұл басты-ай.
Бұл жалғаншы талайды
Бір мен емес жөнелткен.
Неше шайық пір өткен
Халыққа қамқор дүр өткен.
Өлмей пенде қалмайды,
Жерге түсіп шыр еткен.
Отырып едім киініп,
7390 Бір Құдайға сиынып.
Баратқан ойнап қу Әнжі,
Енді отырғанмен болмасты-ай.

Мамай сөзді айтқансын, Қаракөз жылап жана сөйлейді:

Халық билеген ардақтым,
Халқынан басы салмақтым,
Мәуелеген шақта жоқ,
Жалғыз көжім мен бақтым.
Іші қорықты қалтырап
Мен секілді бейбақтың.
Кешегі анау күніңде
7400 Айдадың малын қалмақтың.
Әңгімесі сен болдың
Төрт тарапта жан-жақтың.
Сен жиеніңе кеткенде,
Ұйқым келмей мен жаттым.
Қарап жүріп қайғырып,
Қара ағаштай иіліп,

Ұйқыдан кеттім түңіліп.
Жарым айда бір барып,
Таң тұрғанда білініп,
7410 Кетті бір көзім ілініп.
Сол ұйқының ішінде
Әлі түсім есімде,
Бір зор мәжіліс тойлаппын.
Той тарқамай төпелеп,
Бір ұрыс болды көпіріп.
Сол ұрыстың ішінде
Тоқсанға келген анаңыз
Бәденін ашып шешініп,
Жабырқамай жалынып,
7420 Жыға тағып панданып.
Рахат тауып қу Өнжі,
Мұнымменен ісі жоқ,
Алтын тақта азғантай
Аяғын жимай көсілді.
Мені танып келмеді,
Жылы жауап бермеді.
Екі қолым байлаулы
Шашымды жайып отырдым.
Сен биік асқар тау едің,
7430 Көл болмады аққанмен
Бауырыңда бұлағың.
Сен — бұлы қымбат зұлпықар,
Жыртылмай тозды қынабың.
Нағыз асыл тұлпарсың,
Қалмады бізге тұяғың.
Сен ұңқысы алтын сүңгі едің,
Мұқамай кетті қияғың.
Түрі жаман тоқалдың
Қалай сені қиямын?!
7440 Қаруын атаң алғаннан,
Дұшпан болды туғаннан.
Нақақтан ант ішкізіп,
Тапқан екен қиуын.
Кемітпейд дұшпан затыңды-ай,
Халық біледі атыңды-ай.

Іс өткен соң не пайда,
Алла есітпес датымды-ай.
Алдырмасын ертерек
Неге жылдам батырды-ай.
7450 Жылдам келген демің бар,
Қайыр құм соққан елің бар,
Кәдірменді ерің бар.
Жаман айтпай, жақсы жоқ,
Сау кісіге де өлім бар.
Неғылып патша жатырсың,
Білсе бір Әнжі шақырмай?
Ел жетер ме бағыңа-ай,
Кім мінеді тағыңа-ай?
Кәнеки, сұлтан, қайтемін,
7460 Айтсайшы маған ақылды-ай!

Қаракөз мұны айтып жылаған соқ, Мамай өзі де ауруынан қорқып жатыр еді: — Онда Орақты алдыр, — деді: Орақты алдыр, — деді: Орақтың аулы босқа. Түнде Мамайдың келіп жүргенімен келмей жүргенінінен хабарсыз, Үйінде шешініп отыр еді. Бала барып: Мамай түнде ауырып келіп, сізді тез келсін деп жатыр деген соң, зәресі ұшып кетіп, жалаң аяқ, кебісшең киімін жамылып жүгіре берді. Келсе, Мамай алқынып жатыр екен, келіп жылап қол берді. Сондағы Орақтың сөзі:

Неғылып келдің, қарағым,
Түрі қалай жараның?
Қашан келдің ауылға,
Тимеді ғой хабарың?
Хабарыңды есітіп,
Қорыққаннан өнбеді
Жылдам жүрген қадамым.
Не науқастың сабағы,
Жайың қалай, сабазым?
7470 Қарағым, сені есіттім
Жаңа хабар берген баладан.
Шырағым қашан келеді, — деп,
Жолыңа ағаң қараған.
Жарқырап күндіз келуші ең

Мұнан бұрын даладан.
Артық па екен жиенің
Ауылдағы жамадан?
Ауырды деп есіттім
Біз бір кірген жарадан.
7480 Ұшығы бар дерт шығар,
Ажарың қатып жараған.
Болмаса ісі болар еді,
Бұл Алланың қалағаны.
Сен Кеткелі сол елде
«Әнжіге ерді хан» деген
Сыпсың шықты тамадан.
Бұл науқастың себебі
Болды ма, айтшы, жаладан?
Жөніңді, ханым, білдірші,
7490 Қорғаным, маған сұраған.
Қарайған екен ажарың,
Кіршік жасап тоттанған
Ақ қағаздай жамалың.
Қалыпты қатып қабағың,
Көрсетші түрін жараның?
Бәрін айттым жолыңа
Қатын менен баланың.
Дауасы болса бұлардан,
Өкпемді алып қағамын!
7500 Айрылған соң мен сенен,
Жазым болсаң, қуатым,
Қайтып адам боламын.
Халыққа қамқор ие кім
Байтақ Сарытау қаланың?
Ажарыңнан қорықтым,
Білдірші, қандай қуаты
Бәденіңдегі жараның?

Сонда Мамайдың басын көтеріп, ағасына айтқаны:

Ассалаумағалайкүм,
Ореке, сәлем беремін.
7510 Ақ күмістей жүзіңді

Болжай-болжай сеземін.
Ажалым жетсе өлемін,
Қабырға, қолым күйеді,
Қардай етім мұздайды.
Қолға кірген біз еді.
Әбдіраман қожаның
Ат басындай құранын
Ұрып едім кеудеме,
Сол ауыр анттан көремін.
7520 Жаламды кімге жабайын,
Не демейді ағайын,
Мен Құдайдан көрем себебін.
Бұзық іске бұл сапар,
Ореке, атты ерттедім,
Не қылғаным басында
Мен Әнжіні ерткенім?
Мен келе жатқан тек едім,
Жұрт билеген бек едім.
Ықпалы жүрген уақытта,
7530 Дұшпанды жеңіп өткенім.
Ореке, адам болмаспын,
Өзімнің тума жиенім
Нақақтан қанын көтердім!
Жаңа біліп жатырмын
Қапыда істің өткенін.
Қапыда өтті бұл ісім,
Енді дүниесі құрысын!
Ертіп жүрген адам жоқ,
Өлгенінше ізіне
7540 Ағасы мен інісін.
Мен өмірді өткіздім
Мына Еділдегі ел үшін.
Болмаса ажал бұл жазған
Кіргеніне не қылсын?
Ел жина деп айтуға
Бітіп жатыр тынысым,
Қысқарып жатыр өрісім.
«Берейін» деп жатырмын

Бір Құдайдың борышын.
7550 Жүрейін деп жатырмын
Ұзақ сапар жүрісін.
Бірге еді туысым,
Қидырды залым желісін.
Көре алмай кетіп барамын
Ағайын бітім-келісін.
Бір арманым кеудемде
Телағыс, Күнке жасасын,
Көре алмай барам бірісін.
Бұл арманға жеткізбей,
7560 Қысты Алла жанымды-ай.
Бірге туған ерлерді
Не қыламын сағынбай?
Беремін деп жүр едім
Елім менен тағымды-ай,
Өкпесін етсін деп екеуі.
Жолықса ноғай мен үшін,
Мына жатқан ініңнің
Жалғанға жоқ арманы-ай.
Өмірінің ішінде
7570 Алтын таққа орнады-ай.
Дұшпанды жеңіп арқаңда,
Асқан сұлу таңдады-ай,
Қалмақтан малды айдады-ай.
Ерлерді жеңіп байлады-ай,
Байтаққа мынау хан болды-ай.
Қош, аман бол, Ореке,
Мына шалқар жалғанға
Бітті бір менің жұмысым.

Қарағым, сенен айрылсам,
7580 Бәрі де дұшпан ағайын.
Атадан жалғыз қалдым, — деп,
Мұңымды кімге шағайын?

Қаптаған жауға жолықсам, Мамай бұл сөзді ойын, тілі болатын, әлсіреп бастады, сонда Орақ мына сөзді айтады.

Көмекті қайдан табайын!
Дәмең бар ма жаныңнан,
Солай ма жайың, Мамайым?
Қарағым, дертің жараң ба
Басқа жерің аман ба?
Үндемейсің маған да.
7590 Шынымен сенен қалам ба,
Жоқ еді перзент балаң да,
Отыр еді анаң да.
Шығатұғын жол жоқ,
Тастадың ба аралға?!
Қайтіп халық боламыз
Оқ тиген соң маралға?!
Сенің айбат күшіңнен
Шаптым жалғыз қамалға,
Дұшпанды салдым табанға.
7600 Сен қасымда жүргенде,
Мен дұшпаннан қайтпадым.
Қарағым, дана қорғаным,
Ұзатып ақыл айтпадың.
Жалғыз қалдым анадан,
Құдайым, өзің амалда?!

Орақ мұны айтып жатқанд, ақ Мамай жан тапсырды. Ноғайлыны жинап, Ұламалары жайлап Мамайды жерлеп, Сүйекшілер қайтып ордаға келіп жйналып отырғанда, Мамайдың тоқсанға келіп отырған шешесінің Мамайды жақтан Ораққа қарап айтқаны:

— Ханды көміп келдің бе,
Ноғайлының адамы-ай?
Жалғыз, Орақ, қалдың ба,
Төртеу еді балам-ай?!
7610 Алдымда кетіп Мамай-ай,
Бұ не деген заман-ай!
Тоқсанға дейін отырып,
Үш баланы өлтіріп,
Отырғаным жұтынып.
Бір Құдайдың ісіне

Кәнеки, бар ма амал-ай?!
Өзіңе Мамай не қылсын,
Халықтың күні қараң-ай!
Жалғыз қалды ашушақ
7620 Мына Орақ ағаң-ай.
Сен барыңда, қарағым,
Үлгіріп еді қадам-ай,
Қалды иесіз үлгірткен
Мына Сарытау қалаң-ай!
Жиналып келген ноғайлы,
Орақ, болмас Мамай-ай.
Болады деп ойланып,
Болмаңдар енді алаң-ай.
Жетеу туған тоқалдан,
7630 Сөзімді тыңда ноғайлы,
Бұл үйдегі отырған
Болмақ көңілі үлкені
Таққа мініп амалды-ай.
Сөзімді тыңда, қу Әнжі,
Енді Орақ сүрінсе,
Тақ барады саған-ай.
Бірақ, өліп көрмеймін
Таққа мініп, хан болып.
Халық кетті қарамай,
7640 Отырасың қапа жеп,
Тамағыңды таба алмай.
Келдіңдер ме келмеске
Апарып қойып, ноғайлы,
Халық қамқоры Мамайды?
Атасынан туғаннан
Алып еді талайлы,
Жеңіп еді талайды.
Атадан дұшпан кекті жау
«Көрмеспіз, — деп — үмітін»
7650 Үзіп еді маңайды.
Жинап алған құрамыс
Енді кімге қарайды?
Айлалап жүріп түсіріп,
Нақақтан антты іштіріп,

Бәрекелді, тоқалдың
Құс мұрын сары жарайды!
Мамай еді қуатым,
Дәрменім кетті тұратын.
Дұшпанды жеңіп желденді
7660 Қолына алып болатын.
Қалмақты жеңіп айдады,
Ішетін бермей суатын.
Алтын тақты жайлады,
Халық пайдасын ойлады.
Есті естіде болатын.
Сұңқар етіп қиятын,
Көп болды жаман құратың,
Қалдырмады жақсысын
Бір жапырақ жұратын.
7670 Құлыны өлген ақ байтал,
Енді саған күн қайда
Ондай болса туатын?!
Қалдың жалғыз, Орақ-ай,
Жекенің болмас орамы-ай.
Тоқалдан туған жетеуден
Сонда да көмек сұрамай,
Сұрай қалсаң көмекті,
Даяр тұр ғой молаң-ай.
Кешегі Мамай тіріде
7680 Жүрді дұшпан жоламай.
Мекен болды халыққа
Неше қорық тоғай-ай.
Мамай еді бастаған,
Дұшпанды жеңіп тастаған.
Алды-алдыңа кетерсің
Көп ұзамай, ноғай-ай.
Кешегі менің Мамайым
Әділ туған хан еді,
Қасиеті бар еді.
7690 Қарағым менің тіріде
Дұшпанның жері тар еді.
Ел қысылып тарықса,
Жөн білетін дана еді.

Хан қосылып налыса,
Айтатын ақылы бар еді.
Халыққа ауыр іс түссе,
Мықты жұмыс күш түссе,
Жүк көтерер нар еді.
Желкеден жау келгенде,
7700 Алмасын белге байланып,
Мың сан қолға бір өзі
Дөп дегендей шақ еді.
Басындағы Мамайдың
Атасының бағы еді.
Қарағымның тіріде
Көрсем деген тумасын
Көңілінде қақ еді.
Жана бір арман перзенттен
Көңілінде бар еді.
7710 Қарағым, Мамай тіріде
Белдемшеңді белдендің,
Дұшпан десе желдендің.
Атаның жерін кең салып,
Қалмақтың жерін жерледің.
Қолыңнан арды бермедің,
Ел пайдасын көздедің,
Халықтың қамын іздедің.
Кәуірді салып табанға,
Күш көрсеттің наданға.
7720 Екі судағы ұлыстың
Өлтірдің бастық ерлерін.
Қорқытып көзін күш жұмсап,
Алып келдің тізгінін.
Айтқаны адам болмайды,
Ойымда жоқ орнында
Тұяқ сенен қалмайды.
Ойламадық мұндайды
Күн ілгері біз бұрын.
Бітіре келді жұмысын
7730 Тоқалдан туған біз мұрын!
Алтын тақта отырып,
Арғымақты баптадың.

Ақ сүңгінің қияғын
Күміспенен қаптадың.
Дұшпанды жеңіп қашырып,
Досты сыйлап сақтадың.
Аяуке сынды батырдың
Басын кесіп күнінде,
Аш бөрідей аттадың.
7740 Тағдыры аттың болғансың,
Дәрменің жоқ шығуға,
Қараңғы көрде жатқаның.
Бір сағатта тоқтадың,
Алдыңа сенің, қорғаным.
Аманатты бермедім,
Сенен перзент көрмедім.
Ақ ісіне амал жоқ,
Артыңда қалып Мамайым,
Күйгенімнен жоқтадым.
7750 Алтын таққа отырып,
Жүргізді Мамай әмірін.
Қара қылды қақ жарып,
Көрсетті халыққа әділін.
Жұртты жеген зұлымның
Тілеген Ақтан момынға
Тигізбейді зәбірін.
Жаман адам көрмейді
Жаттан артық бауырын.
Құдыреті күшті Құдайым,
7760 Бұл жерлерге келгенде,
Арттың жүктің ауырын!
Сабы бірге болғанмен
Басқалығын білдірді
Өңшең жаман қабының.
Қайырымды аруана,
Құтсыз болып бауырың,
Тым болмаса артыңда
Бір жасар бала қалмады.
Халық білген хан Мамай,
7770 Құрағаны тағы орының.
Орақ, саған айтамын,

Күтінбедің ертерек,
Кешегі Мамай тіріде-ай,
Кәріп пенен қасарға
Садақа неге бермедің,
Жолына малын қырып-ай.
Жинап алсаң болмаймед
Ертеде өткен ноғайдың
Халық ұстаған биін-ай?
7780 Сен көрсетсең болмай ма
Жарасының түрін-ай?
Ақыл иесі адамдар
Айтар еді шынын-ай.
Сен тоқалдан туған жетеудің
Бәрін таста қырып-ай.
Құс мұрынды шүңірек,
Өзі сары, көзі көк,
Ішіндегі сұрын-ай!
Бұл тілімді алмасаң,
7790 Осымен өтер күнің-ай.
Бұл жалғанның дүниеде
Болмас саған тынымы-ай.
Таппадың неге, ау, Орақ,
Мамайға аюдың ақ дәрісін?!
Жинап алсаң болмаймед
Ертеде өткен ноғайлының
Ел билеген кәрісін?
Ақылдасса болмаймед
Бір Мамайдың жаны үшін?
7800 Тоқалдан туған жетеудің
Өлтірсең нетті бәрісін.
Ең болмаса өлтірсейші
Құс мұрынды сарысын?
Қапыда өтті-ау әрі ісің.
Мұны айырып айтқаным,
Нақақтан антты ішкіздің
Кешегі Мамай ханыма-ай!
Жолықты үлкен бәлеге,
Ізіне еріп барам деп,
7810 Құс мұрынды зарының.

Неге ертіп жібердің
Әнжінің тілін алып-ай?
Кім айтса соған нанады,
Ер кісі болад жарым-ай.
Тоқал жетеу, сен жалғыз
Қаңғыдың жалғыз қалып-ай.
Қанатыңнан айрылып,
Жаңа болдың көріп-ай.
Тілімді алсаң, ау, Орақ,
7820 Ерте күтін, жаным-ай.
Туғаннан-ақ тумаңның,
Маған сыры мәлім-ай,
Өзді-өзіңе жүктетіп,
Құртар болды қаныңды-ай.
Күтінбесең ертерек,
Өлтірер сені тағы да-ай.
Мамай еді ақылың,
Қалай болды, батырым,
Тіліне еріп Әнжінің,
7830 Хан өткізді ғапылын.
Сені күндеп, көре алмай,
Жау болып жүр жақының.
Алыстағын дұшпаннан
Аңдысып жүрген дос жаман.
Ойыма алып қараймын
Бұрыңғының нақылын.
Мамайымнан айрылып,
Не боларымды білмеймін,
Бермесе Құдай ақырын.
7840 Өлді Мамай, қор болды,
Тірілікте зор болды.
Әнжі салып ылаңды,
Ерлерге ұят сөз болды.
Өкпелеп Орақ, Мамайға,
Алшағырым сонда өлді.
Жоламады еш пәле,
Әнжінің ісі жөн болды.
Ортадан жақсы кеткен соң,
Құрылып жаман ел болды.

7850 Мамайымнан айрылып,
Ішіме қайғы дерт толды.
Дауыстар тарлан айрылып,
Қанаттан сұңқар қайрылып,
Аяқтан тұлпар майрылып,
Бір аламан кез болды.
Жыламайын десем де,
Осылар еске түскенде,
Сай-сүйегім тебіренді.
Келер күнің болар ма,
7860 Артыңда анаң еңіреді.
Ізіңде тұяқ қалмады,
Бұл болмаса, жалғанда
Жоқ еді Мамай арманы.
Осыған жасым төгілді,
Қабырғам қатты сөгілді.
Атадан қалған, ау, Орақ,
Сен байларсың алмасты-ай.
Артыңда байтақ елменен
Тапсырды саған мал басты-ай.
7870 Жақыннан саған пайда жоқ,
Жүр жөніңе ойласпай.
Ойласам деп хан Мамай
Ант ішіп нақ жайласты-ай,
Жиналып келген ноғайлы-ай!
Кешегі Мамай айналып,
Байтағына қонарма-ай.
Жылағанмен боларма-ай,
Не қылғаны Алланың
Алдында Мамай мені алмайд.
7880 Салмағаны моламды-ай.
Өткен істен пайда жоқ,
Енді жыласам да болмасты-ай?!
Тұрмыс сөз айтушыдан:

Тұрмыс сөз айтушыдан:

Не пайда, ажал жетіп өлді Мамай,
Қайрылды хан Мамайға бүткіл ноғай.

Не пайда, қанша айтқанмен келер, жоқ,
Қайтпаған қайғырғанмен ішкі сыры-ай.
Өлгеннің ізін күтіп тұрған жан жоқ.
Ер Орақ дүниеден тез қайтады,
7890 Хандығы есіл ердің көп ұзамай.
Уақытында зор уақиға іс болған жоқ,
Тұрыпты хандық құрып екі жылдай.
Әуелде қәлам кеткен Ақтың ісі,
Себебі өлімінің болды мұндай.
Тоқалдың ең үлкені Смайыл қу,
Айтайын жана Орақты өлген жерін.
Азамат, тамашалап сөзді тыңды-ай!
Бақ іздеп өлгенінше кетті тынбай.
Мұса хан екі қатын алған адам,
7900 Төртеу ед Қарүлектен туған бала-ай!
Қарүлек бәйбіше еді ажал жетіп,
Ер Орақ намазына халықты жиды-ай.
Бұл батыр бәйбішеден жалғыз қалды,
Туғаны дұшпан іштен бұрын сірә-ай.
Бірі жау екі көздің болды Орақка,
Жар болғай, жалғыз қалды, патша Құдай.
Келер жыл Мамай менен шешесіне
Ойы бар өмір болса ас қылуға-ай.
Жаласы қу Әнжінің, себеп Ақтан,
7910 Көшеді дүниеден ас қыла алмай.
Алшағыр бір баласы баста өлген,
Баласы Жаңбыршының содан өлген.
Телағыс Алшағырды кетті шауып,
«Арадан қан өтсін» деп бұл көңілмен.
Басында қу Әнжінің бүлігі еді,
Жаңбыршы бізден артық дегенмен.
Қатты хан ұрысында Сидақ өліп,
Тура ажал жаласы жоқ кімді-кімнен.
Нақтан антқа ұшырап өлді Мамай,
7920 Биқапы бір іс өтіп кемеңгерден.
Арманы сонда Әнжінің хан болмақ-ты,
Құрыса іске асатын бәйбішеден.
Енді тек Орақ қалды бұдан тоқтау,
Бұл өлсе қу Әнжіге кезек келген.

Қалып ед Алшағырдан екі бала
Дейтұғын Қалау, Сарау немереден.
Хан Мамай халық билеген Сидақпенен,
Қалмаған бұдан бала бегілі ерден.
Қалаудың он алтыға жасы келген,
7930 Жас бала сары үкіше ойнап-күлген.
Жеті жыл жер астында оқып Әнжі,
Кім-кімнің өлетінін өзі білген.
Көрінді, тырнағында жазулы тұр,
Өлімі әлде кімнің себебінен.
Орақтың қалайынша өлетінен,
Бір күні есеп етіп мұны көрген.
Қараса Қалау себеп болатұғын,
Бұл өлсе сыбаға алад керегінен.
Ер Орақ тоқалдарды дұшпан тұтад,
7940 Қалауға жалғыз қара бұған сенген.
Құрытып бәйбішенің үлгіргенін,
Көңілі қу Әнжінің таққа мінген.
Ұрысып, иә алысып әлі жетпед,
Өлтірген есіл ерді мына жөнмен.
Қиды екен көзі өлімге нағып ерді,
Туғанын дұшпан емес, ақан безген.

Қаргүлек бәйбішеден төртеу туып, ең кішісі Алшағыр еді: Жаңбыршы балаларымен алжасмырғанда, Алшағырды телеағыс Алмаспен шауып кеткен.Бұл Ашағырдан екі бала қалған: Қалау, Салау деген: Алшағырдың қатыны да өліп,бұл екі баланы Қараүлек асырап, бұлар Мұсаның брласымыз деп жүретін ед:

Бұл балаларды Мұсаның тоқал, бәйбішесі, қайсысы да болса, еркелетіп, жақсы тәрбие қылытын ед: Бұл күнде енді бәйбішеден есінбілетін Орақ. Қалау он лтына келді: Бір күні Әнжі ойлайды: осы Орақ жоқ болса, тақ маған қала—дыдеп. Мүны қалай доқ қылудың амалына кіріседі. Тырнағына есеп қылып қараса осы биылОраққа ажал иәбір зор қамер Қалаудан болады. Қалаудың өзі таққа мінеді. Міне осыларды айырып, жұдыз есептеп көреді.

Мамай, Сидақтан бала жоқ. Орақтан екі бала бар. Қарасай, Қазы дейтін Қарасай бес жаста, Қазы үшжаста жана Орақтың

қатыны жүкті. Әнжіде енді тынып болмай, бір жерге шақырып алып, сөйлесіп баланы сынамаққа Смаиыл, әнжі сөз айтады. Сондағы сөзі:

Ей, Қалау, сені алып шықтым оңаша,
Саған мен бір сөз айтайын тамаша.
Айтқанымды қыласың,
7950 Көңіліңе жараса.
Мен де Орақпен бірдеймін,
Атаңның жөнін санаса.
Сенің он алтыда жасың бар,
Дегдарлы асыл төресің.
Ой ойламай басқадай,
Ойнай берме балаша!
Менің айтқан ақылым
Кешегі батыр патшадан
Берді ме қалың, сұрашы?
7960 Бар ма екен енші бір атың,
Тұқымы болсын ол атың,
Жылқыда тұлпар түбі жоқ,
Ер Орақтың құласының.
Мұны айтқаным, шырағым,
Жүрісіңнің би қолай
Көрінеді шамасы.
Шырағым, мен де Орақпен бірдеймін,
Тек басқалығы қабымыз.
Баласы мен де Мұсаның,
7970 Бір әкеден бәріміз.
Сені қор қылам деген ойда жоқ,
Аман тұрса жанымыз.
Құрып жүр текке амалымыз.
Әзір шүкір, қолда бар
Расхоттық малымыз.
Осы кешке Орақтан
Қалыңдығың бар ма екен?
Ел шетіне жау келсе,
Қалмай халық көп жүрсе,
7980 Аты, тоның сай ма екен,

Құлағына салыңыз.
Ойлаған шығар күн бұрын
Өлді Мамай, бізге жоқ,
Әзір маңдайдағы барымыз.
Күні ілгері ойлайық,
Қапыда-қапы болмайық.
«Қаңғырған жетім» деп айтса біреу,
Төгіліп қалар арымыз.
Сен үлкен үйде болған соң,
7990 Біз сеніп жүрміз батырға.
Өзі батыр болғанмен,
Бірақ билігі кеткен қатынға.
Сыйлап сені бағатын
Келеді бір зор ақылға.
Әлі қалың бермесе,
Белгілеген атың жоқ,
Кез келген атқа мін десе.
Баяғы бізге қылған пешесі
Саған да болар жақында.
8000 Сен — шынжыр атай төресің,
Менің айтқан сөзімді
Өзіңіз де ойлап білесің.
Не айтса да ертең осы жерге
Маған айтып келесің,
Осы сөзім мақұл ма?
Біздің топқа көз салсам,
Немере де мырзасың.
Ноғайлыға көз салсам,
Қатын алып, үй тігіп,
8010 Шығып жатыр құрдасың.
Мерекеде салдырып,
Сәндеп мініп жорғасын.
Сен тек сыпырып бос жүрсің,
Ханның тіккен ордасын.
Осы сөзді сұрап кел,
Не қылды екен, сынап кел.
Бізге қылған зорлығы,
Шырағым, саған да тап болмасын!

Қалау осы сөзді мақұл көрді,-ақылы жоқ, аңқаулау неме еді, кеше көкеме айтып, не айтқанын ертең айтып келейін — деп Әнжімен қол алысты.

Енді, кеше ордада айбалтасын қолына алып, толған ой ойлап отырған Орақ Қалау мына сөзді айтып толғады:

Орданда жалғыз отырып,
8020 Көке, айбалтаңды қолға алдың.
Халқыңның қамын ойландың,
Өз-өзіңнен толғандың.
Бәрі кетті тумаңның,
Қолыңда жалғыз мен қалдым.
Сұрамаққа сізден жөн
Бүгін өзім ойландым.
Кимей, ішпей, әшейін,
Баяны болмайд жиғанның.
Бермей-алмай құр бекер
8030 Пайдасы жоқ тойғанның.
Кәнеки, айтшы, ау, көке,
Беріппе едің сен қалыңды,
Енші атымның атын айт,
Мінетін тартып мен жалын!
Қалайша болам халыққа паш,
Қатын алып, үй тігіп,
Ат мінбесем қатырып,
Бұрыннан, көке, сіз мәлім.
Кәнеки, айтшы, көке,
8040 Беріп пе едің қалыңды,
Мен кім деймін қайнымды?
Қатын алып, үй тігіп,
Берейін қолдан қайырды.
Ноғайлыға көз салсам,
Мен қатарлы баласың,
Енші беріп әперді.
Маған деген енші атың
Құла ат болсын тұқымы,
Мінбеймін басқа тайыңды!
8050 Ел шетіне жау келсе,
Тұлпар мініп астыма,

Көрсетем деген ойда бар,
Ұрысып саған ойынды.
Көнеки, айтшы, әй, көке,
Білдіргенім ойымды.
Осылай еді үмітім,
Көке, менің ойлаған.
Керек емес адамға
Отырған шықпай ордадан.
8060 Атамыз еткен мұратын
Жасында жауды жаулаған.
Бір шыбындай жанымды
Алмаймын қауғадан.
Тұқым едік келатқан,
Айтқанынан танбаған.
Көрсетпесек қайратты,
Бізді сыйлап ноғайдың
Жері жоқ,сірә, сыйлаған.
Адам адам болған соң,
8070 Айып емес ақ талап.
Қатын алып, үй тігіп,
Дүниені бөлек жинаған.
Сынатып тұрмын ойлаған
Көңілімдегі талапты.
Байлап мінбек ер адам,
Енші алып бір атты.
Ел шетіне жау келсе,
Өңгеріп найза қияқты,
Сұлу құшып, үй тігіп,
8080 Көрейін деген ірәтты.
Өз бетімен іс қылса,
Кім айыпқа тұтады
Біз секілді жұратты?
Сүмірейіп бос жүрсем,
Ноғайлыдан ұят-ты!
От басында отырып,
Тақта отырған батырдан
Осылай Қалау сұрапты,
Әнжімен бірігіп бұл жаман,
8090 Сынамаққа Орақты.

Дәмің біткен кезінде,
Жұртты құртқан қу Әнжі
Алмасын ба айлалап,
Секілді Қалау ақымақты.
Түбінде бос тастамайд
Нахақтан кеткен көңіл ақ-ты.
Ақылсыз ақымақ аңдамай,
Ақырында лақты.
Осыншама бүлдірген,
8100 Арам туған Әнжімен
Толтырар Алла тозақты.
Жалғаннан жақсы тез көшед,
Жаманның өмірі ұзақ-ты.
Қайдан білсін бұл жаман,
Бәйбішеге бәле ойлап,
Салмаққа жүр Топаяқ,
Бұл білмейді тозақты.
Сонда Орақ сөйлейді
Көңілінде дымы жоқ,
8110 Шат қылуға көңілін.
Мал — баланың шашуы
Мұнан несін аясын,
Артындағы жалғыз шырықты.

Орақтан:

Ой, шырағым, оң болсын,
Ойыңа алған талабың!
Не қылсаң еркің өзінде,
Ізіме ерген қарағым!
Мақсұтыңа жеткізсін,
Ойда болсын қалауың.
8120 Мына жатқан ноғайдан
Таңда да, ал сұлуды,
Көріп жүріп жамалын.
Малын беріп алайын,
Дегдарына қарап ал,
Алма нәсілі жаманын.
Қасына ерт қалаған

Мынау ноғай адамын.
Жас күнінде табылмайд
Талаптысы баланың.
8130 Әй, шырағым, бірақ сен
Өткен үлкенді өлшеме,
Қайраты артық арыстан
Ол Нұрадын бабаның.
Жиырмасында үйленген
Сен үлгісін ұстасайшы,
Кешегі Мамай ағаңның!
Сен он алты жаста ой ойлап,
Ілгері ұсынып туыпсың,
Төрт жылы кеміс көрінеді
8140 Атаң Мұса шаманың.
Сен жиырмаға келгенше,
Ит жүгіріп, аң қағып,
Байтал мініп, мал бағып,
Араласаң болар ед
Атаңның мекен шағанын.
Қайыры болса болар ед,
Еркін ерте сұрадың.
Ой, шырағым, біздің тұқым мал беріп,
Алмайтын еді қатынды.
8150 Азын-аулақ жылқыдан
Өзің қалап танысайшы
Мінетұғын атыңды.
Жылқыға барсаң жүзі ыстық
Жақсы ат танид батырды.
Айуан, мал білгенде,
Адам неге білмесін
Есі бар милы ақылды?
Шырағым, ерік өзіңде,
Бірақ саған айтқаным
8160 Дос көрме туған-жақынды.
Ылғасаң еркің өзіңде,
Тек айтамын ақылды,
Шырағым, дегдар асылзат
Сөз қылмайды әйелді,
Алдында болса ағасы.

Алдыңдағы жасы үлкен
Кісінің мықты қарасы.
Өз бетімен ұшады,
Соңына ермейд шұбырып,
8170 Ақсұңқар құстың баласы.
Қайтпай шабад қанды көз,
Дұшпанға келсе шамасы.
Біздің тұқым құмай ит,
Бірақ анда-санда ішінен
Шығатын еді бұрасы.
Тырнағы батпас ителгі
Түгел жүрсе ұясы.
Малым түгіл бағымды ал,
Керегің болса тағы да ал.
8180 Адам болсаң ар-арлап,
Жеткені менің арманым,
Көкеңнің осы расы.
Шырағым, саған айтайын,
Едігенің тұқымы
Ноғайлыға қорғанды-ай.
Өз қол астым көрінеді
Көкірекке баламдай.
Қырымдағы қыпшақтан
Беремін қалың деп едім
8190 Өмір болса сағанда-ай.
Аққұла атың тұқымы
Жолымдағы кер беден
Байталдықтан жүр еді,
Өмірінше сыналмай.
Ішіндегі құлыны
Сен жиырмаға келгенде,
Ол да бесті шығады-ай.
Мал мен дүние сенікі,
Сұрап тұрсаң еншіні,
8200 Мерзімді жерге шыдамай.
Мұнан басқа сөзім жоқ,
Мақсұтыңа жеткізсін,
Ал, шырағым, Құдай-ай!

Орақ осыны айтқан соң балада үн жоқ, ұйықтап қалады. Ертеңгісін ұйқысы қанған соң, кеше Смайылмен қылған уағдасы есіне түсіп, уағдасы бойынша айтқан жеріне келіп еді, Смайыл бұдан бұрын келіп тұр екен.

— Кәне шырағым көкең не айтты, деп сұрады. Сонда Қалау айтты:

— Көкем мал да сенікі, бақ та сенікі, тақ та сенікі деп айтты, бірақ, шырағым, жиырмаға келгенше кідір деді, одан басқа ештеңе деген жоқ, — деді:

Сонда Смайыл айтты: — Япырым-ай, баяғы әкеміз бен шешеміз өліп, біз де сен секілді болып, осы Орақтың қолында жүргенде бізге айтқан екен. Бізге де жиырмаға жеткенше ешнөрсемен істерің болмасын,атамыз Едіге жиырмағажетіп жау жаулаған екен. Бергі атамыз Нұрадын он екі жасында ерлік құрамын деп, бағы баянсыз болыпты деп, бізге де осы сөзді айтып жүре-жүре жасымыз жиырмаға жеткенде, енші түгіл астымызға бір тай да бермей қуып жіберіп еді. Бұл Орақ батыр болса да, Хан болса да, әлі дүниеге көз тарлығы қаламай жүр екен. Әке шешесі жоқ болоны осынша алдағаны, бұл дүниеге таршылық қылмаса, биыл Мамай мен шешесіне ас қылатын жылы еді-деп, Әнжі балаға жылап қоя берді: Сонда жылап тұрып

Әнжінің айтқан сөзі:

Әй, шырағым, қайтейін,
Әуел алды Құдайым
Әкең менен шешеңді,
Сонсын алды ізінен
Сидақ сынды шешенді,
Маңдайының сорына.
8210 Пәлен-түлен десем де,
Ер жеткенше қимады
Халық басқарған хан Мамай,
Әр іске де көсем-ді.
Бәрін алып жақсының,
Маңдайыңа тар қылды
Ақылы жоқ есерді.
Көріп сырттан жүр едім,
Осы істің бірін боларын,

Үй сыпырған пешеңді.
8220 Бала емессің, қайтейін,
Алдайтұғын әлдилеп,
Саған да енді іс енді.
Ау, Орақ сен,
Ноғайлының ерісің!
Таққа мініп, хан болып,
Халықтан бүткіл ырысын
Қалың беріп, ат берсе,
Осы жетім балаға
Құри ма екен ырысың?
8230 Жүргенде біздер ағалап,
Шешесі басқа тоқал деп,
Енші бермей айлалап,
Әлі жетім балаға
Қоймаған екен онысын.
Мал мен бақты құр ал деп,
Ауыз екі бос болып,
Білдірмесе тігісін,
Қатты көңіл, тар мінез,
Жек көргенмен баланы,
8240 Ұмытат қалай інісін?!
Білмегенмен жас бала,
Сырттан сынап отырған
Білмей ме халық мұнысын?
Тілін алып қатынның,
Көз жасын көрмей пақырдың,
Әй, Орақ, осы ісің құрысын!
Жетім қалды қарағым,
Мен қайтейін туғаннан
Мен асырап баға алмадым,
8250 Қабым басқа болғаннан.
Өзімнің туған Алшағыр деп,
Басында сені қолға алған.
Он алтыға келгенше,
Сені шығармады арадан.
Әкең тірі болғанда,
Түспес пе едің айт-тойда
Су төгілмес жорғадан.

Бүйтпес едің бар болса,
Кешегі Мамай кең ойлы
8260 Бес бөлімге хан болған.
Халық билеген ханды алып,
Ақ ісіне амал жоқ
Бір тентекке қор қылған!
Кешегі Мамай қорғаны ед
Мына Сарытау қаланың.
Қамын ойлап халықтың,
Қор болмасын көзденген
Қатын менен баланың.
Ісінің түрі қолайсыз
8270 Ендігі мына ағаңның,
Менің қолдан келерім
Сырттарынан тілеймін
Екі бала аманын.
Менің басым дал болды,
Таппаса Құдай амалын.
Тіл алсаң, бір іс қылайық,
Тіл алмасаң, қарағым,
Болсын сенің қалауың!
8280 Қарашы мына жаманды,

Сонда бала Әнжінің сөзіне балқып кетіп, — Енді амалын тапқанда не қыламыз, — деді. Сонда әнжі Смайыл, топалқтың айтқан әңгімесі.

— Бұл бізге қылғанын саған да қылайын деп жүр екен, жөнін білдің ғой, мұны өлтірелік, сен бол, мен бол, мұны өлтіріп, сені Хан қояйын. Табақ-табақ мал-мүлкі сенде қалсын. Мына Қарасай Қозы өскенше жана бір жөні болар деді: Тен білемін, бұл Орақтың ажалы сенен болады, болғанда былай болады. Орақ Құс мұрынды, қара шоқыға шығын, көк тарлан құсты аңға салып тұрады. Көк тарлан құс жүгірген аң, ұшқан құсты төбе-төбе қылып үйіп жүргенде, саған қарап ақ құла аттыңүстінде тұрғанда, Орақтың бойы балқып тұрады. Сен ертеңгісін орақ аңғашыққанда, ізіненжаяу қалма, қайда бара жатырсың десе, бүгін көк тарланның қызығын көрем де, сөйтіп барып тұр. Бойы балқып, құс алып тұрғанда айт: — Осы атамнан қалған ақ алмас қайда де. Ол айтар «Мына тұрған ғой» дер, сен сонда айт «Маған

көрсетші де». Көрсең көр деп қолыңа берер, қынабынан суырып ал. Ақ алмастың ұшы да жоқ, дүзі де жоқ менде де білмеймін ол адамбды қалай өлтіретін. Сонда ол өзі айтар өлтіретіннің шынын. Өзінің айтуымен Ораққа жұмса, орақ әне сонан қалмайды. Қалмайтұғын себебі бойы балқып тұрады, жаңа біздің тұқымға өз қаруы болмаса, басқа қарудың қатесі көп болады, дұрыс сілте, жазым сілтеп өзің өліп қалып жүрме, — деп, бар бар, ақылын айтты. — Орақ өлсе, басы мен алмасты маған алып кел, мен де Сарау ойнатып, қолынан ұстатып сені сыртыңнан қарап тілектес болып, жолында жүремін, — деп, баламен уағда қылды.

Жаман адамның уағдасын қатты деген мұны қылмай қоятын емес. Уағдаласып ауылына қайтты. Ертеңгісін, айтқанындай, Орақ ақ құла атқа мініп, көк тарлан құсты қолына алып, құс мұрынды қара шоқыға қарай жүре берді. Бала да ере берді. Біраз жерге келгенде, Орақ артына қараса, Қолауды көрді. «Неге келсең, неғылып жүрсің», — деп еді; — Көке, мен бүгін көк тарлан құстың қызығын көрмекшімін, — деді. Орақтың ойында еш нәрсе жоқ, «онда кел» деп, артына мінгізіп алды да, жүре берді. Барған жерінде Әнжінің айтуындай, ақ алмасты сұрап көрсе, ұшы да жоқ, дүзі де жоқ. Орақтан сұрайды:

— Бұл адамды қалай өлтіреді , — деп. Сонда Орақ айтты: — Бұл, шырағым, шаиса да өлтіреді, сұқса да өлтіреді, өзі бір құлаш жерден сілтесе, он құлаш жерден тиеді, — деді. Қалау Орақтың айтуынша алмасты жұмсап, аңқайып ақ көңілімен тұрған Орақты шапты. Ақ алмастан жан қалсын ба? Орақтың басын ұшырып, аққұла аттың да мойынын алып түсті. Көк тарлан құс ұшқан жағынан қайтпастан көпке көтеріліп кетті. Алмасты бір қолына, басты бір қолына алып, ауылға Әнжіге уағда қылған жеріне Қалау жұмысты бітіріп қайтты.

Ендігі бір оқшауырақ сөзден айтайық. Орақтың қатыны ноғайдың Қантермендеген елінің қызы еді. Өзі жүкті, бұрын екі баласы бар (Қарасай, Қозы деген). Қарасай бес жаста еді, Қозы үш жаста еді. Күні жақындап туымға келіп отыр еді. Бір машыдан бағана Қалау батырдың соңынан жаяу кетіп бара жатыр еді деп естіп, естіген соң түндегі Орақтың айтқан кер бедеу байталы буаз, құлындайын деп арқандаулы тұр еді, қатын ойлады: «Япырымай, Сарау да бүгін екі — үш күн болып еді, кіші ауылға кетіп, келген жоқ еді. Бала жаяу батырдың соңынан бара жатқаны Әәнжіден келген ылаң болмаса болар

еді» — деп. Жалмажан асығып, арқандаулы тұған биеге мініп, бұ да Құс мұрынды қара шыға қарай желіп, жартыжүре берлі. Қатын шыға жақын келгенде, Қалау да келе жатыр екен, қарсы жолықты. Қалаудың бір қолында алмас, жүгіріп келе жатыр екен. Қатын осындай жақын келіп, іс өткен соң не пайда, ол келе жатқанда жақындаса қатыны да өлтіретін. Қатын мұны біліп, ауылына қайтты. Ауылға жақындаған уақытта артынан көреді. Саруды қолынан жетелеп, Әнжі Құс мұрынды қара шоқыға қайдағы тасамен бара жатыр екен. Қатын іші ауырып, үйіне келіп отыра берсін. Ендігі сөз, Әнжі баланы қолынан ұста, Қалаға қарсы келеді. Ауылдан аулақ жерде Қалау келіп көке, мынау бас, мынау алмас деп, Әнжінің алдына тастады. Әнжі жылдам алмасты қолына ұстады, ұстап қараса, дүзі де жоқ, ұшы да жоқ. Бұл адамды қалай өлтіреді деп ойлап, қолындағы алмаспен Сарауға сілтеп қоып еді, Сарау екі бөлініп түсті. Сарау әлден соң Әнжі алмасты алып, Қалауға тап берді:

— Қара, бұл шіркін менің ойнап айтқаныма Орекеңді өлтіріп! Сенің басыңды қағайын, — деп. ақыры алмасты алып ұмтылды. Қалаудың Сарау өлген соқ — соқ үрейі ұшып тұр еді. Тұра қашты. Бұл қуды, жете алмады. Әне, Қалау сол қашқаннан қаша — қаша елден шығып лағып кетті. «Қалауша қаңғырып кетті» деген сөз осыдан қалған. Қалауды қарынды Әнжі мына сөзді айтып қуған еді. Сондағы Әнжінің сөзі:

Өлтірді жалғыз ағамды!
Тұқымыңды жояйын,
Құртайын сенің қараңды!
Қарасай мен Қазиға
Құрбан қылып бауыздап,
Үскініңді қияйын,
Санатайын малыңды!
Қарағым, қамқор ағакем,
Бейнет қылып тастадың
8290 Қатын менен баланды.
Өспегір Қалау өспессің,
Өртедің қолдан қараңды.
Енді жайламасаң жақсы еді
Мына жатқан шағанды!
Хандық сенің неңді алған,

Жыртар жыға жағаңды.
Тумай жатып қарашы,
Хан болуға сыбанды!
Сірә, біздей туған адам жоқ
8300 Кезегіне қараған.
Тоқалмыз деп шыдамды,
«Қалауды ұста, байла», — деп,
Атқа мініп айғайлап,
Ойбайлап салды ұранды.
Қаратыпты Әнжі жамалын,
Көзінен жасын ағызып,
Алтау қылды тарамын.
«Орақты Қалау өлтірді» деп,
Жиналды бәрі ағайын.
8310 Бұл дабысты көрген соң,
Әрі Сарау өлген соң,
Шошып кетіп жүрегі,
Қалау қашып жоғалды.
Бір сөткенің ішінде,
Бұл жалғанның жүзінде
Екі кісі тартыпты
Үш адамнан обалды.
Ертеде өткен Жасықұл
Едігені өлтірген.
8320 Сонан соң-ды бұл Әнжі
Орынға қулық келтірген,
Бүлдірді сөйтіп ноғайды.
Ей, алаштың ұлы, азамат,
Дүзулік ед амалдап,
Бұзықтық құрып оңайды.
Ер Орақтың өлімі
Тыңдасаңдар солай-ды.
Баяғы байтал мінген бәйбіше
Ол да ауылға келіпті,
8330 Ішін жағалап Құдайды.
«Әнжіден келген бұл іс деп,
Құртар, — деп, — енді маңайды».
Қайғыны ойға қамайды.
Кейде қатты жылайды,

Ойлайды кейде бұл ойды.
Орақтың қатынынан

Орақтың қатынынан:

— Патшасың, Құдай-ай,
Он сегіз мың ғаламға.
Айналып жүріп күн қалды
8340 Құс мұрынды арамға.
Мен басшыдан айрылып,
Қалдым шықпас аралға.
Құртар болды тұқымды
Айналып жұмыс жаманға.
Өз жаласы өзінен,
Бәрекелді амалға.
Бұл Топаяқ болмаса,
Бұл жаманға бұл қайда?
«Батыр өлсе, патша боласың» деп,
8350 Үйретті-ау мына балаға.
Қайдан білсін жас бала,
Сенбесіне жаны ашып,
Қамқорын соққан ағаға?
Баланы көпке сөйлетпей,
Жоқ қылды-ау мұны да,
Бір шағым айтып араға.
Ісінің түрі тым жаман,
Күтінбесем ертерек,
Біздің тұқым қала ма?
8360 Ендігі талап бұл болсын,
Жіберейін балларды
Нағашысы Керманда
Аты шыққан қалаға.
Болды қалай мынау іс,
Басыма түсті мықты күш.
Өңіме емес, шығар түс,
Иә, Жасаған Құдырет!
Бірге туған ағайын
Не себептен болды өш?
8370 Есіл ердің еңбегі

Болды сырап бекер еш.
Он алты жасар жас бала
Басын кесіп батырдың
Бір көрім шығар біткен іс.
Бас қамымды ойлап, шылайын,
Қор болғанмен құр жылап,
Не береді ағайын?
Енді бізге де болды зор жұмыс.
Ақырын бер, а, Құдай!
8380 Болады қалай ақыры-ай?!
Түрі жаман жақын-ай,
Қалай болды япырым-ай?
Ханым басым қайғылы,
Қайнымды Құдай жау қылды,
«Мұны қалай қылам» деп,
Сұрайын кімнен ақылды-ай?
Бүйткенімше үндемей,
Отырғаным мақұл-ай.
Дұшпан емес жаулайтын,
8390 Бөтен емес аралайтын.
Жылағанмен пайда жоқ,
Не қыламын отырмай?
Мұны қылған Топаяқ,
Ерді өлтірді оңай-ақ.
Жаратты ма екен жас күннен
Жауынгер қылып Құдай-ақ,
Он алты жасар баланы-ақ.
Мұны қылса Топаяқ,
Кең екен, сірә, Құдай-ақ.
8400 Ауылға барса бұл бала,
Тағдыры шығар жалғыз-ақ.
Әнжіге барып ойласа,
Басында өзі істетіп,
Озса өлтіріп, иә қалса,
Халықты жинап сабамақ.
Болар іс болды болатын,
Енді Әнжіге де бір жұмыс
Сыртынан ішін сынамақ.
Бұлдырап көзім көрмейді,

8410 Тілемей жасы жылап-ақ.
Япырым-ай, қалай болған іс,
Ұшынды ма екен немесе,
Дегдарлы тұқым ұяда-ақ!
Жақынның ісі тоқтаған,
Жаман жылап, ата-ана,
Қай көңілім сабыр ет!
Ажал жетсе, амал жоқ,
Кімдер тыныш жатпаған.
8420 Асыл тұқым дегдарға
Көп жылаған жақпаған.
Өлді арыстан абайсыз,
Жалғыз жаудан қайтпаған.
Кешегі қамқор енемнің
Жоқ екен сөзі айтпаған.
«Құдайдың ісі болды» деп,
Ананың сөзін тұтпаған.
Тоқалдан туған Топаяқ
Мықтаған ісін, мықтаған!
8430 Дұшпандар күлер ауылға
Жылап барсам ойбайлап.
Мәміле айтар жамандар,
Жиналып келер қой-қойлап.
Қайғырайын онан да,
Былайынша ой ойлап.
Бітірген ісін Смайыл,
Сүйегін ердің құрметтер
Ұзақ шауып, ел жинап.
Енді екі баланы
8440 Жазым қылар тың-тыңдап.
Жіберейін осы түн
Нағашысы хан Керман
Қара Еділге мұны ұрлап.
Балларым болды далада,
Бармаймын жылап қалаға.
Ойламасам осылай,
Жазым қылар балаға.
Өзі адам болған соң,
Танысар, келер елдегі

8450 Іні менен ағаға.
Қанқор болған бұл залым
Бұл тұқымнан қала ма?
Риза емес қой көңілі
Бәйбішеден туған қараға.
Мен бейшара, бір Құдай,
Өзіңізге асылған.
Төрт пенен бес жасы бар
Қалды зүрият асылдан.
Жақындағы дұшпаннан
8460 Жау жақсы екен туы бар
Ортасында жасылдан.
Енді кімге жылайын,
Қастас шықты қасымнан,
О, дариға-ай дүние-ай.
Ханымдық түсті басымнан,
Болад дағы бұл тағы
Жақсылықтың талайын
Көріп едім жасымнан.
Осындай ойлап далада,
8470 Қапталдап келед бала да
Дегдарлы асыл ақ сүйек.
«Өлген қайтып келмес» деп,
«Өшкен қайтып жанбас» деп,
Ендігі ойы ханымның
Балаларын қашырған.
Осы түннің ішінде
Екі бірдей баланы
Қос арытырып басшымен
Көрмес жерге асырған.
8480 Қалай ханым ойлауы?
Бүгінгінің әйелі
Күні түгіл жылына
Құр ойбайлап бақырған.
Ойлады ханым осылай,
Елге жылап барғанын
Кемдік көріп басына,
Қашырмаққа баласын.
Ой ойлады келе жатып,

Түрінен істің шошып-ай.
8490 Алыстан ойлап күтінді
Дегдарлы тағы осылай.
Қояр емес баласын
Енді мұнан жасырмай.
Қашырмаса белгілі
Келтірмейді қу Әнжі
Жиырмаға жасын-ай.
Мінгені ханым бие еді,
Тақырға Құдай ие еді.
Болары болып далада,
8500 Ауылына келеді.
Ай күніне маң болған,
Қалай жаяу жүреді?
Манағы Қалауға көз салса,
Әнжіге жақын жүрісі
Жолығатын төбе еді.
Бір қолында Сарау бар,
«Қашан Қалау келед» деп,
Жолын бағып тұр еді.
Келе жатып бұл ханым
8510 Әнжі қылған сұмдықтың
Қалдырмай бәрін біледі.
Аңдамады ханымды,
Қатын мен Әнжі арасы
Бір биік біткен төбе еді.
«Қалауды ұста, ағайын,
Орекемді өлтірген»
Деген дауысы Әнжінің бірге үдеді.
Смайылдың мінгені
8520 Қалмақтан алған қадау бас.
Қалау қорқып лақты,
Артына бұрылып қарамас.
Ісі тентек өзіне,
Жазығы жоқ батырды
Өлтіргені ақымақтың
Кім-кімге де жарамас!
Сайлау жерді паналап,
Елсіз жермен амалдап,

Халықтан болды садаға
8530 Ит тигендей арам ас.
Содан кетіп жоқ болды,
Қаңғыды Қалау, бұл рас.
Атқа мінді қу Әнжі,
Жаласы ердің Қалаудан.
Басыменен қайғыда
Қалау қашып жойылған.
Ақылы жоқ ақымақ
Күндерін үзіп жан қайғы
Мезгілсіз енші алудан.
8540 Елден елге Смайыл
Хабар берді шапқылап.
Екі көзі жылауда,
Жайдақ қара ат астында,
Етегін жимай жойылған,
Бұлайша елді жинады.
Сұмдық қалмай ойынан,
Әрі батыр, әрі хан
Орақ өліп қалған соң,
8550 Естіген халық жылаған.
Кейбіреуі «жалған деп,
Смайыл мұны қылған» деп,
Тек жаласы Қалауда,
Кейбіреуі жатыр ажал деп,
Үркіп аты жығылған.
Мұныменен ел келіп
Қос мұрынды шоқыға,
Келсе қолдан сойылған.
Мұныменен жүргенде,
8560 Әнжінің де досы бар
Тату жүрген бұрыннан,
Мәміле айтып қой-қойлап,
«Ағаң өлсе артыңда
Ие болар өзің бар.
Иә жас болып, иә әл кетіп,
Түскен жоқсың тұғырдан».
Түсінбейтін жамандар
Осы сөзге ойланып,

Көзінің жасы тыйылған.
8570 Хабарымен Әнжінің
Халық жиналды қалмай-ақ,
Қосмұрын шыңның басын-ай.
«Әрі патша, әрі хан
Өлді шейіт асыл-ай».
Халыққа қамқор ері бар,
Ел басқарған биі бар.
Біріне барып, біріне айтып,
Ел жиналды осылай.
Келсе батыр арыстан
8580 Аққұла аты қасында.
Қайғырды халық келген соң,
Шын өлгенін білген соң,
Түрінен істің шошып-ай.
Дұшпаны қалды сүйініп,
Достары қалды күйініп.
Зор уақиға әңгіме
Мұнан артық болған жоқ
Сол заманның тұсында-ай.
Басын қосып кеудеге
8590 Сол шоқыға қоймаққа
Дұрыс деп жатыр молдалар,
Әлімі бар ішінде-ай.
Қанын жумай көмді де,
«Жоқ, — деп, — шейіт осындай».
— Қалауды іздеп тап, — дейді,
Жігіттердің жасына-ай.
Сөйтіп жүріп кеш болды,
Қан көтерген ақымақ
Адам жүрмес далаға
8600 Қырын кетті асып-ай.
Қоя алмады үлгіріп,
Мал беретін жақыны
Қашып кетті бүлдіріп.
Баласы сәби болған соң,
Тар киімін айырып,
Молдалар жатыр мал бөліп.
Мұнымменен ісі жоқ,

Ер Орақтың қатыны
Жолына беріп алтыннан
8610 Қашырып жатыр баласын
Қарасай мен Қазиды.
Түн ішінде бұл ханым
Кебежеге мінгізген.
Қызметі жағып жасында,
Лұқсат алған Абдұлла.
Хан Мамайдан басында
Адам еді сенімді
Мінезіне сенгізген.
Қатынның қылған мұнысын
8620 Түн ішінде кім білген.
«Мұндай істі істейді» деп,
Кім ойласын қатынды.
Кәпелімде осындай
Кім ойлайды ақылды.
Тұқымын Әнжі қоя ма,
Мұнысы қатын мақұл-ды.
Келмейтінін білген соң,
Не қыласың енді батырды?
Отырсың ба қайғырып,
8630 Жау қылған соң жақынды?
Көп жиналған халықты
Әнжі қонақ қылыпты.
Қосмұрын шыңды күзетіп,
Тамам жұрты отырды.
Ісінен қорқып Әнжінің,
Қолынан келген айласы
Жесір қалған бұл қатын
Осындай ісін бітірді.
Енді ертерек күтінді,
8640 Бір жағынан жақсылық
Жана бір іс болды бұл түнде.
Қарасай мен Қазиды
Абдұлла құлмен жолдантты.
Ай-күніне маң болған,
Бұл жұмысын бітіріп
Болды да, ханым толғатты.

Жиналып келген көп халық
Шошыған шығар «ханым» деп,
Көйлегін етек жырмапты.
8650 Толғақ пен күйік екеуі
Ханым қатты зарлапты.
Әйелдер бар ішінде
Көпті көрген білімді,
Білетұғын әр бапты.
Ақиқат талғақ екенін
Белгісінен аңдапты.
Толғағын дұрыс білген соң,
Даладағы халыққа
Хабар беріп бармапты.
8660 Түніменен толғатып,
Таң рауандап атқанда,
Жақсылық болып босанып,
Білімді ханым ұл тапты.
Сол уақытта білімді
Қырық бестің жасында-ай,
Ер Орақтың сарқыты
Ұл тауыпты нәсілді-ай.
Қалау кетті лағып,
Көзінен Әнжі қашырды-ай.
8670 Суырып алып алмасты,
Әм, Сарауды өлтіріп,
Қорқып көзін асырды-ай.
Іздеген адам табалмай,
Қалау жоқ деп айтыпты,
Келіп көпке жасырмай.
Көтеріліп күн шықты,
Іздеген адам соңдары
Осы көпке қосылды-ай.
Іздетіп еді Қалауды
8680 Шариғаттың жолы үшін.
Өз ағасын өлтірген
Немесе Қалау құрысын.
Қалаудан күдер үзген соң,
Көптен Әнжі сұрады:
— Жесір қатын, жетім ұл

Малына тиме, ағайын,
Мен бітірдім, — деді, — жұмысын.
«Бәрекелді, дұрыс деп,
Әркіммен шықпас бұл іс» деп,
8690 Мақұл көріп халайық,
Бек жаратты мұнысын.
«Екі сәби баланы
Қалайда болса құртам деп,
Мал менікі сонан соң,
Малға ортақ кім бар» деп.
Білдірмеді ешкімге
Бұл қиялдың тігісін.
Халық мақұл көрген соң,
Аялады маңай да
8700 Бүткіл тоқал ырысын.
Жетерлік сома шамасын
Санап берді қолынан,
Шақырып алып ноғайдың
Аты шыққан ірісін.
Қанағаттанса қайтпайтын
Ноғайлының біледі
Смайыл бұрын онысын.
Ер Орақты жерледі
Сомасын шашып аямай.
8710 Қолындағы малына
Салды Смайыл, біл, ал-ай.
Бұл жұмысты жөнелтті,
Ханымынан шығын сұрамай.
Әрі батыр ханы өліп,
Исіз қалды ноғай-ай.
Орақты көміп болған соң,
Бәйбішеден тұқым жоқ,
Кеңес болды бұ қалай?
Ақылы көміл білер бар,
8720 Тақ жайласпайт қараға-ай.
Қарауға да болмайды
Төрт пен бесте балаға-ай.
Солтанай деген Орақтың
Бір досы бар еді тамада-ай.

Дос болғанның себебі:
Жас күнінде жетім ед,
Қой бағып еді баладай.
Ең әуелі баяғы
Кіші Бұрсақ басында
8730 Қойшыдан жоқты сұрап-ай,
Сол Солтанай бала еді.
Бұл Еділге келген соң,
Бұл дегдарлы ер екен,
Билігі жағып халыққа,
Ықпалы жүріп ұзады-ай.
Ықыласы ердің кеткен соң,
Паш болып еді еліне
Аз заманда ұзамай.
Хан қоюға халайық
8740 «Қалай болды, сен айт» деп,
Билік берді соған-ай.
Сонда сұрап Солтанай:
— Барайық, — деді, — үйіне,
Қарайық, — деді, — күйіне,
Құр қамалып іс бітпес
Даладағы молада-ай.
Би осылай деген соң,
Қалмай жүрді ауылға-ай.
Ордаға кеп кіргенде
8750 Әр халықтан тәуірді-ай.
Дегдарлы асыл ақ сүйек
Ханым отыр ордада,
Жыламай қылып сабырды-ай.
Сөйлейді сонда шешендер,
Көпті көрген көсемдер:
— Сабыр еткін, жарайд, — деп,
Мына осындай забырға-ай.
Солтанай көптен сөйледі
Ең әуелі шығып тақ:
8760 — Әй, бәйбіше, асыл нақ,
Ес тастауы жалғыз-ақ,
Бұған да, ханымы, шүкір қыл,
Қолыңда бар, құр емес,

Екі бірдей нар тайлақ.
Жоқтығынан есінің,
Қарасынан ісінің,
Әрі бала қайының
Қалау кетті жалтайрап.
Көп еді сыртта дұшпан-қас,
8770 Артында қалған бала
Келіп тұр елің тоқайрап,
Отырсың, ханым, не ойлап?
Сен едің ханым асылзат,
Қайғыда тұрсың жеті қат.
Халыққа қамқор ер өліп,
Қайғырып келді азамат.
Іс болмады дұшпаннан,
Жақыннан болды жаман ат,
Налыма, жақсы, налыма!
8780 Мұнан кекті кім алад,
Төтесі мұның сабырлық
Бұл азалда жазған қат.
Халқың отыр қайғырып,
Басыңдағы қайғыдан
Сөз айтуға айбынып.
Зайыбы едің жақсының,
Кәне, ханым, ойыңды айт!
Ұл ма, қыз ба, бәйбіше,
Алдыңдағы қуаныш,
8790 Үлдеге орап, қолға алған?
Өлген өшіп кетеді,
Туғандікі бұл жалған.
Қыз болса, жақын өзіңе
Бұрынғы еркек баллардан.
Ұл болса, сарқыт жақсыдан
Үзілгенде жалғаннан.
Қайыры болсын жақсының
Ордаға елің жиналған.
Халқың отыр қамалып,
8800 Бір сен емес, бәйбіше,
Ел менен тақта тұл қалған.
Бәйбіше, тоқта, сабыр ет,

Жалғаншының қызығы
Тек бала қалса бұл болған.
Қара суды қайғысыз
Ас қылмай ма отырып,
Кешегі хан Мамайды ойлаған?
Бәрекелді, жақсылар,
Орнына ердің келгенің.
8810 Жиналып келген соң,
Тірілгені өлгенім.
Сіздікі дұрыс жазғанда
Дұшпан болды сенгенім.
Қайғырар халық бүлініп,
Жаласы болса өзгенің.
Не қылайын қайғырып,
Қарасай, Қази сау болсын,
Сарқыт қылып жақсыдан
Қолымдағы ермегім.
8820 Бұл тұрғанда не болсын,
Менің ойлап ойымда.
Жүдеген екен бұл орын
Осындай болып бұрын да.
Бос тастамай жасаған,
Жеткізген екен соңында.
Бәрі ханның баласы,
Бір айғырдың тұқымы
Бола ма екен аласы.
Менен несін сұрайсың,
8830 Тумасы бар ғой орнында.
Ордаға келіп отырсын
Жақсы мен жаман аралас.
Сабыр ет деген жауабың
Шариғатқа бұл рас.
Бәйбішеден кетті бас,
Жесір қатын, бала жас.
Сірә, мырзадан тұқым тұрғанда,
Ноғай халқы бір болса,
Сырттан дұшпан қарамас.
8840 Халықтың өзі кетпесе,
Ісі болып жарамас.

Мен білмеймін, ағайын,
Тілегінде отырмын
Үш жапырақ баланың.
Арыстанның тұқымы
Аз болады әр қайда,
Мекен қылат қалың ну
Адам бармас аралын.
Көкжалдан туған бөлтір
8850 Ұяда нешеу болса да,
Табады бәрі тамағын.
Аруана шал құйрық
Зат болады сілтемейд.
Бауыздаса аяғын,
Тұлпардан туған қазан ат,
Адыртпаспын жүрсем де,
Шұқырға салмас табанын.
Қызыл шұбар бұйдайық
Талғамайды, жияды
8860 Қай құс болса сағағын.
Сол бұйдайықтан қайырып,
Балапанын баулаған
Мен де бір аққу қия алмай,
Жайлаған көлдің алабын.
Бізден ақыл сұрасаң,
Мырза ағаның қыла бер
Не болса да қалауын.
Жиналып келген адамға
Жауап берді бәйбіше,
8870 Сабыр етіп, мұны айтып.
Далаға шықты келген көп.
Хандық деген зор жұмыс
Қоюға болмайд құр айтып.
Халықта кеңес көп болды,
Ақсақалдар жол айтып.
Кейбіреу жатыр «мақұл» деп.
Кейбіреу жатыр «Өнжіні
Қоймаймыз, — деп, — зор айтып».
Кейбіреу жатыр көшпек
8880 Қондыгердің еліне.

Кейбіреу жатыр кетпекке
Қырым шаһар жеріне.
Кейбіреу жатыр елімен
Нәрікбайдың үстіне
Көшеміз деп бөліне.
Осындай қауға көп болып,
Қорқысып жатыр жақсылар.
«Ұқсамасақ болар ед, — деп, —
Өткен күннің керіне»,
8890 Шарабас, Қаббас, Аббастың
Заманы түсіп көңіліне.
Тозбалық, — деп, — біз бітіп,
Айтып жатыр пәсілге
Бірі барып біріне.
Қойшы, олай-бұлай дегенмен
Билік беріп тоқтады
Ішіндегі биіне.
Сөйледі көптен озғаны,
Халықтың алып тізгінін:
8900 — Алалық тауып осындай,
Қонысты тастап болып біз.
Өткен заман біз бұрын,
Ханды екен қойшы халық баққан.
Ісін көрмей, құр шошып,
Қорықпайық күн бұрын.
Не қылар дейсің биліксіз
Тоқалдан туған біз мұрын?
Халықты азар тоқтатты
Ішіндегі адамы.
8910 Жақсысы мақұл деген соң,
Не десін басқа жаманы.
Хан болмаса, халық болмайд,
Мойынына қалады
Қатын, бала обалы.
Аты шыққан адамның
Ойлағаны уайым.
Елетінің қоғамы
Түсіндірді халықты,
Көрсетіп айтып жобаны.

8920 Хан болды төреден,
Төре жалғыз өркеш шалқуйрық.
Айыра ма келеден.
Қара кісі хан болса,
Халық ашығып жүдеген.
Басылмайды дүшпаны
Түс-тұсынан үдеген.
Хан болуға қарады
Смайыл әнжі, топаяқ
Ұзай қойса сүрегі,
8930 Құдай беріп тілегі.
Дәуір айтып мінгізді
Смайылды тағына.
Жаңа жетті жалмауыз
Жатса іздеген бағына.
«Хан қойдық, — деп, — қайныңды»,
Ордаға кірді жабыла.
Құдай жолын қылмаққа
Бәйбіше жұмсады адамды
Соятұғын малына.
8940 Мал сойылып ордаға ,
Сонда төрт-бес қыз келіп,
Ән салды бәйбішенің жанына.
Орақты жоқтап, жас төгіп,
Қыздар шулап қосылып,
Үн шығарып жыласа,
Өлімге қыздар сән болған.
Кешегі Орақ тіріде
Бір қоңсы қожа бар еді,
Бала отырып пір қылған.
8950 Айырықша ішінде
Сол қожаның қызының
Сөзі мынау толғаған.
— Қоңсы болып атамыз,
Атаңның қасын сақтаған.
Шынжыр едің жұдалы
Еш дүшпаннан қорықпаған.
Жалғыз басты саяқтар
Миуалы ер едің

Көлеңкеңді жақтаған.
8960 Қайырымды жан едің
Қоңсының қолын қақпаған.
Өлтіретін адам жоқ,
Артыңда ісің тоқтаған.
Жалғыз едің анадан,
Тумақ бұрын жоқ болған.
Сарала жыға, алтын тақ
Смайылға топ болған,
Тумаң бұрын жоқ болған.
Ай тұтылып долданып,
8970 Енді, ноғай, нең қалды,
Тұтам күнің батпаған?
Емін-еркін ел көшіп,
Енді келмес айланып,
Дұшпанның жерін шалқытқан.
Ондай туған ер қайда,
Қоңыр салқын жел соғып,
Жүрсе бұлт қаптаған?
Ізіңнен қуып баралмай,
Жақсынан қылып жалаңды-ай.
8980 Халқың өтер қамалып,
Қолын кесіп ала алмай.
Пір тұтынар енді кім
Қасыңдағы қожаңды-ай?
Келетін қолдан ісі жоқ,
Қарашың біздей қайғырып,
Сөзбен сүтіңді ақтаған.
Ақсұңқар құстың баласы
Алтау болар, бес болар,
Ішінде аң алабы бір болар.
8990 Тайсалдап тайма, қызыл тіл,
Атаң қожа-дұр болар,
Көргенді көзбен сөйлемей,
Отырған болмас үндемей.
Орның келді сөз қылар,
Орақтай болып тумаған.
Мына айтқан толғаудан
Тумаңның көңілі кір болар.

Елің кімге бағынар,
Жұртың кімге сиынар?
9000 Сыйлап бізді пір қылар
Жалғаннан кетті көсемі.
Бұрын кетті шешені,
Енді өңшең тоқал не қылар?
Исіз қалды алтын тақ,
Жесір қалды сүйген жар,
Отыр мына зар жылап,
Қолында бар үш тұяқ.
Байраққа қашан шабылар
Дүбірлі тұлпар баласы
9010 Жас үш құлын арғымақ.
Тоқалдан туған топыраш
Аққан арна кез келсе,
Сендерге қиын қарғымақ.
Қарасай, Қази өскенше,
Шиелгенді шешкенше,
Исіз қалды бүткіл халық.
Айналып заман бір кетті,
Саған жоқ, халық, енді жарық.
Жиналып келген ноғайлы,
9020 Аққұла ат қайда айбатты?
Ер Орақ қайда үстінде,
Жау жаулайтын қайратты?
Егесі өліп қалған соң,
Көк тарлан құсты жел тартты,
Сұңқарды көкке айдапты.
Бәрекелді Ақтың ісіне,
Үшеуі бір күн жоқ болып,
Халықты бірден жылатты.
Жаманы құрғыр құрысын,
9030 Бітіріп алып жұмысын,
Жоқ болып Қалау лақты.
Хабарсыз, халық, болмаңдар,
Кез келсе мұны сыйлаңдар.
Жақсыдан қалған жәдігер
Мына екі-үш жұратты.
Айтайын атап өлгенді,

Өз көзіммен көргенді.
Ордаға толған үлкендер,
Салыңдар сөзге құлақты.
9040 Мамайым өліп бұл қалды,
Орағым өліп бұл қалды,
Енді өлмеген не қалды?
Әнжі салған қулықпен
Қалау қашып жоғалды.
Тұл-тұл енді, тұл енді,
Тоғайға малды сал енді!
Еділ — Жайық екі суға
Елдер барып қон енді!
Ел шетіне жау келсе,
9050 Қияқты найза қолға алып,
Кедергілеп тұр енді!
Тоқалдан туған көп жаман,
Күндерің сендер көре алмай,
Жайыңа қарап жүрмедің,
Ер кәдірін білмедің.
Бәрің тегіс жиылып,
Енді ер Орақтай бол енді!
Көнеки, енді ер Орақ,
Аққұла атқа ер салып,
9060 Мұздай темір құрсанып,
Жауды көрсе бұрсанып,
Жалғыз шаптың қалаға.
Шоқыға шығып ақырып,
Қар жауғызып, мұзды қатырып,
Қалмақтың туын жапырып,
Ел қондырдың салаға.
Көк тарлан құсты қолға алып,
Қолыңнан барып аң қағып,
Жау келет деп жол бағып,
9070 Жалғыз жүрдің далада.
Алдыңда өскен аға жоқ,
Ізіңде қалған інің жоқ,
Жетімнің көрген күні жоқ,
Жас қалып тұр бала да.
Тоқалдан туған өңшең боқ,

Сен жүрсің Орақ болам деп,
Болмаққа Орақ саған көп!
Ел шетіне жау келсе,
Сендер шыға алмайсың қараға.
9080 Қарасай мен Қазидың
Төрт пен бесте жасы бар,
Аңдысқан дұшпан қасы бар.
Келмей қалды шамаға,
Қалау кетті лағып.
Жаман да болса қара еді,
Қамқоры бізге бар еді.
Қайдан іздеп табалық
Жесір қатын, жетім ұл,
Арулар жылап қалды тұл.
9090 Айналасы қазулы ор,
Шыдамай отыр қамалып.
Тұман басып, күн шықпай,
Дем ала алмай тұншықты-ай.
Жарық қылар адам жоқ,
Қолына жарық шам алып.
Жетім өсіп бақ қонып,
Қонысына ел қонып,
Қай уақытта түзелер
Мұсаның орны оңалып?
9100 Тоқалдан туған сен жеті ұл,
Ноғайлы ертіп, ел шауып,
Тегін олжа мал тауып,
Ала алмайсың ағалық.
Бітті енді арманың,
Жолында қалды бұ халық.
Бәйбішені құрыттың,
Көңіліңде болып алалық.
Жыламайық беп-бекер,
Болмайық асы-күнәкар.
9110 Көп жылаудан пайда жоқ,
Аққа шүкір қылалық.
Қыз доғарды осымен
Бір азырақ сөз айтып.
Отырсын ба жоқтаумен,

Өмірінше көп айтып.
Ісі рас Орақтың,
Бұл айтқан жоқ зор айтып,
Бұл өлімнің саласын
Тездетейін аз айтып.
9120 Енді Смайыл жайын, жақсылар,
Баяндайын жай айтып.
Енді Смайыл қылды хандықты,
Жүргізді халыққа тарлықты.
Алдын ойлап абайлап,
Еліне қылды жарлықты.
Тойып жатыр бұ дағы
Нашарға қылған зорлықты.
Күнәға шыбық ұрғызып,
Тыйды бұ да ұрлықты.
9130 Дос болмады халықта,
Тегі болса кім мықты.
Пірлерді тастап бұрынғы,
Жақсыға берді қорлықты.
Бұзықтан алып жасауыл,
Елемеді тегінде,
«Елді өзгертіп алам» деп,
Ішінен ойлап сұмдықты.
Тастамады бұл неме
Хан болса да қулықты.
9140 Билік тиді тегі жоқ,
Елдегі ылғи сұмрайға.
Қонып түсіп дос болды
Қайдағы сұмырай қуларға.
Ықтияр емес ірімен,
Жақындап басын қосарға,
Ісінің түрі тым жаман.
Сұмдардан қорлық көрген соң,
Елдің жақсы-тәуірі
Жақындады босарға.
9150 Жер қалмады ішінде
Жүргізіп елге әмірін,
Көрсетті түлкі қуларға
Қызығын баста бағының.

Матрөшке баласы
Жасауыл қылды Жабасты,
Баяғы Мұса құлының.
Жабас құлың шалқыды
Билігін алып бір жола
Орда менен тағының.
9160 Алтын таққа Смайыл
Хан болып мініп орнады-ай.
Көрмеген жоба шығарып,
Күнен күнге зорлады-ай.
Кешегі Мамай тұсында
Аты шыққан адамды
Кеңесіне алмады-ай.
Инабатты ағадан,
Ақылы артық данадан
Қасында біреу қалмады-ай.
9170 Бітірген ісін Мамайдың
Журналдан көріп қозғады-ай.
Бітіп кеткен құндар бар,
Құн алып біткен хандар бар.
Қайта өңгіме болған соң,
Дау үлкейіп ұлғайды-ай,
Шығарып елдің ғауғасын.
Саудаға салды жақсының,
Тек қоймады сау басын,
Жұртың бәрі зарлады-ай.
9180 Смайылды хан қойған,
Қатындар қорғап шалдарды-ай.
Жүргізіп қойған осыны
Кең екен дейді Алла да-ай!
Хан болған соң Смайыл,
Осылай қылды жұмысын.
Қорыққан жүрді күн үшін,
Елдегі жақсы бірігіп,
Жақтырмады мұнысын.
Ел атаққа қарайды,
9190 Бос адамды не қылсын?
Әзалда Алла жазбаса,
Адамнан қалай сүрінсін.

Сонда дағы көп күшті,
Табар халық бір ісін.
Әзірінше шалқыды
Алтын таққа отырып.
Жөні болмайт тоқалдың
Бәйбішемен бір тұрып,
Мамайдың тастап достарын,
9200 Жаңаға басын қосқанын.
Бұл ертерек күтініп,
Қарасай, Қази өлмей тұр.
Ойына алған жұмыстың
Басқасын келді бітіріп.
Ер жетіп келсе бұл елге,
Жігіт болып кемелге,
Осы ойына түскенде,
Үндемей қалат жұтынып.
Қарасай мен Қазиды
9210 Ер жеткермек қаразы.
Өзі таққа мінсе де,
Ойынан қалмай аразы.
Осымен үш ай хан болды,
Осы үш айдың ішінде
Шеткіді елдің біразы.
Жаман батып айта алмайд,
Басында қойған жақсылар.
Айтқанынан қайта алмайд,
Хан болып тұр бұл әлі.
9220 Таққа мініп Смайыл,
Көрді әзір ірәтті-ай.
Жасауыл болып Жабас құл,
Жазықтыны сабатты-ай.
Сейілге қойды хан тағы,
Қадау басты қара атты-ай.
Қонаққа мініп баратын
Ноғайлыдай еліне
Ханың жана бір атты-ай.
Баяғы майын мінген Қаракөк
9230 Егесінің қолында
Ал деп еді сұратпай.

Беріп еді ол күнде
«Дос болып ал, — деп, — бұл атты-ай.
Жирен сақал қара құлдың
Ал деген сөзін ол күнде
Ілген жоқ еді құлаққа-ай.
Ойына түсіп айтқаны,
Бір жасауыл жіберіп,
Қара көкті сұратты-ай.
9240 Құл да болса қара құл
Бір адам екен болаттай.
Бермеймін деп атылды,
Жасауылын жіберді,
Түсіріп үйге жолатпай.
Атты ала алмай келген соң,
Жабасты ханың шақырды-ай,
«Атқа мін, — деді, — отырмай».
Жирен сақал қара құл,
Тез барып, жылдам алып кел,
9250 Қалдырма жана атын да-ай.
Жаңа болған хан тағы
Қайтпай тұрған ашулы-ай.
Бос жүргенде дос болып,
Бергенде алған жоқ едім.
Хан болып сұрап алмайтын
Қайдан тапты қатынды-ай?
Бір жүз он бір күн хан болдым,
Қара құл енді келмесе,
Кетемін, — деді, — отырмай!
Алтын тақтың үстінде
9261 Кәрленіп ханың ақырды-ай.

Бұл Смайыл бір жүз он бір күн хан болып Сейілге қадау басты қара отты мініп, кешке үйге келіп отырғанда, ноғайлының байлары қонаққа шақырыды. Оған күндіз мінген қара отын түнде мінуге ұялып, елден ойымен от қарап еді, баяғы Пелағыс, Күніке бар уағында, Орақ Мамай пірі уақта, бір жирен сақал қара құл деген бар еді. Оның теңбіл қаракөк дейтін аты бар еді. Смайыл бірер рет майын сұрап мініп, сол күнде ол айтып еді. — Әй, Смайыл,сен осы атты дос болып мініп қарашы, — деп.

Ол күнде бұл атты алмай кетіп еді. Сол ат әлі бар екен. Сол атын алайын, хан болмай тұрғанда ол деп еді,әрі ханболған соң неге бермесін деген көңілмен, жасауыл жіберіп, алдырайын деп еді, ол алтын бермей қалды. Енді саған ашуланып, жасауыл бастың Жабасты жіберді. Жабастың жирен сақал қара құлдың үйінің желкесінде тұрып, толғап айтқан.

Батыр Мамай — қанды Орақ

(Атаубай Мәмбетұлы нұсқасы)

Батыр Мамай, қанды Орақ —
Ер Мұсаның ұлы еді.
Баба Түкті Шашты Әзіз
Арғы атасы сол еді,
Әулие жайық пері еді.
Оның соңғы атасы —
Едіге менен Нұрадін,
Келе жатқан қашаннан
Ел қамдаған ер еді.
Қаптаған ел ноғайлы
Байтақ жатқан ел еді.
Еділ — Жайық екі су,
Ағасы ноғай қалың ну,
Нағашы халықтың жері еді.
Қанды Орақ асқан ер еді,
Дүние сұрап тұр еді.
Бұл дүние жүзінде
Бармаған жері жоқ еді.
Дүние сұрап жүргенде,
Армансыз пенде болар ма,
Үш арманы бар екен.
Бір күні тұрып ер Орақ,
Алғанына сөйледі:
— Некелескен жұбайым,
Жаратқызды Құдайым.
Осы күнде көңлімде,
Үш арманды дүниеде
Бітіре алмай барамын.

Қарасай, Қази шырағым,
30 Менен туған ұл болса,
Ұл екені шын болса,
Атқа мінер күн болса,
Кемеліне келгесін,
Үш арманды бітірсін.
Тапсырып кеткен сәлемін,
Бір арманды айтайын:
Емшектесім Мүбайым,
Бірге туған Мамайым,
Қайғысының зарынан
40 Миығын тартып күлмеді,
Күлгенін көзім көрмеді.
«Күлер ме екен Мамай» деп,
Теңселтіп жорға мінгіздім,
Мұнда да Мамай күлмеді.
Қырандай қасты, қанды бет
Сұлу алып енгіздім,
Мұнда да Мамай күлмеді.
Жазығы жоқ, күнә жоқ
Палуан сұлтан, батыр хан,
50 Дін білмейтін кәпір хан
Өлтіріп тағын мінгіздім,
Мұнда да Мамай күлмеді.
Күлмегеннің себебі:
Ізіне перзент ермеді,
Етегін тартып жүрмеді.
Маған ерген екі ұлдың
Біреуін оған бермеді.
Бірге туған Мамайды
Күлдіре алмай барамын,
60 Бір арманым сол еді.
Қарасай, менің шырағым.
Менен туған ұл болса,
Ұл екені шын болса,
Атқа мінер күн болса,
Кемеліне келгесін,
Қайғылы Мамай атасын
Бір күлдірсін деп еді.

Айналайын, шырағым,
Бірің сонда бітеді.
70 Екінші арманды айтайын:
— Орал, Орал, Орал тау,
Орал таудай тау болмас.
Орал таудың басында
Шұбырып өскен бес тұлпар,
Бес тұлпардай мал болмас.
Бес тұлпардың ішінде,
Ешкі тұяқ Қызыл ат
Ер Көкшенің аты еді.
Міне алмай кетіп барамын,
80 Бір арманым сол еді.
Қарасай, менің шырағым,
Менен туған ұл болса,
Ұл екені шын болса,
Атқа мінер күн болса,
Кемеліне келгесін,
Ер Көкшенің Қызыл атын
Қарасай мінсін астына.
Айналайын, шырағым,
Екеуі сонда бітеді.
90 Үшіншісі арманның,
Баба Түкті Шашты Әзіз,
Балуан ата Ерғали
Арғы атамыз сол еді,
Ол бармаған жер еді.
Едіге мен Нұрадін
Бұл бармаған жер еді.
Өзімнің атам ер Мұса
Бұл бармаған жер еді,
Әзіреті Әли пірі еді.
100 Қара Қыпшақ Қобыланды
Қайраты асқан ер еді.
Мұсылман ері бармаған,
Ат тұяғын салмаған,
Қор етіп қылыш ұрмаған,
Бармаған жерін айтайын
Қиғаш деген биік тау.

Қиғаш тауға бара алмай,
Бағындырып ала алмай,
Дүниеден өтіп барамын,
110 Үшінші арманым сол еді.
Қарасай, Қази шырағым,
Менен туған ұл болса,
Ұл екені шын болса,
Атқа мінер күн болса,
Кемеліне келгесін,
Қиғашқа қарай аттансын,
Шашырқанып шаттансын,
Буырқанып бұрсанып,
Мұздай темір құрсанып,
120 Дербент деген қаласын
Шауып қайтсын деп едім.
Үш арманды баяндап,
Арыстан сынды ер Орақ
Алғанымен қоштасып,
Ақырет сапарға жөнелді.
Сонымен Орақ өледі.
Ұзын сөзді қысқартып,
Тапсырып кеткен Орақтың
Арманынан хабар берелік.
130 Қарасай, Қази ер жетіп,
Кемеліне келеді.
Бір күн тұрып анасы
Қарасайға сөйледі.
Сөйлегенде бүй деді:
— Ой, Қарасай, шырағым,
Жақсыдан қалған тұяғым.
Өлерінде үш арман
Тапсырып кетті Орағым.
Үш арманын атамның
140 Естіп қалды құлағым.
Өлерінде атаңның
Арманы не деп сұрасаң,
Сұрағанда айтайын.
Сондағы берген жауабы:
— Ағасы Мамай мұңды еді,

Мұңды болған себебі,
Мамайда бала жоқ еді.
Бір баланың жоғынан,
Қайғысының зарынан
150 Миығын тартып күлмеді.
Күлдіре алмай кеткені —
Екінші оның арманы.
Ер Көкшенің Қызыл аты
Қолтығында бар қанат.
Қызыл аттың үстіне,
Міне алмай кеткені —
Үшінші оның арманы.
Қиғаш тауға бара алмай,
Арманда өліп кеткені.
160 Айналайын, Қарасай,
Асылда ердің баласы-ай,
Тапсырып кеткен атаңның
Үш арманын бітірсең,
Өліп кеткен атаңның
Арманының біткені.
Сонда бала сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Олай болса, анам-ай,
Ұлықсат етші маған-ай!
170 Үш арманын атамыз
Тапсырып кетсе маған-ай!
Бітіруге арманын
Аттанамын соған-ай,
Келсе менің шамам-ай!
Бітірмесем арманын,
Туғаным онда жаман-ай!
«Ер Көкшенің Қызыл аты
Осы күнде қайда?» — деп,
Анасынан сұрады-ай!
180 Сонда анасы сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
— Бес тұлпардың біреуі
Ешкі тұяқ Қызыл ат,
Мінесің, балам, сол, — деді,

Шұбырып тұлпар жүр, — деді.
Оған барып, шырағым,
Бұлағын тауып ал, — деді.
Бұлағы тәтті бал, — деді.
Аңдып жатып қасында,
190 Бұғаулықты сал, — деді.
Қызыл атты, шырағым,
Сөйтіп ұстап ал, — деді.
Сол күндері Қарасай
Он екі жаста, — деп еді.
Анасынан есітіп,
Қарына құрық іледі.
Жаяу бала жүгіріп,
Өкшесі жерге тимеді.
Жүгірумен Қарасай
200 Орал тауға келеді.
Шұбырып ішінде бес тұлпар
Орал тауда жүр еді.
Ізін қарап табады,
Жібектен арқан алады.
Шөлдегенде ішетін
Бар еді балдан бұлағы.
Сол бұлақтың басында
Қарасай аңдып қалады.
Талма тал түс болады,
210 Ішіп жүрген бұлаққа
Шұбырып тұлпар құлады.
Шөлдеп келген жануар
Суға басын қояды.
Бұғып жатып Қарасай,
Қызыл атқа қарады.
Қасындағы тұлпардан
Артық екен тұяғы.
Қызыл аттың тұяғы-ай.
Ұшатын құстай көрінді,
220 Ойнап басқан аяғы.
Төбесінде көрінді
Қиылған қайшы құлағы.
Қолтығында көрінді

Ұшатын қанат қияғы-ай.
Шамшырақтай жанып тұр
Екі көздің жанары-ай.
Алтынменен қаптаған
Бар еді таққан тұмары-ай.
Қызыл атқа қызығып,
230 Ұстауға болды құмар-ай.
Бес тұлпардың бірі еді,
Қази мінген Шұбар-ай.
Бұғып жатып Қарасай,
Қызыл аттың мойнына
Бұғаулықты салады.
Жүгіріп ала жөнелді,
Он екі жасар баланы.
Шыр айналып Қызыл ат,
Мойнын бұрып қарады.
240 Қатуланып Қарасай,
Табандап тартып тұрады.
Өкшені тасқа тіреді,
Жас та болса баланың
Күш-қуаты көп еді.
Қызыл атты жүргендеп,
Қарасай ұстап мінеді.
Қызыл атты Көкше қарт
Сыртынан бағып жүр еді.
Баланың ұстап мінгенін
250 Көкше қартың біледі.
Ешкім көзін салмаған
Бұл да атаулы ер еді.
Қызыл аттың соңынан
Көкше қартың келеді.
Көкше қартың ақырып
Қарт бурадай бақырып,
Көкше қарт сөйлей береді:
— Орақтың ұлы Қарасай,
260 Сабырсыз ердің баласы-ай.
Жайылып жүрген атымды
Ұстап неге мінесің?
Көргенсіз иттің баласы,

Сұрап мінсең болмай ма?
Атаң Орақ батырдан
Мені қалай көресің?
Ұстап мінген атымды
Өзіме қайтып бермесең...
Сонда бала сөйледі,
270 Сөйлегенде не деді:
— Не сөйлейсің, Көкше қарт,
Не сөйлейсің, тілің тарт.
Орал, Орал, Орал тау,
Орал таудай тау болмас.
Орал таудың басында
Шұбырып өскен бес тұлпар,
Бес тұлпардай мал болмас.
Бес тұлпардың ішінде
Ешкі тұяқ Қызыл ат,
280 Жал-құйрығы ұзын ат,
Сіздің ат емес, біздің ат.
Бұрын болса сенікі,
Енді болса менікі.
Сонда қарт сөйлейді:
— Көкше қартың мен едім,
Көп жасаған көп едім.
Дұшпан көзін салмаған
Атым шыққан ер едім.
Атымды ұстап мінгесін,
290 Ашуменен бір сөзді —
«Көргенсіз иттің баласы»,
Жылқыда жүрген атымды,
Неге міндің дер едім.
«Көргенсіз иттің баласы»
Деген сөзім, шамасы,
Келген шығар көңліңе,
Ашумен айтқан сөзіме.
Не қылсаң да өзің біл,
Салып тұрған ісіме.
300 Сонда бала сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
— Көкше деген қартым-ай,

Көңліңнен кейін қайтам-ай.
Ашумен айтқан сөзіңе
Қартым болсын алауат.
Атыңды ұстап мінгелі
Келген шығар алауат.
Жауға міниіп баруға
Жоқ еді менің атым-ай.
310 «Бір арманым Қызыл ат,
Міне алмай барам» деп,
Айтып атам кетіпті.
Атамның бітсін арманы,
Сөзімнің болсын шалғаны.
Қызыл атты, қартым-ай,
Өз қолыңнан бермесең,
Не де болса атыңның
Бәсін тауып берейін
320 Келгесін жаудан қайтып-ай.
Сонда қартың сөйледі:
— Қызықпаймын малыңа,
Бермеймін жүз назыңа.
Сұрайтын басым атыма,
Батады айтсам жаныңа.
— Қағазға қалам сыз, — деді,
Мінбеймін сенен тартып-ай!
Саған зорлық қылмаймын.
— Ылайық болса атыма,
330 Басқа қызды алмаймын,
Қарындасың Қибатты
Берсең, алып мін, — деді.
— Алдымдағы Көкше қарт,
Бұл айтқаның жөн, — деді,
Айтқаныма сен, — деді.
Әлеукенің жауынан,
Келемін қайтып мен, — деді.
Сонда қартың қош, — деді.
— Сені қартаң демеймін,
340 Сапардан қайтіп келгесін,
Қарындасым Қибатты
Ұзатып сонда берейін.

Сонда қартың не деді,
Ес-ақылы кетеді.
Қарасайдың сөзіне
Көңлі қарттың бітеді.
Қызыл аттың аяғын тулатады,
Қызыл атты балаға
Беретұғын құсады.
350 Қибатты бердім дегесін,
Жетпістегі батырдың
Буындары босады.
«Ақ Қибатты алдым» деп,
Көкше кетті қуанып.
Отыр еді қыз Қибат
Шын сенбекке иланып.
Жаңа өспірім қыз еді,
Жас та болса қыз Қибат,
Ақылы артық кен еді.
360 Естіп Қибат жүр еді,
«Шыныменен ағамыз,
Сатқаны ма бір атқа,
Бергені ме бір атқа,
Осылай» деп қыз Қибат,
Өксіп жылай бастады.
Жылап тұрып сөйледі:
— Орақтың кенже қызы едім,
Қойында бағлан қозы едім.
Меніменен Қарекем
370 Туысты ма екен деп едім.
Туысқаны осы ма,
Қайғы салды басыма.
Қарасай менің көкем, — деп,
Келемін нағып қасыңа.
Қарындасың Қибатты
Атқа сатып мінгенсін,
Ылайық па осы басыңа-ай?!
Атам нашар көнгенмен,
Сендер еді сенгенім.
380 Атқа сатып мінгендей,
Жылатып малға бергендей,

Қызыл атқа олжалап,
Алып келген күң бе едім?!
Бұл қылықты көргенше,
Ағам саған ергенше,
Атамыз Орақ батырдың
Бұған да барып батады.
Жақсы емес пе өлгенім, —
390 Деді дағы Қибат қыз
Зар еңіреп жылады,
Көзінің жасын бұлады.
Көзінің жасы мөлтілдеп,
Қибат жылап жүргенін,
Қарасай бала білмеді.
Жылағанын көргенде,
Жылағанын білгенде,
Қарындасы Қибатты
Жылап жатып ерме, — деп,
400 Ат сағынған бейшара,
Қызыл атқа ер салды.
Буырқанып бұрсанып,
Мұздай темір құрсанып,
Әлеукемнің жауына
Міне ала жөнелді.
Қибаттың жылап тұрғанын,
Бір сұмдықтың болғанын,
Қази батыр біледі,
Жүгіріп үйден шығады.
410 Жүгіріп шығып қараса,
Қарасай кетіп баратыр.
Қарасайға ақырып,
«Тұра тұр» деп бақырып,
Қази айқай салады.
Қазидың даусын есітіп,
Атының басын бұрады.
Қайтып келіп Қарасай:
— Шақырғаның, шырағым,
Себебі не? — деп сұрады.
420 Сонда Қази сөйлейді:
— Атқа сатып Қибатты,

Неғылғаның бұл? — деді.
Бұл қылығың жөн бе еді?
Мініп алып, Қарасай,
Барасың қайда сен? — деді.
Қарындасың Қибатты
Атқа сатып мінгенің
Лайық па осы басыңа.
Қарындасың Қибатты
Атқа сатып мінгенше,
Әлеукемнің жауына
Жаяу барып өлсейші.
Қарасай сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Әй, Қазижан, шырағым,
Басымдағы жанарым,
Маған неге ақырдың,
Мені неге шақырдың?
Кейігенің ат болса,
Мәнісін саған айтамын.
Көкшеден алған атымның
Үш арманның біреуі.
Өлген Орақ атамыздың
Бір арманы Қызыл ат.
Міне алмай кеттім дегесін,
Бітіруге ойландым,
Сол еді ұстап мінгенім.
Үш арманын атамның
Бітіруге жүргенмін.
— Қибатжанды бір атқа,
Тоқсандағы шал затқа,
Не қылғаның бергенің?!
Көз жасынан қорқып Көкшенің,
Сөзбенен көңіл бөлгенің?
— Қибатты кімге берейін?
Оны кімге теңесең,
Атқа сатып бергенше,
Жақсы емес пе онан да,
Жаяу жүріп өлгенің.

460 — Қарындасым қиналса,
Атты қайтып бергейсің,
Әлеукемнің жауына
Жаяу кетті дегейсің.
Қарындасың Қибатты
Атқа сатып мінгенше,
Әлеукенің жұртына
Жаяу барып өлейін.
Қарасай айтып жылады,
Қазиға атты тапсырып,
470 Қолына таяқ алады.
Екі етегін түрініп,
Жолға түсіп жүгіріп,
Жаяу кетіп барады.
Жүгіріп шығып қыз Қибат,
Бұған да көзін салады.
Ағасын көріп шыдамай,
Көзінің жасы ағады.
Қазиға барып жылады:
— Қази аға, сен, — деді,
480 Жыламаймын мен, — деді.
Көкем жаяу кетпесін,
Күйдірмесін өкпесін,
Тоздырмасын өкшесін,
Қызыл атын өзіне
Апарып, аға, бер, — деді.
Қарасай жаяу кетпесін,
Жаныма батып жүр енді.
Қибат жылап тұрғасын,
Қызыл атты мінеді.
490 Қарасайдың соңынан
Қуып Қази жөнелді.
Қарасай жаяу кеткелі,
Қарасайдың соңынан
Қуып Қази жөнелді.
— Жаяу кетпе, аға, — деп,
Түсіп атын береді.
Қарындасы ақ Қибат,

Көкшеден алған Қызыл ат,
Қарекем мінсін деп едім.
500 Өз атыңды өзіңе,
Алып келдім мен, — деді,
Атыңды өзің мін, — деді.
Жаяу жауға кеткенің
Бізге болар сын, — деді.

Мамайды іздеп, Қарасайдың кеткен жері.

Қызыл атты Қарасай
Мініп ала жөнелді.
Сол күндері би Мамай
Ұлыменен бірлесіп,
Әлеукенің қолымен
510 Атысып жатқан күн еді.
Сол уақытта би Мамай
Барған жауын ала алмай,
Қайтайын деп жүр еді.
Қызыл атпен Қарасай
Бір жағынан орғытып,
Келе жауға тиеді.
Жекпе-жекке келгенін,
Найзаменен түйреді.
Қаптай келе жатқанын,
520 Алмаспенен сермеді.
Қырып-жойып Қарасай,
Жауын алып береді.
Қарасайдың келгенін,
Жауын алып бергенін,
Атасы Мамай білмейді.
Жауын жеңіп болғасын,
Мамайдың көңілі тынады.
Намаз оқып тұрады.
Би Мамайдың қасына
530 Қарасай жетіп келеді.
Келгенінің себебі:
Отыз ұлдың бастығы
Сұмдығы асқан қу еді.

— Атам Орақ батырды
Алмасын керіп өлтірген,
Менің жауым бұл — деді.
Жауыменен бір жүрген,
Атам болса қайтесің?
Отыз ұлды қосақтап,
540 Қырайын сөйтіп мен, — деді.
Деді дағы Қарасай
Суырып алып алмасын,
Мамайға бала жүгірді.
Мамайға бала барғансын,
Буыны босап баланың
Үш сүрініп жығылды.
Жығылып тұрып жүргенде,
Баланы Мамай көреді.
Қарасайдың келгенін,
550 Жауын жеңіп бергенін,
Мамай сонда біледі.
Өмірінде күлмеген,
Күлгенін ешкім көрмеген,
Баласын көріп қуанып,
Көңлі тынып, жұбанып,
Сонда күліп жіберді.
Атасының күлгенін
Сонда бала көреді.
Атасының айтқаны
560 Сонда есіне түседі.
Қайғылы Мамай атасын,
Бір күлдірейін дегенін
Орындады баласы.
Би Мамайдың алдына
Қарасай жылап келеді.
Қол қусырып: — Ата, — деп,
Бізден болды қате, — деп,
Иіліп сәлем береді.
Баласының қолын алады,
570 Тілегі қабыл болады.
«Шырағым», — деп би Мамай,
Құшақтады баланы.

— Отыз ұлдың күнәсін
Шырағым, бер, — деп сұрады.
Отыз ұлдың күнәсін,
Мамай сұрап алады.
Жолы болып би Мамай,
Еліне Мамай келеді,
Тілегі қабыл болады.
580 Тозып кеткен көп ноғай
Қонысқа қайтып қонады.
Қызыл атты Көкше қарт
Қарасайдан алмады,
Атқа көзін салмады.

Енді Қарасай атасының тапсырған екі арманын біті-ріп: — Енді атасының қалған арманын қалайша бітірем, — деп қайғыланды.

Атасының тапсырған
Үшеу еді арманы.
Арманның бітіп екеуі,
Біреуінің қалғаны.
Ендігі қалған біреуі
590 Қатты уайым салады.
Атасының арманын
Біткере алмай жүргенде,
Қапа болып сарғайып,
Қапа болып Қарасай,
Айдай болып азады.
Баласының азғанын,
Анасы көріп жылады.
Іштегі кегін қозғады:
— Әй, Қарасай, Қази шырағым,
600 Атадан жетім қарағым,
Атаң кегін алдың, — деп,
Жүруші едім қуанып.
Атаң ұстап мінбеген
Жылқысын міндің, шырағым.
Атаңның туын көтеріп,
Беліңе будың жарағын.

Жаудың бұзып қамалын,
Жауды жеңіп келгенде,
Тірілгендей көрінді
610 Өлген Орақ жұбайым.
Азғаныңа қарасам,
Осы күнде, шырағым,
Жүзің неден солып тұр?
Қайғы ішіп толып жүр.
Кемімей жасым нығылсын,
Жүдеп кеттің сарғайып,
Бір күлмедің ыржйып.
Мұнша жүдеп, шырағым,
Не қылмысың болып жүр?
620 Осындай деп анасы,
Баласынан сұрады:
— Қарасай, Қази балаңмын,
Маған берсең жауапты.
— Азып жүрген баланды
Көріп тұрсың, анам-ай.
Азғанымның себебін
Мен айтайын саған-ай.
Ақ сүт берген анам-ай,
Қарап жүрсің маған-ай.
630 Азғанымның себебі:
— Үш арманы бар екен,
Өлген Орақ атамның.
Айтып еді баяндап.
Үш арманның екеуін
Бітіріп едім тамам-ай.
Енді қалған біреуін
Бітіре алмай жүргенде,
Құса болып сарғайып,
Азып жүрмін соған-ай.
640 Бітпей жүрген арманы
Қиғаштың биік тауы еді,
Қызылбас мықты жау еді.
Бір арманы атамның
Тапсырып кеткен сол екен.
Менен туған ұл болса,

Ұл екені шын болса,
Қызылбасқа барсын, — деп,
Бағындырып алсын, — деп,
Тапсырып кеткен сөзі екен.
650 Барайын десем жауына,
Мұсылман ері бармаған,
Ат тұяғын салмаған
Сондай қиын жер екен.
Бармайын десем, атамның
Бітпей жүр арманы.
Қызылбастай қиын жау
Алуға тіпті қиын-ау.
Алдырмайтын қаласын
Қорғасынның елі екен.
660 Атамның арманын
Бітіре алмай жүргенде,
Жүдеп жүрген себебім
Сол еді, жан шешеке.
Сонда анасы сөйледі:
— Олай болса, балам-ай,
Айтайын ақыл саған-ай,
Құлағың сал маған-ай.
Қызылбас деген мықты жау,
Қиғаш деген биік тау.
670 Барсаң да оған өлесің,
Бармасаң да өлесің.
Түбінде өлетін болғасын,
Онандағы, шырағым,
Қызылбасты барып ал.
Атаңның айтқан сөзінен
Құтыларсың, шырағым.
Менің айтқан кеңесім
Барып өлсең, шырағым,
Мәз болар өлген Орағың.
680 Өлеріңде атаңның
Қызылбас жауын сұрадым.
Сұрағанды айтайын,
Сондағы берген жауабы:
«Қиғаш таудың белгісі

Аспанменен тірескен,
Бұлтпенен күрескен.
Қанатты құс басына
Ұшып шыға алмас», — деп еді.
Оның жолын айтайын
690 Асты тас та, үсті тас,
Жалғыз аяқ жолы бар.
Кіре қойса тар жолға,
Екі адам қатар жүре алмас.
Қатты қиын жол екен,
Кірген қайтып келе алмас.
Елі қандай деп едім,
Он екі мың Қызылбас,
Есебін адам біле алмас.
Арымайтын жұмысқа,
700 Өріп жүрген құмырсқа.
«Жолы қанша?» — деп едім,
«Алты айшылық» — деп еді.
«Малы қанша?» — деп едім,
«Үш айшылық» — деп еді.
Менің балам Қарасай
— Қызылбасқа аттанар күн болса,
Қырық мың әскер алсын, — деп,
Қырық мың әскер жетпесе,
Алдырмайтын жау, — дейді.
710 Қырық мың қолы жетпесе,
Бармасын онда, — деп еді.
Ал енді өзің, шырағым,
Қызылбас жауға аттанбай,
Тұрмассың әскер жинамай.
Сиынсаң да қырық мыңға
Сірә, балам, толмассың.
Қызылбастай жауыңа
Бір кешікпей тұрмассың.
Болатұғын себебі,
720 Бес атаға келгенше,
Шынжырлы ердің сойы едің.
Бармағанша жауыңды
Жоқ қылмай енді қоймассың.

Едігенің сойысың,
Қанды Орақтың ұлысың.
Барған жауды түңілтпей,
Бекер босқа қайтпассың.
Барған жерде, шырағым,
Әскеріңді қырдырсаң,
730 Саған әскер ермейді.
Қызылбас деген мықты жау,
Қырылам деп сенбейді.
Керек болса, балам-ай,
Қырық мың әскер саған-ай.
Әділге бұйым сол, — деді.
Қырық мың әскер халқынан
Жинап берер ол, — деді.
Қырымдағы жас Әділ —
Қияметтік жолдасың.
740 Атасы Шынтемір хан
Сенің атаңа дос еді.
Қырымнан шыққан әскерге
Әділдің өзін хан қойып,
Аттансаң сонда барарсың.
Қиғаштың биік тауына,
Қызылбастай жауына,
Сөйтіп былай бар, — деді.
Қырық мың қолың жетпесе,
Алдырмайтын жау — деді.
750 Қарасай жақсы көреді,
Қырымға қарай жөнелді.
Қырымға барып Қарасай,
Барып бұйым салады.
Қарасайдың айтқанын,
Әділ де қабыл алады,
Қырымға жарлық етеді.
Қырық мың әскер ер Әділ,
Елінен жинап беред.

Енді ер Әділ астындағы алтын тағын өкіл атасына тапсырып, Қызылбастың жауына елімен қоштасып жөнелді. Қырық мың әскер құралданып, көк темірмен құрсанып,

өңкей батырлар жүреді. Қырық мың әскерге жас Әділді хан қойып, Қырымнан шыққан әскер де қамалдарды сындырған, жана күнше алпыс балта сындырған, досымның кеуілін тындырған, дұшпанның кеуілін жандырған, қырық мың әскер ішінде айтулы ерлер де бар еді.

Мұсылман арын арлаған,
760 Өлімге басын байлаған,
Ұйықтап жатқан жерінде
Қолтығына қол салып,
Ақдарияны барлаған
Исадан туған Ахмет
Батырлығын оздырған.
Барған жерін тындырған,
Ашуланған күнінде
Алпыс жебе сындырған.
Қырымнан шыққан аттанып,
770 Қырық мың әскер ішінде
Аты шыққан Көмек бар.
Ұзын айдар қоңырат,
Асынғаны ер полат
Ер Сүлеймен бұл да бар.
Тауып туған бес батыр,
Бесеуі кетіп баратыр.
Таққа мініп хан болған,
Қараңғыда шам болған,
Жеті жаста желденген,
780 Не бол десең, сол болған
Он бір жасар Әділ бар.
Ата жауын жаулаған,
Атағы аттай қаулаған,
Қырық мың әскер жинаған
Қарасай, Қази ер достар
Көпті көрген кен еді,
Көрген заты, көп еді.
Көрмеген жерін білетін,
Көңілі зерек ер еді.
790 Көп жасаған Қоянақ
Жол басшысы бұл да бар.

Қырымнан құлап шығады,
Қиғаштың биік тауына,
Қызылбастай жауына.
Көп жасаған Қоянақ
Қолды бастап келеді.
Қырымнан әскер аттанып,
Шыққалы үш күн болады.
Хан Әділдің анасы —
Байбикеш ханым түс көріп,
Түсінде ғажап іс көріп,
Орнынан тұра жылады.
Уайым қайғы шегеді,
Сол түсінен сескеніп,
Көңілі жаман тарықты.
Көрген түсін баяндап,
Қызына айтып жорытты:
— Басыңды көтер, Ілия
Толды заман дүние-ай.
Осы көрген түсімді
Жорытайын саған-ай.
Бүгін мен бір түс көрдім,
Түсімде ғажап іс көрдім.
Аспанменен тіркескен,
Бұлтпенен күрескен
Асқар биік Алатау
Алтын сарай үйімнің
Үстіне келіп құлап тұр.
Бұл не болар, қарағым?!
Арқадан боран қармауын
Борасын боран жел соқса,
Соққан желді тоқтатқан,
Тіреулі алтын сырығым
Ашасынан айырылып,
Отасынан морт етіп,
Сынып тұр алтын сырығым.
Бұл не болар, шырағым?!
Жібектен есіп бау таққан,
Байлап баған асаудай,
Жібере тартып жоқ жатқан,

830 Ортасынан сынып тұр.
Жібек баулы садағым
Қоржынында тұрмайды,
Бұрынғыдай болмайды!
Бұл не болар, шырағым?!
Алтын айдар басынды,
Отыр едім қасында.
Басындағы жұлдызың,
Ортасынан қиылды.
Бұл не болар, шырағым?!
840 Сонда Ілия сөйледі:
— Айналайын анам-ай ,
Ақ сүт берген көбем-ай.
Алланың салған ісіне
Көнбесең де болмайды.
Асқар биік Алатау
Жігіт қойған орданың
Үстіне келіп құласа,
Асқар таудай бақ қонар
Кеткен Әділ балаңа.
850 Көрінген шығар саған-ай
Ортасынан морт етіп,
Ашасынан сорт етіп,
Сыншы алтын садағым,
Осы жерін білмеймін.
Аман келсе жақсы еді,
Кеткен Әділ құлының.
Жібектен есіп бау таққан,
Байлап қойған асаудай.
Жібере тартып тоқтатқан,
860 Неғып келсін саған-ай,
Жалғыздықтың жаманы-ай,
Жауға кеткен жалғызың
Осы сапар аман-ай.
Алтын айдар тұлымым,
Кеткен Әділ құлының
Жоқ шығар саған аман-ай.
Бірге туған ағам жоқ,
Алладан басқа панам жоқ.

Жалғыздыққа жаман жоқ,
870 Бірге жүрген ағам жоқ,
Тақыр қылды амал жоқ.
Соңынан қуып бармасаң,
Сапарын тілеп алмасаң,
Енді саған балаң жоқ.
Қуып барып соңынан,
Көздің жасын төгемін:
— Қызылбасқа барма, — деп.
Сапарын тілеп келші,
Сапарын көкем бермесе,
880 Соңынан жүріп өлелік.
Алтын орда тұл қалар,
Бізге кім ес болар.
Жалғызым аман келмесе,
Екі мұңды, екі нашар
Жылай-жылай көр болар.
Одан келіп Қарасай,
Қызылбасқа кеткен көкемді
Көп ұзамай жеткер-ай, —
Деді дағы тіледі,
890 Қайғыны жаман шегеді.
Емшек бозға мінеді.
Қызылбасқа кеткен Әділдің
Соңынан қуып жөнелді.
Сол күні жүрді түнімен,
Ертеңіне жүрді күнімен.
Екі мұңды бейшара,
Келді қуып шынымен.
Талма тал түс болғанда,
Бір «тәубе» деп құлады.
900 Ер Әділге жете алмай,
Екі мұңды жылады.
Алдында белес қыр жатыр,
Соған қарап келатыр.
Ол белестің артында,
Айдын шалқар көл жатыр.
Жағалай тіккен көк шатыр,
Қырық мың әскер қол жатыр.

Есебі жоқ көп шатыр,
Көп шатырдың ішінде
910 Жібектен тіккен бір шатыр.
Сол шатырдың ішінде
Баласы Әділ ер жатыр.
Байбикеш ханым көреді,
Көре сөйлей береді:
— Құлыным, менің қайда? — деп,
Әділ менен туғасын,
Тәрбиелеп өсірдім,
Ақ сүтімді ішірдім.
Қауырсыны қатпаған
920 Балапанды ұшырдым.
Басыма қайғы түсірдім,
Енді қайтып қолыма
Қондыра алмай өкіндім.
«Ашылып, оқып жүрсін» — деп,
Жасынан білім білгіздім.
Қызылбасқа мінгіздім,
Сайлап тұлпар мінгіздім.
Әкесі жастан өлсе де,
Жетімшілік көрген жоқ.
930 Атадан жалғыз екенін
Әлі балам білген жоқ.
Алыстағы жауына
Сапар шегіп жүргіздім.
Көп ішінде жалғыздық,
Шекесіне тиген жоқ.
Тимегенін біле алмай,
Барма десем тіл алмай,
Сапарын маған бере алмай,
Ал қарағым, Ілия,
940 Алдына барып жыласаң,
«Сапарың бер» деп сұрасаң,
Сені көріп жүре алмас,
Барғасын бауыры шыдамас.
Бұны есітіп Ілия,
Есінен шықты дүние.
Атынан түсті Ілия,

Әділге жылап барады:
— Ағекем, менің қайда? — деп,
Шатырдан келіп сұрады.
950 Қарындасы Ілияның
Жылаған даусын есітіп,
Жатқан шатыр ішінен
Жүгіріп Әділ шығады:
— Шырағым, менің ізімнен,
Келдің неге? — деп сұрады.
Сонда Ілия сөйледі:
— Айналайын, ағеке,
Менің қуып келгенім
Ұзақ жолға мінгенің,
960 Қызылбастың жауына
Сапар етіп жүргенің,
Алды-артыңда жалау жоқ,
Ағеке, кімге сенгенің?
Мейірімсіз анам түс көріп,
Бұл түсінен сескеніп,
Қызылбасқа жібермей,
Жолдан алып қалуға
Осы еді келген себебім.
Сапарыңды берсеңіз,
970 Сапарыңды бермесең,
Ізіңнен жылап жүргенім.
Сонда Әділ сөйледі;
— Емшектесім, жұп едік,
Мен үшін шекпе уайым.
Жаудан аман келермін,
Уайым айтып, бауырым,
Қайғының салдың ауырын.
Сен жыласаң кетеді,
Басымнан хандық дәуірім.
980 Бауырласым, шырағым,
Ұяда бірге жасарым,
Артымнан жылап келгесін,
Еріген жердей босадым.
Келермін қайтып шырағым,
«Қызылбасқа барма» деп,

Сапарымды сұрама.
Қырық мың әскер ноғайға,
Ноғай түгіл талайға
Басшы болған құсадым.
990 Шырағым, неге жылайсың,
Көзіңнің жасын бұлайсың?
«Қызылбасқа барма» деп,
Сапарымды сұрайсың.
Жалғыз көпке ермей ме,
Алыс жолға жүрмей ме?
Жалғыздың жанын әрқашан
Бір Құдайым көрмей ме?
Ажал келсе Алладан,
Үйде жатып өлмей ме?
1000 Құдай аман сақтаса,
Жаудан аман келмей ме?
Исадан туған бес батыр,
Бұлар да кетіп баратыр.
Қарындасы Ақсұңгі
Бұл жыласа көрмей ме?
Қарасай, Қази — қос батыр,
Бұл да кетіп баратыр.
Қарындасы ақ Қибат,
Ол жыласа көрмей ме?
1010 Егер аман келмесе,
Құдіреттің ісіне
Салса пенде көнбей ме?
Сонда Ілия сөйледі:
— Туысқаным, туғаным,
Болайын сенің құрбаның.
Қызылбасқа барма, — деп,
Жылап сұрап тұрғанда,
Ағеке, не деп тұрғаның?
Басыңа қиын іс түссе,
1020 Кім болар сенің құрбаның?
Жалғыздығың ағеке,
Менің жылап тұрғаным.
Сонда түсер есіңе
Атадан жалғыз туғаның.

Исадан туған бес батыр
Бұларды үлгі қыларсың.
Ақсүңгі неге жыласын,
Бірін-бірі жауға тастамас,
Атадан бірге туғасын.
1030 Туған түгел жасымас,
Қасыңа ерген жолдасың.
Атадан жалғыз туғаның
Басыма қайғы салып тұр,
Қайғының ауыр саудасын
Сапарыңды бересің,
Саудаға түсер сау басым
Басқа түскен сауданы
Пендеге Құдай салмасын.
Қарасай, Қази — қос батыр
1040 Бұлар да кетіп баратса,
Ақ Қибат неге жыласын.
Қарасай жауда қалғанда,
Қази барып алмай ма?
Қази жауда қалғанда,
Қарасай барып алмай ма?
Туысқан туған болмай ма?
Туысқаны болмаса,
Жалғыз, шіркін, шырқырап,
Жауда басы қалмай ма?
1050 Осы айтқанды ағеке,
Ойласаңыз болмай ма?
Ағасы қалса, іні алар,
Ағайынды екеуі
Бірі қалса, бірі алар.
Жазатайым іс болса,
Сен қасқаны кім алар?
Осыны айтып Әділге,
Қарындасы жылады.
— Жалғыз едің, кетпе — деп,
1060 Сапарың бер, — деп сұрады.
Қарындасын қия алмай,
Көзінің жасын тия алмай,
Әділ жылап жүргенде,

Сол уақыттар болғанда,
Күн ортадан ауғанда,
Қарындасын қия алмай,
Не дерін Әділ біле алмай,
Қайғыменен тұрғанда,
Қарасай, Қази тұра алмай,
1070 Әділ досын қия алмай,
«Қалама», — деп қауіп жеп,
Қызыл, жасыл екі ту
Қолдарына алады.
Дос Әділдей бола ма?
Аламанды жүргіздім,
Құмырсқадай өргізіп.
«Орақ» деп ұран салады.
Орақ деген дауысқа
Сүйегі қызып Әділдің,
1080 Бұл да кетіп барады.
Желке айдары желкілдеп,
Көзінің жасы мөлтілдеп,
Мұңды болған бейшара
Жылап-еңіреп қалады.
Әділ жөнеп жатқанда,
Анасы шауып келеді,
Баласын сонда көреді.
Көреді де би анасы,
Көзінің жасын төгеді.
1090 Елімегін жастап сұлаулы
«Шырағым, жүр» деп жылады,
Көзінің жасын бұлады.
Жылап тұрып анасы:
«Сапарың бер», — деп сұрады.
Шешесін көріп жастағы,
Мойнын келіп бұрады.
Сонда анасы толғады:
— Айналайын, шырағым,
Қызылбас болды құмарың,
1100 Сапарыңды сұрадым.
Жолы қиын сапар, — деп,
Есітеді құлағым.

Сен кеткесін, шырағым,
Күнім болар бір қысым.
Қысым енді жаз болды,
Қашан келер жыл құсым.
Қорқытып кетті, құлыным,
Үйдегі көрген бір түсім.
Барасың қайда, Әділім?
1110 Сен кеткесін, шырағым,
Болмады менің сабырым.
Жоқ еді сенің аға-інің,
Жас та болса әр жерге
Кетіп еді дабысың.
Қызылбас мықты ел, — деймін,
Аламаны зор, — деймін.
Барған адам келмейді,
Бұрынғы өткен ерлердің
Ала алмаған жер, — деймін.
1120 Жалғыз едің, шырағым,
Сапарыңды бер, — деймін,
Көз жасымды көр, — деймін.
Қызылбасқа кетерсің,
Қиын жолға жетерсің.
Емшегім сүті ақдария,
Болып шықса алдыңнан
Одан қалай өтерсің?!
Көзімнің жасы көлдария,
Толып шықса алдыңнан
1130 Одан қалай өтерсің?
Бара жатқан жолыңның
Талай қиын жері бар,
Үш айшылық шөлі бар.
Аспанменен тірескен,
Бұлтпенен күрескен,
Асқар биік тауы бар,
Қалай одан өтесің?!
Астыңда мықты жауың бар,
Жауға не амал етесің?!
1140 Ақ сүт берген анаңды,
Қарындасың Ілия,

Жолын тапқан дүние
Тастап неғып кетесің?!
Сонда Әділ сөйледі:
— Тұр десе де тұрмады,
Жылама, анам, жылама,
Жыламай көңілің тына ма?
Осы сапар, анам-ай,
Сапарымды сұрама.
1150 Қырық мың әскер ергесін,
Бармай балаң тұра ма?
Қолыңда болса бұл жолға
Бір тәуекел етермін.
Бармай қалсам бекермін,
Бара жатқан жерімде
Алты айшылық жол болса,
Алты ай жүріп жетермін.
Алдымнан шықса қиын жол
Бұзып-жарып өтермін.
1160 Көзіңнің жасы көлдария
Болып шықса алдымнан
Көпір салып өтермін.
Қырық мың әскер қолым бар,
Қол бастаған ерім бар,
Емшегің сүті ен дария
Болып шықса алдымнан
Түсіп оған кетермін,
Ішіп сонда өтермін.
Алты айшылық жол болса,
1170 Алты айшылық азықпен
Қызылбас жауға жетермін.
Үш айшылық жол болса,
Жай бұлтты жандырып,
Әскерімді қондырып,
Шөлдетпей өтіп кетемін.
Асқар биік тау болса,
Жалғыз аяқ жол салып,
Әскерімді шұбыртып,
Жол салып сонда өтермін.
1180 Қызылбас мықты жау болса,

Қырық мың әскер қолым бар,
Қол бастаған ерім бар,
Барып сойқан етермін.
Қиын болса бұл жолға
Бір тәуекел етермін.
Уайым айтпа, анам-ай,
Маңдайымнан көрермін.
«Түс түлкінің боғы» деп,
Айтып кеткен бабамыз.
1190 Қорықпа түстен анам-ай,
Тапшы қылды Құдайым,
Іні менен ағадан.
Күні бүгін болғанда,
Ағам менен іниме,
Қайда ізі деп таба алмай,
Жалғызбын деп балаңай
Сапарынан қаламай.
Қайта бер, анам, еліңе.
Қырық мың үйлі ноғайға,
1200 Ноғай түгіл талайға
Басшы болған кісі едім.
Сізден жауап сұрамай,
Көре алмайтын күн болса,
Таңда мақшар күнінде
Сонда іздеп табармын.
Осылай деп ер Әділ,
Анасына жылады.
Қайтпағасын анасы,
Амалы құрып тұрады.
1210 «Жолың болсын балам, — деп, —
Ылажым жоқ, Алла», — деп,
Батасын беріп анасы,
Көтеріп алып қолдарын:
— Бір жаратқан Құдайым,
Он сегіз мың ғаламды.
Абзал қылып жаратып,
Көретін ісін адамның
Жазып қойдың қаламын.

Жаратқан Құдай, Жаппар-ай,
1220 Ете гөр мықты жаланды,
Панаңызға тапсырдым,
Әділ жалғыз баламды.
Әулиелер, пайғамбар,
Жәрдем берің балама?!
Бересің өзің панаңды.
Ерлердің пірі ер Ғали,
Жеті ғайып пірім-ай.
Жеті жердің ішінде
Ақ шалмалы пірім-ай!
1230 Пірің еді, шырағым,
Қысылғанда есіңе ал,
Пайдасы тиер өзіңе.
Сөйлеме жатқа сырыңды,
Ұмытпа, балам, піріңді.
Ұмытып кетсең, балам-ай,
Көрерсің, балам, қиынды,
Көрмейсің қайтып Қырымды.
Айтып болып тарқаттым
Ішімдегі шерімді.
1240 Ердің пірі ер Ғали,
Тапсырамын саған-ай
Әділ жалғыз ұлымды.
Құлағың сал сөзіме,
Ұмытпа, балам, ұмытпа,
Жеті ғайып піріңді.
Қысылған жерде есіңе ал,
Пайдасы тиер өзіңе.
Сөйлеме жатқа сырыңды,
Ұмытпа балам мұңыңды.
1250 Ұмытып кетсең, балам-ай,
Көрмейсің қайтып Қырымды.
Сені қашан көргенше,
Жолдан аман келгенше,
Көре алмайтын болады.
Бір Аллаға тапсырдым,
Әділ жалғыз ұлымды.

Бақытыма Құдай көремін,
Анасы Аққа қол жайып,
Батасын беріп жылады.
1260 Анасының батасын
Әділ тұрып алады.
Ақ сүт берген анасын
Және қарындасын да,
Әділ бала қия алмай,
Көзінің жасын тия алмай,
Қолдан қалып тұрады.
«Орақ» деп ұран шақырып,
Тасыған судай жапырып,
Қол жөнеліп барады.
1270 Есітіп Әділ тұра алмай,
Шешесімен қоштасып,
Бұл да кетіп барады.
Екі мұңды жыласып,
Амалы жоқ қалады.
Жөнеліп кетті жас Әділ,
Бұрынғы өткен ерлердің
Бара алмаған жеріне.
Екі мұңды жыласып,
Әділменен қоштасып,
1280 Қайтып кетіп барады.
Қырымдағы еліне
Әскер көшіп жөнелді.
Көп жасаған Қоянақ
Көпті көрген кең еді.
Көрмеген жерін білетін,
Көңілі сергек ер еді.
Адастырмай әскерді,
Қолды бастап келеді.
Бірнеше күн жол жүріп,
1290 Азғана емес, мол жүріп,
Бір күні талтүс болғанда,
Күн алты айға толғанда,
Қамысты көк қияқ көл,
Қоянақ қартқа сынақ көл
Осы көлдің басына

Шаршап келген көп әскер
Қонып тыным алады.
Әскер тыным алған соң,
Жолын байқап қарады.
1300 Қиғаш деген Алатау
Асқар бұлтпен күрескен
Мұнарланып тұрған-ды.
Мұнарланып тұрғанын
Әділдің көзі шалады.
Сонда есіне түседі,
Жалғыздықтың жаманы-ай.
Қанша мықты болса да,
Табандасып жалғыздық,
Тұра алмады табаны.
1310 Жалғыздық түсіп есіне,
Сонда Әділ сөйледі:
— Қарасай, Қази ер едің,
Екі достым сен едің.
Сен атадан екеусің,
Атадан жалғыз мен, — деймін.
Қырымнан шығып жүрерде,
Екі досым не дедің?
Айтқан сөзің шын болса,
Жана бір жауап бер, — деді.
1320 — Әділ достым сен едің,
Саған жолдас мен едім.
Осы қырық мың әскердің
Билігі сенде, — деп едім.
Айтқан сөзді біл, — деді,
Жалған емес, шын, — деді.
Осы қырық мың әскердің
Билейтін ханы сен, — деді.
Қиғаштың биік тауына,
Қызылбастай жауына
1330 Қолды бастап жүр, — деді,
Сонда Әділ сөйледі:
— Қол бастаған Қоянақ,
Саған жолдың бәрі анық.
Қоянақ қартым, кел, — деді,

Жолдас алып қасыңа,
Жаудың жолын көр, — деді.
Таудың қиын тастарын,
Жүре алмайтын жолдарын,
Көріп байқап қажыма,
1340 Хабарын жылдам бер, — деді.
Исадан туған Серігім,
Қиын жолда жүргенім
Осындай қиын болды ғой.
Пайда тиер, — деп едім,
Серігім ерді дегенде.
Қызылбастың қаласын
Талқан қылар, — деп едім.
Қоянақ батыр, ер, — дейді,
Таудың жолын көр, — деді.
1350 Жүре алмайтын жолдарын,
Таудың қиын бағдарын
Анық барлап көр, — деді,
Жол хабарын бер, — деді.
Көріп келген жолыңа
Қолды бастап жүр, — деді,
Екеуің атқа мін, — деді.
Қаратаудың басына
Жалғыз аяқ тар жолға
Салып жетіп кел, — деді.
1360 Қиын жолды көргесін,
Кеуліме қайғы енеді.
Қоянақ қарт пен Серігі
Тар жолға батып кірмеді,
Кірейін десе сенбеді.
Бұрғымен тескен тесік бар,
Қиялмен келіп қараса,
Ерге де мүмкін кесір жол.
Жолды көріп Қоянақ,
Атының басын бұрады.
1370 Екі батыр кеңесіп,
Қатты уайым шегеді.
Кірмесе де тар жолға,
Жолды көріп барлады.

«Бұған кіріп болмас, — деп, —
Кірген кісі оңбас» деп,
Қоянақ басын шайқады.
Жолды жүріп көргеннен,
Тау басына қайтады.
Қоянақ қайтып келеді,
1380 Жас Әділді көреді.
Қарасай таудың хабарын
Қайтып келіп береді.
Келіп қартың сұрады,
Келе сөйлей береді:
— Бір жейтұғын жем үшін
Қаршыға барып түседі
Шайтанның құрған торына.
Барып келдім, Әділ хан,
Қызылбастың тауына,
1390 Қорғасынның жауына.
Есіткеннің бәрі рас,
Биіктігі тауының
Халықтап ұшқан қара құс
Жекелей ұшып шыға алмас.
Төрт аяқты аң түгіл
Құстар ұшып қона алмас.
Етегін зерлеп қарасаң,
Биік ұлпа Қызыл құм,
Атой шылап шаба алмас.
1400 Бұрғыменен тескен жол
Адам барып көре алмас.
Жалғыз адам болмаса,
Екі адам қатар жүре алмас.
Сондай қиын жол екен,
Тілімді алсаң қайталық,
Алдырмайтын ел екен.
Жолды барып барлаған,
Жалған айтар мен бе едім.
Жалғыз аяқ тар жолға
1410 Батылым барып кірмедім.
Қол бастаған ер Әділ,
Ендігісін өзің біл.

Сонда Әділ сөйледі:
— Қоянақ қартым, не дедің,
Жолды оңай демейсің,
Елге қайтар деймісің,
Жолды барып көргесін,
Неге түсіп көрмейсің?
Қырық жыл қырғын болса да,
Ажалың жетпей өлмейсің.
Кірмегесін ішіне,
Жол мәнісін білмейсің.
Жолдың арғы шетіне,
Қызылбастың кентіне,
Барып неге келмейсің?
Анықтап көріп көзіңмен,
Сөйтіп бізге хабарын
Қорытып неге бермейсің?
Исаның ұлы Серігім,
Қоянақ қартың қасыңа
Қосып сені жібердім.
Тар жолға қорқып кіре алмай,
Уайым айтып келгенің
«Ер» деп мақтап жүрсем де,
Жоқ екен байғұс жүрегің.
Осыны айтып болады,
Ахметке жолығады.
Исадан туған Ахмет,
Алладан болсын рахмет.
Жолдасын тастап кетуге,
Жаманға қиын ақырет.
Бұйырамын тар жолға,
Бұл сөзімді мақұл ет.
Өлімге басын байлаған,
Алмасын тасқа қайраған.
Қолтығына қол салып,
Аждарларды барлаған.
Сен қашаннан ер едің,
Артық туған ер едің.
Осындай қиын тар жолда
Пайдасы тиер, — деп едім.

Қиын жерде болмаса,
Пайданды қашан көремін.
Алабас атқа мін, — деймін,
Белге қару іл, — деймін.
Қоянақ пен ер Серік
Бұлар қорқып кірмейді.
Тау басынан қайтыпты,
Хабарын дұрыс бермейді.
1460 Көрмегесін тар жолды,
Сөзіне адам сенбейді.
Әй, Ахмет сен, — дейді,
Бұйырамын мен, — деді.
Жалғыз аяқ тар жолды,
Таудан құлап көр, — дейді.
Жолдың кіріп ішіне,
Хабарын жылдам бер, — дейді.
Бұйрығымен Әділ хан
Алабас атқа мінеді,
1470 Беліне қару іледі.
Алабас атты қамшылап,
Алтын туы жарқырап,
Тауға шауып жөнелді.
Қаратауға Ахмет
Салып жетіп келеді.
Тау жағалап шабады,
Оттай лаулап жанады.
Бұрғымен тескен тар жолды,
Мұның да көзі шалады.
1480 Тау басынан еңкейіп,
Жолды байқап қарады.
Жалғыз аяқ тесік жол,
Адам жүрмес тесік жол.
Төмен түсіп жүрген соң,
Тау басына қарады.
Атын келе қаңтарды,
Жолдың түрін байқады,
Мұның да жауы қайтады.
Пірлеріне сиынып,
1490 Ахмет жолға келеді.

Ай балтасын көтеріп,
Қара тасқа ұрады.
Қара тасын қопарып,
Көбін алып тастады.
Бір уақыттар болғанда,
Ашуменен долданып,
Айбалтасын ұрады.
Қандай қайтпас болса да,
Айбалтасы сынады.
1500 Айбалтасы сынғасын,
Ахмет батыр жылады.
Исаның ұлы Ахметтің
Сөйтіп жолы болмады.
Айбалтасы сынғасын,
Ахмет қарап тұрмады.
Аузын ашып кереді,
Тісіменен қопарып,
Біраз тасты алады.
Бір уақыттар болғанда,
1510 Бір тасқа аузын салғанда,
Тісі сынып қалады.
Екеуі сынып қалғасын,
Амалын таппай тұрады.
Аузы болып қызыл қан,
Тұлпарына мінеді.
Тауға ылаж таба алмай,
Бұл да қайтып келеді.
Қайтып келіп Ахмет,
Былайша жауап береді:
1520 — Жұмсаған Әділ сен едің,
Тауға барған мен едім.
Жалғыз аяқ тар жолды
Көріп кел, маған, — деп едің.
Жұмсағасын бұйырып,
Тауға қарап жөнелдім.
Тау хабарын айтайын,
Тындасаңыз Әділ хан.
Бір жейтұғын жем үшін,
Қаршыға барып түседі,

1530 Шайтанның құрған торына.
Қуанады адамдар
Жеті мүше сауына.
Барып келдім, Әділ хан,
Қиғаштың биік тауына.
Бармайтұғын жер екен,
Қызылбастың тауына.
Қарашы менің аузыма,
Балтам сынып қалғасын,
Салып едім аузымды
1540 Қиғаштың биік тасына.
Цементпен құйыпты,
Жалғыз аяқ жолын да.
Кірейін десем сенбедім,
Сөзімнің болмас жалғаны,
Жалған айтар мен бе едім,
Жалған емес шын, — деймін.
Биіктігі тауының
Тікелей ұшқан қара құс,
Басына ұшып шыға алмас.
1550 Етегін байқап қарасаң,
Биік ұлпа Қара құм.
Ат қиялап шаба алмас,
Адам оған кіре алмас.
Жалғыз адам болмаса,
Екі адам қатар жүре алмас.
Сондай қиын жол екен,
Жолы қиын бұл екен.
Тілімді алсаң, қайталық,
Алдырмайтын ел екен.
1560 Жалған айтар мен бе едім,
Батылым барып жүрмедім,
Кірейін десем сенбедім.
Мұндай қиын тар жолды
Өмірімде көрмедім.
Жол бастаған ер Әділ,
Ендігісін өзің біл,
Алдырмайтын ел екен.
Сонда Әділ сөйледі,

Сөйлегенде не деді:
1570 — Әй, Ахмет құрмағыр,
Қорықпас едің оңбағыр.
«Айдаһар» деп жүргенің
Кесіртке ме еді, құрмағыр.
Қайта бер енді қосыңа,
«Айдаһар» деп қол салып,
Дараланған болсаң шошымай,
Айдаһар деп жүргенің,
Өлген жылан болғаны-ай!
Ер деп сені, іс бердім,
1580 Ертпей адам қасыңа.
Жолға кірмей қайтқаның,
Ылайық па өзіңе-ай.
Жолы қиын екен деп,
Уайым салдың басыма-ай.
Жауынгер болат дегенім
Болып жатыр жасық-ай.
Тар жолға барып кіре алмай,
Келгенің сенің атың-ай,
Қайта бер енді қосыңа.
1590 Қарасайға толғады:
— Ей, Қарасай, Қарасай,
Қанды Орақтың баласы-ай.
Қайда кеттің Қарасай,
Асыл ердің баласы-ай?!
Жақсы менен жаманның
Ашылып жатыр арасы.
Қарасай, өзің болмасаң,
Батырсынып жүргенің
Белгілі болды шамасы.
1600 Сәлем айтып келеді,
Ішіне кірмей жолдасың.
Енді өзің бар, Қарасай,
Қарасай, Қази болмаса,
Құрыды жұрттың шамасы.
Тесік жолға кіре алмай,
Аралығын сірлеп көре алмай,
Болып тұр жұрттың тұлғасы.

Қаратауды көргенде,
Таудай болған батырлар
1610 Болып кеткен аласа-ай.
Өзің барып көрмесең,
Зар болады қалмақтың
Қызыл ғана қаласы-ай.
Жаманның көңлі тар, — дейді,
Кетпесін жауға ер, — дейді.
Қызылға тоқым сал, — дейді,
Орақтан қалған жасыл ту,
Желбіретіп ал, — дейді.
Жасың үлкен болса да,
1620 Жұмсадым сені Қареке,
Жалғыз аяқ тар жолға,
Барып келгін сен, — деді.
Сол уақытта Қарасай
Асылда ердің баласы-ай,
Айтуы-ақ мұң екен,
Жұмсасын деп тұр екен.
Жалғыз аяқ тар жолға
Қарасай кетіп барады,
Мұны көзі шалады.
1630 Атын келе қаңтарып,
Жолдың түрін байқады.
Жол қамалын көргенде,
Қарасай бір сөз айтады:
— Ақ жасаған Құдайым,
Өзіңнен жәрдем сұрайын.
Жігітке пайда бермеді
Көп ойлаған уайым.
Жау үстінде тұрмайын,
Көрмей кетсем тар жолға
1640 Мен Орақтан тумайын.
Не де болса көрейін,
Маңдайыма жазғанын.
Айтып кеткен атамның
Бітірейін арманын.
Мынау қиын жол екен,
Жаны бар адам бара алмас.

Қиын да болса кірейін,
Қиын жолды көрмесем,
Жол хабарын білмесем,
1650 Қарасай атым айтылмас.
— Үлкен атам — қанды Орақ,
Көрінде тыныш жата алмас, —
Деді дағы Қарасай
Өзін-өзі қайрады,
Өлімге басын байлады.
Екі көзін шарт жұмып,
Астындағы Қызылды
Тар жолға айдап салады.
Жалаң аяқ тар жолмен
1660 Қарасай кетіп барады.
Екі көзі Қызылдың
Шам-шырақтай жанады.
Жан-жағына қарамай,
Сол мезгілде кем болды.
Түніменен жүреді,
Жол азабын көреді.
Бір уақыттар болғанда,
Таң белгісін береді.
Таң атқасын Қарасай,
1670 Жолдың шықты шетіне.
Жақындаған құсайды,
Қызылбастың кентіне.
Қорғасынның думамен,
Оқып салған бетіне.
Біраз ғана келеді,
Өзінің айтқан сертіне.
Осы жерге келгенде,
Атын келе қаңтарып,
Жердің түрін байқады.
1680 Көріп жолдың қиынын,
Қарасай бір сөз айтады:
— Көрмегенім көп екен,
Жүрер жолым жоқ екен.
Байқап келіп қарасам,
Жолы қиын бұл екен.

Ат бауырын жаза алмас,
Ат қиялап шаба алмас,
Орғыл-орғыл құм екен.
Мұның арғы жағына
1690 Көз жіберіп қарасаң,
Алты қатар ор екен.
Ордың арғы жағына
Көз жіберіп қарасаң,
Айналасы айшылық,
Көлденеңі күншілік
Он екі қабат тор екен.
Жолы қиын тар екен,
Хан белгісі бар екен.
Ханның басы қорғаса,
1700 Алдырмайтын жер екен.
Асты теңіз су екен,
Арасына салдырған
Дербент деген қала екен.
Дарбазасы темірден,
Он екі пар өгізбен
Қырық күн ашып шығатын
Дарбазасы бар екен.
Бұл қаланың ішінде
Күзеткен әскер бар екен.
1710 Қаласы мықты жер екен,
Бұл қалаға жат салмай,
Баратын жолы жоқ екен.
Ойлап келіп қарасам,
Алдырмайтын ел екен.
Қарасай оған бара алмай,
Баратын жолын таба алмай,
Жаудан белгі ала алмай,
Кейін қайтып барады-ай.
Ертең тал түс болғанда,
1720 Қарасай таудан шығады.
Әділге шауып келеді,
Келе сөйлей береді:
— Әділ достым сен едің,
Көріп кел жолды деп едің.

Көріп келдім жолыңды,
Жалған деме мұнымды,
Жаудың шықтым бетіне,
Жолдың шықтым шетіне,
Көз жіберіп қарасам
1730 Қызылбастың кентіне,
Асқар биік тау екен.
Қызылбас мықты жау екен.
Жалғыз аяқ тар жолы
Бұрғымен тескен тесік жол,
Төрт есігі бар екен.
Таудан құлап қарасам,
Көріп қайтқан ерлердің
Айтқан сөзі шын екен,
Құм екен арғы жағы да.
1740 Бағып келіп қарасам,
Жалпақ жатқан сор екен.
Сорға салған тас өткел
Жалғыз аяқ жол екен.
Сордан өтіп қарасам,
Сорға жалғап қазылған,
Алты қатар ор екен.
Қазған ордың ар жағы
Он екі ханның бастығы,
Қорғасын құйған жер екен.
1750 Дербент деген қаласы,
Әр қаладан зор екен,
Қауіп-қатер көп екен.
Бұдан басқа жүретін
Бөтен жолы жоқ екен.
Мен қорқытып айтпаймын,
Ақиқатын айтқанда,
Көз қорқатын жер екен.
Сонда Әділ сөйледі:
— Орақтан туған Қарасай,
1760 Асыл ердің баласы-ай.
Өз басына бермесе,
Не болады жігітке
Ата менен баласы-ай.

Атаң Орақ болса да,
Туыпсың жаман шамасы-ай.
Осындай қиын тар жолда,
Жақсы менен жаманның
Айрылады арасы-ай.
Қиын жолды көргенің
1770 Рас болса Қарасай,
Бір белгіні қолыңа
Ұстап неге келмейсің?
Бір белгіні ала алмай,
Қауіпті жерге бара алмай,
Сенің қорқып келгенің.
Досым болсаң қайтейін,
Бұл сөзіңе сенбедім.
Қарасай, достым сен едің,
Саған сеніп жүр едім.
1780 Қарасай болсаң бола бер,
Орақтан тусаң туа бер.
Ахмет, Серік, Қоянақ,
Солардан артық не жерің.
Қарасайға ер Әділ
Осылай деп тұрғанда,
Құлағын салып ер Қази,
Екеуінің қасында
Жатыр еді жамбастап.
Сөйлемейді би бастай,
1790 Көтеріп алды басын-ай,
Ашуы келді атып-ай.
Қатуланып, қатайып,
Әділдің келді қасына.
Жақындап келіп ер Қази,
Сөйлей берді осылай:
— Алдымдағы жас Әділ,
Құдай дескен досыңа-ай.
Дос болғаның осы ма-ай,
Неге тұрсың ұрысып?
1800 Түсінбей ұрысып тұрғаның
Өзіңе болар кесірі-ай.
Артық көрме өзіңді,

Тарта сөйле сөзіңді.
Жасы үлкен ағама
Тигізе берме тіліңді!
Атаң Орақ батырдан
Жаман тудың дегенің,
Осы сөзің қиын-ды.
Кімнің жақсы-жаманын,
Атың жүйрік шабатын.
Болайын деп келеді
Сыналатын заманың.
Жолдың қиын-оңайын
Таудан құлап көресің.
Жалғыз аяқ тар жолдан
Шұбырып Әділ жүргесін.
Кімнің еркек-қатынын,
Сол уақытта білерсің, —
Деді дағы ер Қази,
Қарасайға келеді.
Келе сөйлей береді:
— Әу, Қарасай, Қарасай,
Асылда ердің баласы-ай.
Орақтан тудым дегенше,
Орманнан тудым десеңші.
Ерден тудым дегенше,
Даладан тудым десеңші.
Енемнен тудым дегенше,
Желден тудым десеңші.
Анадан тудым дегенше,
Ойнастан тудым десеңші.
Құр алақан келгенше,
Қызылбастан өлсеңші.
Өлмегенің осы ма,
Күлкі қылдың досыма?!
Таба қылып дұшпанға
Кеміттің жарты жасымды.
Тар жолға өзім кірейін,
Тіл әкеліп берейін,
Ұлықсат берші маған-ай?!
Жалғыз өзім барайын,

Ертпей жолдас қасыма.
Шұбар атқа мінейін,
Шұбаландап желейін.
Талапты Құдай оңдаса,
Қызылбастан бір белгі
Әкеліп қолға берейін.
Бір белгі алып келмесем,
Сол жақта жатып өлейін, —
1850 Деді дағы ер Қази,
Шұбар атқа мінеді,
Шұбаландап жөнелді.
Қызыл туын көтеріп,
Тауға қарай жөнелді.
Қаратау тау үлкен күш болды,
Баруға қиын іс болды.
Жолға түскен мезгілде,
Күн еңкейіп түс болды,
Қас қарайып түн болды,
1860 Қази бала түн қатып,
Жалғыз аяқ тар жолға
Түсіп алып жол тартты.
Бір мезгілдер болғанда,
Жарық болып таң атты.
Жаудың мықты шетіне
Келе жатыр жақындап.
Қызылбастың кентіне
Келіп тұрған секілді.
Дарбазаны бекітіп,
1870 Байлап қойған бетіне.
Күркіреп тұр жауындай,
Жолбарыстай алысты,
Көрінбейді қарасы
Қалың тоғай қамыстан.
Ұмтылады Қазиға
Айдаһар жылан ысқырып.
Жұтайын деп күш қылды,
Ұмтылғанда Қазиға,
Астындағы Шұбар ат
1880 Қан сиеді ышқынып.

Алмаспен шауып барады,
Ортасынан қақ бөліп.
Дауысы көкті жарады,
Қызылбастан бір белгі
Жасайын деп қарады.
Қараса адам жоқ екен,
Ойлы келіп қарасам,
Адамзаттың баласы
Бара алмайтын жер екен,
1890 Қауіп-қатер көп екен.
Жүре алмайды жол тауып,
Бара алмайды ой тауып.
Осы жерге келгенде,
Ерге болды бір қауіп.
Қайғы түсті жүрекке,
Қази келіп тірелді,
Жан жүрмейтін түбекке.
Бара алмады жол тауып
Қызылбастың еліне.
1900 Тірі ұстауға Қызылбас
Көрінбейді көзіне.
Қарасайдың ат салып,
Келіп қайтқан жеріне.
Осы жерге келгенде,
Атынан түсіп ер Қази,
Атты келе қаңтарды,
Жолдың түрін байқады.
Құр алақан қайта алмай,
1910 Сонда бір жауап айтады:
«Қарасай көкем ер екен,
Көргенін айтып жүр екен.
Қадірін білмей сөйледім,
Айтқанымды көтерді,
Қас әулие пір екен.
Абайламай сөз айттым,
Қас ақылсыз мен екен.
Қызылбастың еліне
Баратын жолы жоқ екен.
1920 Қызылбастан тіл алмай,

Құр келгені сол екен.
Құр алақан қайта алмай,
Жалған сөзді айта алмай,
Тарығып, қызығып жүр екен».
Жылап тұрған Қазидың
Сондағы айтқан сөзі екен:
— Ақ жаратқан Құдайым,
Өзіңнен жәрдем сұрадым.
Өзің жәрдем бермесең,
1930 Басыма түсті уайым.
Тіл ұстамай құрдан-құр,
Таудан қалай құр шығайын.
Тілді қайдан табайын,
Әділге не деп барайын?!
Құр алақан барғанша,
Осы жерде қалайын.
Көрінбейді, адам жоқ,
Далаға қалай шабайын.
Батыр Орақ ұлы едім,
1940 Бір Тәңірдің құлы едім,
Ел қайғысын жеп едім.
Қызылбастан бір белгі
Келермін алып, — деп едім.
Бұл тілегім болмаса,
Басыма бақыт қонбаса,
Талап етіп келейін де.
Бұл талабым оңбады,
Келіспеді талабым.
Өзің сақтап өтпесең,
1950 Құрыды менің амалым.
Қызылбастан бір белгі
Қолыма ұстап бармасам,
Әділге не деп барайын?!
Тілегімді бермейінше,
Көз жасымды көрмейінше,
Қызылбастың алдына
Тәңірім айдап келсеңші.
Осыны айтып тұрғанда,
Күн ортадан ауғанда,

Тілегін Құдай береді,
Қазидың жасын көреді.
Аруанасын жетектеп,
Қырық мың керуенші келеді.
Көміршіні көргесін,
«Тілекті Құдай берді» деп,
Тарығып тұрған ер Қази,
Қабағын ашып күледі.
Шұбар атқа мінеді,
Көміршінің алдына
Арыстандай сөңкілдеп,
Қази шауып жөнелді.
Қызылбасқа барады,
Қырық мыңға ұстап алады.
Қызылбасқа жолықты,
Қызылбас тамам қорықты.
Қызылбастан тіл ұстап,
Хабарына молықты.
Қырық мыңды ұстап алады,
Төгіп тастап көмірді,
Тар жолға айдап салады.
Ер Әділдің алдына
Шу сүргітіп айдап барады.
Қызылбастан тілді алды,
Әділ көріп қуанды.
— Жолы қандай екен, — деп,
Әділ жауап сұрады.
Қарасай, Қази ер едің,
Екі достым сен едің.
Қызылбастан бір белгі
Әкелейін деп едің.
Алып келдің белгіні,
Қабыл екен тілегің.
Көл екен батыр жүрегің,
Атаң Орақ ер еді,
Ер де болса, Қызылбас
Ат салмаған жер еді.
Сенен басқа батырлар,
Уайым айтып келеді.

Қызылбастан бір белгі,
2000 Алып келдің сен, — деді,
Көңіл қойдым мен, — деді.
Жолы қандай көрінді,
Барып келген сен едің?
Хабарыңды бер, — деді.
Сонда Қази сөйледі:
— Оңай деп жолды қуанба,
Жолды барлап сұрама.
Өзің барып көрерсің,
Көрмей көңіл тына ма?
2010 Іздеген шауып бір нармен
Ер құмардан шыға ма?
Қарасай көкем ер екен,
Көргенін айтып жүр екен.
Басқа уайым салатын,
Жалғыз аяқ жол екен.
Барып келген адамдар
Шынын айтып жүр екен.
Жолдың бардым шетіне,
Таудың төмен бетіне.
2020 Жете алмаса, ерге уайым,
Өзінің айтқан сертіне.
Аттанып едім серттеніп,
Қызылбастың кентіне.
Жолды көріп, байқадым,
Жолы қиын жер екен.
Жалған айтар мен бе едім,
Ат бауырын жаза алмас,
Ат қиялап шаба алмас
Орғыл-орғыл құм екен.
2030 Құмның арғы жағына,
Көз жіберіп қарасам,
Терең батпақ сор екен.
Сордың арғы жағына
Көз жіберіп қарасам,
Шалқып жатқан көл екен.
Көлдің арғы жағына
Көз жіберіп қарасам,

Алты қатар ор екен.
Ордың арғы жағына
2040 Көз жіберіп қарасам,
Көлденеңі күншілік,
Айналасы айшылық,
Он екі хандық ел екен.
Ханның басын қорғаса,
Алдырмайтын ел екен.
Дербент деген қаласын
Салған екен Қызылбас,
Таудың қиын жеріне.
Жалғыз барған ерлерді
2050 Жолбарыс, аю, арыстан
Жүргізбейді еркіне.
Айла қылды тұтылмал,
Арыстан қолды бастама.
Қапа болып жүр едім,
Қызылбастан бір белгі
Қолына тауып қайта алмай.
Сиынғаным Ақ болды,
Жолдасым шұбар ат болды,
Қырық көмірші тап болды.
2060 Қапа болған көңілім
Мұны көріп шат болды.
Ұстап алып байладым,
Жолға салып айдадым.
Келе жатып бұлардан
Жол хабарын сұрадым.
Бара алмайтын жер екен,
Рас екен айтқаны.
Қолыма белгі алғасын,
Одан әрі бармадым.
2070 Не қылсаң да ер Әділ,
Ендігісін өзің біл.
Сонда Әділ сөйледі:
— Қарасай, Қази ер едің,
Екі достым сен едің.
Екеуің Орақтан артық,
Артық тудың деп едім.

Артық емес, кем екен,
Кемдігіңді айтайын.
Сенің айдап келгенің
2080 Қаңғып жүрген көмірші.
Артық тусаң атадан,
Неге алып келмедің?
Ер деп мақтап жүрсем де,
Қоянақ, Серік, Ахмет
Солардан артық көрмедім.
Қиын жолды көргесін,
Сенің қашып келгенің.
Сонда Қази сөйледі:
— Қайдан білдің кемімді,
2090 Білмейсің құр тегімді.
Қатты-қатты сөз айтып,
Қалдырып жүрсің кеулімді.
Ата тегің кім еді,
Тегіңде ерлік жоқ еді.
Қайдан таптың ерлікті,
Дерсің кімге кемдікті.
Менің атам Едіге
Ата жауын жаулаған
Аруақты ер еді.
2100 Өз дұшпанын өлтіріп,
Басын кесіпті деп еді.
Сенің атаң Шынтемір,
Тегінде ерлік жоқ еді.
Біреудің арын арлаған,
Сенің атаң сол еді.
Осы жерден мен қазір
Шұбар атқа мінемін,
Шұбаландап желемін.
Қолды бастап кірейін,
2110 Атаң болса батыр-ай,
Он екеуіңді көрейін.
Осыны айтып ер Қази,
Орақтың туын алады,
Оттай күрлеп жанады.
Ашуланып Әділге,

Таласып тұрған тар жолға,
Әскерін айдап салады.
Таудан өтіп болған соң,
Әскерін жинап алады.
2120 Сол уақытта ер Әділ
Жолдың түрін қарады,
Көзі көріп жанады.
Жан ашуы болмаса,
Жалғыздықтың жаманы.
Жалғыздық түсіп есіне,
Жүре алмады табаны.
Қарасай, Қази досына
Сөйледі Әділ жана да:
— Қарасай, Қази ер едің,
2130 Екі досым сен едің.
Екі достым болмаса,
Жоқ еді менің секерім.
Қиын жолды көргесін,
Қайғыланды жүрегім.
Қайғыланбай не қылсын,
Алды-артымда жаяу жоқ,
Менде аға, іні жоқ.
Басыма қиын іс түссе,
Екі достым ат салып,
2140 Алып шығар деп едім.
Енді жауға тиерсің,
Ат құйрығын өрерсің,
Екі достым, сендерге
Көңілімді айтып білдірдім,
Өздерің ойлап білерсің.
Сонда Қази сөйледі:
— Әділ достым сен едің,
Сенің достың мен едім.
Қарасай тауда қалса да,
2150 Сені алармын деп едім.
Бұрынғы көңлім сол еді,
Бұл көңілімді білмедің.
«Жамансың, — деп, — атадан»,
Тигізіп қатты тіліңді,

Батырып айтқан сөзіңді.
Талайыңнан көрерсің,
Өз білгенің өзіңе
Жүре бер, Әділ, жөніңе.
Орақ деп жауға шабармын,
2160 Шұбарды айдап салармын.
Мұсылманның ары үшін,
Қара ноғай қаны үшін,
Жауда қалсаң, Әділім,
Сонда іздеп табармын.
Әділ сонда сөйледі:
— Бұл дүниеге келгесін,
Аяқ басып жүргесін,
Өлеріңді білгесін,
Атадан жалғыз туғасын,
2170 Белге жарақ буғасын,
Жалғыздыққа көнгесін,
Жалғыз да болып жүрсем де,
Қайратыма сенгенмін.
Туысқаным жау екен,
Жолдас болып жүргенін,
Кісіге сеніп жүргенім.
Жақсы емес пе бұдан да,
Жауға шауып өлгенім, —
Деді дағы ер Әділ,
2180 Ызаланып, долданып,
Алтын туын қолға алды.
Тас өткелдің аузына
Көп әскерге қарамай,
Жалғыз шауып жөнелді.
Қази көріп шапқанын,
Атына мініп ер Қази,
Баратқан шауып Әділге
«Тұр», — деп айқай салады.
2190 Қуып келіп соңынан,
Сонда Қази сөйледі:
— Әділ, қайда барасың,
Жолға неге шабасың?
Жол менікі шабатын,

Мені қалай аласың?
Аламын деп жүргенде,
Бейнетті болып қаларсың.
Менен бұрын жол алмаң,
Қала бұзып ел алмақ.
2200 Келе ме, Әділ, қолыңнан?
Аулақ кет, Әділ, жолымнан,
Ере бер, Әділ, соңымнан.
Сонда Әділ сөйледі:
— Шапқан Әділ тұра ма,
Атының басын бұра ма?
Өзі білген жігіттің
Ата тегін сұрама,
Қазасы жетпей өлмейді.
Жол менікі дегенде,
2210 Қорқып жолды бермейді,
Зорлығыңа көнбейді.
Қорқып беріп жолымды,
Соңыңнан Әділ ермейді.
«Құдай дескен досым» деп
Енді саған сенбейді.
Сендер екеу, мен жалғыз,
Жалғыз да болса тұралмас.
Қорқып берер мен емес,
Қорыққан жігіт ер емес.
2220 Қорқып беріп жолымды,
Бола алмаймын саған келемеж.
Сенен қорқар мен емес,
Ерлігім сенен кем емес.
Мықты болсаң тартып ал,
Жолымды саған бермедім, —
Деді дағы ер Әділ,
Айрылмады жолынан.
Алтын туын көтеріп,
Тастамады қолынан.
2230 Ұстайын десе кеселеп,
Қазидың шықты алдынан.
«Атайын, — деп, — бір жебе»,
Суырып алды оғынан.

Екеуі жолға таласып,
Таласып жолда тұрғанын
Қарасай байқап біледі.
«Өзім барсам тұрмас, — деп,
Екеуі де болмас», — деп,
Қоянақ қартқа келеді.
2240 Келе сөйлей береді:
— Қол бастаған бабам-ай,
Көпті көрген данам-ай.
Қази менен Әділдің
Таласып жолда тұрғанын,
Тапсырамын саған-ай.
Екеуі де ер еді,
Екеуінің біреуі
Болмаса еді жарадар.
Қояке, жылдам бара көр,
2250 Көңліне сана сала көр!
Ұрыстырмай екеуін,
Тату қылып ала көр.
Екеуін де көзім-ай,
Бара қойсам өзім-ай,
Інісіне Қарасай болысуға келді дер.
Досымның келер көңліне.
Көпті көрген кең едің,
Сен ақылға көп едің.
Ұрыстырмай, хан
2260 Жарастыр деп едім.
Мұны естіп Қоянақ,
Боз тұлпарға мінеді.
Қарасай мен ер Қази,
Табан жолға таласып,
Ұрысайын деп жүр еді.
Ұрысайын деп тұрғанда,
Қартың жетіп келеді.
Алдындағы Әділге
2270 Келе сөйлей береді:
— Қырымның ханы жас Әділ,
Қырық мың қолға бас Әділ,

Табан жолға таласып,
Досыңменен, шырағым,
Болып жүрме қас, Әділ.
Асылым туған Әділім,
Әр жерге кетті дыбысың.
Қырық мың әскер қол еді,
Қол бастаған ер еді.
2280 Жол менікі дегенің,
Сенікі де жөн, — деді,
Жөн де болса, достыңа,
Жолыңды Әділ бер, — деді.
Басыңа қиын іс түссе,
Пайдасы тиер ер еді.
Әділді сөзбен тоқтатып,
Қазиға жетіп келеді.
Келе сөйлей береді:
— Орақтың ұлы ер Қази,
2290 Ашуыңды бер, — деді.
Ашуын тастап жас Әділ,
Жолды бере салады.
Арғы атамды сұрасаң,
Баба Түкті Шашты Әзіз
Әулие атаң пір еді.
Онан туған Едіге
Кереметті ер еді.
Едігенің туғаны
Қарулы туған ер еді.
2300 Кейінгі атаң ер Орақ,
Едігенің сойы еді.
Харап болған хандарды
Жай құландай тыпыртып,
Басын кесті, — деп еді.
Атаң Орақ ер еді,
Жолыңды алдың, ер, — деді.
Жолың болсын, ер, — деді,
Қызылбастың тауына
Қолыңды бастап жүр, — деді.
2310 Ахмет тұрып сөйледі,

Қоянақ екі батырды ұрыстырмай сөзбен татуластырып, қайтадан көрістіріп, дос қылады. Қырық мың әскер тар жолға симайтындықтан, әскерді үшке бөледі, он төрт мың әскерге Қарасай мен Қази бас болып, жалғыз аяқ тар жолға аттанып кетеді. Он үш мың қолға басшы жас Әділ жалғыз аяқ тар жолдың өткеліне түсіп кетеді. Енді он үш мың қолға Исаның ұлы Ахмет батыр бас болып, өткелге бармай, орта жолда тұрып қалады. Жас Әділ жалғыз аяқ тар жолға түсіп жүре тұрсын. Енді тұрып қалған Ахмет батырдан сөз есітті. Ахмет ойға қалып, жалғыз аяқ тар жолға түспей, кейін қайтты. Сөйтіп, әскерге толған тұрғаны.

Сөйлегенде бүй деді:
— Қол бастаған Қоянақ,
Құладың таудан қиялап.
Жалғыз аяқ тар жолға
Әскерімді түсірмей,
Қайтуға тұрмын ой алып.
Осы жерге келгенде,
Тас өткелді көргенде,
Әскер болды үш бөлек.
2320 Ақылдасып қайтуға,
Болашақ істі айтуға
Өзіндей бір ер едім.
Жау қамаса тар жолда,
Бұзып-жарып өтуге
Сонда бізге күш керек.
Он төрт мың қолға бас болып,
Қарасай, Қази ер кетті.
Әскерін қырдан шұбыртып,
Жаңа бұлттай сұр еді.
2330 Жаман сірә ашылмас.
Орақ пенен Мамайдың
Қарасай, Қази ұлы еді.
Өздері аман жүргенде
Әскерін жаудан қашырмай,
Тасқа шапса қайтпас,
Шар болаттай сойы еді.

Қызылбастай жауынан
Жеңілем деп ойламас.
Қырменен шабар қалаға,
2340 Қаланы бұзып алады.
Соңынан кеткен Әділдің
Қамауда қолы қалады.
Қамап алып сұр жолға,
Шығармас қолын далаға.
Ата тегі төре еді,
Тегінде ерлік жоқ еді.
Қара бала Әділдің,
Жеке туған ер еді.
Жауда қалса алатын
2350 Туысқаны жоқ еді.
Осы сапар ер Әділ
Асылы қайтып келеді.
Осы айтқаным болғасын,
Әділ тауда қалғасын,
Қарасай, Қази — қос батыр
Қызылбасқа барғасын,
Қызылбастың әскері
Тауға қарай салмасын.
Жалғыз аяқ тар жолды
2360 Бізден бұрын алмасын.
Қырымнан келген көп әскер
Қамауда әскер қалмасын.
Осы жерден қайталық,
Болатын істі айталық.
Бұрын барып тар жолды,
Бұзып көріп қайтайық.
Тауға жолдан баралық,
Тау басына қаралық.
2370 Қызылбасты көрер күн болса,
Бұл айтқаным шын болса,
Үш жерден ұрыс салалық.
Аламанды алдырмай,
Біреуін жолда қалдырмай,
Аман алып шығалық.
Бәріңе айтқан кеңесім

Басалық жаудың төбесін.
Қол бастаған Қоянақ
Қартым, қалай көресің?
2380 Мақұл десең, ханеке,
Кейін қарай жүресің.
Сонда қартың сөйледі:
— Қоянақ қартың мен едім,
Көпті көрген көне едім.
Бұл сөзіңді Ахмет,
Мен де тәуір көремін.
Көрсем дағы батыр-ай,
Бір қарамай артыңа,
Кейін қарап кеткенің
2390 Ылайықпа атыңа?
Қарасай, Қази — қос батыр,
Қырымның ханы жас Әділ
Жан жолдасың емес пе?
Хабар алмай солардан,
Барасың кейін қайтып,
Бір хабарын алсаңшы.
Ахмет сонда сөйледі,
Сөйлегенде не деді:
— Әй, Қоянақ қартым-ай,
2400 Амандық ерге артық-ай,
Айтып тұрмын ақыл-ай.
Жау қалмаса сүр жолда,
Сорға түсіп қырылар
Бізге ерген халқыңа-ай.
Әскерің қалар тұтылып.
Боз тұлпармен ханеке,
Кетерсің өзің құтылып.
Өзің аман шығарсың,
Әскеріңді қырарсың.
2410 Әскеріңді түсіріп,
Қас масқара боларсың.
Бірге ерген әскердің
Обалына қаларсың.
Қартым, ойлап қарашы,
Осы айтқанымды қыларсың.

Ахмет ақыл айтады,
Ақылмен алдын байқады.
Қоянақ қартың түсініп,
Бұ да кейін қайтады.
2420 Қарасай, Қази барады,
Қазбен деген қалаға.
Қаланы бұзып, ханды алды,
Шулатып жесір жанды алды.
Алдамасқа жасады,
Қызылбастың көп қолы
Шабылған елге кіре алмай,
Тауға қарап қашады.
Исаның ұлы Ахмет
2430 Әулие десе болмай ма,
Айтқанындай болады.
Жалғыз аяқ тар жолға,
Екі әскер таласып,
Үш күн ұрыс салады.
Исаның ұлы Ахмет
Қызылбасты қиратып,
Жолды тартып алады.
Қызылбас тағы көбейіп,
Жолды тағы қамады.
2440 Сол уақытта Ахмет
Және бір толғап қарады.
Қоянақ қартым, көрдің бе,
Енді маған сендің бе?
Қызылбас жауы қайтадан
Қаптағанын көрдің бе?
Көз жіберіп қарасам,
Мына жаудың көбін-ай.
Қызылбастың көбінен
Қорқайын деді көзім-ай.
2450 Жолға түсіп, жол тартып,
Жүре берің көбін-ай.
Ағайынды бесеуіміз
Жаудың алдын кескестеп,
Тоқтатайын өзім-ай.
Жаудан қолды қорғайсың,

Келсе менің шамам-ай.
Әскерімді түсіріп,
Көп ұятқа қалмайын.
Жүзім айдар, Қоянақ,
2460 Қайрат қылсаң бүгін-ай,
Әскерімді алдырсам,
Осы бүгін шалдырсам,
Бізге болар өлім-ай.
Осылай деп Ахмет,
Көпке толқып қарады.
Қартайса да Қоянақ,
Жауды көріп тұрмады.
Боз тұлпардай тулады,
Үзеңгісін ұзартып,
2470 Құйысқанын қысқартып,
Қолдың артын қорғады.
Көп Қызылбас ізінен
Құрдай шулап қалмады.
Исаның ұлы Ахмет
Алабас атын қамшылап,
Қиялап қолды қорғады.
Осы бүгін батырлар,
Бір тарқатып құмарды,
Жалғыз жарым болмаса,
2480 Көп әскерді түсірмей,
Таудан аман шығады.
Ахметті ала алмай,
Қызылбас шулап қалады.
Ахмет шығып кеткесін,
Жолдың аузын жабады.
Биіктегі қырық орман
Басына қала салады.
Шетте қалған көп әскер
Осы жолға шығам деп,
2490 Күтіп жатты жағалай,
Осы жолдан шығатын
Ер болса Қарасай.
«Бұзып жарып шығам» деп,
Бізіңмен Қарасай

Сол уақытта қамалық,
Таспен ұрып шығалық.
Қол бастаған батырын,
Қамап ұстап алалық.
Осы жолдан шығармай,
2500 Әскерін қамап қыралық.
Көп Қызылбас кеңесіп,
Ақыл-айла табады,
Жолды мықтап жабады.
Жалғыз аяқ тар жолды
Қызылбас алып қалады.
Көп Қызылбас жиылып,
Салды мықтап қаланы.

Қызылбас жолдың аузын алып жата берсін, Карасай, Қази екеуіне Әділ достынан хабар берелік. Қарасай мен Қази Қазбен деген қаланы алып, алты күндей сол жақта болады. Енді Әділден хабар берейік: Әділдің көп әскері жалғыз аяқ тар жолдан келе жатқанда, Қорғасынның көп әскері келіп, жолдың екі жағын алып қалады.

Қамауда қалдырып,
Қарасай, Қази — қос батыр,
2510 Тас өткелден өтеді.
Қазбен деген қалаға,
Бұлар да барып жетеді.
Қазбенді шауып алады,
Алты күн сонда болады,
Олжаға алды толады.
Қызылбаспен ұрысып,
Ахмет шығып кетеді.
Қамауда қалып ер Әділ,
Бұған не амал етеді.
2520 Жолдан шығып бұрылса,
Сорға батып кетеді.
Қызылбас жауы көп еді,
Өзіне мәлім жер еді.
Батпақ-сордың ішінде
Қара таспен бастаған

Құлан салған жол еді.
Жеті жерден ту алып,
Әділді көріп қуанып,
Шығар аузын біледі.
2530 Келе жатып ер Әділ,
Аңдып тұрған алдында
Көп дұшпанды көреді.
«Не де болса көндім» деп,
Қарсы жүріп келеді.
Атқа мініп ұрысар
Алшақ жері жоқ еді.
Бұрылса түсіп кететін
Екі жағы сор еді,
Жүретін жолы жоқ еді.
2540 Енді амалы құрыды,
Түсе қалып атынан,
Табанын тауға тіреді.
Сол күндері Әділдің
Пірі есінде жоқ еді.
Жеті жаста желденген,
Оқ атып жаста үйренген,
Жүрегі тастан жаралған,
Бір өзі мыңға жараған,
Жеке туған ер еді.
2550 Ер Сүлеймен дейтұғын,
Жан жолдасы сол еді.
Екі жерден оқ атып,
Қиратып жауды жүр еді.
Кіші бесін болғанда,
Атысып жаумен тұрғанда,
Ер Сүлеймен оққа ұшып,
Қайтыс болды дүниеден.
Досы оққа ұшқасын,
Атыса берді бір өзі.
2560 Қасымдағы көп әскер
Енді өлерін біледі.
Тұрған жері батпақ сор,
Әскер жылысып «шу» деді,
Күн кеш болып барады,

Қызылбас жауы қамады.
Әділдің қолын шығармай,
Жолдың аузын алады.
Ер Әділдің басына
Ақыр заман салады.
2570 Атысып тұрған Әділдің
Ортасынан сырт етіп,
Сорлы садақ сынады.
Сол уақыттары жас Әділ
Бармағын тістеп жалынды.
Атайын десе шама жоқ,
Енді не амал қылады.
Сонда тапқан амалы
Тұлпарына мінеді,
Алмасын Әділ суырып,
2580 Қызылбасты шабады.
Қылышын Әділ сермеді,
Жауды көзі көрмеді.
Жалғыз өзі ұрысып,
Әскерін жауға бермеді.
Жазылып ұрыс салғанда,
Жауға алдырар ер ме еді.
Таусылатын жау емес,
Толып жатыр өлгені.
Қабат-қабат әскерге
2590 Әділ шауып кіреді.
Кейін қайтып шығуға,
Терең қабат сор еді,
Бір жағы батпақ көл еді.
Көлге жалғас бір жағы
Алты қабат ор еді.
Ат жазылып шабатын
Ашық жері жоқ еді.
Жолын алып тұрады,
Қолын қорғап ер Әділ,
2600 Жалғыз ұрысып жүр еді.
Ақ салмалы бір қожа
Ер Әділдің пірі еді.
Жеті пірдің ішінде

Керемет-ті пір еді.
Осы күнде Әділдің
Пірі есінде жоқ еді.
Пірден жәрдем сұрамай,
Күшіне сиынып жүр еді.
Ескен желдей құбылып,
2610 Жан базары құрылды.
Әділдің ұрысқан жерінде
Көп Қызылбас қырылды.
Жалғыз аяқ тар жолдан
Ұрысып жүріп бұрылды.
Астындағы тұлпардың
Тайып кетті тұяғы.
Батып сорға жығылды,
Батпақ сордың ішінен
Боз тұлпардың күшімен
2620 Шығамын деп ұрынды.
Шыққан сайын түседі,
Бауырлап сорды кешеді.
Соныменен жүргенде,
Болдырмай тұлпар еседі.
Жазылып ұрыс сала алмай,
Күн батуға таялды,
Аты қалды жарамай.
Қас қарайып, күн батты,
Алды болды қараңғы.
2630 Атына басты қамшыны,
Маңдайдан тер тамшылап,
Атына көңілі қиылды.
Әділ мінген Қызыл ат
Әбден қылды көп қайрат.
Шабысынан танады,
Тарығып Әділ жылады.
Арманы күшті ерлердің
Бармағын тістеп өлгені.
Асудан асу бел жүрсе,
2640 Алты айшылық жол жүрсе,
Белгісіз тұлпар мінгені.
Жалғыз болса атадан,

Қапа шегіп жүргені,
Арманда ердің өлгені.
Тұлпар атым болдырды,
Атты кімнен мінейін.
Жалғыздық түсті басыма,
Кімнен көмек тілейін.
Туысқан аға менде жоқ,
2650 Енді кімге сенейін.
Жалғыздықтан жаман жоқ,
Ел көретін заман жоқ.
Құдай жаман жаратты,
Бұған қылар амал жоқ.
Қарасай, Қази болмаса,
Жөн айтатын маған жоқ.
Ар намысты жастайын,
Ерді аяққа баспайын.
Екі достым болмаса,
2660 Жалғыз туған қасқамын.
Аламанды алдырып,
Басымды алып қашпаймын.
Тазадан тұлпар мінейін,
Қолыма қанжар алайын.
Қамаған жауды көрейін,
Қамалып тұрған әскердің
Жолын ашып берейін.
Бара алмасам алдымен,
Өзім ұрысып өлейін, —
2670 Деді дағы ер Әділ
Атына қамшы басады,
Аты болдырып шаршады.
Төңірегін Әділдің
Қызылбас жауы қамаған,
Адасқанын біледі,
Әділ жылап келеді.
Жылағанда не деді:
— Сапарым менің оңбады,
Басыма бақыт қонбады.
2680 Жығылдым тайып басымнан,
Жолдасым тайып қасымнан.

«Әділ жауда қалды» деп,
Әрбір жерге ат кетті.
Кетті демей не дейін,
Тұлпарынан әл кетті.
Адастырып жолымнан,
Айдап келіп қолымнан,
Алты қатар қандекке,
Астындағы Қызылды,
2690 «Шу жануар, қарғы» деп,
Қамшы салып қарғытты.
Жануар тұлпар Қызыл ат,
Жал құйрығы ұзын ат,
Алты қатар қандектен
Атым, сені, қарғытсам,
Болар ма екен себебің, —
Деді дағы атына,
Екі көзін ер Әділ
Шартта жұмып алады.
2700 Қамшы басып Қызылға,
Орға айдап салады.
Қамшының тиген жерінен
Қан сорғалап ағады.
Жанға батса жалтаң жоқ,
Қызыл ат қарғып көреді.
Алты қатар қандектен
Сызылып қарғып барады.
Адымын қасқа жазады.
Төрт орға да кідірмей,
2710 Мұнан да өтіп кетеді.
Бесінші орға барады,
Мұнан да қарғып кетеді.
Батыр орға келгенде,
Одан да қарғи бергенде,
Сүріліп кетті тұяғы,
Тайып кетті аяғы.
Жолға барып түседі,
Алдыңғы екі өкшесі,
Орға түсті бөксесі.
2720 Өмілдірік үзіліп,

Ерімен сыпырылып,
Әділ орға түседі.
Әділді тастап Қызыл ат,
Ордан шығып барады.
Қол бастаған ер Әділ
Жалғыз өзі шырқырап,
Орға түсіп қалады.
Түскенін ешкім білмеді,
Қарасай, Қази көрмеді.
2730 Енді мұны қандектен,
Кім шығарып алады?
Әділдің түсіп қалғанын
Қызылбастар көреді.
Қамап тұрып ноғайды
Тар жолда әбден қырады.
Бір қарасын бұлардың,
Тірідей ұстап алады.
Дербентте әскер көп еді,
Қаласы мықты зор еді,
2740 Аламын деп келеді.
Әділдің түсіп қалғанын
Қарасай, Қази біледі.
Тас өткелге келгенде,
Әділге ерген әскердің
Қызыл атын көреді.
Жоқ болғасын Әділдің
Екі досты біледі.
«Досым жоқ» деп ер Қази,
Қарасайға сөйледі:
2750 —Қарасай аға, туғаным,
Білдің бе Құдай ұрғанын.
Дұшпанның кеулі жыққанын,
Досымның белі сынғанын.
Шұбар атқа мінетін
Жауда қалған досымның
Өлі-тірісін білетін.
Өлігін тауып келейін,
Достымды тауып келмесем,
Өлі-тірісін білмесем,

2760 Жоқты нашар күнінде
Жүзін неғып көрейін.
Қырымға қайтып барғанда,
Шешесі сұрап тұрғанда,
Не деп жауап берейін?!
«Өлді» деп күдер үзбеймін,
Жауап бер, аға, іздеймін.
Аман болсам келермін,
Қазам жетсе өлермін.
Жазатайым іс болса,
2770 Ақыретте көрермін.
Қарасай сонда сөйледі:
— Әу, Қазижан, туғаным,
Сен едің менің қорғаным.
Сені жалғыз жіберсем,
Көңілге симас арманым.
Алдыңда биік тауың бар,
Тауда мықты жауың бар.
Қырғанменен таусылмас,
Көрмеген тағы жауың бар.
2780 Қаратауға баралық,
Құдай берсе тілекті,
Сонда бір жауды алалық.
Жалғыз аяқ тар жолдан
Содан арман өтеді.
Жауда қалған достыңды
Сонан соң іздеп табалық, —
Деді дағы Қарасай
Қазиды ұстап, жібермей,
Жетегіне алады.
2790 Қаратаудың бауырына
Бұл жетелеп барады.
Үш күншілік жол еді,
Тынбай жүріп келеді.
Намаздігер уақытта
Тау қарасын көреді.
Қарасай сонда сөйледі:
— Әу, Қазижан, қарағым,
Алалық жаудың бұлағын.

Суға қанып алған соң,
2800 Бұзалық таудың қамалын.
Жатқанын жаудың көрдің,
Табан жолды көрдің бе?
«Осы жолдан шығар» деп,
Жатқанын аңдып көрдің бе?
Жау екен мықты қауіпті,
Жолдың аузын жауыпты.
Жалғыз аяқ тар жолды
Бізден бұрын алыпты,
Қаланы мықтап салыпты.
2810 Қас қарайып, күн батсын,
Қаласына жау жатсын.
Қызылбасқа тигенде,
Қызығына жау батсын.
Атаңның туын алайын,
Түн болғасын шабайын.
Екі жерден екеуміз
«Орақ» деп ұран салалық.
Орақ деген даусымыз
Қара тасты жарсын-ай.
2820 Қалада жатқан әскердің,
Құлағына барсын-ай.
«Қарасайдың қолы» деп,
Дұшпаның қалсын сасып.
Қаланың ішін босатып,
Қызылбас кетсін қашып.
Жаудың құртып амалын,
Қашып болсын түнімен.
Жаратылғасын заман-ай.
Алып болар түнімен
2830 Таудан шыққан саланы.
Тастап қашар қарамай,
Еңбекпен салған қаланы-ай.
Таң атқанша тар жолды
Ұрысып, тартып аламыз.
Екі батыр кеңесіп,
Әскерді бөлді үлесіп.
Түнде барып тиюге,

Қолын алды бөлісіп.
Көтеріп туын бұлғады,
2840 Қас қарайып, түн болды.
Енді бізге іс болды.
Қарасай аға сенімен
Екеуміз айрылысар күн болды.
Жауға жалғыз тиетін,
Жау ілімін білмеген,
Маған сүйеніш сен едің.
Екеуміз бірге жүргенде,
Жау алармыз деп едім.
Енді айрылар күн болды,
2850 Екі талай жер болды.
Құлақ салып жүргейсің,
Қази қайда дегейсің.
Мен қалатын күн болса,
Шығарамын аға деп,
Сонда; аға, келсеңші.
Шақыруға ар етпе,
Іиңді, аға, зада етпе.
«Қарағым» деп шақырсаң,
2860 Қиын болса шабармын.
«Бауырым» деп ат қойып,
Айырып жаудан алармын, —
Деді дағы екеуі,
Екі айрылып барады.
Көтеріп алған қызыл ту,
Мысалы, оттай жанады.
Күншығыстан Қарасай,
Күнбатыстан ер Қази,
«Орақ» деп жауға шабады.
2870 Орақ деген дауысы
Жер дүниені жарады.
Қалада жатқан әскердің
Құлағына барады.
Қарасай, Қази келіпті,
Екі жақтан тиіпті.
Қаладан шығып кетпесең,
Бізге салар бүлікті.

«Келсе бізді қоймас» деп,
«Мұнда жүріп болмас» деп
2880 Түнімен қашып болыпты.
Қашып барып тығылды,
Жаудағы жатқан жыраға.
Сегіз тастап кетіпті,
Еңбекпен салған қаланы.
Қызыл-жасыл туларын
Қолдарына алады.
Жалғыз аяқ тар жолға
Қиқу түсіп барады.
Тауды тастап Қызылбас,
2890 Қайтқан екен қалаға.
Ортасында екеуі
Жолығыпты далада.
Қалаға кіріп шабады,
Қызылбастар ішінен
Әділ достын қарады.
«Әділ достым қайда?» деп,
Қызылбастың біреуін
Ұстап алып сұрады.
«Тауып бер» деп қырады.
2900 Найзасы түспес қолынан,
Жанышты жаудың қорғанын.
Екі батыр тиеді,
Кіріп-шығып жүреді.
Оңы менен солынан
Қарулары жарқылдап,
Тебінгісі сартылдап,
Қырып-жойып келеді
Қызылбасты алқымдап.
Таяныпты сол кезде
2910 Жау жағаға жақындап.
Досын іздеп екеуі,
Басын салды ортаға.
Ердің сойы болғасын,
Бұлар жаудан қорқа ма?
Қызылбасты шабады,
Әділ достын қарады.

Соңғы ұрыс зор болды,
Көргендер қайран қалады.
Қараңғы тұман шаң болып,
2920 Шаңға аралас қан болды.
Қаласы өртеніп жанады,
Алты күндей соғысты.
Зор соғыс деп сынады.
Жауда Әділ ер болды,
Енді өлмеген не қалды.
Қарасай, Қази ер батыр
Әділ достын таба алмай,
Қызыл қанға бояды.
Алты күндей соғысты,
2930 Аспан менен жер жанды.
Әділ достын таба алмай,
Қайда екенін біле алмай,
Әділ менен сен деді,
Қызылбасты танымай,
Қорыққан Қызылбастар
«Әділ достың мен» деді.
— Кел артыма мін, — деді,
Алып шығып қараса,
Қызылбастың адамы.
2940 «Өлер жерің осы» деп,
Қақ жүректен шаншады.
Әділ достың екеуі
Алты күндей іздеді.
«Табылар, — деп, — бір жерден»,
Әлдеде үміт үзбеді.
Екі тұлпар жануар
Сүйегі қызып ойнады,
Секіруді қоймады.
Соғыс болды алты күн,
2950 Екі батыр аянбай,
Соғыс салды күні-түн.
Таусылатын жау емес,
Жау жағаға таянды.
Алты күндей соғысты,
Қарасай болды жаралы

Ауық-ауық қан құсып,
Шыбын жаннан бас кесіп,
Тұрған екен таба алмай,
«Шырағым, Қази қайда?» деп,
2960 Қызылбастан найза жеп,
Найзасына таянып,
Жарасынан қан ағып,
Тұрған екен шақырып.
Жүр екен Қази таба алмай,
Зарлап тұрған ағасын
Сонда көзі шалады,
Шұбар атты қамшылап,
Көзінің жасы тамшылап,
«Бауырым» деп шабады.
2970 Жетіп келіп қасына,
Айтады Қази осылай:
— Енді бір қайрап көрейін,
Асыл ердің сойы еді.
«Жамансың» деп қыздырсам,
Көтермекші басын-ай.
Жанына келіп қарасам,
Түзеліп батыр кетер ме?
Жан бұлттың сойы еді,
Ашуланып, долданып,
2980 Түзеліп батыр кетер ме?
Қолтығынан демесем,
Бір жағынан сүйесем,
Тау басына жетер ме?
Ашуын қайрап келтірсем,
Жараға себебін етер ме, —
Деді дағы ер Қази,
Қасына жетіп келеді.
Қамап тұрған Қызылбас
Қазидан қашып жөнелді.
2990 Қан құсып тұрған ағасын
Қази сонда көреді.
Жараны көзі көргесін,
Көзінен жасын төгеді.
«Неғып тұрсың аға, — деп, —

Қызылбастан жебе жеп»,
Кейін сөйлей береді:
— Неғып тұрсың, Қарасай,
Батып тұр ма жаныңа,
Жаудың салған жарасы?
3000 Жауға сырын алдырмас,
Жетпесе ердің қазасы.
Ат та болса көп болар,
Сабырсыз ердің сазасы-ай.
Шыдамсыз боп жараға,
Мұнша неге кем болдың,
Еркесінің баласы-ай?
Осындайда айрылар
Жақсы менен жаманның,
3010 Атадан бірге тусаң да,
Туыпсың жаман шамасы-ай,
Қылыш тисе, күрт сынып,
Найза тисе, морт сынып,
Жасық болып атаңнан,
Туыпсың жаман шамасы-ай,
Айтушы еді анам-ай.
Ана сыншы деп еді
Өзінен туған балаға-ай.
Атадан бірге туса да,
3020 Бәрі бірдей бола ма?
Атамыз Орақ ер еді,
Ақылға атам кең еді.
«Қарасай адам болмас» деп,
Атам сондай деп еді.
Қызып жанға тигенде,
Бұзар деп еді жебені.
Қарасайды туғанда,
Кем болғанның себебі,
Есердің қара тасына,
3030 Жерік еді ол деді.
Сол себепті Қарасай,
Кем болып туған деп еді.
Қарасай сонда сөйледі:
— Айналайын, шырағым,

Жаудан аман шығармын.
Айналайын, Қазижан,
Мені мінеп болмасаң,
Мені қорғап жүргенде,
Өзің түсіп қаларсың.
3040 Жауда қалған ағаңды
Бұл дүниеден таппасаң,
Ақыретте табарсың.
Қарасай қандай ер еді,
Жаннан үміт үзбеді.
Үміт үзбей неғылсын,
Жарасы мықты бар еді.
Қайғыны жаман жамады.
Ағасының жарадан
Қуаттанып кеткенін
3050 Сонда Қази біледі.
Қолтығына қол салып,
Келіп басын сүйеді.
Осындайда болмаса,
Жақынды неге тілейді.
Туысқанның себебі,
Тар жерде тиер көмегі.
Туғаны жоқ жалғыздың
Жауда қалар сүйегі.
Қарасайды қалдырмай,
3060 Қази сүйеп келеді.
Жауға көзін салады,
Қаны судай ағады.
Ағасын сүйеп, жетелеп,
Жаудан алып шығады.
Ағасын алып аландап,
Айдын көлге келеді.
Ағасының жарасын
Көлде жатып бағады.
Ақ дәрісін аюдың
3070 Жарасына жағады.
Он күн бағып ағасын,
Жарасын жазып алады.
Енді қайтып бара алмай,

Досын іздеп таба алмай,
Арманда болып екеуі,
Қайтып кетіп барады.
Әділ досы шырқырап,
Баяғы орда қалады.

Енді ер Қази Қызылбастағы ағасын қалдырмай, өздері де жауға алдырмай қайтады. Қарасай жаралы болып, екі ағайынды елге қайтқасын, Қызылбас та еліне қайтады. Тас өткелге барғанда ер Әділдің қолын көреді. Өлген адамның қалған олжасын тереді. Олжасын теріп жүргенде, орға түскен Әділді көреді. Қараңғы ордың ішінен Қызылбастар Әділді көріп қызығып: — Мен бұрын ұстаймын, — деп таласып, орға түсіп қалады. Сол уақытта ер Әділ қолындағы қылышпен ұрып жығып, біразын ұрып, ұстатпай жүр еді.

Әділдің түскен орына
3080 Көп Қызылбас келеді.
Қараңғы орда жап-жарық
Қылып тұрған Әділдің
Олжа қарап жүргенде,
Көп Қызылбас көреді.
Осы келген Қызылбас
Бұл соғыста жоқ еді.
Әділдің қырған Қызылбас
Қорғасынның қолы еді.
Қорғасынның батыры
3090 Бәрінен де зор еді.
Үш бөліп үш жерден
Соғыс қылды деп еді.
Көп олжаға тап болып,
Олжа теріп жүргенде,
Әділді көріп Қызылбас,
Таласып орға түседі.
Бірінен-бірі қызғанып,
Мен ұстаймын деседі.
Сол уақыттары ер Әділ
3100 Қызылбастың үстіне
Қолына түссе жібермей,

Жолбарыстай болады.
Ұстай алмай Қызылбас,
Ордан шыға қашады.
Оң келгенін оң ұрып,
Сол келгенін сол ұрып,
Терең ордың ішінде
Сала берді соғысты.
Әділді ұстап ала алмай,
3110 Қасына жақын бара алмай,
Қызылбас жаман сасады.
Көп Қызылбас қамады,
Жүгіріп жүріп ер Әділ,
Қолына кесек алады.
Қамап тұрған жауына
Жіберіп келіп қалады.
Бірінің көзін шығарып,
Бірінің басын жарады.
Ұстай алмай Қызылбас,
3120 Бір бәлеге қалады.
Көп Қызылбас сөйлесіп,
Ақыл ойлап табады.
Қолдарына Қызылбас
Бір-бір белден алады.
Топырақты құлатып,
Төбесіне құяды.
Топырақпен басты
Әділді ұстап алады.
Мықтылығын білгесін,
3130 Екі қолын артына
Шегелеп құрсау салады.
Шынжыр тағып мойнына,
Ордан алып шығады.
Қолға түскен жас Әділ
Екі қолы байлаулы,
Енді не амал қылады.
Қолға түсіп қор болып,
Көзі жайнап тұрады.
Қамап тұрып Қызылбас,
3140 Әділдеп жауап сұрады:

— Орға түскен сұм бала,
Жөніңді айтшы, бейшара,
Бұл не деген жер еді,
Әрбір жерден зор еді?
Ердің сойы Едіге
Бұл келмеген жер еді.
Едіге ұлы Нұрадін
Бұл келмеген жер еді.
Нұрадін ұлы ер Мұса
3150 Бұл келмеген жер еді.
Орақ, Мамай, Қобыланды
Бұл келмеген жер еді.
Аспандияр төре құл
Бұл келмеген жер еді.
Он екі ханның елі еді,
Әр патшадан зор еді.
Аттанып салған жеріне,
Бүлік салған еліне,
Жылатқан қатын-баламды,
3160 Қазбен деген қаламды
Шауып кеткен әскердің
Қолбасшысы кім дейсің?
Сонда Әділ сөйледі:
— Қамап тұрған Қызылбас,
Қолына түсті біздің бас.
Аяқ-қолын босатып,
Жібер деп саған жалынбас,
Аяғыңа бас ұрмас.
Менің атым ер Әділ,
3170 Қорқып атын жасырмас.
Қырық мың әскер қолменен,
Жалғыз аяқ жолменен,
Үш бөлініп, үш жерден
Тиіп едік қолыңа-ай.
Алдыңғы тиген көп әскер —
Қарасай, Қази — қос батыр
Қазбен деген қаланы
Шапқан шығар қонаға-ай.
Екінші әскер мен едім,

3180 Жалғыз аяқ тар жолға
Түскенімде Қызылбас,
Ортаға алдың қамалап.
Қамап алдың жолымды,
Қолымды қорғап тұрғанда,
Ортасынан сырт етіп,
Садағым екі бөлінді,
Тұлпарым орға жығылды.
Секіріп шыға бергенде,
Өмілдірік үзілді.
3190 Сыпырылып мен түстім,
Қараңғы ордың ішіне,
Таба алмадым жолымды.
Қыдырып жүріп Қызылбас,
Мені көріп жүгірдің.
Ұстайын деп тұрғанда,
Орға түсіп Қызылбас,
Ақыл тауып шығады.
Қазған ордың ішіне
Топырақты сұпырдың.
3200 Көрсетпедің көзімді,
Ұстап алдың өзімді.
Атаңа нәлет Қызылбас,
Білгенің болса аяма.
Мен де саған бір күні
Жеткіземін өлімді.
Көрсетемін көріңді,
Босатса Құдай қолымды.
Сұрасаң менің жөнімді,
Қырымның ханы мен едім,
3210 Қол бастаған ер едім.
Қызылбасты қиратып,
Жесірін қойдай шулатып,
Шауып алсам деп едім.
Тұлпар орға жығылып,
Болмады қабыл тілегім.
Өлсем өліп кетейін,
Егер өліп кетпесем,
Білгенімді етермін.

Екі достым сау болса,
3220 Түбіңе ақыр жетермін.
Қызылбас ханы сөйледі:
— Қол бастаған сен болсаң,
Мойныңа қамыт ілемін.
Алты арбаны жегемін,
Алты арбаның үстіне
Толтырып қамыс үйемін.
Мықтысынған батырдың
Күшін сөйтіп көремін.
Әділ болсаң сен өзің,
3230 Жазаңды сөйтіп беремін.
Осыны айтып Қызылбас,
Қолын байлап әкелді.
Қазбен деген қалаға
Әділді айдап келеді.
Мойнына қамыт іледі,
Алты арбаны жегеді.
Алты арбаның үстіне
Бір Қызылбас мінеді.
Арбаға жеккен Әділді
3240 Шыбықтап айдап келеді.
Қарасай бұзған қалада,
Әділді жегіп жүреді.
Айдап жүрген Қызылбас
Қолына алды көк шыбық,
Әділге болды көп қызық.
Арбаға тас тиеді,
Алты арбаны ер Әділ
Өгіздей өрге сүйреді.
Керіліп тұрып тартқанда,
3250 Үзіледі арқаны.
Арқан қиып арқасын,
Жанына қатты батады.
Қасына жақын келуге,
Қызылбастар қорқады.
Бұрынғыдай Әділдің
Еркелейтін елі жоқ.
Алты арбаны сүйретіп,

Жолға түсіп жортады.
Қарасай бұзған қаланы
3260 Әділге жегіп арбаны,
Алты айда түзеп алады.
Қаланы түзеп алған соң,
Тағы да қастық ойлады.
Дұшпанға тезек тергізіп,
Қол-аяғы тұсаулы,
Қорытып күллі даланы,
Тісімен тезек тереді,
Қорлықты Әділ көреді.
Бір Қызылбас жасауыл
3270 Тергізіп тезек жүреді.
Арбаға тиеп тезегін,
Кеш болғанда келеді.
Өліп-талып келгенде,
Жанына бір азап береді.
Мұндай азап-қорлықты
Көремін деген ойда жоқ,
Басқа түссе амал жоқ.
Және бір жерге айдайды,
Бір азапты сайлайды.
3280 Табанына тас соғып,
Бекітіп мықты байлайды.
Күні-түні азапта,
Әділдің соры қайнайды.
Қимылдарға дәрмен жоқ,
Екі көзі жайнайды.
Бұ да қылған Әділге
Қызылбастың қастығы.
Қызылбастың баласы
Қозы-лақтай секіріп,
3290 Басына шығып ойнайды.
Қуалап ұстар қолы жоқ,
Жамбастап жатып жайменен,
Қолына түскен баланы
Қашырлатып шайнайды.
Қызылбаста көп екен,

«Алма» деген бір жеміс,
Тамағына Әділдің
Жарты алма береді.
Қадірін білген жақсылар
3300 Қолға түсіп қор болды.
Ардақтаған ер екен,
Еркелетіп өсірген
Шырақ ой дейді місін
Қадірін білмесе жамандар,
Жарты алмаға тоймайды,
Бір жаман ғой дейді-міс.
Күні-түні азапта,
Болып жүрді еңбегі еш.
Әділ жүрді азапта,
3310 Тыныш көрмей жазы-қыс.
Сөйтіп жүрген сорлыны
Қырым жақтан келсейші,
Ұшып жүрген қарақұс.

Қырымдағы Байбикеш ханымнан сөз есітсек. Әділ жауға кеткелі біраз айлар өтті. Жылдардан жылдар өтті. Жаудағы жалғыз Әділ келмеді. Не болғанын да біле алмады. Екі мұңлының басынан билік кетті.

Омар мен Оспанқұл дегендер малға билік етеді. Екі нашардың басына қорлық жетеді.

Келмегенсін жас Әділ,
Екі мұңлы нашардың
Қорлығы жоқ көрмеген,
Тек жаны бар өлмеген.
Қырық мың қолға бас болып,
Кеткен Әділ келмеген.
3320 Омар менен Оспанқұл
Мал мен басты билеген.
Есіктен жорға өрлеген,
Қызығы жоқ көрмеген.
Жүйрігі жоқ жүрмеген,
Жорғасы жоқ сүрмеген.
Ер Әділдің барында,

Мінбек түгіл жорғаны,
Орынсыз қатты күлмеген.
Құдіреттің ісіне
3330 Салса пенде көнбей ме?
Екі мұңды жыласып,
Төңірекке қараса,
Төбеден түспей еңіреген.
Еңіремей не қылсын,
Қызылбасқа кеткен жалғыздың
Не болғанын білмеген.
Қызы жылап тұрғанда,
Қызылбас жатқан келеатқан
Ауыр әскер қол көрді
3340 Қол бастаған ер көрді,
Келе жатқан Әділ жоқ.
Айналайын, анам-ай,
Маңдайымдағы панам-ай,
Келе жатқан әскердің
Ішінде Әділ балаң жоқ,
Мен қайтейін жыламай.
Жығылғанға ұқсайды
Алтын сарай қалаң-ай.
Жауда қалған ұқсайды,
3350 Әділ балаң жалғыз-ай.
Тапшы қылды Құдай-ай
Іні менен ағаға.
Келе жатқан қолда жоқ.
Әділ түсіп қалғасын,
Қарасай, Қази — қос батыр
Қайрылған шығар соған-ай.
Атадан батыр туғасын,
Жоқ шығар, ана, арман-ай.
Жолдастары қасында,
3360 Көп жолдасы маңында
Жанның ұлы Ахмет
Келе жатыр, анам-ай.
Алдынан шығып Ахметтің,
Білейін сұрап, анам-ай, —
Деді дағы Ілия,

Екі етегін түрінді,
Аш күзендей бүгілді.
Ахметтің алдынан
Екі мұңды жүгірді,
3370 Көзінің жасы төгілді.
Ахмет көріп, тұра алмай,
Тұрайын десе ыңқылдап,
Ахмет кетіп баратыр
Атының басын бұра алмай.
Екі мұңды жүгіріп,
Көзінің жасы төгіліп,
Алдынан шығып оралды,
Қарсы шығып оралды.
Қарсы шығып алдынан,
3380 Ағасының хабарын
Ілия келіп сұрады.
Ахмет, батыр ағамсың,
Басыма қайғы салғасын,
Хабарын айтпай ағамның,
Қайда қашып барасың?
Бірге кеткен жолдасың:
Қарасай, Қази ер қайда,
Оған ерген қол қайда?
Қол бастаған ер Әділ
3390 Жалғыз көкем бұл қайда?
Жан жолдасың бұлар жоқ,
Әскеріңмен аман-сау,
Батыр едің, аман келесің.
Келгеніңнен не пайда?
Сендердей болып көкемді,
Бір көретін күн қайда?
Келеді аман туғаның,
Ахмет батыр, айта кет,
Көкемнің қайда қалғанын?
3400 Ахмет сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Көкең аман, жылама,
Жыламай кеулің тына ма?!
Қашан аман келгенше,

Жыламасқа бола ма?
Көкең аман келеді,
Қосыласың аман-сау
Кеткен Әділ ағаңа.
Ілия, жылап мұңайма,
3410 Сиына бер Құдайға.
Қарасай, Қази жолдасы,
Жалғыз ағаң ер Әділ
Басшы болып келеді
Кейінгі әскер маңайға.
Қарасай, Қази жолдасы
Алды толып осалға,
Қызылбасты бүлдірген,
Жүректен найза ілдірген,
Аман-сау Әділ келеді.
3420 Хабарым осы білдірген.
Сонда Ілия сөйледі:
— Ахмет, жалған айтасың,
Белгілі адым байқасам,
Қиғаштай қара тауды,
Қызылбастай жауды алсаң,
Алып келген олжаң жоқ,
Неге босқа айтасың?
Жалған неге сөйлейсің,
Сөзбен көңіл демейсің?
3430 Рас болса айтқаның,
Неге озып келмейсің,
Сүйіншіге Ахмет?
Мені алып, неге сүймейсің,
Ойлап тұрмын, Ахмет,
Осы сөзің бекер, — деп.
Қайғымен көңлім өтер, — деп,
Қарындасы Ілия
Көрінгенше қолында,
Ол ана болып кетер деп.
3440 Ілия толғап, еңіреп,
Ахметке сенбеді.
Осы сөзді айтты да,
Ахмет батыр жөнелді.

Екі мұңды жылады,
Қайғыланып толғады.
Қарасай мен Қазидың
Жолын тосып тұрады.
Бір күндері болғанда,
Қосарланып зор қатар
3450 Қызылбас жақтан шығады.
Екі мұңды пақырдың
Алыстан көзі шалады.
Айналайын, анам-ай,
Көрдің бе сонау қараны-ай?
Қарасай, Қази сықылды
Келе жатыр, анам-ай.
Өздері аман келе жатыр,
Көрінбейді балаң-ай.
Өзі жалғыз болғасын,
3460 Жауға түсіп қалғаны.
Туысқан Қази інісі
Тастап кеткен білемін,
Жалғыз туған қасқаны, —
Деді дағы бейшара,
Зар жүгіріп жылады,
Көзін жасқа бұлады.
Қарасай, Қази досынан
Әділді жоқтап сұрады:
— Дос болғаның осыма-ай,
3470 Жалғыз көкем Әділді
Ертіп кетіп қасыңа.
Жауға тастап досыңды,
Өздерің аман келгесін,
Ылайық па басыңа-ай?!
Не де болса хабарын
Айта бергін жасырмай.
Қарасай сонда сөйледі:
— Жалғыз болса Әділді,
Құдай артық жаратқан.
3480 Қырық мың қолға бас болып,
Жұртты ауызына қаратты.
Әділ аман келеді,

Тәңір оңдап қуантты,
Сапары болсын оң деймін.
Жолдастарын қуантып,
Сол уақытта болғанда,
Қарасай толғап тұрғанда,
Қази тұрып ақырды,
Батыр еді батылды.
3490 Ағасына Қазидың
Қатты келді ашуы.
Ашуы қатты келгесін,
Қия алмады жақынды.
— Әй, Қарасай, не дейсің,
Жалған неге сөйлейсің?
Іздеймін деп Әділді,
Алты күндей соғысып,
Болып еді Қарасай,
Жеті жерден жаралмай,
3500 Мұнда неге өлмейсің?
Жаралы болып тұрғанда,
Сүйеп шыққан ініңді,
Сұрағанда бұларға
Неге айтпадың шыныңды?
Дұрыс айтсаң болмай ма,
Ер болғасын шыныңды?!
Жалған айтқан өлім-ді,
Әділ достым жолдасың
Жауда қалды дегенде,
3510 Жаныңды алар дедің бе?
Өтірік сөзді айтқанмен,
Бұлар нанар дедің бе?
Әділдің түсіп қалғанын,
Мені айтпас дедің бе?
Жалған сөзді айтқанмен,
Бұларды нанар дедің бе?
Әділ жауда қалулы,
Басынан бақыт таюлы.
Досымды жауға түсіріп,
3520 Осы сапар Құдайым.
Әділді жауда қалдырып,

Мені Құдай ұрулы.
Ақ үйге қара тігулі,
Ақ үйге қара тіге бер,
Әділден үміт үзе бер.
Қайғы түрін шеге бер,
Әділ мінген жорғаның,
Жал-құйрығын кесе бер.
Қайғыменен өте бер,
3530 Әділ қалды, біз келдік,
Етеріңді ете бер.
Күйгенменен көрмек жоқ,
Қазасы жетпей өлмек жоқ.
Жерге батып кірмек жоқ,
Бір Құдайдың ісіне
Басқа амал етпек жоқ.
Екі мұңды бейшара
Жер бауырлап құлады.
«Құдай, ал» деп жылады.
3540 Оныменен өлем бе,
Таусылмаса қазасы.
«Әділ тауда қалды» деп,
Екеуі жылап жатқалы
Алты күн түгел өтеді.
Қасындағы қызына:
«Жүр, шырағым, жатпа», — деп,
Шешесі тілек етеді.
Тұрды қызы түрегеліп,
— Алла ісіне көне бер,
3550 «Кімге еркелеп жатырсың,
Шырағым, тұр», — деп айналып,
Тұрғызатын ағаң жоқ.
Саған түгіл, шырағым,
Ішімнен шыққан маған жоқ.
Бір Құдайдың ісіне
Пендеге салса амал жоқ.
Ағаң түгіл теңің жоқ,
Енді бізге тыным жоқ.
Алты күн жаттық дәм татпай,
3560 Ажалдан бұрын өлім жоқ.

Ордамызға кірмек жоқ,
Ақ ісіне көнелік.
Жатқанменен келе ме
Тұр, шырағым, жүрелік.
Жылап жатқан қызының
«Тұр, шырағым», дегені,
Құлағына келеді.
Ілия қыз түрегеліп,
Шешесіне ереді.
3570 Ессіз қалған ордаға
Екі мұңды келеді.
Омар менен Оспанның
Тілегін Құдай береді.
Әділ жауда қалғасын,
Қуанып, жайнап күледі.
Екі құл билеп жүр еді,
Екі құлдың мұнысын
Екі мұңды біледі.
Басында билік болмады,
3580 Ардақтаған Ілияны
Аламын деп қорлады,
Бірін-бірі қинады.
Екеуінің бір жерге
Енді басы симады.
Көздері жаман ағарды,
Бір күндері екі құл
Ілияға таласып,
Төбелесті салады.
Бірін-бірі өлтіріп,
3590 Ілияны алмақ болады.
Күндерден күндер өтеді,
Айлардан айлар өтеді.
Пенде болған Әділдің
Ес-ақылы кетеді.
Сүйретіп арба мойнына,
Жас сорғалап көзінен.
Іздейтін туған баурынан
Жеке туған ер еді.
Алты арбасы мойнында,

3600 Күні-түні азапта,
Жыламай Әділ не етеді.
Амалы құрып Әділдің,
Пірі түсіп есіне,
Бір күні зарлап жылады:
— Тарыққанда ерлерге
Келіп жәрдем бере көр?!
Ғайып ерен қырық шілтен
Жеті пірдің ішінде
Ақ салмалы пірім бар.
3610 Шарапатты пір едің,
Пірден медет болмаса,
Кетті қуат күшім-ай!
Арба жегіп мойныма,
Тезек теріп қойныма,
Қор болдым-ау, қайтейін,
Ақ меруерт тісім-ай.
Ең болмаса пірлерім,
Берсейші аян түсіне-ай?!
Қарасай, Қази батырға
3620 Заманым менің тарылды,
Басымнан бағым арылды.
Әділ ғаріп балаңыз
Пірлер, сізге жалынды,
Жылаған досы баланың
Жеті ғайып пірінің
Құлағына келеді.
Қысылғанын Әділдің
Енді пірі біледі.
Бір қара құс болады да,
3630 Пірі ұшып жөнелді.
Қанаты күміс, мойны алтын
Мысалы болды қара құс.
Кереметті пір болсаң,
Қарақұстай болып ұш.
Бір Құданың пәрмені
Қанаты ұшып талмады.
Жерге түсіп қонбады,
Әділге ұшып келеді.

Ұшып келген қасына
3640 Қарақұсты көреді.
Көре сөйлей береді:
— Аспанменен тіркескен,
Бұлтпенен күрескен,
Әдіра қалғыр, Қаратау,
Болып тұрсын маған жау.
Бір қарақұс үстінен
Қиялап ұшып келеді.
Қасыма келіп қонсаңшы,
Тілегім қабыл болсаңшы.
3650 Осы келген қара құс,
Қасыма келіп қонсаңшы.
Төсқалтамнан еңкейіп,
Алар едім қаламды.
Тісімменен еңкейіп,
Жазар едім сәлемді.
Жас Әділ тұрып жылады,
Қарақұс емес, пір еді.
Өзі ұшып келеді,
Пірінен жәрдем болады,
3660 Кеулі нұрға толады.
Төсқалтаға еңкейіп,
Қағаз-қалам алады.
Тісімен тістеді,
Ерніменен күштеді.
Әділ байғұс амалдап,
Қырымға сәлем жазады.
Әуел бастап жазады
Бір жаратқан Алланы,
Екінші және жазады
3670 Қарындасы Ілияны
Үшінші және жазады
Ақ сүт берген ананы.
Бара жатыр жазылып
Тісімен жазған қаламы.
Қарыс бойы хат болды,
Әділдің жазған сәлемі.
Бір Құдай деп бастады.

«Қарасай, Қази жан досым,
3680 Бір іздемей Әділді,
Неғып шыдап жатырсың?
Екі достым, көп сәлем,
Тісім болды хат, қалам.
Қимылдарға шамам жоқ,
Қарасай, Қази достым-ай.
Дос болғаның осыма-ай,
Қызылбасқа тұтқын ғып,
Сауда салдың басыма-ай.
Жылағанда көл болды,
3690 Көзден аққан жасым-ай.
Қарасай, Қази достым-ай,
Сендерді «дос» деп кім айтар,
Осындайда көрініп,
Бір келмедің қасыма.
Екі достым сен едің,
Жауға түсіп қалғанда,
Алып шығар, — деп едім.
Достым жауда қалды деп,
Бір қайрылып келмедің.
3700 Келмесең де достым-ай,
Сендерден үміт үзбедім.
Үзбесем де, достым-ай,
Бір іздемей жатырсың,
Ылайық па басыңа-ай?
Қызылбастың қолында
Алты арбаны сүйреймін.
Өгіздей өрге сүйреймін.
Және дұғай көп сәлем,
Қырық сан Қырым еліме,
3710 Қаралы құрдас теңіме.
Жететұғын күн қайда
Туып-өскен жеріме,
Екі достым сау болса,
Жетер едім Қырымға
Осы күндері достым-ай.
Қызылбас ауыз бірлеулі,
Күні-түні тергеулі.

Қимылдауға әлім жоқ,
Екі қолым сермеулі.
3720 Мойныма шынжыр тағулы,
Жасауыл болып күні-түн,
Бір қызылбас бағулы.
Аяғыма түн болса,
Тағы да шынжыр тағулы.
Осындайда келмеген,
Досының жайын білмеген,
Екі достым, сендерге
Менің көңлім қалулы.
Қызылбастың қолында
3730 Әділ азап шегелі,
Жарты жасым кемелі.
Қамыт іліп мойныма,
Алты арбаны жегеді.
Азап беріп қызылбас,
Ішімді оттай жандырды.
Қарасай бұзған қаланы
Маған жегіп арбаны,
Зорлап маған салдырды.
Қаланы салып болғасын,
3740 Тісіммен тезек тергізіп,
Тірі азап көргізді.
Шыбықтап айдатып,
Бір Қызылбас мінгізді,
Далада күнде жүргізді.
Тісіммен тезек теремін,
Алты арбаны сүйретіп,
Күн батқасын келемін.
Ал кеште жарым алма береді,
Басыма Құдай салғасын,
3750 Амалым жоқ, көнемін.
Оныменен тұрмайды,
Алып барып бір жерге,
Тасқа мықтап байлайды.
Таң атқанша Әділдің
Соры сөйтіп қайнайды.
Қызылбастың баласы

Қуалап ұстар дәрмен жоқ,
Екі көзім жайнайды.
3760 Қолыма түскен баласын
Қашырлатып шайнаймын.
Осы сәлем барғасын,
«Бір іздер» деп ойлаймын.
Қарасай, Қази жолдасым,
Сендер едің сырласым.
Досым десең Әділді,
Бұл азапқа қоймассың.
Осы сәлем барғасын,
«Тірі екен» деп ойлайсың.
3770 Ақтам ханнан бата алып,
Қырымнан әскер жинарсың.
Екі достым сау болса,
Достығың шын болса,
Әскер алып Қырымнан
Қызылбасқа аттандың,
Мені даудан құтқардың.
Қарасай, Қази достым-ай,
Сол уақытта мақтаның.
Қырымнан әскер шықпаса,
3780 Өздерің атты баптарсың.
Екі тұлпар ат алсын,
Азығына мол алсын.
Жібектен тігіп қын алсын,
Тұлпарға болдым жем алсын.
Мен сорлыда туған жоқ,
Екі достым болмаса,
Мені жоқтап кім алсын.
Қызылбастан ұстап тіл алсын,
Аттай алмай тұр балаң-ай.
3790 Аман болсаң көрерсің,
Сабыр ет, анам, жыламай.
Кеш болғасын ер Әділ,
Алты арбасын сүйретіп
Қаласына барады.
Айдап жүрген Қызылбас
«Осындай көрсе, көрдім», — деп,

Ханға хабар салады,
Хат кетті деп еліне.
Өлтіруге Әділді
3800 Ханы бұйрық береді.
Атса мылтық өтпейді,
Суға салса батпайды.
Пірі себеп болғасын,
Бәрінен Құдай сақтады.
Өлтірейін десе де,
Қызылбас амал таппады.
Енді тапқан амалы,
Амалының жаманы,
Жеті қабат зынданға
3810 Шықпастай етіп тастады.
Қарақұс ұшып жөнелді,
Бұл құстың тегін байқасаң,
Қарақұс емес, пірі еді.
Қырым деген қалаға
Қарақұс ұшып келеді.
Екі мұңды бейшара
Отырған жылап күледі.
Жыламай неғып жатады,
Көреді зәбір жапаны.
3820 Жалғызының қайғысы
Және де мықты батады.
Бір уақыттар болғанда,
Таң сарғайып атады.
Екі мұңды егіліп,
Көзінің жасы төгіліп,
Отыр еді түңіліп,
Бір қарақұс аспаннан
Әділдің берген қағазын
Анасының алдына
3830 Тастап ұшып барады.
Әділдің берген қағазын
Ашып оқып қарады.
Ханым оқып қараса,
Өзінің жалғыз баласы
Әділдің жазғаны.

Екі мұңды қуанып,
Жүректері жарылып,
Жылағанын қояды.
Жауда қалған Әділдің
3840 Көргендей жүзін болады.
Қайта жанды мұңдының
Өшіп қалған шырағы.
Хатты оқып көрген соң,
Жауға түскен Әділдің
Сау екенін білген соң,
Қарасай, Қази достына
Хатын алып Әділдің,
Ауылына қарап шығады.
Қарасай, Қази ер еді,
3850 Артық туған шер еді.
Жауда қалған достының
Өлі-тірісін біле алмай,
Қапа болып жүр еді.
Екі мұңды біледі.
Досының жазған қағазын
Қарасайға береді.
Әділдің жазған қағазын
Ашып оқып көреді.
3860 Жауға түскен Әділдің
Тірі екенін біледі.
Сонда Қази сөйледі:
— Бүгін өлсем арманым
Бір шыбындай жанымды,
Досыма құрбан қыламын.
Достым үшін өмірді
Сарп етуге тұрамын.
Ғаріптер енді жүре бер,
Қызық дәурен сүре бер,
3870 Ордаға барып кіре бер.
Құдай тілек бергесін,
Өлсем өліп кетермін,
Досым үшін өтермін.
Егер өліп кетпесем,
Баланды алып жетермін.

Әділ тұрмас азапта,
Қызылбасқа жүрелік.
Қарасай аға, мін атқа,
Көңіліңді хош қылып.
3880 Қайта бер, ханым, ел жаққа,
Қасыңдағы қызыңды
Қайғы беріп жылатпа.
Қызылбастың еліне,
Әділдің жатқан жеріне
Екеуі атқа мінеді.
Хан жатқанға келеді,
Іздеңіз деп Әділді.
Ханнан әскер сұрады,
Қызылбасқа баруға.
3890 Қырымға әмір етеді,
Хан әмірі болмады.
Бұрынғы барған Қырымдар
Қырылам деп бармады.
Досынан хабар келгесін,
Қарасай, Қази тұрмады.
Қаратау деген биік тау,
Қызылбас мықты жау,
Қызылбасқа екеуі
3900 Біздерден күдер үзеді.
«Қызылбаста өлгенше,
Өзің бізді қыр», — деді.
Сонда Қази сөйледі,
Ашуы келіп долданды,
Шымырқанып шамданды.
Орақтың туын қолға алып,
Қырымнан көмек сұрады.
Сонда Қази толғанды:
— Әу, Қырымдар, оңбаған,
3910 Неге тудың құрмағыр.
Көп жаманға жалынып,
Не қылып тұрсың құрмағыр.
Туғаның сенің осы ма?
Кетейін өзім досыма.
Неге бардың қасына,

Жалынғанша жаманға,
Келе ме сенің қасыңа,
Болады бейнет басыңа.
Жалғыз аяқ тар жолға,
3920 Қамағанда Қызылбас
Көргенің жоқ па осыны.
Жалынғанша жаманға,
Тұлпар атты тағала.
Мұзға тиіп таймастан,
Жолға тиіп сынбастан,
Болаттан таға тағала.
Ағайынды екеуміз,
Қырымнан көмек сұрама.
Қызылбасқа баралы,
3930 Барып сойқан салалы.
Сапарды Құдай оңдаса,
Атам Орақ бар болса,
Шығарып жаудан алалы.
Осы сапар алармыз,
Дербент деген қаланы.
Қызылбасты қиратып,
Бағындырып барамын.
Атамның бітер арманы, —
Осылай деп ер Қази,
3940 Қарасайға толғады.
Қарасай мұны тыңдады,
Қырымнан әскер алмады,
Жаманға бұйым салмады.
Қарасай, Қази екеуі
Еліне қайтып барады.
Наданнан көмек сұрамай,
Тұлпар атты бағады,
Аттың күйін табады.
Сонан күнге күйместен,
3950 Мақпалдан жабу жабады.
Табанын тас қағар деп,
Полаттан таға қағады.
Ат жарағын сай етіп,
Қызылбасқа жүреді,

Күн дәуіріне жетеді.
Қиғаштың биік тауына,
Қызылбастай жауына,
Жүруге талап етеді.
Қызылбасқа барарға
3960 Қырым жұрты қорықты.
Қырымнан көңіл тарықты.
Қызылбас жүз еді,
Екі батыр жорықты.
Бара жатыр екеуі,
Ханымға келіп жолықты.
Байбикеш ханым, қайдасың,
Семіртіп қой байлайсың.
Тарыққанда көрмесе,
Құдай дескен досының
3970 Көрсет қашан пайдасын.
Досын іздеп барады
Жауға таяп найзасын.
Қандасы, қарындасы Ілия қыз,
Гүлдей болып жайнасын.
Қызыл гүлдің ішінде,
Бұлбұл болып сайрасын.
Жиырма күннен қалдырмай,
Әкелейін ағасын.
Қуандырам анасын,
3980 Сол уақытта анасы
Сүйінші сұрап келгенде,
Беретұғын нәрсесін
Осы бастан сайласын.
Арғымақ аттың аяғын
Жібекпенен тұсатар.
Әділ достын шығарып,
Жаудан қолын босатар.
Екі досты аттанып,
Әділді іздеп баратыр.
3990 Қолыңды жайып бата бер,
Дуасы қабыл мүсәпір.
Әділдің жатқан жеріне,
Қызылбастың еліне

Сапар етіп баруға,
Тұтқындағы Әділді,
Шығарып жаудан алуға.
Достының естіп хабарын,
Тына ма көңлі бір бармай.
Жиырма күннен қалдырмай,
4000 Әділді алып келермін,
Бүгіннен бастап санай бер,
Сөзімнің болмас жалғаны.
Жиырма күннен қалдырсам,
Атамның ұлы болмайын.
Әділ досын ала алмай,
Досының өліп қалғаны.
Досымды жаудан шығарып,
Қызылбасты қиратып,
Бағындырып аламын.
4010 «Көңілді болып барың, — деп, —
Әділді жаудан алың» — деп,
Тілектес болып қалады.
Өзінің қайтқан жолынан,
Белгілеп кеткен жерімен
Қарасай кетіп барады.
Екі батыр жөнелді,
Күні-түні тынбастан.
Қатты жүріп келеді,
Бірде шауып желеді,
4020 Тау қарасын көреді.
Екі тұлпар жануар
Бауырынан жортады.
Сылап-сипап батырлар
Жал құйрығын тарады.
Таң сарғайып атқанда,
Жалғыз аяқ жолымен,
Өзінің көрген жерімен
Қаратаудан құлады.
Күн қызарып шыққанда,
4030 Тас өткелге барады.
Мұнан өтіп шығады,
Сәске уақыт болғанда,

Сонда келіп тұрады.
Өзі тапқан қалаға
Қаланы көріп қараса,
Жанды көріп қараса,
Қызылбас ақыл тауыпты,
Қаланы мықты жауыпты.
Екі жерден ашылған
4040 Дарбазасын салыпты.
«Қарасай, Қази келер, — деп,
Қаланы шауып кетер» — деп,
Болған екен қауіпті.
Қас қарайып, күн батсын,
Қаласына жау жатсын,
Қаланы түнде шабалық,
«Орақ» деп ұран салалық.
Тастап қашар қаланы,
Қаласынан шығарып,
4050 Қызылбасты қыралық.
Сонда Қази сөйледі:
— Әу, Қарасай ағамыз,
Өзіңіз көрген қалаңыз,
Алдымыздан шыққан соң,
Шыдап қалай тұрамыз?
Қарасай аға, білмеймін,
Өнемейін түн дейсің.
Батыр болсаң, Қареке,
Күндіз неге тимейсің?
4060 Бұл айтқаның жөн емес,
Қорқыныш салма, уайым.
Қорықсаң өзің қайта бер,
Осы жерден еліңе-ай.
Қиын да болса қоя бер аға өзімді,
Жасырынып жау алсаң,
Ұяламын мен, аға.
Шыдамады, сөзіне,
Айтқан тілді алмады,
Сөзіне құлақ салмады.
4070 «Кіремін, — деді, — қалаға»,
Қарасайдай кем бе еді,

Қорқып тұрар ер ме еді.
Інісінен қалыспай,
Талма тал түс болғанда,
Екеуі шапты қаланы.
Қаланың ішін қандатып,
Екеуі салды атойды-ай.
Екі жерден екеуі
«Орақ» деп ұран салады.
4080 Қызыл, жасыл екі ту,
Көтеріп жауға шабады.
Қызылбастың басына
Ақыр заман салады.
Көп те болса Қызылбас,
Тайды жолдан табаны.
Құрыды енді заманы,
Екі жерден екеуі
Аралады қаланы.
Қызылбасты шулатып,
4090 Қаладан айдап шығады,
Қала іші сыртын-ай.
Әділ достын қарады,
Іздеп досын таба алмай.
Амалы құрып тұрады,
Бұл қаладан таба алмай.
Соған қарай шабады.
Бұдан бұрын Қызылбас
Дербент деген қалаға
4100 Қашып барып қамалды.
Алдырмауға Қызылбас
Қылып жатыр амалды.
Сонда тұрып ер Қази
Қарасайға толғады:
— Қареке, менің ойым бар,
Істейтін деген ісім бар.
Осы жерден таусылсаң,
Онда менің сорым бар.
Саған ойды айтайын,
4110 Таққа мінген хан болса,
Мырза болсын, би болсын

Алдап ұстап алалық.
«Тауып бер, — деп, — Әділді,
Өлтірем», — деп сұралық.
Қорыққаннан Қызылбас,
Шынын айтар, жасырмас, —
Деді дағы екеуі,
Қызылбасты шабады.
Бір төре мен мырзасын
4120 Табандап ұстап алады.
«Өлтіремін», — деп қорқытып,
— Әділ қайда жатыр? — деп,
Қызылбастан сұрады.
Сұраса да айтпады,
Өлтірсең де, тілін тартпады.
Дініне мықты ер екен,
Айтқанынан қайтпады.
Айтпағасын Қызылбас,
Қаланың ішін торлады.
4130 «Енді қайдан табам?» — деп,
Қарасай еңіреп жылады.
Бір Жаратқан Құдайым,
Бір өзіңе жыламай,
Іздеп келген досымды
Таба алмадым қаладан.

Қарасай Әділді іздеп таба алмай тұрғанда, өзінің анасы пір болып, ұшып келіп, Әділдің жатқан жерін көрсетеді.

Жеті қабат зынданға
Қарасай, Қази келеді.
Тауып алып досын-ай,
Дауыстап сәлем береді.
4140 Бекітіп қойған есігін,
Есігінде бар екен,
Бір кішкене тесігі,
Сол тесіктен келеді.
Әділ досын шақырып,
Жолбарыстай ақырып,
Ақырған даусы Әділдің

Құлағына барады.
Даусын танып Қазидың,
Көтеріп басын алады.
4150 Сонда Қази толғады,
Әділ досым, аман-сау
Жатырмысың түбінде?
Досың іздеп келгенде,
Әлің қалай бұл күнде?
Екі достың келіп тұр,
Жатырсың, достым, не қылып?
Келіп едік аттанып,
Қаланы бұзып қиратып.
Келіп тұрмын жол салып.
4160 Әділ сонда сөйледі:
— Жеті қабат зынданнан
Шығарып мені алмасаң,
Тарқамайды құмарым.
Мені амалдап шығарсаң,
Екі қолым байлаулы.
Қимылдауға әлім жоқ,
Екі көзім байлаулы.
Арқан салып қарасаң,
Тісіммен ептеп көрейін.
4170 Мұны есітіп екеуі,
Қуанысып қалады,
Жалғап арқан салады.
Досының салған арқанын
Тісімен ептеп көреді.
Екі досы амалдап,
Сау-саламат алады.
Шынжырларын жазады,
Құрсауларын алады.
Құлып бұза алмай қалады.
4180 Бұзайын десе Әділдің,
Екі қолы сынады.
Қарасай, Қази екеуі,
Амалын таппай тұрады.
Сол уақытта ер Әділ:
«Байлаулы тұрған қолымды,

Бұны қалай шешейін?
Ақ салмалы пірім-ай,
Көп өткелден қолымды
Шығаруға болдың тар».
4190 Пірі келді қасына,
Қонайын деп бақыт тұр
Үш батырдың басына.
Тілегі қабыл болады,
Пірлері жәрдем береді.
Қырық жолбарыс қуатты,
Ер Әділге ереді.
Мұны біліп ер Әділ,
Я пірім деп бұл күнде,
Полаттан салған көп өткел
4200 Жібектей болып үзілді,
Талабы анық түзелді.
Алыстан келген достымен,
Құшақтасып көрісті.
Әділ мінген Қызыл ат
Хан жанында тұр еді.
Қызыл атты сарайдан,
Қази алып келеді.
Әділ досын мінгізіп,
Артық туған ер Әділ
4210 Қаруларын ілдіріп,
Дербент деген қалаға
Досын бастап жүреді.
Үш арыстан келеді,
Келіп бүлік салады.
Бір күн, бір түн атысып,
Қызылбасты қырады.
Қорғасын ханды өлтіріп,
Бағындырып алады.
Тоғыз күні өткенде,
4220 Қайтып кетіп барады.
Ер Әділдің анасы
Ілияға сөз айтып:
— Айналайын, қызым-ай,
Туған еркін қозым-ай.

Шырағым, сені берейін,
«Сүйінші» деп келгенде.
Жиырма күнге толады,
Екі мұңды біледі,
Төбеден түсіп тұрады.
4230 Қарап тұрса ғаріптер,
Бір қараны көреді.
Бірде болса зор қара,
Қатты жүріп келеді.
Қарасай батыр екенін,
Екі мұңды біледі.
Көзді ашып жұмғанша,
Қызыл атты Қарасай
Салып жетіп келеді,
Келе сөйлей береді:
4240 —Әділді алып келеміз,
Сүйінші бер, — деп толғады.
Байбикеш ханым толғады:
—Әділді алып қайтқанға,
Сүйіншіге мен бердім
Жалғыз қызым Ілияны.
«Әділ қашан келер» деп,
Жолын тосып жүр еді.
Әділ жетіп келеді,
Ақ сүт берген ананың
4250 Қайғысы бастан кетеді.
Қос жетімнің бір Құдай
Тілегін әбден береді.
Таққа мініп ер Әділ,
Хандық дәурен сүреді.
Ел-халқын жинап,
Қарындасы Ілияны
Қарасайға береді.
Омар менен Оспанқұл
Таянып бұл келеді.
4260 Қызылбастың қолына
Әділ түсіп қалғанда,
Жамандық қылған құл еді.
Жазасы оның көп еді.

Жататын жері бұлардың,
Жеті қабат зындан түбі еді.
Омар менен Оспанның,
Сол секілді дұшпанның
Күнәсін кешті деп еді.
Қырымды сұрап жас Әділ,
Мұратына жетеді.
Атасының тапсырған
Үш арманын бітіріп,
Орақ батыр ұлдары —
Қарасай, Қази екеуі
4275 «Уh» деп демін алады.

Орақ — Мамай

(Орынбасар Оңғарбайұлы нұсқасы)

Орақ өлген соң, Мамай жалғыз қалған екен. Мамай сол кезде он жаста екен. Темірхан деген қалмақ қасында жауы бар екен. Орақтың өлгенін есітіп, Мамайға Ханбике деген басшысын шақырып алып, Мамайға жұмсап тұрған жері екен дейді:

— Ау, Ханбике, Ханбике,
Ақылдасым, мұңдасым,
Аттансам жауға жолдасым.
Бес атаңды өлтірген,
Жанына қаза келтірген,
Құдайы айдап келген-ді.
Алжыған қақбас хан Мамайды,
Қашса бір қуып жеткендей,
Қуса бір қашып кеткендей.
Бір жүйрікке мін деді-ай,
Қырық жігіт ал деді-ай.
Үш жылға түскен отаудан
Үш жыл есеп берсін деп,
Штатыма көнсін деп.
Үш жылға түскен отауды
Үш жыл кесіп бермесе,
Штатыма көнбесе,
Жер ортасы Қиғаш тау
Ұрысқа-ай Мамай келсін деп.
Ей, бармайтын заман жоқ,
Хан айтқан соң амал жоқ
Ханбикедей батырың
Бір бедеуге мінеді.

Қырық жігіт алады-ай,
Белең-белең желеді.
Ей, түн ұйқысын бөледі-ай,
Жер ортасы Қиғаш тау
Бұған таман келеді.
Еңіреген хан Мамай
30 Бұл қалмақтың шыққанын,
Үйде бір жатып біледі-ай.
Әй, ертеңде тұрып алады-ай,
Бозмойнаққа мінеді.
Ер қаруы бес қару
Мойнына іледі.
Алтыннан берен ақ алмас
Ер басына іледі.
Қарүлектей анасы-ай,
Бұған да жетіп келеді-ай.
40 Ей, айналайын, анамыз,
Емшек берген мамамыз,
Қалмақтан келіп тұр,
Ат ізін бізге салып тұр.
Қандай бір заман күн болар-ау,
Ақыл айтшы, жан анам-ау.
Қарүлек сонда толғайды-ау,
Ей, толғаудың басын қозғайды.
— Кешегі Орақ барында,
Ноғайлы елі зар болды-ау.
50 Орақ өліп кеткен соң,
Ноғайлы елі Қызылбасқа қор болды-ау.
Ау, белеңде; ау, белең желерсің,
Түн ұйқыңды бөлерсің.
Ай, ажалың жетсе-ау, қарағым,
Үйде бір болса-ай өлерсің.
Белең-белең жел, — деді,
Түн ұйқыңды бөл, — деді.
Олай да бұлай сен болсаң,
Артыңнан хабар алармын.
60 Қарасай мен Қазиды
Артыңнан, ой, баулап салармын.
Әй, еңіреген, ау, хан Мамай,

Белең-белең желеді-ай.
Жер ортасы Қиғаш тау
Бұған таман келеді.
Әй, қырық кесір қалмаққа,
Қарсы-ау жетіп келеді.
Бұл Мамайды көрген соң,
Алдынан келіп-ай Ханбике,
Бұған да сөйлей береді-ай.
Әй, Ассалаумағалейкум,
Алжыған қақбас хан Мамай,
Темірхан бізді жіберді-ай.
Үш жылға түскен отаудан
Үш жыл есеп бересің,
Штатына көнесің.
Үш жылға түскен отаудан
Үш жыл есеп бермесең,
Штатына көнбесең,
Қорлықты-ай Мамай көрерсің.
Ей, ашуға мінді-ай хан Мамай,
Қырық кесір қалмақпен
Сол жерде салды-ай ұрысты-ай.
Қырық жігіт қалмақтың
Қырқын бірдей өлтіріп,
Ханбикедей басшысын
Тірідей ұстап алады-ай.
Құлағын кесіп құнтитып,
Мұрынын кесті шұнтитып,
Сәлем айтып жіберді-ай,
Қиғаш таудың басына
Жеті бір күнде келсін, — деп.
Темірхан сонда ашуланды-ау,
Сегіз мың әскер жинап қасына алды.
Айдаһардай ысқырып,
Аламанын өргізіп.
Аламанын сумен жүргізіп,
Бұтбрашқа сиынып.
Лалауған, ой, көп қалмақ
Кем бір жатқан су секілді-ай.

Ал бұл Ханбике кеткен соң, ер Мамайдың ұйқысы келді. Бұл жатса жеті күнге дейін тұрмайтынын бұл қалмақ біліп, тезірек жетейін деп, Қиғаш таудың басына келіп, алыстан бір қараны көріп, Темірхан Ханбикені жұмсап тұрған жері екен, — дейді.

— Ей, ал, Ханбике, Ханбике,
Бері таман кел, — деді-ау.
Мен бір жауап айтайын,
Бұл сөзімді біл, — деді-ай.
Қиғаш таудың басында-ай,
Бір қараны көріп тұр,
Әскер қолын бөліп тұр.
Қашса бір қуып жеткендей,
Қуса қашып кеткендей-ай.
110 Бір жүйрікке мін, — деді-ай,
Байқап бір соны кел, — деді-ай.
Әй, Ханбикедей мысығың
Белең-белең желеді,
Түн ұйқысын бөледі.
Әй, Қиғаш таудың басында,
Ұйықтап жатқан Мамайды,
Жақындауға қорқып,
Алыстан болжап көреді.
Жатқан жерін сұрасаң,
120 Орал-ай төбе, он төбе
Күн төбенің басы екен.
Көлденең жатқан көк орай,
Көк орайдың қасы екен.
Астына мінген Бозмойнақ
Арқасымен аунатып,
Құйрығымен қунатып,
Арқандап қойған секілді-ай.
Ай, ер қаруы — бес қару
Жастанып жатқан секілді-ай.
130 Алтыннан берен ақ алмас
Қапталына басыпты-ай,
Арқандауға қорқып-ай.
Өтірікке қолайлап,
Ханбике кейін қайтыпты-ай.

Ханбике келіп сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Ассалаумағалейкум,
Темірхандай ханымыз,
Мың кісілік айбатың,
140 Жүз кісілік қайратың,
Кешегі айтқан қараға-ай.
Белең-белең желгенмін,
Түн ұйқымды бөлгенмін.
Жақындауға қорқып,
Алыстан-ай болжап келгенмін.
Бурыл ханнан бу көрдім,
Үстінен ұшқан ақ сарыбас қу көрдім.
Едігенің аруағы
Қорғап жүрген пір көрдім.
150 «Өзіңді ғой барып көр», — деді-ай,
Ей, Темірхандай ханыңыз.
Бұл да бір асқан ер еді,
Ерлігінің белгісі-ай,
Сегіз мыңдай әскерден-ай
Жалғыз-ай шығып жөнелді-ай.
Астындағы қара аттың
Жал құйрығын шақ түйіп,
Қоңыраулы найза қолға алып,
Алдына дабыл өңгеріп,
160 Артына сауыт бөктеріп,
Нар бурадай ырылдап,
Келе жатқан секілді-ай.
Ұйықтап жатқан Мамайға
Үш шақырым келгенде,
Астындағы қара аты-ай
Кейін қарай шегінді.
Енді-ай батыр ұрады,
Тұмсығымен жер тіреп,
Астындағы тұлпары
170 Ет бетінен құлады-ай.
Әй аттан бір түсіп қалады-ау,
«Жығылар ма екен туым», — деп,
Әй, Темірхандай ханыңыз,

Алтыннан берен ақ алмас
Суырып алып-ай қынаптан,
Жүгіріп келіп, Мамайдың қасына,
Тізеліктен шабады-ай.
Кесіліп аяқ қалсын, — деп,
Тасқа тиген немене
180 Ортасынан үзіліп,
Ақ алмас-ау, мынау қалады.
Кейін қайта жүгірді,
Ер басында айбалта
Мұны қолға алады.
Ашуланып, долданып,
Ұйықтап жатқан Мамайды
Қалай өлмес екен, — деп-ай,
Маңдайлықтан-ау, шабады-ай.
Құмырасы үзіліп,
190 Тасқа тиген немедей,
Сабы да тиіп қалады-ай.
Әй, жығылар ма екен туым, — деп,
Кем болған екен суы, — деп.
Кейін қарай жүгіріп,
Қанжығадай ақсүңгі
Мұны бір сүңгіп алады.
Әй, ұйықтап жатқан Мамайды
Қалай да өлмес екен, — деп.
Жүгіріп келіп шіреніп,
200 Жүректіктен салады.
Қолындағы ақ найза
Қармақтай болып қалады-ау.
Әй, бір үш қаруды сындырып,
Енді батырдың көңілі тынады-ай.
Белең-белең желдің бе,
Атаңа нәлет Ханбике
Жастан жетім қалған неме-еді.
Бір бәлені көрді ме,
Кейін қайтып барайын,
210 Содан да ақыл сұрайын.
Темірхандай ханыңыз
Кейін қайта желеді.

Көп әскерге келеді-ай,
Келіп сөйлей береді:
— Әй, Ханбике-ау, Ханбике,
Ақылдасым, мұңдасым,
Ақтан сөйле жолдасым.
Қаланы бұзып ханды алдым,
Ортадан шауып олжа алдым.
Белең-белең желгенмін,
Әй, ноғайлының бір шалын
Ұйықтап жатқан жерінде-ау,
Өлтіре алмай келгенім-ай.
Ақыл бір тауып бер, — деді-ай,
Әй, сонда Ханбике сөйлейді-ау:
— Темірхандай ханымыз,
Сөзге құлақ салыңыз.
Арғы атасы Мамайдың
Сұрасаң бара батыпты Шашты Әзіз.
Бергі атасы — Едіге
Кереметті ер еді-ай,
Бурылқанған бура еді.
Үстінен қорғап жүргенде,
Ақ сары бас қу еді.
Ұйықтап жатқан Мамайды
Суретін көрсетіп,
Қолындағы қаруды
Тасқа ұрғызып жіберді-ай.
Әй, ұйықтап жатқан жерінде
Ат-манатты көтеріп,
Қамап оны алайық.
Жапыра келіп салады-ай,
Ұйықтап жатқан Мамайды-ай,
Енді-ай қамап алады.
Нан піседі деміне,
Еңіреген Мамайдың
Кім келеді шеніне.
Арқандап қойған Бозмойнақ
Ұрлап мұны алады-ай.
«Қарусыз Мамай қалсын» деп,
Жастанып жатқан жерінде

Бес қаруын алады-ай.
Жамбасына басқан ақ алмас
Алайын деп жатқанда,
Еңіреген хан Мамай
Көтеріп басын алады-ай.
Қамап бір тұрған қалмақты
Өз көзімен көреді.
«Құдай сақал кесті» деп,
260 Мамай жылай береді.
Мамай жаяу ұрысты
Күндіз-түні екі күн.
Екі күн жатып ұрысты,
Екі мықын құлатты-ай.
Қолындағы ақ алмас
Бәлендіктен үзілді-ай.
Қиғаш таудың басына
Жүгіріп қашып жөнелді-ай.
Жұдырығымен тас ойып,
270 Мамай салды ұрысты-ай.
Жеті күн таспен ұрысып,
Төрт мыңдайын құлатты-ай.
Әй, бір күндері болғанда,
Сегіз күнге толғанда,
Жорғадан басқа мінбеген,
Қамқадан басқа кимеген,
Сол самаурын қызыл шай,
Қымыздан басқа ішпеген,
Маңдайынан күн қағып,
280 Мамай бір сонда құлады-ай,
Ұзынынан сұлады-ай.
Жапырып келіп көп қалмақ,
Мамайды қамап алады-ау.
Атса бір мылтық өтпеді-ай,
Шапса бір қылыш кеспейді-ай,
Салса найза кірмеді-ай.
Оу, Темір бір торды жабады-ау,
Қырық мәуісті күймемен.
Басын тартып айламен,
290 Зынданға апарып жөнелді-ай.

Әне, бұл зынданға түсіп қала берді. Әйелі Қарашаш Мамайдың түнде жатып, түс көріп, ертең Қарүлек енесіне жорытып отырған сөзі екен дейді.

— Ей, көтер бір, ене, басыңды-ай,
Түнде бір бүгін түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім.
Кешегі кеткен жалғыздың
Астындағы Бозмойнақ
Ер-жүгенсіз бос көрдім.
Қолындағы ақ алмас
Үзіліңкі көрінді-ай.
Екі көзін қарасам,
Жұмылыңқы көрінді-ай.
Жауырыным толы қарашаш
Жайылыңқы көрінді-ай.
Бедерленген бес бармақ,
Білектен-ай шыққан қос бармақ
Қара қанға малыныңқы көрінді.
Қарүлек сонда сөйледі,
Сөйлегенде не дейді:
— Астына мінген Бозмойнақ
Ер-жүгенсіз бос көрсең,
Ұйықтап Мамай қалған-ды,
Әй, ұрлап бір қалмақ алған-ды.
Қолындағы ақ алмас үзіліңкі көрінсе,
Жаяу салып ұрысып,
Жан ортаға келгенде,
Қолындағы ақ алмас
Балдағынан үзіліп,
Арманда болып Мамай қалған-ды.
Екі көзін қарасаң,
Жұмылыңқы көрінсе,
Ер ұйқысы келген-ді,
Ұйықтап бір Мамай қалғанды-ау.
Ақыр түбін қарасаң,
Артынан барар көмек жоқ.
Басын тартып айламен
Апарып зынданға қалмақ салғанды-ай.

Бұл дүниенің жүзінде
Күдер үзіп жатқанды-ай.
Жауырының толы қарашаш
Жайылыңқы көрінсе,
330 Ертең тұрып қой өрер,
Қой жайылып бұл кетер,
Бұда-ау саған көрінсе.
Білектен шыққан қос бармақ
Қара қанға малыңқы көрінсе,
Ертеңде-ау ойран боларсың,
Бұда-ау саған көрінсе-ай.

Әй, бұл сөзді айтып, ноғайлының көп батырына барып хабар беруге, жақын жерде батыр болмады. Орақтан қалған Қарасай, Қази екеуі асық ойнап жүр еді. Қарасай мен Қазидың қасына келіп, Қарүлектің айтып тұрған сөзі екен дейді.

— Ей, Қарасай-ау, Қази, сен, — деді-ау,
Әй, Орақты тапқан мен, — деді-ау.
Жасыққа жауғыр қанбағыр,
340 Тудыңдар қайдан оңбағыр.
Әй, атаңды қалмақ алған-ды,
Зынданға байлап салған-ды.
Артынан неге бармадың,
Ат құйрығын салмадың.
Сол уақыт болғанда,
Қарасай келді жүгіріп:
— Айналайын, мәмеке,
Айтқан сөзің шын болса,
Астыма мінер атым жоқ,
350 Үстіме киер киім жоқ,
Қолыма алар қару жоқ.
Жер ортасы қиын ғой,
Жаяу қайдан жетермін.
Айтқанда-ай сөзің шын болса,
Жаяу да болса кетермін.
Сол атамның жолында-ай
Қапалықпен өтермін-ай.
Ей, сонда-ау кемпір сөйлейді:

— Киім бір деген бұйым ба,
Тұлпар деген қиын ба?
Бадана көзді ақ тұлпар
Саған арнап соқтырып,
Қырық мәуісті күймеде
Бақтырып мұны қойғанмын.
Тоқсан бір көзді торғауыт
Әй, ат алдырып қойдым-ау кілемге.
Саған арнап, қарағым,
Орақтан қалған ақ алмас,
Сермегенде жан қалмас,
Саған арнап, қарағым,
Ілдіріп қойдым жоғары.
Тұлпарды-ау мінерсің,
Беліңе қару ілерсің,
Не салғанын Алланың
Маңдайыңнан-ай көрерсің.

Әй, сол уақытта Қарасай бала атты алдырып келді. Ер қаруы бес қаруды алды. Әкесінен қалған ақ алмас әлі де тот баспаған екен дейді. Алтыннан бу берген, сермесе бұдан жан қалмай, айдаһардың тіліндей кесе салар білінбей. Қалмақтың есі кеткен, өзіне қарата Мамайдың ізімен келе жатыр еді. «Қиғаш таудың басында ізінен қуғыншы келе ме» — деп, зынданды айналып баяғы Ханбике қарауыл қарап жүр екен. Темірхан айтқан екен: «Науада келе қойса, маған хабар етерсің», — деді.

— Ей, Қарасайдай жас бала-ай,
Кейде шауып желеді,
Құбылып ойнап келеді-ай.
Қиғаш таудың басында
Бір қараны көреді-ай.
Ел шетінде көлбеңдеп,
Көп шетінде селбеңдеп,
Қарсы қарап тұрғанын
Алыстан болжап келді-ау,
Әй, салып бір жетіп келеді.
Ханбике тұрып, сонда сөйлейді-ау,
Сөйлегенде бүй дейді-ау:

— Мен де, мен де, мен едім,
Әй, мен Ханбике деген ер едім.
390 Аты жөнің білдірші,
Қайдан шыққан неме едің?
Сонда Қарасай сөйлейді:
— Айдын бір айдын ай торы,
Ай балтасы қан торы,
Мен Орақтың баласы-ай.
Менің атым Қарасай,
Қысқа күнде жауға қырық шапқан-ай,
Көкеме кімнің шарасы-ай.
Белең де белең желемін,
400 Кешегі кеткен Мамайдан
Хабар ала келемін-ай.
Ханбике сонда сөйлейді:
— Ноғай, қалмақ болдың қас,
Кеудем темір, басым тас.
Екі орта шалдырмас,
Айналайын, бала сен,
Қаулап оттай жанасың.
Меніменен ұрысып,
Құдайыңа барасың-ау.
410 Сонда бала сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Ау, қалмағым, қалмағым,
Бақтан да оңай алмағым.
Салмақтасып қарасаң,
Баспай ма екен салмағым.
Сақалыңның ағы бар,
Әй, ағалығың тағы бар,
Кезегіңді-ау ал дейді-ау.
Ханбикедей мышығың
420 Бұл баланы көрген соң,
Кезегін енді ала алмай,
«Әлде қандай болам» деп,
Ханбике тұрып сөйлейді-ау,
Сөйлегенде бүй дейді-ау:
— Әй, Қарасай, Қарасай,
Сен Орақтың баласы-ай.

Әй, шыбындай жаным бар,
Бір қасықтай қанымды-ай
Сенен бір-ай сауға тілеймін.
430 Әкеңді-ай тауып берейін,
Сауға берсең жанымды,
Еліме аман жетейін.
Қарасай сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді-ай:
— Әкемді-ау тауып сен берсең,
Бір шыбындай жаныңды
Ау, саған бір сауға берейін.
Екінші жауға барғанда,
Саған жамандық қылмай,
440 Тимей кетейін.
Осыны айтып сол жерде,
Ханбикедей мышығың
Алдына жетіп келді.
Алпыс құлаш зынданға
Қиядан көзін салады.
Тірі екенін Мамайдың
Өз көзімен көрген соң,
Қарасайдың алдынан-ай
Сүйіншілей береді-ай.
450 Әй, алпыс құлаш зынданнан
Жеті жасар Қарасай
Сексендегі Мамайды-ай
Сүйреп алып шығарды-ай.
Сонда Мамай сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді-ау:
— Ау, Қарасай, Қарасай,
Сен Орақтың баласы-ай.
Ай, күндердің күні болғанда-ай
Жарамайды екен, шырағым,
460 Арғымақ аттың баласы-ай.
Артымнан неге келмедің,
Ат құйрығын салмадың?
Жасыққа жауғыр қанбағыр,
Туды шіркін оңбағыр-ай.
Аттанып мінген Бозмойнақ

Темірханнан алмасаң,
Атаңды-ау салған зынданға
Темірханды-ау салмасаң,
Бұл дүниеден өт дейді-ау,
470 Шын дүниеге жет дейді-ау.

Әй, Ханбикенің тілін кәлимаға келтіріп, көндіріп Мамайға қосып жіберді. Енді Қарасай жалғыз өзі Темірхан қалмақтың еліне салды.

Ей, Қарасайдай жас бала,
Темірханның еліне
Жалғыз тартып жөнелді.
Астындағы ақ тұлпар
Ауыздықпен алысып,
Ұшқан құспен жарысып,
Құбылып ойнап келеді.
Жеті күнге толғанда,
Темірханның қаласын-ай
480 Батырдың көзі көреді.
Жау көрмеген жас бала,
Жас өспірім мас бала,
Қақпаға жетіп келеді-ай.
Найзасын қолға алады,
Ұрандап айқай салады:
— Ау, Темірхан бармысың,
Бері таман шық дейді-ау?!
Мен Орақтың баласы,
Қарасай батыр — мен — дейді-ау.
490 Әй, кешегі салған-ау адамға,
Әй, қолыңнан келсе Темірхан
Салармын-ау, Құдай шын болса,
Ау, әулиеге апарып сені де ай.
Бұл дауысты есітіп,
Лалаулаған көп қалмақ
Әй, дәруазадан шығады.
Шыққанын-ау Қарасай
Алмаспен шауып басын-ай,
Дәруазадан шығармай,

500 Қасқыр тиген қойдай қырады.
Мұны көзі бір көрген соң,
Қара тұлпар атпенен
Бозмұнақты жетектеп-ай,
Темірхан қашып жөнелді-ай.
Ей, қаланы бұзып алса да,
Үш күнге дейін айналып,
Таба алмай батыр сенделді-ай.
Бір күндері болғанда,
Күн төрт күнге толғанда,
510 Қаланы енді айналып жүргенде,
Қос тұлпардың ізін көреді.
Әй, Қарасайдай жас бала-ай
Ізге бір түсіп жөнелді-ай.
Бір жерлерге келгенде,
Темірханның қарасын
Қарасай батыр көреді-ай.
Темірхан сонда қарсы тұрып қалады:
— Енді бір қашсам қашты, — деп,
Әй, ноғайлының баласы-ай
520 Менен де-ау, қорқып асты, — дер,
Қара албасты-ау басты, — дер.
Не де бір болса тұрайын,
Кеуегімді алайын.
Толғана мойын бұрайын,
Қайратымды-ау сынайын.
Осыны айтып Темірхан,
Қарсы қарап тұрады.
Қарасай жетіп келеді-ау,
Ау, сол уақыт болғанда,
530 Темірхан сөйлей береді-ай:
— Айналайын, баласың,
Қаулап оттай жанасың.
Шаһарымнан өтті ғой,
Қайда кетіп барасың?
Меніменен ұрыссаң,
Құдайыңа барасың.
Өлмей тұрып, қарағым,
Ат-тоныңды, қару-жарақты

Өлмей тұрып берерсің-ай.
540 Қарасай сонда сөйлейді-ай:
— Мен бір өзім баламын,
Ақылым жоқ-ау шаламын.
Кешегі салған зынданға
Екі аяқ қолыңды байлармын,
Апарып сені-ау салармын.
Сақалыңның ағы бар,
Ағалығың тағы бар,
Арманда болма-ау Темірхан,
Кезегіңді-ау ал деді-ай.
550 Кезегін алып Темірхан,
Бурылқанып бұрсанды,
Мұздай темір құрсанды-ай.
Қорамсаққа қол салды,
Көп оғынан мол салды.
Көп оғының ішінен
Сұр жіп-ау деген оқ алды.
Толғана-ай мойнын бұрады,
Алтын да ердің қасы деп.
Толғана мойнын бұрады-ай,
560 Әй, толғай тартып қалады-ай.
Тоғыз да қабат торқаның
Сегізінен өтеді.
Біреуіне келгенде,
Әулиелер жар болып,
Өткізбей ұстап қалады-ай.
Ұрғаны-ей жаудың қатты екен,
Қабырғасы-ай баланың
Бір жағы-ай түгел сынады-ай.
Қарасай сонда сөйлейді-ай:
570 — Айналайын, Құдайым,
Өзіңнен жәрдем болмаса-ай,
Жәрдемді-ай кімнен сұрайын?!
Жәрдем берер бұл күнің
Осыны-ау, айтып Қарасай,
Толғана-ай мойнын бұрады-ай.
Толғай тартып қалады-ай,
Алладан-ай пәрмен сұрады-ай.

Көп оғына-ай қол салып,
Көп оғының ішінен
580 Қозы жауырын оқ алып,
Толғана тартып қалады-ай.
Қалмақты-ау ердің қасы деп,
Кірестен оғы кетеді.
Көкірек қысқан көбеден
Ау, қалмақты-ау түйреп өтеді-ау.
Рас болса және де-ай
Ар жағында бір төбеге жетеді,
Темірхан-ау аттан құлады.
Екі бір тұлпар жетектеп,
590 Енді мынау Қарасай
Кейініне қайтып жөнелді-ай.

Енді ұрысуға шама болмады. Темірханды өлтіріп, екі тұлпарды алғасын, «баяғы Ханбике Мамайды шауып өлтіріп тастады ма», — деп елге қайтып жөнелді. Елге келсе, Ханбике Мамайды алып келген екен. Елутөрті жиналып жатқан екен. Қарасайды көргесін, Бозмойнақты алып барғасын, туғалы күлмеген Мамай «қайраты асқан екен, бұл бала атаның жолын қуған екен», — деп сол уақта езуін тартып күлген екен дейді.

Әй, Қарасайды көргесін-ай,
Ноғайлы елі жиналып,
Ат шаптырып той қылды-ай,
Қарүлектей анасы-ай.
Қырымнан шыққан қырық батыр
Бәрінде алды-ау шақырып-ай.
Сонда Қарүлек сөйлейді-ай,
Сөйлегенде не дейді-ай:
600 — Әй, батырлар, батырлар,
Сөзіме құлақ салыңдар.
Кешегі Орақ барында-ай,
Ноғайлының елдері-ай
Қызылбасқа зар болды-ай.
Ой, кешеге Орақ өлгенсін-ай,
Ноғайлының елдері-ай
Қызылбасқа қор болды-ай.

Тоқсанға келген мынау Мамайды
Зынданға байлап салғанда-ай,
610 Ат құйрығын салмадың,
Мұнан да хабар алмадың-ай,
Тоныңда-ай шіркін оңбағыр-ай.

Ноғайлының елдері батырдың жолдарын қуады екен. — Қарасай мен Қази екеуін ардақтап баралық. Қанаттыға қаққызбалық, тұмсықтыға шоқтырмалық. Жолын қусын Орақ пен Мамайдың. Мынау Шынтемірдің баласы Әділ деген бұ да жалғыз еді. Он екі баулы ноғайға Мамайдың орнына хан қоялық, — деді. Мамайға да айтты: — Бұл сөзіміз мақұл болса, сен орныңды берсең, мұны хан қоямыз, — деді. Мамай айтты: — Мен енді қалған жасымда хан болып неғылайын, халықтың қалауы болсын, — деді. Он алты жасар Әділді хан қойған екен, — дейді.

Енді бұл сөз бұл жерде тұра берсін. Енді мынау Орақ батырдың өлмей тұрғандағы шайқасы Қазан патшаменен:

Әне, Орақ батыр
Арыстандай айбатты болды,
Рүстемдей қайратты болды.
Қазанның патшасы хабар жіберді
Сегіз мың әскер жіберді:
«Сегіз мың әскер қолым бар,
Қырық мергенім бар,
620 Қырық палуан бар,
Ноғайлы елім, қапы қалмаңыз.
Егер де көнеміз десеңдер, елші жібер.
Көнбеймін десеңдер,
Қиғаш таудың басына,
Тасбұлақтың қасына,
Туыңды тігіп қарсы тұрыңдар,
Әскеріңді жиыңдар», — деді.

Сол уақыттарда ноғайлы жұрты кеңесіп: — Қане, әскер жиып барамыз ба, Қырымнан қырық батырды тартып аламыз ба? — деді. Сонда Орақ тұрып айтты: — Қырымнан қырық батырды шақырып, әскер жиып елді бүлдірудің не қажеті бар, көп

болғанда он мың әскер келер, сегіз мың әскер деген не зат, не де болса мен айтқан күніне, уәдеге тас бұлақтың қасына барайын. Қайратымды бір сынайын. Бізден бұрын Әзіреті Әлишер өткен екен. Бүтін ел жүзіндегі қызылбасты көндіріп, мұсылман еткен екен, менің де қайратым содан кем емес, — деді. Сол уақта шошып кетті. «Әй, асылық сөйлеме құлыным», — деді. Қарүлек: «Әзіреті Әли Алланың шері еді, сен пенденің баласысың ғой, кәлиманы қайтадан айт, райдан қайт», — деді.

Ей, Орақ сонда батырың
630 Қазан құлақ қайратпен,
Үсті толған болатпен,
Белең-белең желеді,
Түн ұйқысын бөледі.
Қиғаш таудың басына
Қарауыл қарап жүреді.
Жеті күндей тұрады,
Бұған қалмақ келмеді-ау.
Жеті күндер өткен соң,
Орақ сынды батырдың
640 Ер ұйқысы келеді-ау.
Ұйықтапта-ау жатып қалады,
Алтыннан берен ақ алмас
Мұны бірліктен буынды,
Ер қаруы — бес қару
Жамбасына басады.
Алтын туды-ау басына қағады,
Қан белгісін қояды.
Қазанның елі келсін деп,
Маған хабар беріңіз.
650 Асыл туған ер болсаң,
Егер ұйықтап жатқан жеріңде
Алып кетсем сендерді,
Онда нашар болғаның.
Сегіз күндей толғанда,
Лалаулаған көп қалмақ
Сегіз мың әскер қолменен
Бұларға жетіп келеді.
Ұйықтап жатқан Орақты

Өз көзімен көреді.
660 Басындағы хатты-ай оқып қараса,
Орақ екенін біледі-ай.
«Оянып кетсе қырар» деп,
Темір торды жабады.
Қырық қашар бір жеккен,
Көк мауыты күймеге
Көтеріп мұны салады-ай,
Жеті бір жерден байлайды.
Шаһарға алып жөнелді,
Жеті күн жүрді жолменен,
670 Бір күндері болғанда,
Кейінірек қалған секілді.
Ноғайлының қарасы,
Алдында жақын көрінді-ай.
Қазанның шаһар қаласы,
Жан-жағында көп әскер,
Сонда бір Орақ оянып,
Көзін жан-жаққа салады.
Ұйықтап жатқан жерінде
Енді бір Орақ шіренді.
680 Байлап қойған жеті қабат-ай арқаның
Бес қабаты үзілді.
Енді бір Орақ жұлқынды,
Асау таудай бұлқынды,
Арбадан-ай секіріп түседі.
Алтыннан берен ақ алмас,
Қамап тұрған қалмақтан,
Енді ұрысты салады.
Жапыра көшіп-ай көп қалмақ,
Дәруазаға кіреді-ай.
690 Барған сайын көбейіп,
Мергендері тұс-тұс жерден атады,
Тұс-тұс жерден найза салады.
Сол уақыттар болғанда-ай,
Жеті күнге толғанда,
Сауыттары қан болды-ай,
Тұла бойы дал болды-ау.
Еңіреген Орақтың

Артынан көмек болмады,
Таңдайы қатып шөлдеді.
700 Сонда Орақ: — Мен, — деді,
Сонда Орақ сөйлейді:
— Айналайын, Құдайым,
Өзіңнен жәрдем болмаса,
Жәрдемді кімнен сұрайын.
Арғы атамды сұрасаң,
Баба Түкті Шашты Әзіз,
Әулие шайқы-ау пір едің.
Бергі атамнан сұрасаң,
Едіге сұлтан кереметтей ер едің.
710 Ей, екеуінің әруағы-ай,
Жауда қалды деген ше,
Бүгін көмек бер? — деді-ау.
Сол уақыт болғанда,
Бурыл қаннан бу болды.
Үстінен ұшқан ақ қара бас қу болды,
Жауын жауып селдетті,
Қаланың ішін көлдетті-ай.
Көптен жауын сұлады,
Қиқулап-ау қулар шулады.
720 Ақыл бір туған ер Орақ,
Бірден көмек болған соң,
Қалаға қайта кіріп ұрысқа,
Алтыннан-ай берен ақ алмас,
Сермегенде жан қалмас,
Қиған жері жым-жылас.
Қаланың аузын қан қылды,
Шарбақтың аузын шаң қылды.
Сегіз күнге толғанда,
Қазанның шаһар қаласын
730 Жан шығармай далаға,
Бұзау-ау, баспақ танасын,
Бәрін де айдап шығарды-ай.

Әне, бұл Орақ айдап, қызылбастың қаласын өзіне айдатып, қыз бен келіншектерін өзіне-өзін байлатып, айдап келе жатырғанда, алдынан ноғайлының батыры шықты. Жер Сидақ

пен Топаяқ өзінің тумалары алдынан шығып, Орақты көріп, қошеметтеп айтқан сөзі екен дейді. Топаяқ барып айтып тұр екен, — дейді.

— Әй, айналайын, жан аға,
Сен де тудың атадан,
Біз де тудық атадан.
Сені бір артық жаратты-ай,
Бізді Құдай нашар жаратты-ай.
Алып келген олжаңнан
Бізге де, ау, аға бер, — деді.
740 Орақ сонда сөйлейді-ай,
Сөйлегенде не дейді-ау:
— Айналайын, Топаяқ,
Алып келдім отыз қыз,
Қалағаның ал, — деді-ай,
Қазынама қол сал, — дейді-ай.
Біздің үйде жүре бер,
Шаршасаң тұлпар міне бер.
Ей, тұлпар атқа мінерсің,
Қолыңа найза аларсың,
750 Сен де ерлік құрарсың.
Дүниенің жүзінде — ай,
Аман да жүрсең Топаяқ,
Кем болмайсың қатардан-ай.
Атаңа нәлет Топаяқ,
Жамандығын білдірмей,
Айдап келген қыздардан
Үшеуін таңдап алады.
Айдап келген жылқыдан
Екі-үш тұлпар алады.
760 Орақпен еріп-ай келеді,
Отыменен кіреді,
Суыменен шығады.
Бір күндері болғанда-ай,
Әй, тоқалдан туған жамандар
Жатып кеңесті-ай,
Кеңескенде не десті-ай:
— Қырық жыл атқа мінбедік,

Қызыл шапан кимедік.
Бұл Орақтың тұсында-ау
770 Қызықты дәурен сүрмедік.
Орақты мына-ай өлтіріп,
Тұлпар атқа мінелік,
Біз де жадта қалайық.
Осыны айтып-ай жер Сидақ
Ақыл бір айла табады.
Ұйықтапты-ау жатқан жерінде,
Алтыннан соққан-ай ақ алмас,
Керегеде тұрғанда,
Топаяқ ұрлап алады,
780 Есігіне-ау құрады.
«Жау келді-ау! Орақ аттан»! — деп,
Дүрсілдетіп ауылдың, үстінен,
Жылқыны айқайлап салып қуады.
Айқайлаған дауысын,
Ұрандаған-ай дыбысын,
Жүгіріп Орақ үйден жөнелді-ау,
Сонда Қарашаш етегінен тартады-ау,
— Тоқта, батыр, тоқта, — деп.
790 Ақ сауытты киіп кет,
Қосыл бір суын құйып кет,
Әлде бір қандай болар, — деп.
Тыңдамады-ау, ер Орақ,
Жүгіре шықты есіктен.
Кеудесі сыртқа шығады-ау,
Бөксесі-ай қалды есікте-ай.
Ортасынан-ай бөлініп,
Орақта-ай жатып қалады.
Орақтың-ай досты Ақмырза,
800 Түнде бір жатып түс көрді-ай,
Түсінде жаман іс көрді-ай.
Бұл түсінде қараса,
Ей, көп қарақұс жиналып,
Бір ақсұңқар құсты қуып жүр,
Үстіне-ай төніп үйіп жүр.
Мұны бір көріп Ақмырза,
Ояна білсе түсі екен.

«Батыр Орақ болмасын» деп,
Жүгіріп үйден шығады.
810 Орақ жатқан ақ ордаға,
Жүгіріп-ай Ақмырза келеді-ай.
Бөлініп жатқан Орақты-ай,
Өз көзімен көреді-ау,
Ақмырза жылай береді-ай:
— Айналайын, Орағым,
Жаусыз жерде жарағым,
Енді бір бізге күн қайда
Тұлпар атқа мінетін,
Жасанған жауға тиетін.
820 Бұрынғыдай күн қайда-ай?!
Атаңа бір нәлет-ай,
Жиырма сегіз жаман боқ
Қапысын тауып өлтіріп,
Арманда-ай кеттің, құрдасжан-ай.
Сонда бір Орақ сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Ақмырза, достым, сен, — дейді,
Сөзіме құлақ сал, — деді.
Қызуы өтіп барады-ай,
830 Зібаным тілде тұрғанда-ай.
Қарүлекке бара гөр,
Оған да хабар сала гөр.
Көпті көрген көне еді-ай,
Жол білгіш маман ер еді-ай,
Дүниенің жүзінде-ай.
Қаланы бұзып, ханды алдым,
Ортадан шауып олжа алдым.
Сонда дағы-ау мынау Мамайды,
Өгіз таудың басында
840 Өгіз ханды-ау өлтіріп,
Орнына-ай тіктеп хан қойдым.
Күлер ме екен Мамай деп,
Күлдіремін деп едім.
Сонда бір Мамай күлмеді-ау,
Күлгенін көзім көрмеді-ау.
Ай, күлер ме екен Мамай деп,

Ноғайлының жұртынан
Үш сұлу алып мен бердім.
Сонда бір Мамай күлмеді-ау,
850 Күлгенін көзім көрмеді.
Күлер ме екен Мамай деп,
Жорғадан су таңдап міндірдім.
Қамқаны-ай таңдап кидірдім,
Қатарынан-ау артық жүргіздім.
Мұнда бір Мамай күлмеді-ау,
Күлгенін көзім көрмеді-ау,
Айналайын, мамеке-ау,
Күлмегеннің себебі:
Қарасай мен Қазидың,
860 Маған берген екі ұлдың,
Біреуін Құдай оған бермеді-ау,
Күлмегеннің себебі-ау сол деді-ау.
Қарасай, Қази ер болса,
Ат жалға қолың жеткен соң,
Әй, бірінші менің арманым —
Бұл Мамайды күлдірсін.
Екінші менің арманым —
Қара үңгірдің тауында
Қызылбасты жауына
870 Қолдакөр тонды патшаның,
Қарасай, Қази ер еді деп,
Шайқасып қайтар дер едім.
Бара алмай кетіп барамын.
Қарасай, Қази-ау ер болса,
Барып азасын білдірсін,
Қызылбастың еліне
Енді ерлігін білдірсін.
Үшінші менің арманым —
Ана бір тұрған Орал тау,
880 Орал таудың басында
Нақ бес бұлақ, бес бұлақтың ішінде
Суы тұщы тас бұлақ.
Тас бұлақ суын ішкен бес тұлпар,
Ер Қосайдың аты еді-ау.
Ер Қосайдың ай қызыл ат,

Ұстап мініп қарайын, — деп едім-ау.
Қызыл атты-ау секіртіп,
Ер Көкшені өкіртіп,
Бір мінермін деп едім-ау.
890 Міне алмай кетіп барамын,
Дүниенің жүзінде,
Үш арманым сол, — деді-ау.
Қарасай, Қази бар болса,
Менен туған ұл болса,
Үш арманымды-ау бітірсін.
Әй, бұны бір айтып-ау ер Орақ,
Дүниеден өтеді-ау.
Артында қалған қос әулет,
Біреуі шықты-ау алтыға
900 Біреуі шықты-ау жетіге.
Бір күндері болғанда,
Қарүлектей-ау кәрі анасы
Шақырып алды-ай қасына.
Қарасай-ай, Қази сен, — деді-ай,
Орақты тапқан ме, — деді-ай.
Дүниенің жүзінде
Асыл туған ер Орақ,
Үш арманы бар екен.
Дүниенің ішінде-ай
910 Бітіре алмай өтіпті-ай.
Айтайын-ау, қарғам, сөзімді-ай,
Құлақ сал-ай, бұған, ерінбе-ай.
Анау жатқан үлкен атаң Мамайды,
Дүниенің жүзінде
Күлдірермін, — деп еді.
Өгіз тауды өкіртіп,
Ой, орнына тіктеп хан қойған.
Қаланы бұзып, ханды алып,
Ортадан шауып, олжа алған.
920 Мұнда да Мамай күлмеген,
Күлгенін көзім-ау көрмеген.
Бір күлдірсем деп едім,
Анау Қосайдың бес тұлпары,
Бес тұлпардың ішінде

Есті сирақ қызылды,
Ұстап бір мінсем деп едім-ау.
Қарасай, Қази ер жетсе,
Атжалға қолы жеткенсін,
Қара үңгірдің тауына,
930 Қызылбастың жауына
Он екі ханның елінен,
Шайқасып қайтсын, — деп еді-ау,
Үш арманы сол деді-ай.
Қарасай, Қази қос бала-ау,
Алты құлаш жібек арқан алады.
Тас бұлаққа жетеді,
Аяқ тұзақ құрады.
Есті сирақ қызыл тұлпарды
Аяқ тұзақ салып ұстап алады,
940 Басына ноқта салады.
Тоқталап мынау алғанда,
Ертоядан Ер Көкше,
Қиядан көзін салады.
Жүгіріп бұған келеді-ай,
Келе сөйлей береді:
— Әй, Қарасай, Қарасай,
Сен Орақтың баласы-ай,
Қайдан шықтың ерлікті,
Бересің кімге кеңдікті.
950 Сенің бір атаң Орақ та,
Мамай қос батыр,
Ұстап, міниіп қызыл атты-ай,
Бір мінермін, — деп еді.
Міне алмай кеткен олар да,
Сен олардан артық па едің?
Жағаласты-ау енді салады,
Екі батыр ұрысты-ай,
Жағаға қолды салысты-ай.
Ұрысып та тұрыспай,
960 Екеуі бірін-бірі ала алмай,
Тұла бойы қан болып,
Ақылы енді дал болып,
Сол уақыт болғанда,

Қарүлектей кемпірің
Қияда көзі шалады.
Жүгіріп бұған келеді,
Айырайын, — деп еді.
Күші-ау жетпеді.
Тістеп еді-ау, тісі өтпеді.
970 Сонда Қарүлек сөйлейді-ау,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Ей, айналайын, Қарасай,
Сен Орақтың баласы-ай.
Айналайын, Ер Көкше,
Сен Қосайдың баласы-ай.
«Өсер бір елдің жігіті,
Бірін-бірі батыр дер,
Өшер бір елдің жігіті
Бірін-бірі қатын дер».
980 Бір шыбынның үстінде
Жағаласты салмаңыз.
Сол жағына қарасаң,
Сырты бір бүтін, іші боқ,
Кімді отқа салмайды.
Мынау жалған дүние боқ,
Ер Қосайға барыңыз,
Жүгініп көріңіз.
Атын да берсе, қарағым,
Өз қолынан мініңіз.
990 Екі бала шылаулап,
Қызыл атты жетектеп,
Ер Қосайға келеді.
Тоқсанға келген Ер Қосай,
Жатыр екен бүгіліп.
Қасына келіп Қарасай
Сонда сөйлей береді-ау:
— Айналайын, хан ата,
Көтергін бермен басыңды-ай,
Әй, неге бір тудым ол жаста,
1000 Бір күндері болғанда,
Қара бір жермен тең болдым.

Бір жаманның дертімен,
Қатарымнан кем болдым.
Қызыл атты бер, — деді,
Тілегімді ал, — деді.
Сонда бір Қосай сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді-ай:
— Мына бір тұрған қызыл ат,
Жал құйрығы ұзын ат.
1010 Бұған да бір мінсең, қарағым,
Қазынаға қолың маларсың,
Қатарыңнан озарсың.
Жау ішінде жайнатып,
Ей, қозы жауырын оқ алып,
Арманда болмай өлерсің.
Қызыл аттың, шырағым,
Алдыңғы мұның бәсіне
Мамайдан қалған-ау, қыз-ау Қымбат.
Беті бір сұлу-ай қойным-ақ.
1020 Кішілікке берерсің,
Енді бір соңғы бәсіне.
Аманда барып сау келсең,
Қырық та жорға мінгізіп,
Қырық торқа мінгізіп,
Және көңілін таусақ келерсің.
Қырық күң мен қырық құл,
Мал бағатын адам көп керек,
Әкеліп мұны-ау берерсің,
Осыны берсең-ау, қарағым,
1030 Қызыл атты мінерсің.

Қарасай бала ойланды. — Не де болса қатардан қалмайын, — деді. Ол Мамайдың қызын ұстап берем бе, бермеймін бе, оны Құдай біледі. Оның орнына отыз күң мен отыз құл әкеліп берсем, ол Қосайдың арманы не? — деді ішінен. Қызыл атты әкеліп, баптап, байлап қойды. Бір жылпылдақ әйел бар еді. Жүгіріп барып Қымбатқа айтты: — Сені мына Қарасай алдыңнан өтпей, бір жабыға сатып берейін деп тұр, — деді. Ал, енді сол уақта бұл ашуланып, Қарасайға келіп айтып тұрған сөзі екен.

— Әй, Қарасай, Қарасай,
Әй, Орақтан туған сен, — деді,
Мамайдан туған мен, — деді-ай.
Алдымнан неге өтпедің,
Мендей бір кәріп жетімді
Әй, білмей қалар, — деп пе едің.
Бір жабыға-ау сатқаның,
Бұл дүниеде-ау, маған батқаны.
Өлтірсең де-ау, мен жабыңа берілмеспін,
1040 Айтқаның-ау көнбеспін.
Осыны айтып қыз Қымбат,
Қызыл атты-ау шешіп алады,
Әкеліп үйге байлайды.
Қарасайдай жас бала
Ашуланып, долданып,
Қаруларын қолға алып,
Жапалақ ұштас жапанға-ау
Жаяуда-ай жортып жөнелді.
Әй, мұны бір көрді-ау Қарүлек,
1050 Қымбатқа жетіп келеді-ай.
Айналайын, қарағым,
Қарасай, Қази сау болса,
Тоқсанға келген Қосайға
Ұстап та берер, — деп пе едің.
Бір өзіңнің орныңа
Отыз күң мен отыз құл,
Қосайға берер шырағым.
Әй, көңілін тауып кетеді,
Сен, қарағым, бекерге қайғырма,
1060 Апарып атын бер, — деді-ай.
Ал сонда қыз сөйлейді,
Ал сонда қыз Қымбат
Шыдай алмай қызыл атқа мінеді-ай.
Әй, бір төбенің басында
Жатыр екен Қарасай.
Етбетінен бүгіліп,
Көзінің жасы-ау егіліп,
Жалғыздықтан түңіліп,
Әй, бір бармағын кеміріп-ай.

1070 Әй, қасына келді-ау қыз Қымбат,
Бұл да бір тұрып сөйледі-ау:
— Айналайын, жан аға,
Әй, құлағыңды сал, аға.
Атыңа енді мін, — деді,
Жаңылысты болды, кешір сөзімді.
Қарасай сонда сөйлейді:
— Өлсем де саған бермеспін,
Айтқаныңа сенбеспін.
Әй, Қарасай батырың
1080 Айтқанына көнбеді,
Қызыл атқа мінбеді.
Сонда Қымбат аттан түседі,
Құшақтап жылап алады.
Әй, мінгізіп енді-ау атына,
Амандасып-ау сол жерде-ау
Думандасып, жыласып,
Әй, Қымбат-ау жаяу қайтады.
Әй, үйге бір келіп қыз Қымбат,
Асыл да киім киінді,
1090 Әй пірлеріне сиынды.
Жатыр екен Ер Қосай,
Қасына келіп сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Ей, көтер бір, көке басыңды,
Қосай батыр сен, — деді,
Мамайдай батырдың қызы мен, — деді.
Он беске келген жасым бар,
Тоқсанға келген жасыңда
Аламын деп балаңды,
1100 Басыңа қайғы салғаның,
Алжыдың ба сен, — дейді.
Әй, Қосай тұрып сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді-ау:
— Әй, Қымбат-ау, келдің қасыма,
Әй, бір күндер болғанда,
Қажырым қайтып бойымнан,
Әй, Қараүлекпенен басқанда,
Айтып тұрсың бұл сөзді.

Кешегі кеткен күнімде
1110 Арқырап дәурен сүргенмін.
Ноғайлының үш жұртын
Әділдікпен мен сұрап,
Ноғай түгіл, қалмақтың
Талай бір сұлу қыздарын сүйгенмін.
Сонда бір Қымбат сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Олай да бір деме, жан ата,
Әуелден-ай болып, сорлы ата.
Жауын жауып-ау жерді селдетер,
1120 Ақсұңқар құстар-ау шырмалар.
Маясы келіп торласа.
Ақ бөкен келіп жығылар,
Алдын қазып орласа.
Дегені болмас бенденің
Маңдайы сорлы торласа.
Әй, панасында туған ерлердің
Атағы шығып жүргенде,
Бәрінен де сол жаман-ай,
Уәдеде тұрмаса.
Ақыретте сауап жоқ,
Айтатұғын жауап жоқ-ай.
Есер менен жесірді-ау
Кемсеңдеп оны-ай қорласа-ай
1134 Әй, бұл сөзді айтқан соң Қосай азырақ.

Жетімдікті есіне түсіріп, Ал енді сен тидің де, мен алдым, Өз бақытың өзіңе, Енді сені алмаймын, — деп, Мамайдың қызын жіберген екен, — дейді.

ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР

ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

ОРАҚ — МАМАЙ

«Орақ — Мамай» жыры қазақ жеріне кең тараған халықтың сүйсініп тыңдайтын жырының бірі.

«Орақ — Мамай» жыры жөнінде алғаш пікір айтқан, тұңғыш қазақ ғалымы — Ш.Уәлиханов[1]. 1854-1855 жылдар шамасында Ш.Уәлиханов ел арасынан «Орақ — Мамай» жырының үзіндісін жазып алған. Сол «Орақтың жырлағаны» деп аталатын мәтін орысша аудармасымен ғалымның бес томдық шығармалар жинағының 1 — томында жарық көрген[2]. «Орақ-Мамай» жырының бір варианты 1903 жылы Қазан қаласында жеке кітап болып басылды[3]. Кітапта ешқандай жыршының аты немесе жинаушының есімі көрсетілмеген. Осы нұсқа аталған баспадан 1908 жылы қайта басылып шықты. Одан кейін «Орақ — Мамай» жырының бір үзіндісі Орынбор қаласында Ғабдолла Мұштақ (Ғұмар Қараш) бастырып шығараған жинақта жарық көрді[4]. . Кейін осы мәтін Халел Досмұхамедұлы жинағына кірді[5]. 1943 жылы «Орақ-Мамай» жырының үзіндісі 8-класқа арналған «Қазақ әдебиеті» атты оқулықта[6] және «Қарасай — Қази» деген атпен жеке кітап болып жарияланды[7] 1943 жылғы басылымнан кейін көптеген қазақ фольклорының тарихи туындыларымен қатар «Орақ — Мамай» эпосын да жариялауға тыйым

---

[1] Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. Т. 1. — Алматы, 1961. С. 197-199.
[2] Сонда., 188-195 — беттер.
[3] Орақ білән Мамай хикаясы. — Қазан: Кәримовтер баспаханасы. 1903.
[4] Ғ.Қараш. Көкселдір. — Орынбор, 1912.
[5] Халел досмұхамедұлы. Аламан. — Ташкент, 1925.
[6] Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті. 8-кл. — Алматы, 1943.
[7] Қарасай-Қази. — Алматы, 1943.

салынды. Тек өткен ғасырдың 80 — жылдарының соңынан бастап «Орақ-Мамайға» оралудың сәті түсті. 1989 жылы аталған жырдың Мұрын жыраудан жазылып алынған нұсқасы 1942 жылы «Батырлар жыры» көптомдығының 5-томында (132-149-б.б.) жарық көрді. «Орақ — Мамай» жырының Нұртуған жырлаған нұсқасының үзіндісі Әдебиетші — журналист Ә.Оспанов құрастырған ақын шығармаларының жинағында жарияланды[8]. Қарақалпақстандағы Қоңырат қаласының тұрғыны жыршы Мәмбетұлы Атаубайдан жазылып алынған «Орақ — Мамай» жырының мәтіні «Қарасай — Қази» деген атпен 1992 жылы «Қазақтың батырлық эпосы» деген жинақта[9], 2006 жылы «Қазақтың ерлік эпостары» атты жинақта[10] жарияланды.

Қазір ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында жырдың оннан астам варианты сақталған[11]. Оның ішінде Б. Жақыпбаев, Е.Хасенов, А.А.Байтабынов, Ғұмар Қараш, Нұртуған жырау, А.В.Васильев, Ә.Жұмағазиев, Мұрын жырау, Ж.Байшолақов, А.Мәмабетұлы, О.Оңғарбайұлы т.б. нұсқалары бар. Осы айтылған нұсқалардың ішіндегі көлемдісі, ең көркем түрлерінің бірі — Нұртуған нұсқасы болып саналады. Жырдың сюжеттік нұсқалары қазақтан басқа Қырым татарлары, башқұрт т.б халықтарының ауыз әдебиетінде сақталған.

---

[8] Нұртуған Кенжеғұлұлы. Кәнеки, тілім, сөйлеші. 1-кітап. — Алматы, 1992. — 161-222 — б б.

[9] Қарасай-Қази // Қазақтың батырлық эпосы / Құрастырып, ғылыми түсініктемесін жазған — филол.ғыл. докторы С.Дәуітов. — Алматы: Рауан. 1992. — 53-98 — беттер.

[10] Батыр Мамай — қанды Орақ // Қазақтың ерлік эпостары. (Құрастырып, алғы сөзі мен түсініктемесін жазған — филол.ғыл.докторы Қ.Саттаров). — Алматы: Жазушы, 2006. — 25-137-беттер

[11] Орақ-Мамай. Жинаушысы — Б.Жақыпбаев. Қорға 1940ж. түскен. ОҒК. Ш. 843, 7-дәп; Мамай. Жыршысы — С.Ерішов. 1946. ОҒК. Ш. 923; Мамай мен Қарасай. Жыршысы — Е.Хасенов. 1947. ОҒК.Ш. 839, 4-дәп; Мамай батыр. Жыршысы — А.Байтабынов — ОҒК. 843, — 1дәп; Орақ-Мамай. Ғ.Қараш. ОҒК. Ш. 2320; Орақ-Мамай. Жыршысы — Нұртуған жырау. ОҒК. Ш. 342; Нұрадин және Орақ-Мамай. Жинаушысы — А.В. Васильев. 1936. ОҒК. Ш. 343; Орақ-Мамай. Жыршысы — Мұрын жырау. ОҒК. Ш. 678; Орақ-Мамай. О.Оңғарбаев. 1990. ӘӨИ. Ш. 940/51; Батыр Мамай — қанды Орақ. Жыршысы — А.Мәмбетов. ӘӨИ. Ш. 894, 1-дәп.

«Орақ — Мамай» жайында бірқатар ғылыми мақалалар мен зерттеу еңбектері жазылды. Бұл орайда Ш.Уәлиханов, Ғ.Қараш, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, В.И.Жирмунский, Г.Короглы, М.Ғабдуллин, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев, А. Тұрғанбаев сынды ғалымдардың ғылыми еңбектерінде құнды ой-пікірлер келтірілген[12].

«Орақ билән Мамай батырдың хикаясы» алғаш рет 1903 жылы Қазанда жеке кітап болып жарық көрді[13]. осы мәтін ешбір өзгеріссіз 1908 жылы қайта басылды. Кітапта автор, жинаушы туралы мәлімет берілмеген. Осы Қазан басылымы туралы А.Тұрғанбаевтың диссертациялық жұмысында біраз бағалы пікірлер айтылған[14]. Бұл нұсқада Орақ өлгеннен кейінгі Мамайдың жеке жорығы мен Орақтың баласы Қарасайдың ерлігі баяндалады. Қалмақтың қаны Темірхан «штатыма кірсін, үш жылғы есепті берсін» деген хабар жібереді. Сексен төрт жастағы Мамай батыр жаудан қорқып, өзін тастай көшкен ноғайлыға ашуланып, қалмаққа жалғыз аттанады. Жер ортасы Қиғаш тауында жауды күтіп жатып, ұйықтап кетеді. Қалмақтар ұйықтап жатқан батырдың қару-жарағын, атын ұрлап алады. Мамай оянған соң, жалғыз өзі жаумен қарусыз ұрыс салады.

Жырдың негізгі қаһарманы — асқан күш иесі. Бір өзі мыңдаған жаумен алысады. Дегенмен оның да әлсірейтін, түрлі қиыншылықтарға ұшырап, тарығатын кездері де болады. Әлсіреген батырды қалмақтар зынданға тастайды. Жырда жебеуші пірлер көмегі көп жағдайда батырды қатерлі сәттерден

---

[12] Валиханов Ч.Ч. Собр.соч. в пяти томах. Т.1. — Алматы, — 1961; Байтұрсынов А. Шығармалары. — Алматы, 1989; Ғ.Қараш. Көкселдір. — Орынбор, 1910; Досмұхамедұлы Х. Шығармалары. Аламан. — Алматы. 1991; Әуезов М. 17.-том — Алматы, 1985; Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті. 8-кл. — Алматы, 1943; Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және тюркология. — Алматы, 1987; Бердібаев Р. Эпос — ел қазынасы. Алматы, 1985; Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Л., 1974; Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы, 1974; Қасқабасов С. Ертек пен эпостың сюжеттік типологиясы // Қазақ фольклорының типологиясы. — Алматы, 1981; Ыбырев Ш. Эпос әлемі — Алматы, 1993; Тұрғанбаев А. Қазақтың қаһармандық жыры «Орақ-Мамай» (тарихи негіздері, варианттары, сюжетикасы, көркемдік ерекшеліктері). Филол.ғ.ы.л. кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. — Алматы, 1997.

[13] Орақ билән Мамай батырдың хикаясы. — Қазан, 1903.

[14] Тұрғанбаев А. Қазақтың қаһармандық жыры «Орақ-Мамай» фил.ғылым. канд. дәрежесін алу үшін дайындалған диссер. — Алматы, 1997.

құтқарып отырады. Аталған нұсқада Мамайға жәрдем беретін пірлер аспанда ойнаған бұлт бейнесінде көрінеді. Батыр ерекше қасиетке ие болады, «атса оқ, шапса қылыш өтпейді». Жауын пірдің көмегімен жеңу — бас батырдың ғажайып жаратылысын дәлелдейді.Жырдағы ғажайып туу, түс көру, жалғыздық, ата жау (қалмақ) мотивтері «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Сайын», Ер Тарғын т.б. қазақ эпостарына тән ортақ, дәстүрлі сарындар.

Мәселен, Мамайдың әйелі жайсыз түс көріп, шошып оянды:

...Түсімнен қорқып ояндым,
Жорышы көрген түсімді.
Жатыр едім ұйықтап,
Мақпал тоным тұйықтап.
Қыбыладан көрінді
Бір шаншылған бір қын.
Ордамды жығып кетер деп,
Ұзын алтын сырықты
Соған қарсы тіредім.
Сырығым тұтқан болмады,
Ортасынан үзілді —
Бұл не болар енеке?!...

Бұл түс Мамайдың басына бір қауіп-қатердің түскенін сездіреді. Шешесі Қараүлек он төрт жасар Қарасайды қалмаққа аттандырады. Қарасай келіп Мамайды құтқарады. Сөйтіп, жырда Мамайдың жеке жорығы, тұтқын болып зынданда отыруы, оны Қарасайдың құтқаратын оқиғалары әңгіме болады. Осылардың бәрі негізгі кейіпкерлердің есімімен байланысты дамып отырады.

Қазан нұсқасы көркем, шұрайлы тілмен жырланған. Мәтінде аздаған араб, парсы, татар сөздері кездеседі. Эпос мәтінінде ұшырайтын түсініксіз сөздер томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды.

Томға ұсынылып отырған «Орақ билән Мамайдың хикаясы» жырының мәтіні 1903 жылы Қазан қаласында араб әрпімен басылған кітаптан еш өзгеріссіз әзірленді.

Қ. Алпысбаева

Нұртуған нұсқасы. Қолжазба қорында сақталған «Орақ — Мамай» жырының варианттары арасында ең сюжеті толық, көлемді әрі көркемі — Нұртуған нұсқасы.

Нұртуған Кенжеғұлұлының араб әрпіндегі өз қолжазбасы (Ш.342) Орталық ғылыми кітапхана қорына 1928 жылы түскен. Осы нұсқаның латын әрпіндегі қолжазбасы да бар (Ш. 49). Жырдың көлемі он мың жолға жуық.

«Орақ — Мамай» жырының Нұртуған жырлаған нұсқасының үзіндісі 1992 жылы Алматыда жарық көрді[15]. Толық нұсқасы әлі еш жерде басылған жоқ.

Нұртуған нұсқасының сюжеті мен көркемдік ерекшеліктері В.М. Жирмунский, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, А.Тұрғанбаев еңбектерінде сөз болады[16].

Жырдың кіріспесі шежірелік мәліметтер мен Мұса ханның дүниеден өтер алдындағы өсиетінен басталады. Ал жырдың композициясы бір-біріне жалғасып, оқиғалары кезектесіп дамып отырады. Олар: Мамайдың хан болуы; Орақтың айқайынан қатты қыс болып, мал жұтап, елінің батырларды жұтқа тастап Қарақұмға көшуі; Матрөшке қара құлдың асқақтап батырларға сәлем жолдауы; Орақтың Матрөшке құлдың сөзіне ашуланып, жолға шығуы; Орақтың Азау қаласына аттануы; қалмақ ханы Қазанбасты жекпе-жекте жеңуі; елге оарлуы; Смайыл-Топаяқтың жер астына түсіп онда пері оқуын оқып келуі; Смайылдың Орақ, Мамай, Телағыс, Күнкені араздастыруы; Телағыстың Алшағырды өлтіруі; Орақ, Мамай және қалған Мұса балалары бірігіп орыстың Омскі мен Донскі қалаларын шабуы; Орақ пен Мамайдың Босқақтың құмында бөлініп қалған тама елін Еділге көшіріп әкелуі; Орақ, Мамай бас болып, қалмақтың Қатты ханымен шайқасып, жеңіске жетуі; Смайыл-Топаяқтың азғыруымен Мамайдың Қырымға баруы; Қырым ханы болып тұрған жиендері Балуан Сұлтан мен Батыр ханды өлтіруі; Мамайдың антқа ұшырап өлуі; Мамай өлген соң, Орақтың екі жыл хан болуы; Орақтың өз інісі Алшағырдың баласы Қалаудың қолынан өлуі; Смайылдың хан болуы т.б. эпизодтардан құралған.

---

[15] Нұртуған Кенжеғұлұлы. Кәнеки, тілім, сөйлеші.1-кітап. / Құрастырған. — Ә.Оспанов. — Алматы, 1992. — 161-222-б беттер

[16] Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Л., 1974; Әуезов М. 17 том. — Алматы, 1985; Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті. 8-кл. — Алматы, 1943.

Осылардың бәрі жырда әрі қызықты оқиғаларға өзек болған. Эпоста бас қаһармандардың ерлік істері әсерлі де шебер суреттелген.

Аталған жыр кейіпкерлерінің өн-бойында және бірқатар эпизодтарда қиял-ғажайып ертегілерге тән іс-әрекеттер де бар. Мұндағы батырлардың атса оқ, шапса қылыш өтпеуі; суға салса батпауы т.с.с көріністер — ертегілік мотивтерге жатады.

Сол сияқты «Орақ — Мамай» жырының сюжеттік құрылымында өте көне — «батырды өз қылышымен шауып өлтіру» мотиві де ұшырайды. Мұндай сарын көптеген эпостық жырларда кездеседі. Мысалы: «Қорқыт ата кітабында» жалғыз көзді дәуді өз қылышымен шауып өлтіреді. «Бозжігітте» оның басын өз қылышы ғана кеседі. Наурызбай батыр жайлы тарихи жырлардың бірінде де Наурызбайды өз қылышымен шауып өлтіреді. Мұндай мотив «Ер Көкше» жырында да бар.

Жырдағы ерекше көріністің бірі — «Орақтың батырлық айқайы». Бұл эпизад Нұртуған нұсқасында қара сөзбен былай суреттеледі: Орақтың аңға шығып, ерігіп айқайлауынан «кереге бойы қар жауып, кере қарыс мұз тоңып, қыс түсіп, ел жұтайды». Жұтаған жұрт Орақ пен Мамайдан бөлініп көшіп кетеді. Мұндай «батырлық айқай» мотивін алтайлықтардың эпосы «Маадай қарадан»[17], қалмақ эпосы «Жәңгірден»[18], тува халқының аңызы «Бокту-Кириш пен Бора Шәлиден» кездестіруге болады.

Аталған жырда бұдан басқа да әлем халықтарының фольклорлық туындыларында жиі ұшырасатын түс жору, жоқтау т.б. дәстүрлі сарындар көрініс тапқан.

Нұртуған жырлаған «Орақ — Мамай» жырының нұсқасы Эпикалық қуаты мол, көркем тілмен өрілген, сүбелі туынды. Мәтінде біраз араб, парсы, татар лексикасымен бірге көнерген және жергілікті сөздер кездеседі. Олардың қазіргі қазақ тіліндегі боламалары томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды.

Томға енгізіліп отырған «Орақ-Мамай» жырының мәтіні ОҒК-ның Қолжазба қорында сақталған түпнұсқа (Ш. 342) бойынша еш өзгеріссіз әзірленіп, толық көлемде ұсынылды.

Қ. Алпысбаева

---

[17] Маадай-кара. Алтайский героический эпос. М, 1973. С.-165.
[18] Козин С.А. Джангариада. Героическая поэма калмыков. М., л., 1940. с 70, 209.

Атаубай Мәмбетұлы нұсқасы «Орақ — Мамай» жырының аталған варианты алғаш рет 1992 жылы «Қазақтың батырлық эпосы» атты жинақта[19] «Қарасай — Қази» деген атпен жарық көрген. Аталған жыр мәтіні одан кейін 2006 жылы шыққан «Қазақтың ерлік эпостары» деген жинақта[20] «Батыр Мамай — қанды Орақ» деген атаумен ешбір өзгеріссіз тағы да басылып шықты.

Жырдың бір көшірмесі М.О.Әуезов атындағы ӘӨИ-дің Қолжазба қорында (Ш. 894) сақтаулы. Эпостың мәтінін Қарақалпақстандағы Қоңырат қаласының тұрғыны Мәмбетұлы Атаубайдан жазып алған жергілікті фольклор жинаушысы — Көрпеев Айтмұрат. Ал ол кісіден алып, 1984 жылы ӘӨИ-дің Қолжазбалар қорына тапсырған белгілі фольклор жанашыры филология ғылымдарының докторы — Қыдырәлі Саттаров. Қолжазба шақпақты дәптер парағына көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген.

Атаубай жырлаған «Орақ — Мамай» нұсқасы туралы біраз ой-пікірлер академик Р.Бердібаевтың еңбегінде ұшырайды[21].

Жырдың баспа бетіндегі аталуы «Батыр Мамай — қанды Орақ» болғанымен жыр оқиғасы Қарасай мен Қазидың Орақтың өлер алдында айтып кеткен армандарын іске асыру жолындағы ерліктерін сөз етеді.

Орақ батырдың өлер шағында әйеліне айтып кеткен үш арманы мынау: Ол бауырға Мамайдың қанша қызықты дәурен сүрсе де, сүйсініп күлгенін бір көрмепті. Алдына жылқы баласын салмайтын Қызыл ат деген дүлдүлді қолға түсіре алмай, астына бір мінбей кетіпті. Қиғаш тауындағы ата жауы «қызылбасты» бағындыра алмапты...

Қарасай әке арманын орындауды атақты жүйрікті іздеуден бастайды. Жыр Қарасай мен Қазидың әкесінің үш арманын орындаумен аяқталады. Эпоста батырлар бейнесі ерекше сомдалады, жыршы қаһармандарына небір ғажайып ерлік жасатады. Қарасай мен Қази сансыз жауды жеңген халық баты-

---

[19] Қарасай — Қази // Қазақтың батырлық эпосы. / Құрастырып, түсініктерін жазған — филол. ғыл. докторы С.Дәуітов. — Алматы: Рауан, 1992. — 53-98-бб.

[20] Батыр Мамай — қанды Орақ // Қазақтың ерлік эпостары / Құрастырып, түсініктемелерін жазған — филол. ғыл. докторы. Қ.Саттаров. — Алматы: жазушы, 2006 — 25-137-бб.

[21] Бердібаев Р. Эпос — ел қазынасы. — Алматы: Рауан, 1995.

ры ретінде дәріптеледі. Түркі — монғол халықтарында ерекше мәнге ие «ата аманатын орындау» мотивіне де жырда кең орын берілген.

Атаубай Мәмбетұлы жырлаған «Батыр Мамай — қанды Орақ» жырының тілі көркем,стилі жатық. Мәтінде басқа тілдік қоспалар аз. Олардың бәрі де қазіргі қазақ тіліне бейімделіп, томның соңындағы арнайы сөздікке топтастырылды.

«Орақ — Мамай» жырының 1992, 2006 жылдары басылған мәтіндерін ӘӨИ-дің Қолжазба қорындағы (Ш. 894) түпнұсқа негізінде мәтіндік салыстыру жүргізгенде, аталған жинақтарда кейбір кемшіктер кеткені анықталды. Дәлірек айтқанда, екі басылымда да біраз өлең жолдары түсіп қалған. Солардың біріне жырдың мына бір тұсын мысалға келтіруге болады. Қарасай атасының тапсырған екі арманын орындап, енді үшінші арманын қалайша бітірерін білмей қайғыланып, жүргенде, анасы баласын көріп, не себептен азып жүргенін сұрайды. Осы тұста жырдың 622, 623, 624, 625 өлең жолдары, яғни Қарасайдың анасына беретін жауабы түсіп қалған. Сонда мәтін төмендегідей болып келеді:

Түпнұсқа:	**1992, 2006 жылғы басылымдар:**
— Қарасай, Қази — балаңмын,	— Қарасай, Қази — балаңмын,
Маған берсең жауапты.	Маған берсең жауапты.
Азып жүрген балаңды	Азып жүрген балаңды
Көріп тұрсың, анам-ай.	Көріп тұрсың, анам-ай.
Азғанымның себебін	.....
Мен айтайын саған-ай.	.....
Ақ сүт берген анам-ай,	.....
Қарап жүрсің маған-ай.	.....
Азғанымның себебі,	Азғанымның себебі,
Үш арманы бар екен...	Үш арманы бар екен...

Соңғы екі басылымдағы өлең жолдарының түсіп қалуы, біріншіден, өлең ұйқасын бұзған; екіншіден шумақтың ішкі логикалық бірлігімен көркемдігі біртұтатығынан айрылған; үшіншіден тыныс белгілерін дұрыс қоюға кедергі тигізген. Сондай-ақ ілкі басылымдарда емлелік қателер көп кеткен. Осындай кемшіліктерге қарамастан, құрастырушылар 1992, 2006

жылдардағы басылымдарда фольклорлық шығарманың мәтінін түпнұсқа күйінде беруге тырысқан.

Мәтінді жинаққа дайындау барысында осы сияқты олқылықтар түзетіліп, түпнұсқа мәтіні қалпына келтірілді.

Томға ұсынылып отырған «Батыр Мамай — қанды Орақ» жырының мәтіні ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы (Ш. 894) түпнұсқа бойынша әзірленді.

Қ. Алпысбаева

Орынбасар Оңғарбайұлы нұсқасы. Жырдың аталған варианты бұрын еш жерде жарияланбаған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің Қолжазба қорында (Ш. 920/51.) сақтаулы. Жырдың мәтінін Қарақалпақстандағы Шоманай қаласының тұрғыны Оңғарбайұлы Орынбасардың айтуынан 1990 жылы жазып алып, институт қорына тапсырған. Өзбекстан фольклорлық — этнографиялық экспедициясының мүшелері — Қ.Саттаров пен Ш.Қожабекова. Эпос мәтіні кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Қолжазба түптелген.

Орынбасар нұсқасында «Орақ — Мамай» жырының Қазан басылымының сюжеті, яғни Орақ өлгеннен соңғы Мамайдың жеке жорығы, басқа да көптеген нұсқаларда кездесетін Орақ батырдың Қазан патшамен шайқасын суреттейтін эпизод және Қарасай мен Қазидың әке аманатын орындайтын сюжеті көрініс тапқан.

Қысқасы, жыршы «Орақ — Мамай» эпосының бірнеше сюжетін жадында сақтай отырып, өзіндік стильмен көркемдей, жаңғырта жырлағаны аңғарылады.

Орынбасар нұсқасының тілі қарапайым оқиғасы қызықты болып келеді: Мәтінде араб, парсы сөздері барынша аз кездеседі.

Жалпы «Орақ — Мамай» эпосы нұсұқаларының бәріне ортақ сюжеттік желілермен қатар, кейбір өзгешеліктері де бар. Негізінен алғанда жырдың қаһармандық, ерлікті суреттейтін бағыты барлық нұсқаларда сақталған деуге болады.

«Орақ — Мамай» жырының барлық нұсқаларына ортақ мотивтерді төмендегідей жіктеуге болады:

1. Шежірелік мәліметтер, 2. Орақ батырдың жеке жорығы; 3. Орақ пен Мамайдың бірігіп жауға аттануы; 4. Батырлардың

жау қолына тұтқынға түсуі; 5. Едіге тұқымы, Мұса балалары арасындағы күрес; 6. Орақтың өлімі; 7. Орақ өлгеннен соңғы Мамайдың жорығы; 8. Мамайдың анттан өлуі т.с.с.

Осы аталған сарындар Нұртуған, Жұмағазин нұсқаларында түгел кездессе, көптеген нұсқаларда (Қазан басылымы, Айса Байтабынов, А.Васильев, О.Оңғарбайұлы, А.Мәмбетұлы т.б.) жекелеген мотивтер ғана жырланады.

Томға ұсынылып отырған «Орақ-Мамай» жырының мәтіні ӘӨИ-дің қолжазба қорында сақтаулы қолжазбадан (Ш. 920/5) еш өзгертусіз дайындалды.

Қ. Алпысбаева

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаh)— ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»*.

Исламдық сенім бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.)— Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал құлшылықтың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан құдіретті Алла түсірген қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шариф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

---

* Құран Кәрім. 112-«Ихлас» сүресі.

Алланың атын зікір ету рәсімі «Аллаhу акбар» деген мадақ сөзді отыз төрт рет, «Әлхамдулиллаhи», «Сұбхан Алла» сөздерін отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Алшағыр — Ноғай мырзасы. Едіге әулетінен шығып, көшпелі ноғай-қазақ ұлыстары арасында үлкен беделге ие болған билеуші. Тарихи деректерде ұлдары Орақ, Мамаймен бірге Қырым төңірегіндігі саяси және ел-аралық қақтығыстар кезінде жиі аталған. Алайда «Қобыланды батыр» секілді бірқатар қазақ эпостарында Алшағыр — қалмақ ханы не батыры екені мәлім. Дегенмен, халық ауыз әдебиетінде, әсіресе фольклорлық шығармаларда алыс дәуірде өмір сүрген тұлғалардың есімдерінде ауыс-түйіс бола беретіні қалыпты құбылыс.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болыпты-мыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, **қамқам, самсам** деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаhарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шаhимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды тұлпардың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Баба түкті Шашты Әзіз — қазақ эпостары мен ертегілерінде кездесетін киелі кейіпкер. Бұл кісінің батасын алған перзентсіз жандар Алланың құдіретімен ұлды, қызды болып жатады. Аңыздардың бірінде оның есімі Баба Туклас деп

көрсетіледі. Әкесі — Керемет Әзіз. Мұсылмандар арасында Әулие саналған. Меккеге қажылық сапармен барушылар ең алдымен Мұхаммедтің, онан кейін Әли Мұртаза Сейіттің, содан соң Баба Тукластың қабіріне барып тәу еткен. Баба түкті Шашты Әзіз — Қожа Ахмет Иасауидің арғы бабалары, ислам діні Орталық Азияға тарай бастаған кезде өмір сүрген кісі деген болжамдар бар.

Едіге — XIV ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген тарихи тұлға. Ерекше шешендігімен қоса батыр әрі қолбасшы болған. Ол Алтын Орда мемлекетінің бірнеше хандары тұсында тәуелсіз билік құрумен бірге ел басқару істеріне белсене араласты. Дешті Қыпшақтың ханы Тоқтамыс кезінде өз билеушісі мен Ақсақ Темір арсындағы текетіресті өз пайдасына шешуге ұмтылыс жасады. Сол дәуірде көршілес Ресей жеріне бірнеше рет баса көктеп кірді. Ұлы Ноғай Ордасын құрып, оның басты бегі болды (1396-1419жж.). Қара халық арасынан шығып, көшпелі ноғай-қыпшақ ұлыстарының намысын қорғағандықтан қазақ халқының тарихи жадында «Ел қамын жеген Едіге» деген атпен өшпестей жазылған оның бейнесі мен есімі бірқатар қазақ эпостарына арқау болды. Кейбір деректер бойынша Едіге мырзаның бейіті қазақ жерінде — Ұлытауда жатыр.

Қарасай, Қази — Орақ батырдың ұлдары. XVI ғасырдың соңына қарай Қырым маңында өз ұлыстарын құрған. Кейін Кавказда да ықпалды ноғай бектері ретінде танылған. Сол заманда қызылбас, қалмақ т.б. көрші халықтармен ымырасыз күрес жүргізіп, ел-жұртын қорғаушы эпикалық қаһармандар. Қос тарихи тұлғаның ерлік, жорықтар жайында қазақ жырау, жыршылары ерекше шабытпен жырлаған. Әсіресе, Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Қарақалпақстан қазақтары арасында «Қарасай-Қази» эпосының 30-ға жуық нұсқалары сақталған.

Қазан хан — XIY ғасырдың бас кезіндегі қызылбас елінің ханы Ғазан ханның прототипі болуы мүмкін. Ғазан ханның әскерлері Каспий теңізінің батысына, Дербент, Баку, Астрахан қалаларына, Арал маңына шейін жорық жасап келген. Осындай шабуыл кезінде ол өз әскерлерін басқадан айыру үшін бастарына қызыл бөрік кигізген. Осыдан барып жергілікті халық оларды «қызылбас» деп атаған. Бұлардың шабуылдарына қарсы күресіп, зор ерлік көрсеткен қыпшақтар болған.

Қызыр, Қыдыр баба — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді.

Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қызыр баба — **ел аралап жүрген ақ** киімді, ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Орақ-Мамай XVI ғасыр — көбінесе есімдері қатар аталып отыратын эпикалық кейіпкерлер. Халық аузындағы шежірелік мәліметтер бойынша Мұсадан Алшағыр, одан — Орақ пен Мамай туған делінеді. Екеуі де көшпелі ноғай-қазақ ұлыстарының туын көтеріп, ел намысын жыртқан, ер жүрек батырлар кейпінде ел есінде қалған. Олардың ерлік істері мен ұрпақтары туралы Нұртуған Кенжеғұлұлы (1887-1927жж.) көлемді жыр тудырғаны мәлім.

СӨЗДІК

Азбар — бордақы мал тұратын шағын қора

Азар—азары, безері

Ақлия /а/—ақыл, өнеге

Ақырет /а/ — о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы; діни ұғым бойынша, бұл күні қияметтің болуы. Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық болады. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жаңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тартатын күн.

Алшақ жер — шалғай, жырақ, алып

Ат добыра — дорба

Әзер— әрең, — әрең, зорға дегенде

Әлет — мезгіл, уақыт

Әмма—барлығы, жалпы

Бадалап (соғым) — табынымен малды сою

Бадана көзді — бадырайған үлкен көз

Бағана /ж/ — бір талай уақыт бұрын

Бәден—көрік, шырай

Бәс — баға, құн

Бүткіл /ж/ — бүкіл, жалпы

Даңаза— даурықпа, лепірме

Дарақ — ағаш

Дәкән — мәз-мәйрам болу, шат-шадыман болу

Дәм— тамақ, ас

Дәруаза — дарбаза, қақпа

Дүз — жүз

Емкәні /ж/ — мүмкіндігі

Жабы — қазақ жылқысының нашар, қарабайыр тұқымы

Жамал /а/ — ажар, көрік, келбет

Жана — және

Жаңғыз /ж/ — жалғыз

Жара — қайғы-қасірет, ауыртпалық, жарақат

Жәй /ж/ — үй

Жорга — теңселе, майда шабыс

Жұрат — туысқан, ағайын

Жығын — жау, қарақшы

Кәлима /а/ — сөз

Кәріп-қасер — мүсәпір, кемтар адам

Көбе — көбесі болаттан не темірден жасалған сауыт түрі

Күлік — сәйгүлік, жүйрік, шапшаң

Қамкен — қайғы, шер

Қандек — ор, жыра

Қаңғыш — қаңғыған, қаңғырып жүрген

Қотан — мал түнейтін орын, қора

Құрым — күн қақтап, ыс сіңіп, қарайған киіз

Қын — пышақтың қабы

Қысрақ — қарды күреп тазалайтын құрал

Лат — арабтардың ислам дініне дейінгі сыиынған әйел құдайының аты.

Лекерлеп — жайғастырып

Мақшар — ақырзаман күнінде болатын сот***Ғарық*** — суға бату

Манат — арабтардың ислам дініне дейінгі сыйынған әйел құдайының аты.

Мауыздау — ірі, үлкен

Мауызды күйме — үлкен күйме

Мәдәр — егер

Мәсі — жұқа былғарыдан тігілген, кебіспен киетін, өкшесіз, қонышты аяқ киім

Мосы — ілгегіне шелек, шәугім іліп тамақ пісіретін, үш тағанды темір құрал

Мықнат — бейнет, ауыр азап

Мүбтәлә /п/ — душар болу, жолығу, азап шегу

Мүрдар /п/ — лас, былғаныш, жемтік, өлімтік, жансыз дене

Зада — шыққан тегі, нәсілі, жақсы, асыл

Зайыр — анық, айқын, ашық.

Занталақ — адамбаласы бірі-бірін мұқату, келемеждеу үшін қолданатын сөзі

Зауал — аптапты түс мезгіл, күн батар кез

Зият — артық, жақсы

Зымыстан — адам төзгісіз, қатты

Нағыра — барабан сықылды соғыс кезінде пайдаланатын құрал

Намаздігер — күн батар алдында оқылатын намаз мезгілі

Намәрт — тексіз, жетесіз, нашар

Нөкер — хан мен бек, сұлтандардың қасында жүретін қызметшілері

Өмілдірік — былғары не қайыстан жасалған, ат ерінің артқа кетпеуі үшін тағылатын әбзел

Расход /о/ — шығын

Сабат — шөбі шүйгін, салқын жер, көгал

Сараман — ерекше көзге түсетін, анық көрінетін, айқын сара жол

Сарыжа — садақ

Сой — арғы заты, тегі

Спеске /о/ — тізім

Сүрек — ағаш діңі мен бұтақтардың негізгі қатты бөлімі

Сыла — ашаң, артық еті жоқ

Тағай — нағашы

Тәубе — тағдырға ризалық, шүкіршілік, қанағат тұтушылық

Торқа — қымбат бағалы селдір, жібек мата

Уағда /а/ — уәде

Үші — өлген адамды еске алу үшін үш күннен кейін берілетін ас

Харап — /а/ — қирау, апатқа ұшырау

Хукумат — басшылық, орталық

Һам — және

Һамма — барлығы, жалпы

Шаған — биік әрі діңі түзу бұтақсыз өсетін ағаш

Шәһар — қал

Шемен — қайғы-қасірет, уайым, шер

Шік — іргелесіп не қатарласып көшу

Шыбыш — бір мен екі жастың арасындағы ұрғашы ешкі

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Алатау — Орталық Азия мемлекеттері мен Ресей Федерациясының Сібірдегі тау жоталарының жалпы атауы. Оларға Күнгей Алатауы, Жетісу Алатауы, Қырғыз Алатауы, т.б. жатады.

Дербент — Қалмақтың мықты бекіністерінің бірі әрі қаласы.

Еділ (Волга) — Европадағы ең үлкен өзен. Каспий теңізіне құяды.

Жайық — Каспий алабындағы өзен. Оңтүстік Орал тауы, Каспий ойпаты, Башқұртстан, Челябі, Орынбор, Батыс Қазақстан, Атырау облыстарының жерлерінен ағып, Атырау қаласы арқылы Каспий теңізіне құяды.

Қырым — Европаның оңтүстігіндегі түбек. Қара теңіз, Азов теңіздерімен Перекоп мойнағы арқылы Шығыс Европа жазығымен ұштасады.

Мәскеу — Ресей Федерациясының астанасы.

Омски — Ресейдегі қала аты.

Томски — Ресейдегі қала аты.

Түркістан — Шығыс әлеміне танымал көне қалалардың бірі. Бұл қалада көрнекті ғалым Құл Қожахмет Иасауидің кесенесі орналасқан.

Хиуа — Өзбекстанның Хорезм облысындағы қала, Амудария өзенінің сол жағалауында орналасқан. Хиуа қаласы көптеген деректерде экономикасы дамыған ел ретінде көрсетіледі.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҺӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Кенжеғұлұлы Нұртуған (1887—1930) — Бұрынғы Қазалы уезі, Қамыстыбас болысы, Аманөткел ауылында (Қазіргі Қызылорда облысы, Арал ауданы) туып — өскен. Кіші жүз. Шекті руынан. Аталары да өлең дарыған адамдар болған. Нұртуған 23 жасынан бастап өлең шығарған, ол үш жүздің шежіресіне қанық адам болған. «Орақ — Мамай», «Қарасай — Қази», «Едіге», «Әмір — Темір көрген» және Қобыланды батырды жырлаған. Нұртуған жырын Дәріғұл деген жазушы 1928 жылдары жаттап айтып таратқан.

Мәмбетұлы Атаубай (1932—1973) — ақын, жыршы. Қарақалпақстан АССР-і Қоңырат қаласында туып — өскен. Жас кезінен-ақ өлеңге, жалпы өнерге үйір болған.

Атаубай Қоңырат қаласындағы қазақ орта мектебінде оқыған белгілі ақын Төлеген Айбергеновпен сыныптас болған. Атаубай 1952 жылы Нөкіс қаласындағы педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне түсіп, оны үздік бітіреді. Институтты тамамдаған соң, Қоңырат қаласындағы өзі оқыған М.Горький атындағы орта мектепте мұғалім болып, кейін кәсіподақ ұйымында қызмет істеген.

Атаубай Мәмбетұлының термелері: «Жаралғалы бұл дүние», «Қалам алып хат жаздым», «Досыңнан жазатайым сөз естісең» т.б. бар. Атаубай сөзін де, әнін де өзі шығарған шығармалары: «Шынар-ай!», «Көкшетау», «Іңгәр-ау!», «Дейді екендер, дейді екен!» және мұнан басқа бірнеше көлемді жыр үлгілерін де жазған.

Саттаров Қыдырәлі — филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы. Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстан республикасы, Ташкент өңіріне ұйымдастырылған бірнеше фольклорлық-этнографиялық экспедицияларды басқарған,

ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорына тапсырған.

Қазіргі уақытта М.О.Әуезов атындағы педогогикалық университетте бөлім меңгерушісі болып қызмет атқаруда.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана
ҚҚ — Қолжазба қоры
Ш — шифр
дәп. — дәптер
/а/ — араб
/о/ — орыс
/п/ — парсы
/тат/ — татар
/т/ — түркі
/ж/ — жергілікті
/қ/ — қытай
/к.с./ — көнерген сөз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен Қазан төңкерісіне дейін шыққан кітаптар

1. Орақ билән Мамай батыр хикаясы. Қазан, 1903
2. Орақ — Мамай. ОҒК, Ш. 342.
3. Батыр Мамай — қанды Орақ. ӘӨИ, Ш. 894.
4. Орақ — Мамай. ӘӨИ, Ш. 920/51.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. *Әуезов М.* Қазақ әдебиеті — Алматы, 1991.
2. *Бердібаев Р.* Эпос — ел қазынасы. Алматы, 1985.
3. *Гэсэр.* Бурятский героический эпос. — М., 1973.
4. *Ғабдуллин.* Қазақ халқының ауыз әдебиеті. — Алматы, 1974.
5. *Жирмунский В.* Тюркский героический эпос. Алматы, 1974.
6. *Жұмалиев Қ.* Қазақ әдебиеті. 8кл. — Алматы, 1943.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том, 1-ші кітап. — Алматы, 1960.
8. Қазақ кітаптары. Құрастырғандар: *Е. Есова, Ү. Сұбханбердина, Д. Сейфуллина.* — Алматы, 1986.
9. *Қоңыратбаев Ә.* Эпос және оның айтушылары. — Алматы, 1975.
10. *Қоңыратбаев Т.* Эпос және этнос. — Алматы, 2000.
11. *Маадай—Кара.* Алтайский героический эпос. — М., 1973.

12. *Тұрғанбаев А.* Қазақтың қаһармандық жыры «Орақ — Мамай» филалогия ғылым. кандидад дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. — Алматы, 1997.

13. *Ыбыраев Ш*. Эпос әлемі. — Алматы, 1993.

14. Арабско-русский словарь. Составитель: *Х. К. Баранов*. — М., 1968.

15. Древнетюркский словарь. — Л., Наука, 1969.

16. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдеринова.* — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.

17. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.

18. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған: *І.К.Кеңесбаев.* — Алматы, 1977.

19. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю. А. Рубинчика*. I-II т. — М., 1970.

20. Татарско-русский словарь. — М., Советская энциклопедия, 1966.

21. Турецко-русский словарь. — М., Русский язык медиа, 2005.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерство образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», выполняемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

40 том включает в себя четыре варианта героического эпоса «Орак-Мамай», являющегося одним из лучших в эпическом наследии казахского народа.

Сюжетную основу «Орак-Мамай» составляют древние легенды и героические мотивы, связанные с прошлой жизнью казахского народа и его историей.

Неизвестный вариант эпоса «Орак-Мамай» впервые был опубликован в 1903 году в Казани. Талантливый ученый, видный государственный деятель, алашординец Халел Досмухамедов включил в свой литературный сборник «Аламан» указанный текст «Орак-Мамай» без изменений. Другие два варианта данного эпоса в 1943 году вошли в школьную хрестоматию 8-го класса. Один из интереснейших вариантов был записан в 1942 году из уст престарелого сказителя Мангистауской области Мурын жырау. А также самый объемный и поэтизированный текст этого уникального эпоса в традиационном стиле воспроизводил очень одаренный акын из Приаралья Нуртуган Кенжегулов. Последная запись была издана в 1992 году в сборнике стихов поэта.

В редких фондах ЦНБ и отделе рукописей Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова сохранены более десяти вариантов эпоса «Орак-Мамай». Большинство текстов данного произведения не исследованы и не были опубликованы.

В соответствии с принципами издания «Бабалар сөзі» том снабжен научными приложениями, которые включают в себя сведения о публикуемых текстах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Тексты, публикуемые в данном сборнике, издавались в советское время, и при этом они, к сожалению, подверглись в определенной степени редакции, литературной обработке. Это происходило, по всей вероятности, как на стадии записи текстов от исполнителей, так и в процессе переписки рукописей (возможно неоднократной), а также в ходе подготовки текстов к изданию.

Многие из вариантов «Орак-Мамая» не исследованы.

Большинство текстов данного тома публикуются впервые.

Объем тома — 30,5 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing preparation and publishing of the volumes of hundred volume series «Babalar sozy» in the frame of the State program «Medeni Mura» («Cultural heritage»).

40th volume includes four versions of the heroic epos «Orak-Mamai» that is one of the best works of epic heritage of Kazakh people.

The plot of «Orak-Mamai» is based on ancient legends and heroic motives related to the past life of Kazakh people and their history.

The unknown version of the epos «Orak-Mamai» was first published in 1903 in Kazan. The talented scientist, prominent public figure, representative of Alash-Orda movement Khalel Dosmukhamedov has included the mentioned text «Orak-Mamai» without changes into his collection «Alaman». In 1943 other two versions of this epos have been included into school reader for the 8th grades. One of the most interesting versions was recorded in 1942 from the old narrator Muryn zhyrau from Mangystau region. Talented akyn Nurtugan Kenzhegulov from Aral area has performed in traditional style the most extended text of this unique poetic epos. Last record was published in 1992 in the collection of poems of the poet.

More than ten versions of the epos «Orak-Mamai» have been preserved at the rare foundations of the Central National Library and manuscript department of the M.O. Auezov Institute of literature and art. Most texts of this work haven't been investigated or published.

According to the principles of the edition «Babalar sozi» the volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic — folklore and

textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic , Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

The texts published in this collection have been published during Soviet period, however regretfully they were subjected to some edition and literary correction. Obviously this happened during recording the texts from the performers and in the process of rewriting of the manuscripts (probably repeated) and also during preparation of the texts to publication.

Most of the versions of «Orak-Mamai» haven't been investigated.

Most texts of this volume are published for the first time.

Volume is 30,5 pp.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан 5

Мәтіндер
Орақ билән Мамай батырдың хикаясы (*Қазан, 1903*)..... 9
Орақ — Мамай (*Нұртуған нұсқасы*) 43
Батыр Мамай — қанды Орақ
(*Атаубай Мәмбетұлы нұсқасы*) 313
Орақ — Мамай (*Орынбасар Оңғарбайұлы нұсқасы*) 425

Ғылыми қосымшалар
Томға енген мәтіндерге түсініктеме 459
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер 469
Сөздік 473
Жер-су атаулары 476
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы
hәм жинаушылар туралы мәлімет 477
Шартты қысқартулар 478
Пайдаланылған әдебиеттер 479
Резюме 481
Summary 483

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

40 том

ГЕРОИЧЕСКИЕ ЭПОСЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Қ. Тұрлынова*
Редакторы *Ұ. С. Тілегенова*
Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*
Компьютерде терген *М. Меңлібаева*
Компьютерде беттеген *М. О. Ногайбаева*

Дизайнын әзірлеген **«Баур» баспасы**
ИБ № 2218

Теруге 6.11.06 жіберілді. Басуға 30.11.06 қол қойылды. Пішіні 60x90 1/16.
Қаріп түрі **«Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.**
Шартты баспа табағы 30,5. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № .

«Фолиант» баспасы
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Фолиант» баспаханасында басылды
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

ISBN 9965-35-094-9